



**Нұрсұлтан
Назарбаев**

**КӨШІ-ҚОН
және
ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ**

*Баяндамалар, мақалалар
және сыр-сұхбаттар*

Астана – 2017

ӘОЖ 342.5
КБЖ 67.400.6
Н 17

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару
және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Н 17 Назарбаев Н.

Көші-қон және қазақ әлемі: баяндамалар, мақалалар және сыр-сұхбаттар.

– Астана: Фолиант, 2017. – 360 бет.

ISBN 978-601-302-686-2

Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайына орай жарық көріп отырған бұл кітапқа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы көші-қон саясатына, сондай-ақ халқымыздың мәдениеті мен тарихына, бүгінгі мен болашағына қатысты сөйлеген сөздері, жасаған баяндамалары, жарық көрген мақалалары мен бұқаралық ақпарат құралдарына берген сыр-сұхбаттары топтастырылған.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 342.5
КБЖ 67.400.6

ISBN 978-601-302-686-2

© Назарбаев Н., 2017
© «Фолиант» баспасы, 2017

ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайын шақырып, Дүниежүзі қазақтары қауымдас­тығын құрып, сол арқылы мемлекетіміздің ұлттық сипаттағы көші-қон саясатын ресми түрде бастап бергеніне биыл 25 жыл толады. Таяуда Дүниежүзі қазақтарының кезекті V құрылтайы өтеді деп жоспарлануда. Мемлекет басшысының көші-қон мәселесіне, ұлтымыздың ұлы тұлғалары мен халқымыздың бүгіні мен болашағына қатысты әр жылдары айтқан өрісті ойлары, сөйлеген сөздері мен баяндамалары, сыр-сұхбаттары мен толғаныстары жи­нақталған қолыңыздағы кітап **«Көші-қон және қазақ әлемі»** деген атаумен қалың оқырманға жол тартып отыр.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 12 сәуірде «Еге­мен Қазақстан» газетінде жарық көрген өзінің **«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»** деп аталатын бағдарламалық сипаттағы мақа­ласында өткен XX ғасырдың халқымыз үшін қасіретке толы қиын кезең болғанын айтты. **«Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым за­маннан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды, –**



деп атап көрсетілді мақалада. – **Екіншіден**, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді».

Елбасымыздың осындағы «демографиялық соққы» деп отырғаны Кеңес өкіметінің солақай саясатының салдарынан халқымыздың қолдан ұйымдастырылған ашаршылық пен саяси қуғын-сүргінге ұшырауы және қисапсыз қырғынға тап болып, еріксіз бас сауғалап, шетел асуы екені түсінікті.

Түрлі саяси себептерге байланысты шет елдерде тұратын миллиондаған қандастарымызбен көп жыл бойы емін-еркін қатынас жасауға мүмкіндігіміз болмай келді. Бұл ұлтымыздың жан жарасының бірі еді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен осы олқылықтың орнын толтыруға жол ашылды.

Өткен ширек ғасырда тәуелсіз Қазақ елін құру, қалыптастыру және нығайту жолында Президентіміз табысты атқарып шыққан аса ауқымды істерінің қатарынан біз мына үш мәселені ерекше бөліп атаған болар едік. Оның *біріншісі* – көршілес мемлекеттермен шекара шебімізді бейбіт жағдайда, дипломатиялық жолмен шегендеп беруі болса, *екіншісі* – елордамызды Алматыдан Арқа төсіндегі Ақмолаға ауыстырып, аз жылда Астана сияқты айшықты қаланы тұрғызуы. Ал *үшіншісі* – алыс-жақын шетелдерден бір миллионнан астам қандас бауырларымызды Атамекеннің құшағына оралтуы.

Әрине, тәуелсіз елді қалыптастырудың қат-қабат қиындықтарымен арпалыса жүріп жүзеге асырылған осынау үш игіліктің қай-қайсысы да халқымыздың «ғасырлық жетістігі» деп айтуға лайықты. Алайда тағдырдың теперішімен әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды Қазақстанға жинай бастауымыз саяси-стратегиялық тұрғыдан да, патриоттық тұрғыдан да ешқашан маңызын жоймайтын тарихи ұлы істердің бірі болып қалатыны – басы ашық ақиқат.

Жалпы, қай елде болса да, халықтың саны мемлекеттің әлеуеті мен мүмкіндігін айқындайтын маңызды фактор екені сөзсіз. Біздің елдің жағдайы тұрғысынан қазіргі демографиялық ахуалымыз бен жер аумағымыздың үйлесімі әлі де көңілімізден шыға бермейтіні жасырын

емес. Президентіміз «Ұлт жоспары» бағдарламасында 2020 жылға қарай Қазақстан халқының санын 20 миллионға жеткізу туралы міндет қойғанда, осы жайтты да ескергені анық. Сондықтан шет елдерден атамекенге оралған әрбір қазақтың орны өзгеше екені рас. Елбасымыз осының маңызын дұрыс пайымдап, бұл мәселеге тәуелсіздік жылдарының басынан-ақ мән бергені қуантады.

1991 жылғы 16 желтоқсан күні Алаш баласының ғасырлар бойы аңсаған асқақ арманы орындалып, тәуелсіз ел атандық. Ол кезде республикамызда мемлекет атын иеленіп отырған жергілікті халықтың үлес салмағы небәрі 40 пайыздың маңайында ғана еді. Осындай жағдайда азаттықтың айдынына жаңа шыққан Қазақ елі кемесінің желкені қайда апарып соғуы мүмкін, тосын соққан дауылдарға төтеп бере алар ма екен деген сұрақтар қай-қайсымызды да мазалағаны рас.

Елдің тағдыры мен болашағына қатысты осынау күрмеуі күрделі мәселені жедел шешудің бір жолы шет елдерде тұратын қандас бауырларымызды мүмкіндігінше елге оралтып, сол арқылы ортамызды толтырып, кемімізді бүтіндеу еді. Президент осыны ерте аңғарып қана қойған жоқ, іске де жедел кірісті. Тіпті Елбасымыздың бұл бағыттағы қадамы республикамыз тәуелсіздік алмай тұрып-ақ басталып кеткені де жұртшылықтың жадынан шыға қоймаған болар.

Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Президенті ретінде Түркияға ресми сапармен барды. Сапар барысында Ыстамбұл қаласында қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесіп, оларды елге көшіріп алуға уәде берді. Бұл оқиға сол кезде тек Түркиядағы ғана емес, сонымен бірге шетте жүрген күллі қазақ диаспорасы өкілдерінің жүректеріне үміт отын жағып, болашаққа деген сенімін оятты.

Осы кездесуде қазақ диаспорасының өкілдері Елбасыға кезінде Ауғанстаннан ауып барып, Пәкістан, Иран, Сауд Арабиясы және Түркияда босқын ретінде тұрып жатқан қазақ бауырларымызды алдымен елге қайтаруға қол ұшын беру туралы өтініш білдірген болатын. Президент осы өтінішті бірден қабыл алып, тәуелсіздігіміз жария болғаннан кейінгі аз уақыт ішінде Қазақстаннан арнайы әуе көлігін жіберіп, аталған мемлекеттерде босқын болып күн кешіп жүрген бауырларымызды атамекенге алдыртты.



Бір кездері тағдыр тәлкегіне түсіп, Ауғанстаннан пана таппай, бөтен ел, жат жұрт арасында азып-тозып жүрген сол бауырларымыз бүгінде Қазақстанның әр аймағында өсіп-өніп, еңбек етіп, туған халқымен бірге бақытты болашағының бесігін тербетуде.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялады. Содан тура 15 күннен кейін Елбасымыз шетелдерге хабар тарататын «Шалқар» радиосы арқылы сөз сөйлеп, алыста жүрген ағайынға ақ тілегін жолдады. Азат ел, тәуелсіз мемлекет басшысының үні қандай асқақ, сөздері қандай жалынды еді десеңізші! Әуе толқынынан саңқылдай шыққан бұл тілекті өз құлағымен естіген қазақ баласының қуанышында шек болмады. Президенттің әсіресе: «Қымбатты отандастар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған сіздерді кешегі күнге дейін «ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба?» деген сұрақтың алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. «Туған жердің түтіні де ыстық» дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата қонысына тарту мақсатында Қазақстан Үкіметі арнайы қаулы қабылдады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайынға жол ашық. Ата-баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!» деген сөздерін толқымай тыңдау мүмкін емес еді.

Айтылған сөз ақиқатқа айналса ғана құнды. Ал Елбасымыздың сөйлеген сөздері мен айтылған ойларының бәрі біртіндеп жүзеге аса бастады. 1992 жылы қыркүйек айында сол кездегі астанамыз Алматы қаласында Президентіміздің тікелей бастамасымен Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы шақырылды. Ғасырлар бойы жат жерде жүрген қазақ диаспорасы өкілдерінің басы атамекенде қосылып, бір-бірімен жылап көрісті. Мұндағы жұрт та жеті атасы тіріліп келгендей қуанды. Шетелден келген бауырлардың ұшақтан түсе салысымен әуежайдың топырағына аунап, қара жерді құшырлана сүйгенін көргенде жүрегі тебіренбеген жан қалмады. Осы құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Оның төрағасы болып Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев бірауыздан сайланды.

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткен соң, көп ұзамай, Қазақстан Президенті 1992 жылдың қараша айында Иран Президентінің арнайы шақыруымен осы елге тұңғыш рет ресми сапармен барды. Сапар кезінде Нұрсұлтан Әбішұлы Иранның сол кездегі Президенті Әли Акбар Хашеми Рафсанжани мырзамен сондағы қазақтардың



тағдыры туралы арнайы әңгімелесіп, ағайынның өз қалауы бойынша атажұртына еркін көшуі туралы келісімге келді. Бұл да, әсіресе жастары парсыланып кетуге бейім тұрған Ирандағы қазақ диаспорасы үшін теңдесі жоқ қуаныш еді.

Басқаны былай қойғанда, бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан, т.б. республикалардағы қазақтарды атамекенге оралтудың заңдық тетіктерін жасаудың өзі оңайға түскен жоқ. Дегенмен Елбасымыз бұл елдерде өмір сүріп жатқан ағайынды елге оралту мәселесін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында аталған мемлекеттердің басшыларымен жеке-жеке сөйлесіп, келісімге келу арқылы оңтайлы шешіп берді. Соның арқасында, әсіресе Өзбекстандағы қандастар Отанға кедергісіз оралуға толық мүмкіндік алды.

Азаттықтың алғашқы кезеңінде алыстағы қандастарды елге оралту үшін Қытай елімен келісімге келудің қиындығы көптің көңілін күпті қылған күрделі мәселенің бірі болғаны жасырын емес. Алайда Елбасымыз ҚХР-дың сол кездегі төрағасы Цзян Цзэминьмен ауызекі келісіп, «бөлініп-жарылған отбасылардың қоныс аударуына» рұқсатын алды. Аспан асты еліне жасаған кезекті бір сапарында Нұрсұлтан Әбішұлы ондағы ағайынның хал-жағдайын білу мақсатымен Құлжа қаласына дейін барып, қандастардың өкілдерімен кездесіп, тұрмыс-тіршіліктерін көзімен көріп қайтқан болатын. Осындай қадамдардың арқасында Қытайда өмір сүріп жатқан бауырлар арасындағы атажұртқа ораламын деушілердің көшіне кең жол ашылды.

Қазірге дейін Қазақ елінде Дүниежүзі қазақтарының төрт құрылтайы өтті. Нақтырақ айтқанда, бұл бес жыл сайын бір құрылтай өтіп тұрды деген сөз. Соның бәріне де Президенттің өзі қатысып, шетелдегі қазақ диаспорасының мұң-мұқтажын, көші-қонға қатысты түйткілді мәселелерін мұқият тыңдап, тиісті басшыларға оларды тездетіп шешу жөнінде нақты тапсырма беріп отырды.

Елбасымыздың құрылтай қонақтарына арнап айтқан жүрекжарды лебізінен оның туған халқына деген сүйіспеншілігін, алыстағы ағайынға деген ыстық ықыласы мен бауырмалдығын аңғару қиын емес. Осыған бір мысал: 2005 жылы 29 қыркүйек күні өткен Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында Н. Назарбаев халқымыздың «Жол – жүр-



се өнеді» деген қанатты сөзін мысалға ала келіп: «Ал ең басты жол – Отанға бастайтын жол, ол жырақта жүріп сағыныштан сарғайған қандастарымыздың жүрегі арқылы өтетін жол. Талайларыңыз атамекенге жүрек жолымен келіп, туған жер төсінде тұрақтап қалып та жатырсыздар. Оттан да ыстық Отанның ыстығына күйіп, суығына тоңып келесіздер. Қай жерде жүрсеңіздер де, атамекенді ардақтаған адал жүректеріңізбен туған жеріміздің жақсы атын шығарып келесіздер. Сол үшін Сіздерге мың да бір рақмет айтамын», – дегенде залдағы жұрттың көбі лықсып келген көз жастарына ерік берген болатын. Бұл, әрине, қуаныштың, бақыттың, тебіреністің көз жасы еді...

Иә, қазіргі таңда Қазақ елі – қомақты қаражат бөліп, қандастарын еліне шақырып отырған санаулы ғана мемлекеттің бірі. Соның арқасында өткен ширек ғасыр ішінде 300 мыңға жуық отбасы атажұртқа оралды. Бұл – бұрыннан керегесі кең, бүгінде өзгелермен терезесі тең тәуелсіз еліміздің халқы 1 миллионнан астам жаңа қандастарымызбен толықты деген сөз. Айтарға шағын көрінгенімен, бұл біздің еліміз үшін үлкен бір облыстың немесе он шақты ауданның халқына шамалас келетін қомақты сан екені сөзсіз.

«Елге ел қосылса – құт!» дейтін қазақ даналығын бір сәтке де естен шығармайтын Елбасымыздың Жарлығымен 2008 жылдан бастап алыс-жақын шетелдегі қандастарымыздың көшіп келу квотасы жылына 20 мың отбасыға дейін көбейтілді. Бұл жыл сайын шетелде тұратын 100 мыңға жуық қазақтың мемлекет көмегімен атамекенге оралып, емін-еркін қоныстануына мүмкіндік берді. Ал атажұртқа өз күшімен, өз қаражатымен оралып жатқандары қаншама!

Елбасының көші-қон саясатының түпкі мәнін терең түсініп, ел тағдыры мен болашағына қатысты іргелі шараға жұмыла қолдау көрсеткен бірқатар аудан, аймақ басшыларының туған елмен қауышып, ортамызды толтырып жатқан қандастарымызға қолдан келген көмектің бәрін жасап, тіпті арнайы ауыл салып беріп, сауапты да игілікті іс тындырып жатқанын атап айтуға тиіспіз. Қазіргі таңда еліміздің бірнеше аймақтарында бейімдеу орталықтары құрылып, өзге ортадан келген ағайынның өз еліне тез сіңісіп кетуі үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалуда.

Алайда 2009 және 2010 жылдары көш кідіріп, белгіленген квота мөлшері толмай қалатын жағдай жиі қайталана бастаған болатын. Бұл

мәселеге 2011 жылы мамыр айының 25-27 күндері елордамыз Астанада өткен Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында Мемлекет басшысының өзі баса назар аударып, қандастарымыздың құжат тапсыру, тіркеуге тұру, азаматтық алуы кезінде ұшырасатын түрлі кедергілерді жойып, олардың атамекенге оралуын бір жүйеге түсіру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

Елбасымыз Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы ретінде осы құрылтайда алдағы кезде атқарылуға тиіс жұмыстардың бес бағытын айқындап берді. Оның *біріншісі* – елге оралып жатқан қандастарымыздың жағдайын жақсартуға септігін тигізетін «Халықтың көші-қоны туралы» жаңа заң қабылдау; *екіншісі* – шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанға келіп сапалы білім алуы үшін оларға бөлінетін грант квотасын нақтылап, талапкерлермен жүйелі жұмыс жүргізу; *үшіншісі* – шеттегі қазақтардың Қазақстанмен жан-жақты байланыс орнатуына көмектесу; *төртіншісі* – қандастарымыз тұратын елдерде ұлттық мәдениет пен өнердің кеңінен таралуына жәрдемдесу; *бесіншісі* – шет елдерде кіші құрылтайларды тұрақты өткізіп тұру.

Демек, бұл – қазақ көші әлі де жалғаса береді деген сөз. Келемін дейтін ағайынға Отанымыздың құшағы айқара ашық. Ал келген ағайындарымыздың басым көпшілігі атажұртқа орнығып, тиісті шаруасымен айналысып, бала-шағасын өсіріп, атамекеннің төрінде алаңсыз өмір сүруде.

Өкінішке қарай, кейде ана жер, мына жерде Қазақстандағы көші-қон жұмыстарын сыпыра жоққа шығарып, оралман атаулыға түгелдей жетім баланың күйін кештіртіп, оларды күнін көре алмай жүргендей етіп сүмірейте көрсету пікірлері де қылаң беріп қалады. Тағы да қайталап айтамыз: Президентіміздің салиқалы саясатының арқасында тәуелсіздік алғалы бері елімізде атқарылған, мақтанып айтуға лайықты маңызды да ауқымды істер аз емес. Өзімізбен қатар тәуелсіздік алған республикалардың ешқайсысы мұндай іс-шараны жүзеге асыра алған жоқ. Мұндай қадамға тек Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев қана бара алды. Бұл ерлік емей немене?!

«Әр қазақ – менің жалғызым!» – деп ақын Сабыр Адай жырлағандай, жанымызға жан, айбынымызға айбын қосқан бір миллион қазақ түгілі, біздің еліміз үшін бір азаматтың соқа басының өзі баға жетпес



байлық екені сөзсіз. Оның сыртында, шеттен келген бауырларымызбен бірге елге мәдени-рухани құндылықтарымыз да оралып, ұлттық мәдениетіміздің дамуында тың тыныс, жаңа өріс пайда болғанын мақтанышпен айтуға тиіспіз. Сол арқылы қаймағы бұзылмаған шұрайлы тіліміз мен бай әдеби мұрамыз, діни сенім-нанымымыз бен халықтық салт-дәстүрлеріміз, ұлттық қолөнер туындыларымыз, атамекенде ұмыт қалып бара жатқан көптеген ән-күйіміз бен биіміз соңғы жиырма бес жылдың ауқымында отандық мәдениетімізге жаңа қазына болып қосылып, одан әрі байи түсті.

Атажұртқа оралған ағайынның арасында елімізде кәсіпкерлікпен табысты айналысып, ғылымымыз бен білімімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуға белсене атсалысып жүрген айтулы тұлғаларымыз қаншама десеңізші!

Бір ғана әдебиет саласын алсақ, көші-қон саясатының арқасында қазақ қаламгерлерінің қатары жүздеген талантты ақын-жазушылармен толықты. Елге оралған қандас қаламгерлер әдебиетімізге тың тыныс, жаңа леп ала келді. Олардың қаламынан туған шығармалар отандық оқырманның жүрегіне жол тауып, сүйіспеншілігіне бөленіп үлгерді. Сондай-ақ қазақ қисса-дастандарының ондаған томы, ағартушы ақындар – Ақыт қажы Үлімжіұлының, Көдек Маралбайұлының, Әсет Найманбайұлының, Таңжарық Жолдыұлының шығармалары, XV ғасырда өмір сүрген әйгілі қазақ шипагері Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты медициналық еңбегі, Қажығұмар Шабданұлының 6 томдық «Қылмыс» романы атажұртта жарық көріп, руханиятымыздың көкжиегін кеңейте түсті.

Бұл арада әлемнің түкпір-түкпірінен елге оралып жатқан бұлбұл көмей, жез таңдай әншілердің бәрін тізбелеп жатпай-ақ қоялық. Бір ғана Майра Мұхамедқызының өзі Қазақстанның ән өнері мен музыка мәдениетін әлемдік жаңа белеске көтеруге қаншалықты үлес қосып жүргенін айтсақ та жеткілікті.

Ұлттық би өнеріміз де тәуелсіздік жылдарында өзінің жаңаша даму арнасын тапты. Бұл салада Шұғыла Сапарғалиқызы алып келген би мектебінің өзіндік орны бар екені әмбеге аян. Ал ұлттық дәстүрлі би өнерінің жауһары болып саналатын «Қара жорға» – той-жиында халқымыздың жанына шаттық нұрын сыйлайтын ортақ игілігімізге айналды.

Таэквондо – бүгінде елімізде қанатын кеңге жайып, тез өркендеп келе жатқан спорттың бір түрі. Оның қазақ топырағында тамыр жаюы Мұстафа Өзтүріктің есімімен тікелей байланысты. Ал боксшыларымыз Бақыт Сәрсекбаев пен Қанат Ислам әлемдік ең мәртебелі бокс бәсеке-лерінде ел абыройын асқақтатып, көк туымызды биікте желбіретті.

Тәуелсіздік жылдарында әлемнің әр түкпірінен еліміздің білім мен ғылым саласына келіп қосылған білікті педагог және ғалым бауыр-ларымыз да аз емес. Осынау іске өлшеусіз үлес қосқан Халифа Ал-тай, Зардыхан Қинаятұлы, Мініс Әбілтай, Қаржаубай Сартқожа, Дүкен Мәсімханұлы, Нәпіл Бәзілханұлы, Нәбижан Мұхаметхан сынды та-рихшы және әдебиетші ғалымдардың есімдерін құрметпен айту ләзім.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап бұлардың әрқайсысы өз саласы бойынша жастар тәрбиелеу мен ғылыми зерттеулер жүргізу ісін қатар өрістетіп, отандық шығыстану және тарих ғылымдарын жаңа белеске көтеруге лайықты атсалысты. Олардың қатарында қазіргі және ежелгі моңғол, қытай, парсы және шағатай тілдерін жақсы меңгерген білікті мамандар бар. Осындай ғалымдар мен педагогтердің елге ора-луының арқасында отандық шығыстану ғылымы ілгерілей түсті.

Елге оралған қандастарымыз «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдар-ламасы аясында Шығыстың көне мұрағаттарындағы қазақ халқы мен Қазақстан тарихына қатысты құнды деректерді ғылыми тұрғыдан жүйелеп, ана тілімізге аударуға атсалысты. Сондай-ақ олардың қазақ тарихының ақтандақ беттерін ашуға ықпал ететін ғылыми еңбектері оқырманмен табысып, елімізде азат ой-сана мен жаңа тарихи көз-қарастың қалыптасуына септігін тигізуде. Бұған істің көзін білетін мыңдаған тәжірибелі малшылар мен диқандарды, жаратылыстану са-ласының ғалымдары мен дәрігерлерді, әскери қызметшілер мен инже-нер-құрылысшыларды, ІТ және сандық-технология мамандарын, тағы басқаларды қоссаңыз, ұлт ретіндегі ортақ олжамыздың қаншалықты қомақты екеніне көзіміз айқын жетеді.

Елге елдің қосылып, құтқа айналғанының көрінісі осы болса керек. Елбасымыздың көші-қон және демография саласындағы салиқалы саясатының, шетелдегі қазақ диаспорасына қатысты ерен еңбегінің арқасында осылайша өлгеніміз тірілді, өшкеніміз жанды, ортамыз тол-ды, ойдағымыз болды деп нық сеніммен айта аламыз.



Осы алғысөздің басында атап өткеніміздей, қолдарыңызға тиіп отырған бұл кітаптағы материалдардың ауқымы Мемлекет басшысының тек көші-қон тақырыбына қатысты ой-пікірлермен немесе Дүниежүзі қазақтарының құрылтайларында жасаған баяндамаларымен ғана шектеліп қалмайды. Кітапқа сондай-ақ Президенттің осы жылдарда жалпы қазақ руханиятына қатысты өткен жиындарда сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамалары да қоса енгізіліп отыр.

Бүгінде шет елдерде тұратын қандастарымыз, елге оралып үлгерген бауырларымыз, Ұлы даламызды, атамекенімізді бұрыннан жайлап келе жатқан отандастарымыз – бәрі де өзіміздің қазақтар. Баршамыздың мәдениетіміз бен өнеріміз, салт-санамыз ортақ. Қай жерде өмір сүрсек те, бізді ортақ ұлттық кодымыз біріктіріп тұрады. Сондықтан біз – өз туған жерімізде тұратындарға отандаспыз, өзге мемлекеттерде өмір сүретін қандастарымызға ақжолтай тілекшіміз. Елбасымыздың осы кітапқа енген баяндамалары мен сөйлеген сөздерінің, сыр-сұхбаттары мен ой-пікірлерінің бәрі де бүгінде жұмыр жердің түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан барлық қазақтың жанына жақын, ұлт руханиятын байыта түсетін ортақ игілік екені сөзсіз.

Президенттің ұлтымыздың рухани тірегі Абай, жыр алыбы Жамбыл, халқымыздың ғұламасы Әуезов, сонымен қатар бар білімі мен қабілетін елінің ертеңі мен халқының келешегі жолындағы күреске арнап, осы жолда жазықсыз мерт болған Алаш арыстары туралы толғаныстары ешкімді де бейжай қалдырмас дейміз.

Қолдарыңызға тиіп отырған бұл кітапты мазмұны жөнінен ұлт тұтастығының шежіресі, ұлт руханиятының ұлағатты оқулығы десек те болады. Жинақ еліміздің өткеніне тағы бір мәрте көз жіберіп, ертеңіміздің қамын ойлауға жетелейтін рухани құндылыққа айналса екен дейміз. Әсіресе қазір еліміздің үшінші жаңғыруы басталып жатқан кезде, Президентіміз санамызды жаңғырту міндетін алға қойып отырған тұста ұлттың тұтастығы мен елдің бірлігіне үндейтін мұндай басылым оқырман үшін пайдалы болар деп үміттенеміз.

Құрастырушылар



Бірінші бөлім
БАЯНДАМАЛАР мен
МАҚАЛАЛАР

АЛЫСТА ЖҮРГЕН АҒАЙЫНДАРҒА АҚ ТІЛЕК

Кымбатты отандастар! Қандас бауырлар! Ағайындар!
Халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне, еліміздің ішкі, сыртқы саясатына ұлы өзгерістер алып келген, барлығымыз үшін үлкен сын болған 1991 қой жылы тарихта қалып, үміт пен күдігі мол жаңа – 1992 жыл келді. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, жер бетіне тарыдай шашырап кеткен отандастар, қандас бауырлар, Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, әрқайсыңыздың отбастарыңызға мол бақыт, қуаныш тілеймін! Аспанымыз әрқашан ашық болсын! Сіздермен атамекенде табысатын, емін-еркін қауышатын күнге тезірек жетейік!

1991 жыл қазақ елі үшін тарихта алтын әріппен жазылып қалатын жыл болды. Қазақстандықтар бүкіл ел болып, өздерінің тұңғыш Президентін сайлады. Ғарышқа тұңғыш рет алаш азаматы самғады. Елдігіміз бен ерлігімізді дәріптеген тарихи тұлғаларымыз – Абылайға, Қабанбайға, Бөгенбайға, Төле биге, Исатайға, Махамбетке, Сыпатайға ас беріліп, бүкілхалықтық құрмет көрсетілді. Бауыржан Момышұлы өзіне тиісті Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Жоғалып бара жатқан салт-дәстүрлеріміз қайта жаңғырып келеді. Жыл сайын Наурыз мейрамы аталып өтеді, жастарымыз имандылық жолына түсіп, ата дәстүріне адалдықтарын байқатуда.

Қазақ елі – ежелден еркіндікті аңсаған ел. Өз алдына дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы еді. Құдайға шүкір, өз билігіміз өз қолымызға тиді. Қазақстан Республикасы бұдан былай тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің қатарына жатады. Өз территориямызда өкімет билігін толық өз қолымызға алдық. Ішкі, сыртқы сая-



сатымызды дербес жүргіземіз, әрі қарай қалай өмір сүру керек екенін ешкімнің нұсқауын күтпей-ақ өзіміз шешетін боламыз. Қазір көптеген елдер, оның ішінде Америка Құрама Штаттары, Түркия, Қытай секілді іргелі елдер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін танып отыр.

Қымбатты отандастар! Ежелгі атамекенінен жырақтап қалған Сіздерді кешегі күнге дейін ата-баба жеріне қайтып келе аламыз ба деген сұрақтың алаңдатып келгенін мен жақсы білемін. «Туған жердің түтіні де ыстық» дейді халқымыз. Қандас бауырларымызды байырғы ата қонысына тарту мақсатында адам правосы туралы еларалық ережелерді басшылыққа ала отырып, Қазақстан Үкіметі «Басқа республикалардан және шетелдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы ұлт адамдарын Қазақстанда қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» арнайы Қаулы қабылдады. Сондықтан атамекенге келемін деуші ағайындарға жол ашық. Ата-баба аруағы алдарыңыздан жарылқасын!

Қымбатты бауырлар! Сіздерді тағы да Жаңа 1992 жылдарыңызбен құттықтап, баршаңызға туған жердің ыстық сәлемін жолдаймын! Бақытты, үбірлі-шүбірлі болыңыздар! Биылғы жыл ақжарылқап жыл болсын!

*«Егемен Қазақстан» газеті,
1992 жылғы 1 қаңтар*

БАУЫРЛАРЫМЫЗҒА ҚҰШАҒЫМЫЗ АЙҚАРА АШЫҚ

Дүниежүзі қазақтарының I құрылтайында сөйленген сөз

Кадірменді қауым!
Алыстан келген ағайын!
Ардақты отандастар!

Бүгінгі күн – ерекше күн. Орта толды деген осы. Дәл осынау сәтте өзін қазақпын деп сезінетін әрбір адам жүрегі лүпілдеп, атамекеніне, тәуелсіз Қазақстанның астанасы – Алматыға көз тігуде. Өйткені мұнда дүниежүзінің түкпір-түкпіріндегі исі қазақ атаулының өкілдері тұңғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс – Құрылтайға жиналып отыр. Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға да кірмеген шығар. Енді, міне, аңсаған арманның тағы біріне қол жеткіздік. Сан ғасырға созылған отаршылдықтың бұғауынан босанып, таяуда ғана тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл айдай әлем түгел мойындап, абыройы асып үлгірген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде құшақ жая қарсы алғанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

Мен республика Президенті ретінде бәріңізді Дүниежүзі қазақтары құрылтайының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: «Туған жерге қош келдіңіздер!» – деймін.

Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келген көңілдеріңіз үшін, қайда жүрсеңіздер де, атамекен мен атажұртқа деген сағыныш пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пейілдеріңізді сақтағандарыңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сіздер арқылы бүкіл әлемдегі қазақ бауырларымызға ыстық сәлемімізді жолдаймыз! Жер бетіндегі бар шаңырағымыздың бәрінің де бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз.



Ардақты ағайын!

Осындай жүрек толқытар салтанатты сәтте, тарих шежіресіне енетін ерекше күнде біз өткеніміз бен бүгінімізге, ертеңгі болашағымызға ойша көз жіберіп, барымыз бен жоғымызды, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды көңіл таразысына салғанымыз орынды болатын сияқты.

Қазақ халқы – тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл – ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері «Алтын киімді адамның» алтын тостағанындағы және Түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық.

Өздеріңіз білесіздер, кейіннен біздің халқымыздың құрамына кірген тайпалық одақтар Ұлы Түрік қағанаты, Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарахандықтар мемлекеттерінің негізін қалаушылар қатарында болған, Азияның алып даласындағы небір жойқын оқиғалардың, қанқасап күрестің ортасында жүрген, қай дәуірде де азатшыл рухымен, туған жерді ала-бөтен қадірлейтін отаншылдығымен ерекшеленген. Біз өз халқымыздың әлемдік өркениетке хал-қадерінше үлес қосқанын орынды мақтан етуге құқылымыз. Әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр секілді Шығыстың даналары – осы даланың перзенттері. Кейінгі бірер ғасырдың өзінде халқымыздан Шоқан Уәлиханов, Абай, Мұхтар Әуезов сынды әлемдік ауқымдағы кемеңгер ойшылдар, ұлы суреткерлер шықты.

Біздер – талай-талай оқиғалардың куәсі болған асқар таулар мен ұлан-ғайыр даланың түлегіміз. Бұл – біздің сан буын бабаларымыздың кір жуып, кіндік кескен жері, көлжазира өңіріміз, атадан қалған байтақ мұрамыз, баға жетпес байлығымыз, алтын босағамыз. Бұл өлкенің айдарынан жел есіп, байрағы талай желбіреп, азат мемлекет болғаны



да белгілі. Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиылғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер.

Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді, отаршылдықтың темір құрсауының, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боздақтардың, кешегі Желтоқсанда ұлттың намысын қолдан бермеу үшін, халықтың сағын сындырмау үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді.

Ардақты ағайын!

Еліміздің тәуелсіздігі жолында шейіт болып, осы күнді көре алмай кеткен азаматтарымызды орнымыздан тұрып еске алайық, аруақтарына тағзым етейік. *(Мәжіліске қатысушылар орындарынан көтеріліп, бір минут үнсіз тұрды.)*

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының басты мазмұны азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғұн, оғыз, сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Жанқиярлық, табанды күресінің арқасында ата-бабаларымыз өзінің бірлік-берекесін сақтап қана қоймай, XV ғасырда қуатты Қазақ хандығын құрды. Алайда тәуелсіз Қазақ мемлекеті бейбіт, тыныш өмір сүре алмады, ұлан-байтақ өлкемізге жан-жақтан көз тігіп, ойран салушылар көбейді. Ақырында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би ұйытқы болған, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбектер қорған болған есіл өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті. Сөйтіп, XVIII-XIX ғасырларда халқымыз еркіндігі мен тәуелсіздігінен айырылды.

Қазақстанның Ресейге қосылуының жай-жапсарын бірер ауыз сөзбен айта салу мүмкін емес. Бұл оқиғаның мән-маңызына сол дәуірдегі тарихи жағдайды, екі оттың ортасында қалған елдің қиын халін, ұлт ретінде жойылып кету қаупі анық төніп тұрған тұста жасалған амалсыз шара екенін ескеріп барып баға беру әділ болмақ. Сондай сын сағатта шешімді дәл таба алмаған көптеген ұлттардың, мысалы, Жоңғар хандығының тағдыры қалай аяқталғанын сіздер жақсы білесіздер.



Әрине, бодандықтың аты – бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұлан-ғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз тәрік, тіліміз ғәріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мүскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді. Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді мен Бекболат, Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді.

Біз 1917 жылы да аңсаған азаттықты ала алмадық. Большевиктік саясат уәдесінде толық тұрмады. Отаршыл Ресейдің кесір саясатын мирас етті. Бұрын Ресей болса, енді Қазақстан «халықтар түрмесі» атанды, тоталитарлық жүйенің тұтас халықтарды жер аударатын аймағына айналды. Сөйтіп, өзге халықтар біздің өлкемізге өзге аймақтардан көшіп келіп, өгейлік көрсе, біз өз жерімізде отырып-ақ өзгелерден кем өгейлік, өзгелерден кем озбырлық көрмедік. Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Мыңдаған жандар қырылып, мыңдаған жандар атажұртын тастап көшуге мәжбүр болды. 1932-33 жылдарда қазақ даласындағы болған адам айтса нанғысыз ашаршылық, 6 миллиондай халықтың 2,2 миллионы айдың-күннің аманында опат болғаны, сталиндік репрессия жылдарында аяулы да абзал азаматтарымыздың жойылғаны – большевизмнің бетіне басылар қара таңба, біздің ғасырлар бойы ұмытпайтын қасіретіміз. Мұндай қысымшылдық пен әділетсіздік соңғы кездерге дейін жалғасып келді. Ұлт мүддесін қорғаған азаматтарға «ұлтшыл» деген айып тағылып, қудалауға түсті, талайы атылып та кетті. Республиканың ұлттық құрамына таяу арада түзеп болмастай нұқсан келтірілді, жер құнары азып, атамекен тозып кетті. Кербез сұлу Көкшетаудағы сексен көлдің сәні азайып, айдынды Аралымыз тартылды, Абай туған Шыңғыстауды қырық жыл бойы Семей атом полигонындағы сынақтар сілкілтіп тұрды, Сарыарқаның шалғыны азып, жер жаннаты Жетісудың жайлауы жүдеді. Тарихымыз аяусыз бұрмаланды. Рухани мәдениетіміз де небір зобалаңды басынан кешірді. Сөйтіп, кейінгі ұрпаққа бабаларынан қалған байтақ мұра жат болды. Ең қиыны – бұл жылдарда тұтас бір ұлттың еңсесін



түсіретін, намысын аяққа таптайтын талай қадам жасалды. Шын мәнінде Қазақстан басшылары тек Мәскеудегі орталықтың тағайындағандары және солардың бұйрығын бұлжытпай орындайтындар болып келді. Халық өз басшысын өз еркімен сайлай алмады.

Жиырмасыншы ғасыр қазақ халқына не берді деген мәселе төңірегінде қым-қиғаш пікір бар. Иә, кешегі насихат жетпіс жыл бойы Кеңес өкіметі қазаққа ұдайы тек бақыт нұрын себелеп келді деп үйретті. Оның қаншалықты растығын тарихтың өзі дәлелдеп беріп отыр. Бірақ солай дей тұра, қазақ халқының 1917 жылдан бергі тарихын жоққа шығаруға да болмайды. Басқасын айтпағанның өзінде, өткен ғасырда қайтадан үш тарапқа күштеп бөлініп, ұлттық, территориялық тұтастықтан айырылып қалған еліміз бен жеріміздің республика болып құрылуы, аумағы қалпына келтіріліп, шекарасының ресми түрде бекітілуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жүзеге асқанын, мұның өзі қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруда бірден-бір негіз болып отырғанын қалай ескермей кете аламыз?! Мен өткеннің бәрін қаралап, ата-бабаларымыздың жасап кеткен еңбегін жоққа шығарудан аулақ болғым келеді. Қалай болғанда да бұл тарих – өз тарихымыз.

Бүгінгі деңгей-дәрежеміздің өзі соншалықты төмен дей алмаймыз. Егеменді ел болып, халқымыз өз еркімен демократиялық тұрғыда тұңғыш Президентін сайлады. Мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланғалы бері жылға да толмайтын уақыт ішінде Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таныды, еліміз бірқатар аса беделді халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық валюта қорына мүше болып қабылданды. Таяуда біздің республикамыздың делегациясы осы лауазымды халықаралық қауымдастық – БҰҰ Бас Ассамблеясына тұңғыш рет қатысады. Ғарышқа қазақ жігіті ұшып, ұлттың мерейін бір көтеріп тастады. Жаңадан Елтаңбамызды, Туымызды белгіледік. Аяулы ана тілімізге – бай әрі құнарлы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Елдімекендердің тарихи атаулары қайтарылуда, халықтың біртуар ұлдарының аты ардақталып, мерейтойлары өткізілуде.

Қысқасы, туған жерімізде талай-талай өркенді өзгерістер, жан жадыратар жақсы жаңалықтар бар. Ең бастысы – тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде білегін сыбанып іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы



талай теперішті көрсе де, жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Қандас, жандас бауырларымыздың қазаққа ежелден тән қонақжайлылықты, сүйегімізге, санамызға сіңген мейірімділікті аман алып қалғанына осы Құрылтай күндері әбден көздеріңіз жетеді деп ойлаймын. Бұл бағытта, әсіресе соңғы жылдарда қыруар іс тындырылды. Қазақы қалпымызға қайта келіп, тарихымызды таразылап, жоғалтқанымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді жаңғыртып жатқанымыздың куәсі боласыздар. Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау – менің Президенттік те, перзенттік те парызым.

Осы тұста басын ашып айтатын бір жай бар. Әр азаматтың өз ұлтының көркеюін, нығаюын армандауы заңды. Бірақ оған республикамыздағы өзге ұлт өкілдерін, әсіресе орыс ұлты өкілдерін кемсіту, шеттету, мұқату арқылы жетемін демеу керек. Халқымыздың басынан өткен азап пен мехнатқа республикада өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың өкілдері кінәлі емес. Оған сол кездегі саясат кінәлі, сондай саясат ұстанған қоғам кінәлі. Республикамыздағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу – барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйытқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі – қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады. Басқадай бағыт ұстанар болсақ, онда біз тұйыққа тірелеміз, талай тағдырдың обалына қаламыз, қазіргі абыройлы атымыздан айырыламыз, исі қазақтың дархан көңіліне көлеңке түсіреміз. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы ұлт пен ұлт жаға жыртысқан республикаларда қандай қанқасап қырғын болып жатқанын өздеріңіз де естіп-біліп жүрген шығарсыздар. Лайым, сондай кесапаттың бетін аулақ қылсын!

Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық. Күш қолдану мен жанжал атаулыны болдырмауға бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз.

Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Ашу – дұшпан, ақыл – дос.

Ашу емес, бәрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргідей алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет. Сондықтан ардақты ағайындар, сіздердің де біздің республикамыздың өзіндік ерекшелігін, ұлтаралық қатынастың өте нәзік мәселе екенін ұдайы ескерулеріңізді қалаймыз.

Республикадағы ұлтаралық жарасым ахуалын орнықтыра түсу мақсатымен мен жақында халықтарды жақындастыруға аянбай үлес қосқан азаматтарға арналған, Президенттің жыл сайын берілетін Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын белгілеу жөнінде Жарлық шығардым. Оны қазақстандықтарға ғана емес, шетелдіктерге де, оның ішінде, әрине, отандастарымызға да беруіміз мүмкін. Бұл іске сіздердің әрқайсыңыз өз үлестеріңізді қоса аласыздар.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуі керек. Бұл жауапкершілікті мен Республика Президенті ретінде де, қазақ халқының бір перзенті ретінде де толық сезінемін деп сіздерді сендіремін!

Халқымызда «Бөлінгенді бөрі жейді» деген мақал бар. Осы уақытқа дейін бөлінгеннен, жіктеліп, жіліктенгеннен көрген зияннан басқа тапқан пайдамыз жоқ. Біз дүниежүзі қазағын Алматыға әділетсіздікті де, қасіретті де, қуғын-сүргінді де көп көрген халықтың енді басы қосылса екен деп жинап отырмыз.

«Бірінді, қазақ, бірің дос,

Көрмесең, істің бәрі бос», –

деп Абай айтқандай, басымыздың қосылатын, ұлттық ой-сананы биіктетіп, тұтасатын мезгілі әбден жетті.



Ұлы Абай айтқан өзге міндерімізден де арылатын, әсіресе ежелден қалмай, жанымызды жеп келе жатқан күншілдікті, бақастықты, жел сөзге ерушілікті, енжарлықты қоятын кезіміз жетті. Өзіне өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жирене білсек қана өркеніетті мемлекет, еңселі ел боламыз.

Қадірменді туыстар!

Бүгінгі Құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау. Қазақ диаспорасының қалыптасуы – зерделі жанды таңғалдыратын құбылыс. Әрбір үш адамның біреуі атамекенінен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар. Қазір әлемнің 40-тан астам елінде төрт жарым миллиондай қазақ өмір сүріп жатыр. Қытайда, Моңғолияда қазақ ұйысып отыр, ағайындарымыз Түркияда, Иранда, Ауғанстанда көп, Еуропада да аз емес. Америкада, Канадада, тіпті алыстағы Австралияда да бар. Әрқайсысының тағдыры, тұрмыс халі әр түрлі. Құбатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті тасып, айбыны асып тұрғандары да табылады. Бірақ бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе – сағыныш, атамекенді аңсау. Шетелдік сапарларға шыққанда отандастарымыз іздеп келіп, ой-арманын, мұң-мұқтажын айтып жатады. Сырласа қалсаң, сай-сүйегің сырқырайды, арман-тілектерін тындасаң, жан-жүрегің елжірейді.

Шеттегі қазақтардың халықтық дәстүрлерді сақтауы сүйсінтеді, тәнті етеді. Өткен жылы Түркияға сапар кезінде Ыстамбұл әуежайында жиналған ағайындардың «Ақсарбас!», «Ақсарбас!» деп қол жайып, бірден үш ақсарбас шалғаны бізді қатты тебірентті. Мұндай ықылас-пейілді мен күні кеше Германия мен Францияға барған сапарым кезінде де көрдім.

Атамекеннен алыстағы бауырларымыздың ана тілін қадірлеуі, қандай жағдайда да ұмытпағаны – біздің ұлт болып мақтан тұтар нәрсеміз. Не мектебі, не кітабы, не теледидары, не радиосы, тіпті кейде қазақ көршілері де жоқ жердің өзінде ұл-қызымен қазақша сөйлесетіні қуантады. Соны көргенде баласының тіл білмейтінін кезінде қазақша мектептің үйден алыстау болғанымен түсіндіруге тырысатын осындағы кейбір ағайындарымызды ойлап, қайран қаламыз.

Әрине, басқа елдердегі бауырларымызды қинайтын мәселе аз емес. Талай жыл бойы сіздерді, сіздердің ата-аналарыңызды Кеңес өкіметі нақақ айыптап келген. Осында қалған туысқандарыңыз сіздермен хат-хабар алысу тұрмақ, барып келу, өлісіне иман айтып, топырақ салу тұрмақ, шетелде ағайынымыз бар деуге де қорықты, бұл ауыр айып, қылмыстай саналды. Ауқаттының бәрін арсыздай, кедейдің бәрін кереметтей көрген кешегі дәуірде туған жерінен қозғалмайтын қазақ жан сауғалап үдере көшуге мәжбүр болды. Ал бізде олар тек малы үшін туған жерін тастап кеткен адамдардай айыпталды. Қайта оралуға осында өзін күтіп тұрған жазадан қорқып, мыңдаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті.

Біз демократиялық мемлекет, адам құқығын қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңірмек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатыгез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз. Мұнан былай Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын ең қымбат құндылық деп танитын және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратын болады.

Кеңес Одағының ыдырауына байланысты біз қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы республикаларда тұратын бауырларымызды да отандастар деп санаймыз. Қазір «таяу шетелдер» деп аталып жүрген бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында 1989 жылғы санақ бойынша 1 миллион 600 мыңнан астам қазақ тұрады. Өзбекстандағы, Түрікменстандағы, Қырғызстандағы қазақтар ана тілін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы сақтаған. Мысалы, бір ғана Өзбекстанның өзінде 543 қазақ мектебі бар, оларда 138 мың бала оқиды. Қазақ мектептері кейінгі кезде өзге республикаларда да көбейе бастағаны қуантады. Соңғы жылдарда Өзбекстанда, Астраханда, Орынборда қазақ газеттері жарық көрді. Көптеген қалаларда қазақ мәдени орталықтары құрылып, талай-талай игілікті шаруа атқарылуда. Атамекеннен алыста, туған жерден жырақта ұлтының болашағын ойлап, қазақ мәдени орталықтарын ұйымдастырып, бауырларымызға қанатымен су сепкен қарлығаштай рухани қазына жеткізіп жүрген абзал азаматтардың талайы, олардың ізгілікті ісіне түсіністікпен қарап, қазіргідей қиын кезде тиісінше қолдау көрсетіп отырған туыстас елдер үкімет-



терінің, жергілікті әкімшіліктер басшыларының біразы осы Құрылтайдың қадірменді қонақтары болып отыр. Орайлы сәтті пайдаланып, біз сіздерге шынайы ризашылығымызды білдіреміз, ақ алғысымызды айтамыз.

Қадірлі отандастарымызға басын ашып айтар тілектің бірі – халқымыздың «Кісідегінің кілті аспанда» деген даналық сөзін ұмытпау. Бұл сөз Қазақстан мен қазақ диаспорасы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей қатысты. Халықаралық уағдаластықтарды мойындап, мемлекеттердің бір-бірінің ішкі ісіне араласпау саясатын қолдайтын өркениетті ел ретінде Қазақстан да отандастарының мұң-мұқтажын олар тұрып жатқан елдердің басшылығымен екі жақты келісім арқылы ғана қанағаттандыра алатынын түсінуге тиіссіздер. Мысалы, жақында Германиямен қол қойылған келісімде осында тұратын неміс азаматтарының мүдделерімен қатар сондағы қазақ азаматтарының мүдделеріне де қамқорлық жасау көзделген. Біздің Түркиямен де осындай келісіміміз бар.

Кезінде Қазақстанға қараған кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мынаны айтуға болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да ушығып тұрған ұлтаралық қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің территориялық тұтастығын жақтаймыз, бүгінгі қалыптасқан шекаралардың мызғымауға тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз.

Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қиын міндет – Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындап, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аянбай еңбек ету. Экономикалық дәулетіміз артпайынша, рухани сәулетіміз де артпайтынын анық ұғынуымыз қажет.

Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттарына жету үшін біз саясат саласында ең алдымен жас егемен мемлекеттің президенттік республика ретінде қалыптасуын көздеп отырмыз. Бұл орайда, мемлекеттік құрылымның ұлттық белгілерін қорғап, оның жойылып кетуіне жол бермеуге көп көңіл бөлеміз. Сондықтан біз тұрғылықты жұртымыздың мүддесі жекелеген жағдайда ерекше ескерілуі керек екенін айтпай тұра алмаймыз. Бұл әңгіме ұлттық мәдениет пен тілді түлету-

ге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына жағдай жасауға алдымен қатысты. Сондай-ақ көп партиялы жүйе құру, қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қорғау үшін әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы саяси салмағын арттыру сияқты міндеттер алда тұр. Экономика саласындағы қазіргі басты шаруа – нарықтық қатынастарды қалыптастыру. Сіздердің көпшілігіңіз осы нарық әлдеқашан орныққан елдерден келіп отырсыздар, адамша, лайықты өмір сүрудің неғұрлым тиімді жолы нарықты экономика екенін жақсы білесіздер. Өркениетті, дәулетті елдердің бәрі де осы жолдан өткен. Егер шындап аяғымыздан тік тұрып, өзгелер сияқты жөндеп өмір сүргіміз келсе, бұл жолға біз де түсуге тиіспіз. Жүз жылдық тоталитаризмнен тез арада демократиялық қоғамға көшіп, аз жылдар ішінде нарық экономикасын орната салу оңай болмайтынына көзіміз жетті. Табандылық пен шыдамдылық керек. Бүкіл дүние жүрген жолмен біз де жүре алатынымызға күмән жоқ.

Біз үшін материалдық өндіріс саласындағы басты бағыттарды санамалап өтер болсақ, алдымен азық-түлік және халық тұтынатын тауарлар зәрулігін жоюды, құрылыс және құрылыс индустриясы базаларын дамытуды, өнеркәсіптің шикізат өндіру салаларын өркендетумен шектелмей, түсті және қара металлургияны, ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен машина жасауды дамытуды, экологиялық таза технологияларды енгізуді, осы заманғы инфрақұрылымдарды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақүй жүйесін) ұлғайтуды бөле айтар едім. Бұл сияқты шешімін күтіп тұрған мәселелер көп-ақ.

Бүгінгі қиыншылығы мол заманда көңілімізге медеу болар бір жай – қазақтардың өз атамекенінде бас тоғыстыруы, әр түрлі себептерге байланысты туған жерден үдере көшіп кеткен туысқандарымыздың өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті. Мен бұл арада алдымен көршілес елдерден соңғы жылдарда көшіп келіп жатқан туысқандарымызды айтып тұрмын.

Баспасөз бетінде республика Министрлер Кабинетінің шетелдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау жөнінде қабыл-



даған қаулысы жарияланды. Оның бұлжытпай орындалуын назарда ұстайтын боламыз.

Республикамыздың Парламенті «Көші-қон туралы» Заң қабылдады. Мемлекетіміздің егемендігі мен өзіндік сипатына нұқсан келтірмеу мақсатымен жаңа заңда сырттан көшіп келу тәртібі бұрынғыдан әлдеқайда қатайтыла түсті. Сонымен қатар, ол Заңда сыртта жүрген отандастарымыздың елге оралуына байланысты көптеген жеңілдіктер жасау көзделген. Мұндай артықшылық «Азаматтық туралы» Заңда да айрықша ескерілген. Егер өздеріңіз тұратын елдің заңы бойынша қос азаматтыққа рұқсат етілген болса, ендігі жерде сіздер республикаға көшіп келмей-ақ Қазақстанның азаматтығын ала аласыздар.

Алдағы қабылданатын бірқатар заңдарда да шетелдік отандастарымыздың мүдделері жан-жақты ескерілетін болады. Қысқасы, тәуелсіз Қазақстанның кең құшағы сіздерге әрқашан ашық, бауырлар!

Әрине, қай жерде өмір сүру – әр адамның жеке өзі шешетін мәселе. Оның үстіне өзі тұратын елдің заңына сәйкес шешілетін мәселе. Қазақ үшін басқа елге көшу тұрмақ, басқа ауылға көшудің өзі қиын. Оның үстіне шетелдегі ағайындардың басым көпшілігі Қазақстанда тұмаған, өскен ортасы, алған тәрбиесі басқаша. Оның бәрін жақсы түсінеміз. Сондықтан да дүниежүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де, өзін Қазақстанның өкілі сезінетіндей, қазақ азаматы сезінетіндей жағдай жасау – біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Қазақ азаматы қай жерде де өз ұлтының озық дәстүрлерін, тілін сақтаса, асыл қасиеттерін ардақ тұтса, атамекенге деген сезімін әлпештей білсе, туған халқы алдындағы перзенттік парызын өтеп жүр деп білеміз. Сіздердің рухани талап-тілектеріңізді қанағаттандыруға, қазақ мәдениетінің хал-ахуалынан хабардар болуларыңызға, ұл-қыздарыңыздың ана тілін үйренуіне қолдан келгенше қамқорлық жасауды республика үкіметі алдағы кезде назарда ұстамақ. Мұның бәрінің ойдағыдай жүзеге асуы Қазақстанның қазіргі экономикалық дағдарыс қыспағынан қалай, қашан шығатынына байланысты. Әзірше қысқа жіп күрмеуге келмей тұрған жайы бар.

Осы Құрылтайдың барысында құрылған әлем қазақтарының орталығына бұл орайда көп міндет жүктелмекші. Ол ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани ты-

ныс-тіршілігіндегі ең өзекті деген мәселелерді терең талқылай отырып, тиісті орындарға нақты ұсыныстар жасауы керек. Ұлт бірлігін нығайтудың ұйытқысы болуы керек. Шетелдердегі қазақтардың өзіндік ерекшеліктері, талайғы тарихы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бізде жер бетіндегі қазақ ұлтының тарихы кешенді түрде зерттеу арқауы болып көрген емес. Жалпы, бізде қоғамды дамытудағы тап күресінің орны тым асыра бағаланатын да, ұлт идеясының мән-маңызы кемітіліп көрсетілетін.

Күні кешеге дейін Қазақстаннан тысқары тұратындардың бәрін шет жерде жүргендей көру, үркіншілік жылдары көшіп кеткендердің бәрін Отанын тастап қашқан опасыздар деп санау әдетінен арыла алмадық. Бірақ шындық басқаша еді. Кешегі «ақ қашып, қызыл қуған» төңкеріс тұсындағы қырғынға шыдамай, жаппай коллективтендіру кезінде албарда аша тұяқ қалдырмаған сорақылыққа төзбегендер шет елдерде өзінше тіршілік кешіп жатқан өз бауырларына барып паналады, сондағы қаймағы бұзылмаған қазақты көңіліне медеу етіп, пана тұтты. Қазіргі Қазақстанның жан-жағында ежелден қазақтар мекендеген өңірлер көп екені бәрімізге белгілі. Қазақ диаспорасы тек эмиграция негізінде жасалған емес, оның өзгелерден түбірлі айырмашылығы да осында. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, мен біздің халқымыздың атынан шет елдегі отандастарымызды қиын кезде бауырына тартқан, қамқорлық көрсеткен барша елдердің басшыларына шын жүректен шыққан алғысымды айтқым келеді.

Қадірменді бауырлар!

Қазақ халқы тағы да тарих талқысына түсіп тұр. Біз тәуелсіздік туын тіккен кезең – дүниенің дидары өзгеріп, экономикалық дағдарыс күшейіп, ұлт пен ұлттың арасын қосу қиынға түскен тұсқа тап келді. Әлем мұхитына өз бетімізбен жаңа ғана жүзіп шығып жатырмыз. Қазақстан Республикасы – буыны жаңа беки бастаған жас мемлекет. Осы бір жылдың ішінде-ақ мемлекет құрудың қандай қиын, қандай күрделі іс екеніне көзіміз анық жетті. Шүкіршілік етейік. Бүгінде Қазақстан әлемдік аяда экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, болашағы сенімді мемлекет ретінде де сый-құрметке бөленіп отыр. Біз бұл құрметтің қадір-қасиетін бағалай білуіміз, ішкі-сыртқы саясаттағы әр қадамымызға ерекше жауапкершілікпен қарауымыз керек. Халықаралық



қарым-қатынастарымызда біз дүниедегі барлық елдермен, әсіресе көршілес Ресеймен, Қытаймен, түбі бірге туыстарымыз – Түркиямен, Орталық Азия республикаларымен, бүкіл мұсылман әлеміндегі мемлекеттермен жан-жақты ынтымақтастық, тиімді өзара көмек саясатын ұстанамыз. Тіл-көзден сақтасын, қазір бағытымыз дұрыс, қарқынымыз жақсы.

Қазақстандағы тыныш ахуалды бүлдіруге ықпал жасауы ықтимал күштерді біз көріп те отырмыз. Астам пиғылдағы саяси содырлардың жекелеген арандату әрекеттеріне де, тұрғылықты ұлттың мүддесін көздейміз деп жүріп асыра сілтеуге, қызбалыққа бой алдыратын түрліше топтардың іс-қимылына да біз әрқашан тиісінше бағасын беріп отыратын боламыз.

Ардақты ағайын!

«Орнында бар оңалар» дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса – ел болады, ел болса – ер болады. Осындай жеріміз барда, еліміз барда, өздеріңіздей еріміз барда, біз ешкімнен кем болмаймыз!

Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлдеп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз.

Қымбатты туыстар!

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда – тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызда – бар халықтың басын біріктіретін киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

Лайым, бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебей берсін!

*Алматы қаласы,
1992 жылғы 28 қыркүйек*

БІРЛІК – БІЗДІҢ ҚАСИЕТТІ ТУЫМЫЗ

*Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасының мәжілісінде
сөйленген сөз*

Ардақты бауырлар!
Алыстан келген ағайын!
Біз сіздерді атамекендеріңізде – тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыда құшақ жая қарсы алып, «Қош келдіңіздер, бауырлар, төрлетіңіздер!» дейміз. Дүниенің қай түкпірінде жүрсеңіздер де елім деп, жерім деп лүпілдеп соғатын жүректеріңіз үшін, жер-жаһандағы жалғыз Отанымыз – Қазақстанымыз аман болсын, қазағымыз аман болсын деген перзенттік тілектеріңіз үшін баршаңызға шын көңілден шыққан алғысымызды айтамыз!

Осыдан үш жылдай бұрын бүкіл дүниеге тарыдай шашырап кеткен қазақтың басын тұңғыш рет қосып, Құрылтай өткізгенбіз. Ол халқымыздың баянды бірлігінің, ұлтымыздың ұйыған татулығының көңіл толқытарлық келісті көрінісі болып еді. Құрылтайға әлемнің отызға жуық елінен жеті жүзге жуық адам қатысқан болатын. Құрылтай күндеріндегі алыстан келген ағайынның жүрекжарды тілектері құлағымда жаңғырып тұр, туған жерге табаны тұңғыш тиген жандардың жасқа толы жанарлары көз алдымда.

Осы күнге жеткізгені үшін құдайға тәубе дегеніміз есімізде. Құрылтайға жиналған жұртшылық мені Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы етіп сайлаған болатын. Сонан бергі өткен үш жылдай уақыт ішінде күнделікті жұмысына менің бірінші орынбасарым, белгілі қаламгеріміз Қалдарбек Найманбаев жетекшілік ететін Қауымдастық басқармасы талай игілікті шаруа атқарғанын айтуымыз керек. Ең бастысы, Қазақстаннан тыс жерде тұратын төрт миллиондай қазақтың мүддесін ұдайы есте ұстап отыратын ұйым құрылды, ол қазақ диас-



порасымен байланысты жолға қоя алды. Рас, қазірше ойдағы жоспардың көбі орындала қоймай тұр. Оның себебін де жақсы білесіздер. Еліміз тәуелсіздік жолына жаңа ғана түсіп жатыр. Қиындық көп, қаржы жетіспейді. Соған қарамай, шеттен келген ағайынға төрімізді ұсынып, сығылысып орын бергендей көмек көрсетіп жатырмыз. Соңғы жылдарда Қазақстанға Моңғолиядан, Ираннан, Түркиядан жүз мыңнан астам қазақ көшіп келді. Ресейден, Тәжікстаннан, Түрікменстаннан келіп жатқандар да баршылық. Олардың бәріне үй тауып беру, пәтер салуға несие бөлу мәселелері шешіліп жатыр. Әрине, елмен араласудың жалғыз жолы көшіп келу емес. Осында келіп, оқып жүрген іні-қарындастарымыз да көп. Келіп, кетіп, әр түрлі кәсіппен айналыса бастаған бауырларымыз да баршылық.

Мен бүгін Қауымдастықтың жұмысына толық тоқталмақшы емеспін. Ол жөнінде шет елдерден келген ағайындар, осындағы іс басында жүрген азаматтар айта жатар. Алыстағы ағайынның алдында біздің Қазақстанымызда, баршамыздың ортақ Отанымызда не істеліп жатқанын әңгіме етемін. Өйткені сіздерді бәрінен де қазақ елінің бүгіні мен болашағы көбірек толғандыратынына сенімдімін.

Негізгі мәселелерге ауысқанда алдымен айтарымыз, әрине, тәуелсіздіктің тағдыры болмақ. Соңғы төрт жылда жүріп өткен жолымыздың ең басты нәтижесі не дегенде, мен алдымен тәуелсіздігімізді сақтап қалғанымызды, оны саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да баянды ете алғанымызды айтар едім.

Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық асыл арманы. Әлем халықтарының арасында дүниенің бір қиырынан бір қиырына өтіп барып ел болғандары да, сан түрлі ұлт пен ұлыстың араласуы нәтижесінде жаңа этнос ретінде қалыптасқандары да баршылық. Қазақ халқы – тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған халық. Көне дәуірдегі сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, ата жұртта қара шаңырақты сақтап қалған халық. Қазақтың көшпелілігі тек өзінің атамекенінің аумағында өткен. Сондықтан да біздің ұғымымызда туған жердің қадір-қасиеті бөлекше. «Туған жерге туың тік» дейді қазақ.

Әлемдегі талай ел өз тәуелсіздігіне қанқасап соғыспен, қыруар шығынмен жеткен. Қазақстанның тәуелсіздігі бейбіт жолмен келді.

Бұл – азаттық үшін алысқан мың-мыңдаған азаматтардың қасиетті қанының өтеуі. Бұл – бүкіл тарихында өзгелерге қиянат жасау дегенді білмеген халықтың пейілінің қайтарымы.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданғалы бері өткен бес жылға жуық уақыт ішінде жалпы дүниенің дидарында да, біздің туған жерімізде де орасан өзгерістер болды. Жер шарының алтыдан бір бөлігін қамтып жатқан КСРО-дай алып мемлекеттің тарауы оңайға түскен жоқ. Жетпіс жыл бойғы қалыптасқан шаруашылық байланыстар үзілді, әр республикада бөлініп қалған кәсіпорындар бір-біріне өнімін қаласа беретін, қаламаса бермейтін болды. Өмірдің қай саласында болса да тәртіп босаңсыды. Жауапкершілік азайды. Қоғамның өтпелі кезеңіндегі қиындықтарды пайдаланып, еңбек етпей-ақ байлыққа кенеліп шыға келгендер көбейді. Қылмыс етек алды. Талай уақытқа дейін баға ауыздықтауға көнбей, бой бермей қойды. Қымбат киім, сәнді бұйым тұрмақ, күнделікті қажет заттарын ала алмай, қысылып қалғандар аз емес екенін жақсы білемін.

Иә, жағдай қазірше қиын. Бірақ, бәрін айтқанда, біз мынаны да ұмытпауға тиіспіз. Бұл айтылған қиындықты жиып-теріп келгенде «Азат елміз!» деген бір ауыз сөздің өтеуіне беруге болады.

Осы жылдарда қолымыз жеткен нәрсе аз ба?

Қазір өз тағдырымызды өзіміз шешеміз. Өзіміз өндіргенді өзіміз пайдаланамыз. Бір елдің басшысы кім болуы керектігі Мәскеудегі үлкен кабинетте шешіле салып, бұрын-соңды қазақ жеріне аяқ басып көрмеген көлденең көк аттылар ойына келгенін істей алмайды. Қазақ елін бүгінде бүкіл әлем таниды, экономикасының болашағы мол, саяси ахуалы тұрақты, сан түрлі ұлттың баласы тату тұрып жатқан өркениетті ел деп біледі, құрмет тұтады. Ел басшысын дүйім дүниенің президенттері, императорлары, корольдері, монархтары, премьерлері сән-салтанаты жарасқан рәсіммен қабыл алады. Алуан-алуан компаниялар мен концерндер, фирмалар мен қорлар инвестициясын бөліп, сенім көрсетеді. Ең бастысы, қазақ халқы егемен елі бар, тәуелсіз мемлекеті бар, өзгелермен тең тұрып, иық тірестіре алатын ұлтқа айналды.

«Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» дейді халқымыз. Біздің осы өзгерістерден тек қана пайда тауып, ешқандай қиындық көрмеуіміз мүм-



кін емес еді. Бұл тұрғыдан қарағанда, егемендік алғалы бергі тапқанымыз бен айырылғанымызды таразыға тартар болсақ, безбеннің басын олжамыз жағы бірден-ақ басып кететіні күмәнсіз.

Мен солардың кейбірін ғана тілге тиек етейін.

Шаруашылық реформасы алғашқы оңды нәтижелерін бере бастады. Ең алдымен айтатын жетістік – экономиканы мемлекеттік басқарудың бүгінгі заманға сай, біртұтас жүйесі жасалғандығы. Ұлттық валютамызды енгізіп, қаржы жүйесінің белгілі бір дәрежеде қалыпқа түсуіне қол жеткіздік. Инфляция бірте-бірте ауыздықталып келеді. Өткен жылдың ортасынан бері оның қарқыны бәсеңдеді. Желтоқсанда 10 процент еді, өткен наурыз айында 5 процентке төмендеді. Теңге құны түсуінің тоқтағаны валютамен алыпсатарлық жасаушылардың жолын кесіп, қолын байлап отыр.

Қоғамдық-саяси ахуалымыздың тұрақтылығының арқасында республикамызға шетел инвестициялары мен несиелері еркін келе бастады. Бұл көрсеткіш бойынша ТМД елдерінің арасында Қазақстан Ресейден ғана кейін тұр.

Нақты қайтарымы болуы күмәнді деген жобаларға үкімет атынан кепілдік беруді қойдырдық. Бұрынғы үкіметтің екі миллиард доллардан астам ақшаға берген кепілдігі қайтарылды.

Кейінгі кезде өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің құлдырауы тоқтады. Былтырғы қараша айынан бері өнеркәсіп өнімінің көлемі аздап болса да көбейе бастады. Атап айтатын жайт, өнеркәсіп кешенінің белді салаларында, мысалы, химия өнеркәсібінде, ағаш дайындауда, мәшине шығаруда едәуір ілгерілеу бар. Соңғы айларда тұрғын үйдің көбірек салына бастағаны да қуантады. Әсіресе жеке үй салу көлемі арта түсті.

Мұның бәрі – тәуелсіздікті баянды ете алғанымыздың арқасы. Олай болса, ағайын, біз осы ұстанған бағытымыздан таймауымыз керек. Осы залдағы шет елдерден келген бауырларымыз жақсы тұрудың нарықтан басқа жолы жоқ екенін әбден біледі. Барлық елдер ауыртпалықты өткеріп барып, не түрлі қиындықты көріп барып тұрмысын түзеген, жағдайын жақсартқан.

Қазақстанның басты байлығы – тыныштығы, ынтымағы.

Әрине, бұл байлық та өзінен-өзі келіп тұрған жоқ. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы бірқатар елдерде ұлт пен ұлт жаға жырты-



сып, кей жерде тіпті бір халықтың өзінің ішінде іріткі шығып, азамат соғысы жүріп жатқанын естіп, көріп отырсыздар. Тіл-көзден сақтасын дейік.

Мен көп ұлтты, көп дінді, көп тілді елдің Президентімін. Қазақстанның бұл жағдайы талай заманғы, әсіресе кейінгі екі ғасырдағы саясаттың салдары. Өз қызметімде республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мүддесін жүзеге асыруды көздеймін. Мұндай мемлекетті ойдағыдай басқарудың мұнан басқа жолы жоқ. Ең маңыздысы – бұл саясаттың осы елдің негізгі этносы болып табылатын қазақ халқының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтірмеуі. Бұл міндет ешқашанда есімнен шыққан емес. Шықпайды да.

Қазақ жерінің ұлан-байтақ аумағы, асты мен үстінің байлығы көздің құрты. Біздің ата-бабамыз кіндік кесіп, кір жуған жерді жатжұрттықтардың табанына таптатпау үшін қасық қаны қалғанша айқасып өткен. Ат ауыздықпен су ішіп, ер етікпен су кешіп жүріп, қасиетті туған жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған. Бірақ жиырмасыншы ғасырдың күрделі сипаты елдің іргесін бүтін сақтау үшін білекпен ғана емес, ең алдымен ақыл, білім арқылы да күресу керек екенін көрсетіп отыр.

Өткен төрт жылда тынған жұмыстардың қатарында алдымен аталар шаруаның бірі – қазақ елінің территориялық тұтастығының заңды негізін қалағанымыз. Ең алдымен, Конституцияда Қазақстан бөлінбейтін, біртұтас мемлекет екені басын аша айтылды. Сол арқылы еліміздің құрылымында федерализмге жол берілмейтін болып біржола шешілді. Күні кеше ғана қабылданған референдум туралы Жарлықта да Қазақстан Республикасының статусы, елдің шекарасы, әкімшілік-территориялық құрылымы туралы мәселелер референдумға салынбайтындығы қадап көрсетілді.

Қазақстанды бөлшектеуге ешқашанда жол берілмейді!

Сонан кейінгі айрықша атап айтатын жетістік – ұлы көршіміз Қытаймен арадағы мемлекеттік шекараның заңды түрде, қазақша айтқанда, шегеленіп бекітілгені. Сонау Абылай заманынан бері шешімі табылмай келе жатқан, Ресей дипломатиясының шамасы келмеген, ал Кеңес өкіметі жылдарында шешілмек тұрмақ, қайта бұрынғыдан да шиеленісіп кеткен бұл түйінді біз төрт жылда тарқата алдық. Ендігі жерде



болашақ ұрпақ бір миллиардтан артық халқы бар ұлы елдің достас, сенімді көрші екенін сезініп, еркін өмір сүретін болады.

Келешекте көп пайдасы тиетін тағы бір аса үлкен ісіміз – әлемнің ұлы мемлекеттерінен қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз. Қазақстанның ядролық қарудан бас тартқанын, ішкі және сыртқы саясатының ұстамдылығын, сенімділігін ескере келіп, Америка Құрама Штаттары бастаған бес мемлекет ешуақытта Қазақстанға соғыс ашпайтындығына кепілдеме берді. Оның бел ортасында екі ұлы көршіміз – Ресей мен Қытай бар. Бұл кепілдік арқылы Қазақстанның халықаралық аренадағы қимылы әлдеқайда сенімді бола түсетіні, мұның өзі, түптеп келгенде, армияға, қару-жараққа, шекараға жұмсалатын шығынды шектеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ал ол қаржы халықтың әл-ауқатын жақсартуға ауадай қажет.

Бұл шешімдердің территориялық тұтастық тұрғысынан қарағанда тарихи мәні бар. Замана өте келе тәуелсіз Қазақстанның іргесі оның тұңғыш Президентінің тұсында тұңғыш рет заңды түрде бекітілгенін, бейбіт өмірінің негізі сол жылдарда қаланғанын болашақ ұрпақтар разылықпен еске аларына мен сенемін. Оны мақтаныш ететінімді жасырмаймын.

Біз мемлекет құру барысында идеологиялық жұмыс мәселесін ұдайы есте ұстауымыз керек. Мұның үлкен бір саласы – халықтардың достығын насихаттау.

Бес арысымыз – Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің жүз жылдығына арналған Тарихи зерде кешінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше, біздің жұмысымыз ілгері баспайды. Нарықтың қиындығы деп жүріп, басқаларды бауырымызға тартатын кең мінезімізден айырылып қалмауды қатты құнттау қажет.

Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккелі бері рухани бостандыққа қол жеткізіп, бұрын жабық қалып келген тақырыптарды еркін талқылай бастағанымыз белгілі. Қазақ ғалымдары мен публицистері еліміздің тарихы туралы талай-талай тағылымды ойға толы еңбектер, мақалалар, хабарлар даярлап үлгерді. Олардың арасында бүгінгі ұрпақтың тарихи

зердесін оятуға, ұлттық сана-сезімін ұштауға септігін тигізетін дүниелер қыруар. Арғы-бергідегі атақты батырларымызды, ақын-жырауларымызды, әнші-күйшілерімізді еске алып, ат шаптырып, ас беріп жататынымыз да, түптеп келгенде, жастардың санасына «Бабаларымызға лайықты болып өсейік» деген ойды ұялатуға, өзінің халқы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Бірақ тек өткенімізді айтып қана қоюмен шектелсек, дұрыс болмас еді.

Қазақ баспасөзінде отаршылдық саясаттың зардабы, бүгінгі демографиялық ахуал жайында айтқанда, сол үшін нақты адамдарды кінәлап сөйлегендей сарын байқалып қалатыны бар. Кей газеттерде Қазақстанда қатар өмір сүріп жатқан өз азаматтарымызды «келімсектер» деу қалыпты нәрсеге айналып барады. Бұлайша кемсітуге ешқандай жол беруге болмайды. Патшалық Ресейдің отаршыл зорлығы үшін, Кеңес өкіметі жылдарындағы белден баса жүргізілген ұлт саясаты үшін біздегі орыстардың, украиндардың, немістердің, корейлердің, қысқасы, ешкімнің де нақты кінәсі жоқ. Олардың ата-бабалары, негізінен алғанда, бір кезде Ресей империясының шет аймағынан тағдыр айдап келгендер, тың көтеру, елді индустрияландыру науқандарында партияның нұсқауымен осы жаққа жіберілгендер. Отаршыл халық болмайды. Отаршыл саясат болады. Саясатты халық айқындайтын заман – демократия заманы жаңа-жаңа орнығып жатыр.

Өткеннің өкінішін айтқанда, елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алатындай етіп айту керек. Қазақтың күллі адамзаттан алабөтен тағдыры жоқ, болуы да мүмкін емес. Отар болу тек қазақтың маңдайына жазылмаған. Бізден алып, бізден халқы көп елдер де отаршылдықта болған. Білегі мықты елдің бәрі күші басымдығын жасап, әлі жеткен жерді басып ала берген өткен дәуірлерде, әсіресе он сегізінші, он тоғызыншы ғасырларда бүкіл әлемнің тең жартысына жуығы отарларға бөлініп біткен болатын. Бұл апаттың дауылы дүниенің бір қиырында емес, Еуразия құрлығының қақ ортасында орналасқан қазақ даласын айналып өтуі тіпті де мүмкін емес еді.

Әлем тарихын қарап отырсаңыз, ешқашан да ешкімге бағынышты болып көрмеген елді табу қиын. Бірақ тарихи дамудың өзіндік қисыны, логикасы болатынын ескеретін өркениетті мемлекеттерде өткенді кек



тұтып, бүгінгі өмірді қолдан қиындату ойға да келмейді. Өткен – өтті, кеткен – кетті. Ендігі мәселе басқада. Келешекте қандай өмір сүреміз, қайткенде өркениетті әлемдегі өзге елдермен тереземіз тең болады, мәселе, міне – осында.

Өркениетті елдерге тән жолмен дамудың басты бір шарты – өзіміздің ұлттық бірлігімізді нығайту.

Келешегін ойлаған ел тарихтан тағылым алады.

Келесі жылы бір кезде Көк Орданың құрамында болған ру-тайпалар Керей мен Жәнібек сұлтандардың бастауымен Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығып, Шу бойына келіп жаңа хандық – Қазақ хандығын құрғанына 540 жыл толады. Кейбір ғалымдар 530 жыл деп жазып жүр. Бірақ, қалай болғанда да, біз бұл датаны атаусыз қалдырмауымыз керек.

Тарихи зерде кешіндегі мына бір ойымды қайталап айтпақпын. Осы бес жарым ғасыр ішінде қазақ елінің озып, үдеген кезі де аз болмаған. Соның бәрінде де үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта екен. Қашан да, қай істе болсын, ханы мен халқы бір болып, тұтастық құрғанда мемлекет нығайып, ел ырысы тасады екен, ал халқы ханын қолдамай, ханы халқын қорғамай, өзімшілдік өктемдік алып, өзара талас-тартысқа түскенде мемлекет әлсіреп, ел ырысы қашады екен.

Кәрі тарихтың куәлігіне жүгініп, бабалардың өткен жолын бүгінгі ұрпақ мүддесімен пайымдар болсақ, екі мәселе екшеліп алға шығады.

Оның бірі – халықтығына қатер, мемлекеттігіне қауіп төніп, айдарлысы құлға, тұлымдысы күңге айналғалы тұрған сын сағатта біздің бабаларымыздың ағайын арасындағы бұрынғы өкпе-назды сыртқа ысырып тастап, намыс туын көтеріп, ардақ тұтқан азаматының төңірегіне топтаса білгендігі. Арғы-бергі тарихымызда оған мысал көп. Әріден тартсақ, сонау көне заманда түп-тегіміз түріктер бастарына қатер төнгенде бөрілі байрағын көтеріп, Бумын қағанның төңірегіне топтасып, жұдырық болып түйілген екен. Сонда жауын жеңіп қана қоймай, құдірет күшке айналып шыға келген екен. Одан беріге келсек, кешегі Керей мен Жәнібек шаңырағын көтерген Қазақ хандығы ұрпақ ауыспай жатып, босағасы босап, қабырғасы қақырап, ханы халқынан қашып, құлауға айналғанда қазақтар «қасқа жолды» Қасымның қасынан та-

былып, хандығын қайта қалпына келтіріп, заманындағы қуатты елге айналған екен. Одан да беріге түссек, осыдан екі жарым ғасыр бұрын ғана қалмақтар қамсыз жатқан елді қара орманынан айырып, «Ақтабан шұбырындыға» ұшыратып, жұртымызды жоқ қылуға айналғанда үш жүздің баласы Абылайдай арысының төңірегіне топтасып, елдігін сақтап қалған.

Аталарымыздың өнеге тұтып, үлгі аларлық осынау тірлігі «Береке басы – бірлік», «Бірлікте болсаң – биікте боласың» деген өмірлік қағидаларды алға тартады, кісілікке, парасатқа шақырады.

Алайда атадан қалғанның бәрі бірдей алтын емес, «Бабамыздың шоқ басқан табанымен, бірдей екен жақсысы жаманымен» деп Қадыр ақын айтқандай, аталарымыздың тар кезеңде табысып, бірлік-берекесін көрсеткен жақсылығымен қатар кеңшілікке шыққанда кесірлік танытып, ала болып ауыздағыларынан айырылып, өзара қырқысып кететін жаманшылығының қабат жүретіндігі де өзекті өртейді. Ақиқатын айтайықшы: алапат бейнет, қымбат құрбандықпен келген тәуелсіздігін барынша баянды етудің орнына, еркіндік еншісіне тиісімен кейде бабаларымыздың билікті бір-біріне қимай, өзара тіресіп шыға келген кездері тарихта аз емес қой. Мысалы, Ақтабан шұбырындының азабынан кейін атойлап ұран шақырып, Алаш туының астына біріккен аталарымыз ата жауымен айқастағы атақты жеңісін аяғына дейін жеткізе алмай, басшылары бас хандыққа таласып, тарасып кетпеп пе еді? Оның аяғы не болғаны баршаңызға белгілі. Ақырында келіп бодандық қамытын мойнымызға іліп, отар елге айналдық. Ең жаман жері сол – бауырына қимаған билігі басқаның қолына көшкенде әлгі ежірейіскендердің ентігі басылып, баяғы өрлігінен түк қалмай, жатқа жағынып, жалпаңдап шыға келген кездері де аз емес. Жақсысы мен жаманы алма-кезек алмасқан аталар өмірінің бір ащы сабағы осындай.

Адам ата-бабасын жамандап абырой таппайды. Бірақ өткеннің жақсысынан үйреніп, жаманынан жирене алмаған ұрпақтың да көсегесі көгере қоймасы белгілі. Несін жасырамыз, ғасырлар бойы бірде ерлікке, бірде ездікке тартып келген осы екі мінез бүгін де бойымызда бар. Жақсы жағын ойдағыдай жалғастырып кете алмадық. Жаман жағынан біржола безіне алмадық.



Күні кешеге дейін қалай жүріп, қалай тұратынымызға дейін Мәскеу белгілеп келген кезде қазақтың қазақты жамандыққа оп-оңай қия беретінін көзіміз талай көрді ғой. Бір-біріміздің үстімізден арызды қардай боратпасақ, тасада тұрып тас атпасақ, өз сыбағамызды басқаға асатпас едік қой, елімізді көрінген біреуге билетіп, екі-үш жылға болса да, ұлттық рухымызды жасытпас едік қой. Рас емес пе, ағайындар?

Тарих тағы да қазаққа кезекті сынын тосып тұр. Тағдырдың өзі берген осы бақытымызды бағалай білуіміз, осындай ұрымтал тұста бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қимылдауымыз, сөйтіп, елдіктің іргетасын берік қалап алуымыз керек. Бізді әлсіреткісі келетіндер, аңысын аңдып отырғандар табылуы мүмкін. Онсыз да алуан-алуан адамдар: «Бұл өзі ежелден басы бірікпеген ел екен, қазірге дейін жүзге, руға бөлінеді екен» дегендей әңгімені ауық-ауық бықсытып қоятынын естімей жүрген жоқпыз.

Бұл – біздің бірлігімізді қаламайтындардың мысық тілеуі.

Бұл – қазақ тарихынан хабарсыз, қазақ қауымының өзіндік сипатын білмейтін адамдардың жел сөзі.

Кез келген этнос тайпалардан құралады. Басқасын айтпай-ақ, өзіміз қоян-қолтық өмір сүріп жатқан орыс халқын алсақ та ұлт ретінде кезінде радимичи, уличи, вятичи, дреговичи, тиверцы, кривичи, древляне, волыняне деген сияқты сан түрлі тайпалардан құралғанын көреміз. Олардың князьдіктерінің арасында талай-талай қанды айқастар болғанынан да мектеп оқулығынан хабардармыз. Кейін ортақ мүдде тұрғысынан ортақ этносқа біріккен. Қазір жаңағы тайпалардың атын тарихшылар болмаса, басқалар онша біле де қоймайды.

Қазақтың да бүкіл тарихы – бірігу тарихы.

Халқымыздың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, өмір салтына, шаруашылық жүргізу талабына орай руға бірігу, жер ыңғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына, саяси институттарды қалыптастырудың, әкімшілік басқарудың қажеттігіне қарай жүзге бірігу, мемлекеттік мүдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен эволюциялық жолмен, әлеуметтік сілкініссіз, қақтығыссыз өтті. Бұл – біздің бақытымыз. Оны бағалай білуіміз керек. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Ойлап қараңыздаршы, Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап

жатқанда, мемлекеттің реттеуші тетіктері толық іске қосылмай тұрған кездің өзінде ешқашан да, еш жерде қазақта жүз бен жүз, тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген! Өмір болған соң кездеспей қоймайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сырымтаның аяғы ат-тон айыппен, әрі кеткенде билер кеңесінде құн төлетумен бітім тауып отырған. Тек кейінгі екі-үш ғасырдағы отаршылдық қамыты мойнына салынғанда, басқаға күні түсіп, жалтақтап қалған тұста ел азаматтарын шен-шекпенге таластырып, ұлттың ұйыған татулығын қолдан бұзды. Әлі күнге «анау жүзден, мынау рудан» деген бықсық әңгіменің бәрі негізінен креслоның немесе лауазым маңайында қозғалатыны да сондықтан.

«Алтау ала болса ауыздағы кететінін, төртеу түгел болса төбедегі келетінін» ұмытпайық.

Мен қазақ елінің Президенті ретінде де, өз халқымның бір перзенті ретінде де ұлтымыздың тұтастығын, ынтымағын, бірлігін көзімнің қарашығындай сақтауды қасиетті парызым деп санаймын. Президент антын қабылдаған күні маған халқымыздың қадірменді қариясы – Шәкір Әбенев ақсақалдың берген батасы қашанда көңілімнің төрінде тұрады. Ақсақал дүние салғалы бері ол мен үшін әрі бата, әрі аманат. Иманы саламат болсын.

Ал жалпы жұртымыз үшін аманат боларлық сөз бар ма?

Бар. Ол сөз – Абай сөзі. Абайдың сөзі – қазақтың бойтұмары.

Ұлы Абайдың бір жарым ғасырлық тойы біздің елдігімізге үлкен сын болатынын ұмытпауымыз керек. Абай – мерейтойы дүниежүзі көлемінде аталып өтетін тұңғыш қазақ. Оған қол жеткізу де оңайға түскен жоқ. ЮНЕСКО-ның тәртібі бойынша кем дегенде екі нөлі бар даталар ғана қаралады екен. Мысалы, жүз жыл, екі жүз жыл, бес жүз жыл, мың жыл деген сияқты. Әйтеуір елдің беделін, өзімнің беделімді салып жүріп, Абай атамның 150 жылдығын ЮНЕСКО-ның ресми календарына енгізе алдық.

Сол ұлы тойға бүкіл халық болып әзірленуіміз керек. Мен бұл сөзді әдейі ерекше қадап айтып тұрмын. Мәселе тойдың өзін өткізуде ғана емес. Қазір бұл мәселені мен өзім тікелей бақылап отырмын, істі жігерлі жас кадрлар қолға алып жатыр, ойдағыдай өтетініне сенеміз. Осы тойдың алдында әрбір азамат өзіне-өзі іштей есеп беріп, Абай атам



шақырған биікке ұмтылдым ба, Абай атам берген насихатты бойыма сіңірдім бе, Абай атам айтқан сыннан қорытынды шығардым ба, қысқасы, қалың еліме, қазағымға иненің жасуындай болса да жақсылық жасай алдым ба, алмадым ба деп толғанысқа түссе деймін. Сонда Абай тойы тұсында біздің халқымыз рухани жағынан бір түлеп, жаңа биікке көтеріліп қалар еді.

Иә, ардақты ағайын, жаңадан мемлекет құру дегеннің қандай қиын міндет екеніне бәріміздің де көзіміз жетті. Оның үстіне біздің тәуелсіздігіміздің алғашқы қадамдары дүниенің дидары өзгеріп, қоғам бір сипаттан бір сипатқа ауысып жатқан аласапыран кезеңге тұспа-тұс келді. Бір жағынан, демократия принциптері орнығып, халықтың пікірі ескеріле бастады, екінші жағынан, демократияны ойына келгенді істеу, аузына келгенді айту деп санайтындар шықты. Бір жағынан, нарық қатынастары өмірге еніп, экономикалық реформалар жүзеге аса бастады, екінші жағынан, нарықтың алғашқы қадамындағы қиындықтарды пайдаланып, еңбексіз пайда табатындар, қымбатшылық дегенді жамылып, қарапайым халықты сүліктей соратындар шықты.

Өзіміздің де қателіктеріміз аз болған жоқ. Ал бірақ қателік жібермеу мүмкін бе еді? Меніңше, мүмкін емес еді. Ойлап қараңыздаршы, бізге дейін кім жаңа мемлекет құрып көріпті? Алдымызда нақты үлгі болды ма? Мемлекетінің талай ғасырлық тарихы бар, оны айтпағанда, КСРО-дай алып елдің негізі болып келген Ресейдің өзі де әлі күнге аяғын әрпіл-тәрпіл басып, кең адымдап кете алмай жатыр. Украина қандай қуатты республика еді, олар да дағдарыстан шыға алмай тұр. Басқалар да солай. Демек, бүгінгі қиындықтардың тереңде жатқан себептері болғаны.

«Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дейді аталарымыз. Дер кезінде алдын алмаудан, артықша сақтанудан біраз кемшілік жіберілгені рас. Ұлттық валютамызды сәл ертерек енгізгенде жақсырақ болатын еді. Аса құпия жағдайда даярлатқанша үлгергеніміз сол болды. Нанның бағасын 1993 жылдың өзінде босату керек еді. «Нанның бағасы босатылса, ашаршылық басталады» деп сол кездегі Парламент отырып алды. Жалақы төмен болған соң бұл шешімге тәуекел етпедім. Жаңа үкімет өз жұмысын бірден нанның бағасын босатудан бастады. Дүние төңкеріліп түскен жоқ қой. Соның арқасында үкімет алғаш рет

ауыл-селомен есеп айырыса алды. Егінді сырттан көмек сұратпай, толық өз күшімізбен жинап алатын болдық. Қазақстанның шекаралас облыстарынан Ресейге мәшинеммен ұн тасып әкету тоқталды.

Ең негізгі мәселе – экономикалық реформаның басты бағыттарында, саяси тәуелсіздігімізді нығайтуда, елде демократиялық процестерді орнықтыруда, ұлтаралық татулық саясатын жүргізуде жаңылыс басқан жоқпыз деп кәміл сенемін. Басқаша айтқанда, тактикалық тұрғыда қателік жіберілмеді деп ойлаймын.

Осы қиын да қасиетті істе өздеріңіз сайлаған Президентке үнемі сенім білдіріп, қолдап келгендеріңіз үшін, уақытша ауыртпашылықтарды біздің халқымызға ежелден тән сабырмен, көнбістікпен көтере білгендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды айтамын!

Мұндай халық үшін қандай сынға да шыдауға, қандай іске де тәуекел етуге болады! Мен оның бәріне дайынмын.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының бұл жиыны ел өміріндегі аса маңызды оқиғаның қарсаңында өткелі отыр. Өздеріңіз білесіздер, жақында өткен Қазақстан халықтарының Ассамблеясына қатысушылар республиканың көп ұлтты халқына Президенттің өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту туралы ұсыныс енгізді. Енді бір аптадан кейін, сәуірдің 29-ы күні, қазақстандықтар бүкілхалықтық референдумға қатысып, елдің болашақ тағдырына қатысты шешім қабылдайтын болады. Бұл оқиға Қазақстан Конституциясы мен заңдарына сәйкес өткізілмек.

Бүгін орайы келіп тұрғанда, мен референдумға қатысты ойларымды да ортаға салсам деймін. Туған Отанының тыныс-тіршілігіне құлақ түріп, бұл жақтағы жаңалықтың бәріне елеңдеп отырған отандастарымыздың да талайын бұл мәселелер толғандыратыны талассыз.

Референдум не үшін өткізілмекші? Біреулер бұл референдумның мәні Назарбаевтың өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзартып, билігін күшейту деп ұғатын сияқты.

Мәселе менің жеке өзіме тіреліп тұрған жоқ. Бүкіл әлемде халық өмірінің ең маңызды мәселелері референдум арқылы шешіледі. Қазір еліміздің азаматтарының талқысына мемлекеттің тағдырына тікелей қатысы бар сауал ұсынылып отыр.

Президент сайлауы өткелі төрт жылдай болды. Экономикалық реформаны жүзеге асыру үшін талай шаруа атқарылды. Нарықтық қаты-



настар орныға бастады. Ең бастысы, Қазақстанның мемлекеттігін қалыптастырудың алғашқы белесінен өттік. Осы тұста «Алған бағытымыз қалай? Осы жасап жатқан ісімізді халық қолдай ма?» деген мәселенің басын ашып алу керек болып тұр. Егер халық қолдаса, осы қолға алған шаруаны жеріне жеткізу керек десе, мен қазіргіден гөрі сенімді, еркін қимылдаймын. Жалпы, өз басым халықтың бүгінгі саясатты қолдайтынына кәміл сенемін.

Біздің оппозиция өкілдерінің көбі сынап сөйлегені болмаса, нақты жұмысқа қыры жоқтар. Кейбіреулері сайлауда дауыс жинау үшін қазақтың жерін, халқының тілін саудаға салудан да тайынбайтындар. Сондықтан тағы да айтамын: мәселе Назарбаевта емес. Мәселе – халықтың болашағында. Халықтың болашағымен ойнауға болмайды.

Оның үстіне, жасыратын несі бар, халық саясаткерлердің сайысынан шаршады. Екі рет өткізілген Парламент сайлауының өзі-ақ елді әбден дүрліктіріп, әуре-сарсаңға түсірді. Егер қазір жаяу көкпарды бастап жіберіп, онсыз да жағдайы ауыр елді енді кемі бір жарым жылға созылатын Президент сайлауының дау-дамайына салып қойсақ, бастаған шаруаларымыздың көбі жайына қалады. Айналып келгенде, мұның зардабы халыққа тиеді.

Міне, осының бәрін ескере келіп, мен Қазақстан халықтары Ассамблеясының бүкілхалықтық референдум өткізу жөніндегі ұсынысын қабыл алдым. Референдумның қажеттігін еліміздегі саяси күштер, қоғамдық бірлестіктердің бәрі де айтып отыр. Оларына рахмет.

Біз референдум арқылы тәуелсіздігіміздің тағдырын түбегейлі шешуге тағы бес жыл уақыт қосып алғалы тұрғанымызды ұмытпайық. Қазақстандағы қазіргі тыныш ахуалды сақтай алсақ, енді бес жылда ойдағы талай шаруамыз реттеліп қалатынына сенімдімін.

Болашақта қолға алынатын ауқымды істерді, кеңінен жоспарлап, жүзеге асыратын шаруаларды дәл қазір айтып жатқым келмейді. Дегенмен таяу арадағы бірқатар жоспарларды ортаға салған орынды сияқты.

Алдымен атқарылар шаруаның бірі – болашақ Парламенттің құрылымын, сипатын анықтау. Президенттік республика жағдайында Парламент заң шығарушы орган ретінде өз міндетімен шұғылдануы керек. Тегі, болашақ Парламент екі палаталы болғаны жөн сияқты. Бұл

заңдарды тереңдей талқылауға, алдын ала сүзгіден өткізуге мүмкіндік береді.

«Парламент керек пе өзі?» деген сөздерді естіп қаламыз.

Әрине, Парламент керек. Бірақ ол өзінше тұрған бір билік түрінде емес, биліктің бір тармағы түрінде болуы керек. Парламентті, Үкіметті, Сотты «үш билік» деп сөйлейтіндер бар.

Билік – біреу. Тармақтары – бірнешеу.

Осыны есте ұстауымыз шарт. Мемлекетіміз қалыптасып кеткенше біз елдігіміздің негізін, биліктің мүмкіндігін күшейтуіміз керек.

Маған берілген қосымша өкілеттікке байланысты кезек күттірмейтін заңдарды алдымен қабылдау қажет. Бәрінен бұрын Салық кодексін бекітуді ойлап отырмын. Жақында Салық кодексін әзірлеуге байланысты мәселелер бойынша кеңес өткіздім. Бұл құжаттың елдің тыныс-тіршілігі үшін маңызы зор, ол әрбір салық төлеушінің алдында жататын кітабына айналуы керек. Ол табысты адал мәлімдеуге ынталандыруға, өндіріс көлемін арттыруға, шаруашылықтың ұқыпты жүргізілуін көтермелеуге тиіс. Біздің бүгінгі қиындықтарымыздың көбі осы салық жүйесінің жете ойластырылмағанынан. Бүкіл әлемде мемлекет саясаты салық арқылы жүргізіледі. Табысын жасырғандар, салықты толық төлемегендер әшкереленіп, жазаланып жатады. Ал бізде қазірше кімнің не тауып жатқанын, қалай тауып жатқанын адам біліп болмайды.

Қазірдің өзінде қолға алынған, референдумнан кейін түпкілікті шешілуге тиіс тағы бір шаруа – жалақыны, зейнетақыны уақтылы төлеу. Ендігі жерде бұл үшін кінәлілерді нақты атап, жеке жауапкершілігі қаралатын болады.

Инфляцияның аяқ астынан шарықтап кетуіне байланысты жұртшылықтың жинақ кассаларына салған ақшасы құнсызданып қалғаны белгілі. Бұған дейін біз бұл проблеманы көріп, біліп отырғанымызбен, оның орнын толтыруға мүмкіндік таба алмаған едік. Жұртшылықтың 1992 жылғы 1 қаңтарға дейінгі ақшасы қайта есептеліп, бүгінгі бағаға байланысты өтеуі берілетін болады. Бұл істі биыл бастауға мүмкіндік жоқ, оны тек келесі жылдан қолға аламыз.

Инфляцияны ауыздықтаудың сәті түскенін айттым. Ендігі міндет – оны тоқтату. Бұл үшін тұтыну бағаларының өсімі алдағы кезде айына бір, бір жарым проценттен аспауы керек.



Экономикалық қылмысқа, әсіресе коррупцияға тосқауыл қоюымыз қажет. Жекешелендіру ісіне де тәртіп керек. Енді ол тек ашық конкурс бойынша, азаматтардың бақылауымен жүргізілетін болады. Жер реформасы жүзеге асырылады. Басқа да жоспарлар бар.

Елде тәртіп орнатуды түбегейлі міндет етіп қою керек. Бұл арада мен қылмысқа қарсы күресті алдымен айтқым келеді. Біздің қоғамдық тәртіп пен заңдылықты нығайтуға бағытталған жұмысымыз бүкіл ел тарапынан толық қолдау тауып отыр. Қазақстанда әрбір адам емін-еркін өмір сүретіндей, қылмыскерлер әділ жазадан құтылмайтындай жағдай жасалмайынша, бірде-бір салада табысқа жетуіміз мүмкін емес. Керек десеңіз, бұл істің маңызы экономикалық реформаларды жүзеге асырудан бір де кем болмайды. Өйткені адамның өміріне ұдайы қауіп төніп тұратын болса, еңбекпен тапқан дәулет кез келген күні қарақшының қолына түсетіндей болса, адамдар заңдылыққа, әділдікке сенбесе, басқа шаруаның ешқандай құны қалмайды.

Тәртіп орнату – елдің елдігіне, ұлттың жауапкершілігіне сын. Қатты алаңдатарлық нәрсе – өзіміздің қазақ жастарының арасында қылмыс жасаушылар көбейіп бара жатқандығы. Мен сіздерге бір ғана нәрсені айтайын. Сексенінші жылдарға дейін сотталғандардың ширек бөлігі ғана қазақ жастарының өкілдері болса, қазір олардың саны алпыс проценттен асып отыр. Демек, орта есеппен алғанда әрбір сотталған он адамның алтау-жетеуі өзіміздің жастарымыз. Бұл – айрықша дабыл қағатын, бүкіл халыққа естірте айтып, алдын алатын аса қауіпті құбылыс. Әдетте, заңды құрмет тұтатын, айтқан тілді алатын, салт-дәстүрді сақтайтын қазақ жастары ауыр қылмысқа бара беретін болды, ал ұйымдасып қылмыс жасауда басқалардың алдына шықты. Қалаларда қаптап кеткен рэкет, үй тонау дегеннің көбі ауылдан келген жастардың қолымен жасалады. Біздің халықта қыз баланы қандай қадірлегенін, аялап ұстағанын білесіздер. Амал не, қыз зорлау деген сұмдық жастарымыздың арасында да көбейіп тұр. Мен Президент ретінде өлім жазасына кесілгендердің материалдарымен танысып, шешім қабылдарда жап-жас жігіттердің соншама қатыгездікке қалай баратынына таңғаламын. Өткен жылы Талдықорғанның Жаркент ауданында таптал түсте бір үйден алты адамды бірден бауыздап кеткен, өрімдей балаларды да аямаған. Ал Шымкент қаласында учаскелік инспектор-

ды екі баласымен қоса өлтіріп кетті. Тағы да сол Оңтүстік Қазақстан облысынан Таев деген біреу басқарған қылмысты топ ұсталды. Он бір адамның басын қосқан бұл топ 30-дан астам қылмыс жасаған, олардың біразы адам өлімімен аяқталған.

Мен қылмысқа қарсы күресті жеріне жеткізбей тоқтамақ емеспін. Бұл істі халық толық қолдайтынына сенімдімін.

Біздің тікелей өзімізге қатысты жайларға қоғамды, елді, мемлекетті кінәлап жататын әдетіміз бар. Жоқ, көп нәрсе адамның тек өзіне байланысты. Егер әркім өзін-өзі қамшыламаса, намысын оятпаса, жігерін жанымаса, онда, тұтастай алғанда, халықтың рухы көтерілмек емес. Егер әркім өзінің шаруасын құнттап жүргізбесе, онда елдің де дәулеті таса қоймайды. Ашығын айтайық: біз ғасырлар бойы батпандап сіңген жалқаулықтан арылуға тырыспайынша, ісіміз алға баспайтын болады. Бұл сөзге орынсыз шамданудың керегі жоқ. Қайта намыс көріп, сол мінімізден құтылуға ұмтылуымыз керек.

Көсегесі көгеріп, дәулеті тасып, сәулеті асып отырған елдердің қайсысына қарасаңыз да, еңбектің қадір-қасиеті бөлекше бағаланады. Адамның ең басты қасиеті еңбекқорлығы делінеді. Бүкіл дүниенің халқы адам қалай жұмыс істесе, солай тұратынын баяғыда-ақ пайымдап болған. Расында да, біздегідей жұмыс істеп, Жапониядағыдай тұруға болмайды ғой... Жапониядағыдай тұру үшін жапондардай жұмыс істеу керек.

Қоғамдық өндірісті әңгіме етпей-ақ қояйық, бақ өсіру, бақша егу, саяжай салу сияқты әркімнің өзіне қажетті істерде біздің қазекеннің өзгелерден көп кейін тұратыны рас қой. Баға аспандап өсіп, күнделікті тамаққа керек көкөністің бәрі қымбаттап кеткенін көріп отырсақ та, саяжайдан, тіпті есіктің алдындағы бақшадан жөндеп ештеңе ала алмайтын қырсыздардың, әсіресе біздің арамызда көп екендігін несіне жасырамыз?! Онымен қоймай, сонымызды тап бір қазақтың еркөңілділігінің, дүниенің ұсақ ісіне онша көңіл бөле қоймайтындығының белгісіндей сөйлейтінімізді қайтесіз!.. Мұның бәрін баяғыда Абай атамыз айтып кеткен. Жанымызды жеп, көзге шұқып тұрып айтқан. Өткен жолы, Тарихи зерде кешіндегі баяндамада Сұлтанбек Қожановтың 1924 жылы жазған «Жас буын, жаңа жұрт жолға түссін» деген мақаласындағы бір ойды келтірген едім. Шеттегі отандастарымыз үшін тағы



қайталай кетейін. Ол кісі мақаласында былай депті: «Қырғыз-қазақ тұрмысының ең үлкен кемшілігі – шаруа түрінің орнықсыздығы, олардың еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы. Қазақ-қырғыз үдесінен шығып, бірте-бірте мәдениеттендіріліп, не мал шаруашылығын өркендете алған жоқ, не орнығып отырып, алаңсыз егіншілікпен айналысқан жоқ, не қолөнерін дамытпады, не сауда үдесінен шықпады. Жаз болса сазға аунап, салқынға төсін тосып, жоқ дәулетке мәз болып, құрғақ серілікке, кедейсалдыққа салынып, қыс болса үкідей ысылдап, отбасынан шықпай қақталып, жазды жаз деп бейнетсіз өткізу, қысты қиын деп қимылсыз өткізу қазақ-қырғыздың көпшілігіне салт болып кеткен». Бұл мінездерімізден әлі де арыла алмай келеміз. «Жоқ дәулетке мәз болу», «кедейсалдыққа салыну» деген сөздердің мағынасына ой жіберіп қарайықшы. Бір жерден алған арағын басқа жерде сатып, сауда маңындағыларды қорқытып-үркітіп жүріп ақша тауып, сонысымен ресторандарда сайрандайтын қазақ жастарына осы сөзді айтуға болар еді.

Бүгінгі экономикалық қиындықтар, тұрмыстың ауырлығы туралы сөз болғанда осындай күнге жеткізді деп бұрынғы қоғамдық құрылысты сынап сөйлейміз. Ал немқұрайдылық, еріншектік, іштарлық, мақтаншақтық, пайдакүнемдік, бейқамдық, надандық сияқты толып жатқан міндерді жоюға ең алдымен адамның өзінің жігері керек. Материалдық кедейлік пен рухани жұрдайлықтың жөні бөлек. Кедеймін деп басқаны кінәлауға болар, бірақ жаның жұрдай болса, тек өзіңді кінәлауың керек. Қазір еліміз азат, жеріміз азат. Енді бойымыз да, ойымыз да азат болуы керек. Солай десек те, біздің көптеген азаматтарымызда баяғы енжарлық, баяғы немқұрайдылық бар. Заман өзгергенін, қоғам өзгергенін, адам өзгергенін ескере бермейміз. Енді «Мен осы немене жанымды саламын?» дейтін кез емес. «Коммунизм өзі орнайтын нәрсе ме, орнамайтын нәрсе ме, мына социализмнің өзін дұрыстай алмай жатырмыз. Текке арамтер болып қайтемін» дейтін кез келмеске кетті. Енді не істесең де, ізгіліктің ізі туған жеріңде қалады, не жасасаң да, ырыздығы ең алдымен туған халқыңа – қазағыңа бұйырады. Айналып келгенде, өзіңе бұйырады.

Қазір өмір сүрудің мәні нақтылана түсті, мақсаты биіктей түсті.

Осыны ұмытпайықшы, ағайындар!

Алдағы жиырма бірінші ғасыр қазақ халқының жұлдызы жанатын ғасыр болатынына сенемін. Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, астын-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақкөңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген. Қазақтың жерінде дәулетті де сәулетті өмір орнауына қажетті жағдайдың барлығы бізде бар. Бұл үшін біз ең алдымен елдегі тыныштықты сақтай алуымыз керек, ерінбей-талмай еңбек етіп, экономикалық қуатымызды арттыру арқылы мемлекетімізді ешкімге тәуелсіз ел етуіміз керек, халқымызды жаңа заманға сай қайрап, шыңдап, ширатып шығаруымыз керек. Мұның барлығының басты шарты әрбір қазақ баласы тағдыр сыйлаған, тарих сыйлаған осы бақыттың бағасын білуге тиіс. Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады. Қастерленбеген нәрсенің қасиеті кеми береді.

Әрбір қазақ азаматы өз маңдайына тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру бақыты бұйырғанын ұмытпауы шарт. Мен де қазақтың бір баласымын. Менің маңдайыма осы қасиетті істің басында тұру бақыты бұйырыпты. Бұл үшін тағдырыма мың-мың мәрте разымын. Осы істің жолында бар күш-қайратымды да, білімімді де, білігімді де, тәжірибемді де, ақылымды да, қажет болса жанымды да аямаймын.

Сөзімнің соңында, сіздерге, сіздер арқылы туған халқыма мына жайды айтпақшымын.

Мен бұл референдумды өткізуге халық осы саясатты қолдайтын-қолдамайтынын анықтау мақсатымен келісім бердім. Осы саясатты қолдасаңыздар, Қазақстанды, демократияны ардақ тұтатын, заңды құрметтейтін, ұлттары мен ұлыстары бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай тату тұратын, азаматтары ертеңгі күніне сеніммен өмір сүретін, қазақ халқы өзін ел иесі сезінетін мемлекетке айналдыруға батыл бет бұрамын.

Біздің алдымызда тәуелсіздік тағдыры таразыға тартылар сын сағат тұр. Референдум бізге елімізді нығайта түсу үшін керек.

Екінің бірі: біз не таяу жылдарда шын мәнінде тәуелсіз мемлекет құру ісін аяқтаймыз немесе тағдырдың өзі қолға әкеп берген мүмкіндіктен айырылып, болашақ ұрпақтың обалына қаламыз.

Мұны әрбір азамат айқын ұғынуға тиіс.



Ардақты бауырлар!

Құрылтайдағы сөзімді түйіндерде былай дегенім бар еді: «Орнында бар оңалар» дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса – ел болады. Ел болса – ер болады. Осындай жеріміз барда, осындай еліміз барда, өздеріңіздей еріміз барда біз ешкімнен кем болмаймыз!».

Сол сөзімді бүгін де қайталаймын.

Атамекенімізде тек жақсылықпен жолығуға жазсын!

Қиын-қыстау заманнан аман-есен шығып, келер ұрпақтың қолына бақыт жұлдызын ұстатуға жаратқан жар болсын.

*Алматы қаласы,
1995 жылғы 22 сәуір*

БЕРЕКЕ БАСЫ – БІРЛІК

*XVIII ғасырдың аса ірі мемлекет қайраткерлері Төле биді,
Қазыбек биді және Әйтеке биді еске алуға арналған
салтанатты басқосуда сөйленген сөз*

Ардақты ағайын!
Қадірлі меймандар!
Бүгін біздің бәрімізді осынау қасиетті биіктің басына бір ой, бір тілек, бір мақсат жетелеп әкеліп отыр. Өскісі, өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан бергі тарихын айрықша қастерлеп, ондағы дара тұлғаларды, ел болып еңсе көтерулеріне ерекше еңбек еткен асыл азаматтарын айрықша ардақ тұтатынын жақсы білеміз. Шүкір, біздің тарихымызда да елім деп еңіреп өткен ерлер, халық қамын жеген қайраткерлер аз болмаған.

Дешті Қыпшақты билеп тұрған Шәйбан тұқымымен ат құйрығын кесісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек. Бұрын бір-біріне тәуелсіз үш мемлекеттің құрамында жүрген көшпелі тайпалардың үш жүз аталып, жаңа саяси одаққа бірігуін тиянақтап берген Ақназар ханның аты алты алашқа мәлім. Өз тұсында жаңа бой көтерген елдің есесін ешкімге жібермей, бір жорықта екі жүз мың кісіні атқа қондыра алған, өзінен кейін қасқа жол қалдырған Қасым ханның да қасиеті ерекше. Мықты білегімен де, түкті жүрегімен де айбынды атқа ие бола білген Еңсегей бойлы ер Есім мен Салқам Жәңгір де ел есінен мәңгілік орын алды. Есімнің немересі, Жәңгірдің бел баласы Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы – қазақ елінің абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезең болды. Бұл жайында белгілі тарихшы А.И. Левшин былай деп жазыпты: «Тәукенің атын атасақ-ақ



бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаныш билейді. Қазақ ордасының Ликургы, Драконты – сол адам. Тәуке ала ауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты».

Тәуке Қазақ хандығын бір орталықтан басқарудың нақты тетігін тапты. Жыл сайын атақты Мәртөбеде үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, ел өмірінің келелі мәселелерін талқылады.

Қазақ қоғамына осындай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы – атақты «Жеті жарғы» еді. «Жеті жарғы» – дана бабаларымыздың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын мемлекет басқару мен халық билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді.

Әрине, тарихтың талай соқталаңын басынан кешкен дала жұртының қабырғалы халық, іргелі ел болып кетуі оңай шаруа емес еді. Ол екі тізгін, бір шылбырдың көреген көкірек, қайратты қолға тигенінің арқасы еді. Ел мен ер, тәуекел мен парасат бірге қимылдап, бірлесе қайрат көрсеткеннің арқасы еді. Ендеше, сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған рухани ізденіске мұрындық болғандар кімдер еді?

Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне, бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан ғасырға жұрт жадында жатталып, бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра – билер сөзі кім-кімді де таңдандырмай, тамсандырмай қоймайды. Билер данышпандығының бір ғана сәтін бүгінгі жиында еске түсіре кетейік.

Қалмақ Қоңтажы: «Датыңды айт» дегенде, Қаз дауысты Қазыбек бабамыз: *«Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды! Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз – қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз – көмір, еріткелі келгенбіз, қазақ, қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең, жөндеп бітіміңді айт, не тұрысатын жеріңді айт!»* – деп төгілткен екен.

Сонда Қоңтажы не дерін білмей сасып қалған дейді.

Елім деп, жерім деп жанұшырған асыл аталарымыздың мұндай жан айқайын бүгінгі ұрпақ – біз айрықша айқын ұғынып, айрықша терең түсінеміз.

Сол бір халық тағдыры таразыға түскен тар кезеңге, елдің есінде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен қалған қасіретті оқиғаға тұп-тура 270 жыл толып отыр.

1723 жылдың ерте көктемінде бейқам жатқан Қазақ еліне жоңғарлар бұрын-соңды болып көрмеген жойқын шапқыншылық жасады. Ел еңсесін езген қатал қыстан шығар-шықпаста, көтерем мал әлі шыр жимай жатқан кезде Шу мен Талас бойына тұтқиылдан тап берген дұшпанға қарсылық көрсетер қауқар болмай қалды. Бас-аяғы екі-үш



айдың ішінде исі қазақ баласының басына қара түнек орнады, қазақ аспанын қасірет бұлты торлады. Желдің өтіндегі, жаудың бетіндегі өзге өңірлер тұрмақ, қасиетті Қаратаудың өзінен ел көшті. Сол кезде дүниеге келген атақты «Елім-ай» әнінің зарлы үні қазақтың ұлан-ғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Бүкіл дала:

*Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман?
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын, –*

деп «елім-айлап» күңіреніп жатты. «Елім-ай» елдікті жоқтады. «Елім-ай» ерлікке бастады. Дана халық өз бойынан елдікті де тапты, ерлікті де тапты. Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп, зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді? Азаматынан айырылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді?

Иә, ағайын, бәріңіз білесіздер, олар да жаңа ғана аттары аталған қасиетті бабаларымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді. Үш ұлы би тарихтың дәл мұндай тар өткелінде бірліктен қалған жұрттың тірліктен де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жиынға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын.

1726 жылы дәл осындай кезде, көктемнің жазға ұласар жайсаң шағында, Қаратаудың күнге бетіндегі оқшау биік Ордабасыда үш жүздің игі жақсысының, биі мен бегінің, батыры мен бағланының басын қосқан ұлы жиын өтіпті.

Ауыздан ауызға тарап, ұрпаққа жеткен әңгімеде сол жиында сөзді Төле би алып, сөзін Болат ханға арнапты дейді.

«Уау, Болат тақсыр! Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан ел көріп, қабырғам қайысып барады. Бұлаң кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тыңдар құлақ бар ма? Шаңырағың күйреп, аңырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шыңдар шырақ бар ма? Тақсыр! Батқан күнге, туған айға бата ғып өткен халқың бауырын жаралап, жанын қаралап, алдыңа тізіліп келіп отыр. Тынышын алған



ойраттан намысын қайтарар шақты күтеді. Зар тілегіміз – бірлік. Соған құлай ұйысаң, бейіл болсаң, жақыным, барым, бауырым деп құл-шынған ықыласыңды түгел бер. Ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Бөліп алып, таласып, жұлмалап әкетпе. Жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Ырғасып кіріспейік, жалғасып келісейік. Ол – бас сардарды тағайындау. Үш жүздің қолын басқарар бір білекті бетке ұстау, қауым боп қауқылдасып, іріленіп шоқтық көтеру. Келелі тобыңа кеңесімді салдым, кірісіңдер де келісіңдер, ағайын!» деп бір тоқтапты дейді Төле бабамыз.

Осы Ордабасыда үш жүздің баласы бәтуға келіп, ата жауға аттануға анттасқаны, Қаз дауысты Қазыбектің ұсынысымен қазақ қолына бас сардар етіп Әбілқайырды сайлағаны бүгінде баршаға белгілі тарихи шындық. Бас біріктіріп, күш қосқан соң-ақ халқымыздың жалы күдірейіп шыға келді. Дәл сол жылы үш жүздің қолы жаз бойы қаруланып, соғыс өнерін ұштап, күзге салым Сарысу бойындағы Бұланты өзенінің жағасында жоңғар қолын қирата жеңгені де тарихтан мәлім. Сол жеңіс елдің еңсесін көтерді, өз күшіне сенімін арттырып, бірлікке үндей түсті. Қазақ сарбаздарының құрамында қоңсы жатқан өзбек, қырғыз жұртының жаужүрек жігіттері де қолына найза ұстап, ортақ жауға тойтарыс беруге үлес қосты.

Халқымыздың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ең ірі жеңісі – Балқаш бойындағы Аңырақай айқасы. Ойраттардың аңыраған даусын күллі қазақ түгел естігендей болған соң шайқастан кейін ұрыс даласы Аңырақай аталып кеткені де белгілі. Бұл жеңіс те ұлы бабаларымыздың бастамасының, халықтың бірлігінің жемісі еді. Амал қанша, қазақ ол жеңістің қызығын ұзақ көре алмады.

Бұл кезде Орталық Азиядағы саяси жағдай бұрынғыдан да қиындай түскен еді. Патшалық Ресей бір жағынан, Цин империясы екінші жағынан қазақ даласына қос өкпеден қатер төндіріп тұрған болатын.

Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы, міне, осындай қысталаң шақта ерекше білінді. Олар елдің ертеңін дәл болжап, ұрпақты сақтап қалудың, туып-өскен жерді сақтап қалудың жолында асқан кемеңгерлік көрсетті.

Міне, осы сияқты бір мақсат жолында бірге күрескен үш ұлы бидің өмірінен бүгін де біз алатын тағылым толып жатыр.



Құрметті қауым! Ғасырлар бойы халқымыз бойына жинақтап келе жатқан рухани бірлігіміздің тарихында кейде ақаулықтар да болып, өкіндіріп жүретіні рас. Соның бір дерті – Ресей империясының тұсында қазақ даласын отарлау барысында жүргізілген сұлтан, болыс сайлаулары кезінде ағайын арасына әдейі араздық дарытып, бір-біріне қарсы қоюшылық саясаты, сол арқылы бүкіл елдің ішіне іріткі салу әрекеттері. Бұл зымиян саясатты Кеңес Одағының тұсында да орталық басқару жүйелері асқан жымысқылықпен пайдаланды. Осы дерттен арылу-арылмауымыз бүгінгі таңда бүкіл ұлт тағдырын шешеді. Мұны әрдайым есте ұстауға тиістіміз.

Біз мына дүниенің ең қуатты қорғаушы күші – мүдде екенін, негізгі тарихи қадамдарымыздың сол мүдде ортақтастығы қағидасына сай жасалу керектігін де ерте ұғып, ерте жүзеге асыра алдық. Бұл ақиқат қағиданы да санамызға ерте сіңірген осы дана билеріміз еді.

Жер жақындығы тағдырың мен тарихыңды жақындастырмай қоймайды. Тағдыр жақындығы мүдде жақындығын туғызады. Мүдде жақындығы жоқ жерде жер жақындығы мен шекараластықтың да бақастық пен дұрдараздық өрбіткеннен басқа бітірері шамалы. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастыра ең берік дәнекер – мүдде жақындығы. Бүгінде Орталық Азияда қоян-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мүддесі біреу. Ғасырлап күтіп, әзер қолы жеткен азаттықтан айырылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу. Бауырлас, тағдырлас өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен ағайындармен әуелден де тату-тәттіміз. Оның бір дәлелі – Өзбекстан басшылығының шақыруы бойынша, мен осы жиын алдында басына барып, тәу етіп қайтқан Төле би бабамыздың туысқан елдің астанасы – Ташкентте жерленгені, бейітінің қадірленіп күтілетіні. Осы риясыз достық сезімі үшін де біз өзбек бауырларымызға, осы елдің тұңғыш Президенті Ислам Каримовке шын ризашылығымызды білдіреміз. Мүдде жақындығы біздерді баяғыда іргеден қол салған басқыншы дұшпандарға қарсы бірге күресуге шақырды, мүдде жақындығы кеше ортақ тағдырымызды фашизмнен бірге қорғатты. Ежелден ағайын-дос қырғыз еліне, оның Президенті Асқар Ақаевқа игілік пен баянды болашақ тілейміз. Тарихта біздің елдеріміздің арасына от жағып, сырттан қақтығыстыру әрекетін жасағандар аз болған

жоқ. Дегенмен бірге болған кезде қандай жаудан да басым түсіп жаттық. Дәл қазіргі кезеңде де біздің халықтарымыздың бірлігі егемендігімізді, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін өте қажет деп санаймын.

Бүгінде Қазақстан айдай әлем алдында экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық саяси ахуалы тұрақты, келешегі сенімді мемлекет ретінде де абыройы асып тұрса, ол да ең алдымен сол тағдыр ортақтастығын, мүдде ортақтастығын қастерлей білуіміздің арқасында мүмкін болып отыр.

Сондықтан да біз жақында өткен республикалық кеңесте таяу жылдардағы ең басты міндетіміз ынтымақтастық идеологиясын түпкілікті орнықтыру деп белгіледік. Қазақстан – осы ұлан-байтақ өңірді мекендеп жатқан барша ұлт пен ұлыстың ортақ Отаны деген қарапайым да қастерлі қағиданы бүгінгі адамдардың да, келер ұрпақтың да санасынан бір сәтке шығармауымыз керек.

Осындай татулықтың үлгісін барша жұртқа ең алдымен бұл жердің ежелгі иесі, біз – қазақ халқы көрсетіп, бүкіл Қазақстан халқының тату тұруының ұйытқысы болатынымызға сенемін.

Тәуелсіздік туын қолда берік ұстау – әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты. Құқықтық мемлекетке, демократиялық қоғамға тән заңдылық қағидасын қатаң сақтай алсақ қана, ол борышты адал ақтап, ол мақсатқа қапысыз жете аламыз.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау – құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Әз Тәукенің тұсындағы қазақ қауымының дәуірлеуі ең алдымен осы заңға жүгінуге байланысты болғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңды жетік білмейінше, оны сыйламайынша, берік ұстанбайынша, біз өмірдің қай саласында да қиыншылықтан арыла алмаймыз.

Біздің болашағымыз – жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көкsep, «бұрын жақсы еді, арзаншылық еді», «бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлеткеннен басқа ештеңе бермейді» дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін. Қазақтың ұл-қыздары өмірдің қай саласында да қабілетті екендігін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менедж-



менттің, коммерцияның, компьютерлі техниканың қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымызды заңды игеру, құқықты, өркениетті мемлекет құру жауапкершілігін арттыру бағытында бейімдеу аға ұрпақтың борышы болса, жас ұрпағымыз ХХІ ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезінгені абзал. Қырандар түлегін қияға самғатып баулитыны аян. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес, басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нартәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым.

Қазақ тарихында тұңғыш рет тұрақты әскер құрдық. Елімізді, жерімізді, бостандығымызды сақтау үшін бұл бізге қажет болды. Кезінде қазақ даласының әр түкпірінен осы Ордабасыға жиналып, елім, жерім деп еңіреген, бастарын ажалға байлап, қан төккен ата-бабаларымыздың аруағы разы болсын десек, біз елімізді қорғауды азаматтық та, перзенттік те борышымыз деп санауымыз керек. Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді алдымен өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды?! Біздің туған жер ұғымының аясын әбден тарылтып жібергеніміздің салдарынан талай адам өз облысын, өз ауданын ғана туған жерім деп танитын таяз түсініктен әлі арыла алмай жүр. Оқу бітірген жастардың қайткенде де ауылына оралуға тырысып, мамандығы бойынша жұмыс табылмаса да, ата-анасының жанынан шықпайтын психологиясын құптай беру қиын.

Табиғаты сұлу, топырағы құнарлы небір шұрайлы өлке, өңірлеріміз отаншыл жастарымыздың перзенттік жүрегі мен қуатты білегін күтіп жатыр, ағайын. Бір шаңырақтың түлектері Қазақстан дәулетін асырар сан салада еңбек етсе, бір атаның отаулары кең байтақ даламыздың қай тарабынан да табылып жатса, жаман ба?! Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу, ол – жалпақ Қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілеуін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өзімізді өзіміз көкіректен кері итермеуге, сен анаусың, мен мынауымын деп алаламауды үйренуге тиіспіз. Осыдан үш ғасырдай бұрын бас қосқан, қазақ даласын қорғау жолында шейіт болған бабаларымыздың негізгі аманаты – осы.

Қазақстандықтар бұрынғы құқықсыз өмірден біржола бас тартты, өзінің әлеуметке бағдарланған нарықтық экономикасы және жаңа қоғамдық қарым-қатынастары бар күшті егемен мемлекетін құруға

кірісті. Қоғамымыздың ең қастерлі қазынасы адам болып табылады, оның құқығы мен бостандығына кепілдік беріледі деп заң жүзінде жарияладық, республикадағы барша халықтың тең құқылығы қамтамасыз етіледі деп кепілдік бердік.

Мен бұл арадағы сөзімде республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, өтпелі кезеңнің күрделі мәселелері, оларды шешудің жолдарын табу бағытындағы ізденістеріміз, іркілістеріміз туралы баяндаудан тартынғалы тұрмын. Олар жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Өздеріңіз теледидардан көріп, газеттерден оқып жатырсыздар. Сөз орайы келгенде, қымбатты ағайындар, осындай қиын шақта Президенттің, Үкіметтің саясатына қолдау көрсетіп, ұстамдылық, сабырлылық таныта білгендеріңіз үшін, біздің бүгінгі таңдағы басты байлығымыз тыныштық, ұлтаралық жарасым екенін терең түсінгендеріңіз үшін шын жүректен разылық білдіруді парыз санаймын. Осы әрекеттің барлығы ең алдымен қазақ халқының болашақ ұлы мүддесіне бағытталғанын түсінгендеріңіз үшін тағы да разылығымды білдіремін.

Республика Үкіметі жақында дағдарыстан шығу жолындағы шұғыл шаралардың бағдарламасын белгіледі. Шетелдердің іскер топтарымен ірі-ірі келісімшарттар жасалып, инвестициялар келе бастады, өнім көлемін сақтап қана қоймай, бұрынғыдан да өсіруге қол жеткізіп отырған кәсіпорындар қатары көбейіп келеді. Ең бастысы – халықтың нарыққа көзқарасы аздап болса да өзгере бастады. Көзін тауып еңбек ете білсе, ерінбесе, бойкүйездіктен, масылдық психологиядан арылса, адамша лайықты өмір сүруге, тіпті дәулетті тұруға да мүмкіндік ашылғанын қазірдің өзінде талай жұрт түсініп қалды. Ал алаңсыз, өнімді еңбек етудің негізгі кепілі – қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы. Мұны мен республика Президенті ретінде ең басты мақсат деп санаймын.

Осы мақсат жолында жаңа нақты қадамдарды да ойластырып жатырмыз. Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру идеясы көптен айтылып жүр. Бұл ұсыныс республика халықтарының форумында да қолдау тапқан болатын. Үкіметтен тыс тұратын, қоғамдық ұйым ретінде ойластырылған мұндай Ассамблея біздей көп ұлтты мемлекеттің бітім-болмысына сәйкес келер еді.



Ардақты ағайын!

Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыс пен Бөгенге, күншығыстағы Қазығұртқа, Арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға серттескен екен. Әбілқайырдай бас сардарын сайлап, ата жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет, Бөкенбайлардай талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел арылтып алғанын білеміз.

Енді сол бабалар алып берген кең байтақ өлкемізді түгел құлпыртып, түгел көркейту – бүгінгі біздер мен ертеңгі жеткіншектердің үлесіне тиіп тұр. Азаттыққа жетер жолдың қаншалықты ұзақ, қаншалықты тауқыметті екенін көрдік. Ал азаттықты баянды ете білудің де оңай шаруа емес екенін түсіне бастадық. Осы арада тағы да ұлы бабалар даналығын еске аламыз: *«Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме?! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?! Ел тірегі – ері, ер тірегі – елі бола білген қауымның басынан бағы кетер ме?! Есті еріңді ез тұтсаң – өзіңді өзің қорларсың, есеріңді ер тұтсаң – іргеңізден жау кетпей, төріңізден дау кетпей, сойқаннан сойқан жолығып, сорларсың да зарларсың. Ез мұраты – көрешек, ер мұраты – келешек. Көрешегін күйттеген – түбі қоймас сүрінбей, келешегін күйттеген – түбі қоймас сүйінбей. Жетелі ер адаспас – бағзыдан қалған із бар ғой»,* – деген екен Әйтеке би Күлтөбедегі бір жиында.

Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз. Талай-талай алқалы кеңес өткен атақты Күлтөбе баяғыда жыртылып кетіпті. Сайрам түбіндегі Мәртөбе күні кеше құртылып кетіпті. Қасиетті орыннан қалғаны – Ұлытау мен осы Ордабасы бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ.

Бүгінгі жиын – сол жаңылмағандығымыздың, адаспағандығымыздың куәсі.



Бізді де бұл киелі төрге арманды тілек, елім деген перзенттік жүрек алып келіп отыр. Біздің де ойлағанымыз – бірлік. Біздің де аңсарымыз – еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат – бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол. Жалғыз-ақ айырмасы – қасиетті бабаларымыз басын қосып берген қазақ халқы енді бүкіл Қазақстан халқының бірлігіне ұйытқы болуға тиіс. Осы мақсат жолында республикадағы барлық ұлт өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіргені лазым. Болашағымыз баянды болсын, балаларымыз бен немерелеріміз де ата-бабаларындай тату тұрсын десек, осындай алмағайып уақытта, жоқшылық жүйке жұқартып тұрған жіңішке шақта баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық танытуға тиіспіз. Мен Мемлекет басшысы ретінде Қазақстанның көпұлтты халқы осынау сәтте тарихи жауапкершілік көрсете біледі деп кәміл сенемін.

Береке басы – бірлік.

Бірлігіміз берік болса, болашағымыз баянды болары даусыз.

Лайым, ынтымағымыздан айырмасын!

Толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халқымыздың үш данасы, үш көсемі, қасиетті бабаларымыз – Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің аруағы қолдап жүрсін!

*Ордабасы,
1993 жылғы 28 мамыр*



АЛАШҚА АЙБЫН БОЛҒАН АРЫСТАР

Тарихи зерде кешінде жасалған баяндама

Бүгін міне, бес арыстың – Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Илияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің туғанына жүз жыл толуына орай ерекше жағдайда тағы да бас қосып отырмыз.

Сөз жоқ, жоғарыда аттары аталған аса көрнекті ел ардақтыларының әрқайсысының жүз жылдығы – бүгінгі қоғам үшін жеке-жеке рухани оқиға, тарихтың орны бөлек қайталанбас беттері екендігі қазіргі кезеңде ешқандай да күмән туғызбаса керек. Сондықтан да бүкіл халық болып оларды еске алу – әрі рухани зерделілігіміз, әрі ұрпақтық парызымыз.

Үстіміздегі жылы республикамыздың алуан өңірінде, олардың кіндік қандары тамған, өскен, оқыған, қызмет еткен мекендерінде арыстарымыздың мерейтойлары кеңінен аталып, жаңа ескерткіштер, мемориалдық тақталар ашылды. Ақпарат құралдарында сол тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне, тағдырына байланысты тың деректер жарияланып, жұртшылық игілігіне ұсынылды. Жер-жерде өткізілген осынау шаралардың қорытындысы ретінде мемлекет дәрежесінде бас қосып, қасиетті ағалар аруағы алдында еліміздің бірлігі, іргетасымыздың беріктігі жайлы тағы да бір көңіл аша сырласу, дидактасу – бүгінгі өміріміздің қажеті.

Әрқайсысы қайталанбас, жеке-жеке шоқтығы биік заман тұлғалары бола тұра, олар өмірлерін бір мүдде, бір мақсатқа арнағандықтан, тағдырлары да бір болып шықты. Бір жылда туған төл құрдастар мемлекет, қоғам ісіне бірге араласып, бір мақсаттың туын көтеріп, амал қанша, бір кезеңде құрбандыққа шалынды.

Екіншіден, олардың тағдыры – елдің тағдыры. Ендеше, бес арыстың өмір жолын тұтас айту, халықтың тағдырын сөз қылу – тарихи шындықты тұтас көру деген сөз.



Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес. Ал болашағы анық емес елді егемен деп айтуға әсте болмайды. Сол себепті тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарас аса жауапкершілікті, байсалды пайымдауды қажет етеді.

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген біздің халқымыз қай ғасырда да бас бостандығын, рух еркіндігін ерекше қадірлеген, қастерлеген. Ел басына күн туып, ат ауыздықпен су ішкен, ер етікпен су кешкен заманда қасиетті туған жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған талай-талай батырлар өткен.

Бірақ тарих заңы қатал. Елінді, жерінді найзаның ұшымен де, білектің күшімен де қорғай алмайтын кездер болады. Екі жарым ғасырдай отарлау саясатының құрбаны болған қазақ халқы жерінің құнарынан, елінің еті тірі ұлынан айырылып, бодандықтың қасіретін шекті. Осы қажеттілікті сезгендей, халқымыз талантты ерлерді дүниеге топ-тобымен әкелді. Жүрек десең жүрегі, білім десең білімі, білік десең білігі бар, ел үшін, жер үшін ештеңеден де тайынбайтын, табанды да талантты интеллигенция, жаңа тұрпатты саяси күрескерлер дүниеге келді.

Сол тұста жаңа өмірді құрысқан азаматтардың арасындағы аса ірі тұлғалардың бірі – Тұрар Рысқұлов. Оның Орталық Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқаны, сол үшін түрмеге жабылғаны бәріңізге белгілі. Тұрар Рысқұлов 1919-1920 жылдар аралығында Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы болып істеді. 1926 жылдан 1937 жылға дейін, яғни, нақақ жазаға ұшырағанға дейін, он бір жыл бойы РСФСР Халық Комиссарлары Советі Төрағасының орынбасары болды. Тұрар Рысқұловқа дейін қазақ баласы дәл мұндай лауазымды қызмет атқарып көрмеген болатын. РСФСР-дай алып елдің ауқымында күрделі мәселелер шеше білген Тұрар Рысқұлов қазақ халқын өзгелерге танытуға үлкен үлес қосты.

Әрине, Тұрар Рысқұловтың асыл аруағына тағзым етіп, атын ардақтағанда біздің ойымызға оның ел үшін еткен ең ересен, ең ірі, ең қасиетті еңбегі алдымен оралады. Қазақ даласына айдың-күннің



аманында, қазан ұрмай, қар жаумай-ақ келген нағыз нәубет – алапат ашаршылық тұсында Рысқұлов тұлғасының шын мәнінде ұлы екені айқын көрінді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған, қырына алғанның қабырғасын қақыратып, көлденең тұрғанның бәрін көрде шірітіп жатқан Сталиндей тиранға қарсы шабу, қазақ даласындағы қолдан жасалған қырғынды тоқтаттыруды талап ету өлімге бас тігіп, ажал аузына өзі барумен бірдей ерлік болатын. Кейіннен Рысқұловтың үш хаты бойынша республикадағы жағдай тексерілгені, Голощекин басқа қызметке ауыстырылып, орнына Левон Мирзоян келгені, сөйтіп, айналасы екі жылдың ішінде тұтас бір ұлттың тең жартысына жуығын жусатып салған XX ғасырдың сұмдық трагедиясы тоқтатылғаны бәріңізге белгілі. Ал осы іске қозғау салып берген Тұрар Рысқұлов еді. Осы ұлы еңбегі үшін қазақ елі Тұрар Рысқұловтың атын мәңгі бақи ардақтап өтетін болады!

Біз бүгінгі кеште қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті ақыны және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинді халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер. Сәкен – өлеңнен өрнек өрген ақын, қара сөздің сиқырын игерген прозашы. Сәкен – тыңдаған жанның жүрегін тербемей қоймайтын сырлы да сазды әндер шығарған талантты композитор.

Рас, Сәкен өз заманының саясатына қызмет етті, сол кездегі жаңа құрылған қоғамның болашағына сенім артты. Бірақ ол өз халқының болашағына деген сенім еді. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мүддесі жағында ғана тұрар еді.

Бүгінгі салтанатты кешке біз Сәкеннің азатшыл рухынан тағылым алу үшін, ел деп соққан жүрегіне құлақ түріп, нақты ісінен үйрену үшін жиналдық. Өйткені егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен Қазақ еліне Сәкеннің үздік үлгісі, өрелі өнегесі өте керек.

Халқының елдігіне, рухына қажет мәдени қазынаны жаратқан алып тұлға арыстарымыз бен асылдарымыздың қатарында біз бүгін Ілияс Жансүгіров есімін айрықша атаймыз. Оның ұлан-ғайыр шығармашылығы «Өнер алды – қызыл тіл» деп, сөз өнерін қадірлеп, өнерпазын қастерлеген текті жұрттың поэтикалық дәстүрінен қуат, серпін

алған аса бір дарынды, терең де нұрлы ағыс болып көрініс береді. Бұл ағыста замана дауылы көтерген шуда жал бұрқақ толқындар да, шымырлап сыр бүккен тылсым иірімдер де, тегеуріні тұңғыықта тепсінген жұмбақ қуат та бар. Адам баласының санасын сан соқпаққа бұрып, жан дүниесін жапырып, қалыпқа құйған XX ғасырдың бұрқасын өткелектері, саяси жүйенің алдамшы идеологиясы, империялық өкімнің қаншеңгел құрсауы Ілиястың тау бұзып, тас жарған алапат дарынын да өз арнасына икемдеп, өз танабына тартып-ақ бақты.

Бірақ Ілияс поэзиясының бастау-бұлақ, құнарлы көзі ең алдымен, халықтың бай фольклорлық мұрасы мен Абай поэзиясы болды. Әсіресе «Күй», «Құлагер», «Күйші» поэмалары қазақ поэзиясында сол кездегі айшықты жаңалық, теңдесі жоқ алып шығармалар болғаны белгілі. Ілиястың қазақ поэзиясындағы тағдыр-талайын Құлагер тұлпардың бейнесімен ұқсатуымыз да тегіннен-тегін емес.

Таңғажайып талантымен таңдандырмай, тамсандырмай қоймайтын ұлы тұлғаларымыздың тағы бірі – Бейімбет Майлин. Бейімбет шығармашылығы қазақ тарихындағы аса бір күрделі кезең болған жиырма-сыншы, отызыншы жылдардың кескін-келбетін қаз-қалпында бейнелеп беруімен айрықша құнды. Би-ағаңның әңгімелерін, повестерін ой көзімен оқыған адам Қазан революциясынан кейін қазақ санасында, қазақ мінезінде, қазақ психологиясында қандайлық катаклизм болғанын анық көреді. Бейімбет жаңа өмірді ұйымдастырудағы солақайлықтарды, коллективтендірудің келеңсіздігін өзінің жанр түрлеріне бай шығармаларында жеңіл әжуа, сезімтал әзілмен де, өткір сарказмға толы уытты тілімен де сынаған.

Бейімбет те Сәкен мен Ілияс сияқты жаңа өмір әкелер жақсылыққа үміт артты, әділетсіздікті жоямыз, ел мен елді теңейміз деген большевиктік саясатқа шын сенді. Өзінің Жалбыр, Таңсық, Айша, Раушан, Азамат Азаматыч сияқты кейіпкерлері арқылы, есімі мәтел болып кеткен атақты Мырқымбайы арқылы оқырманын сол жаңа өмірді бірге құрысуға шақырды. Бірақ Бейімбеттей ұлы реалист жазушы шырқыраған шындықты айтпай тұра алмады. Ал сталинизм, тоталитаризм басқаны кешірсе де мұндайды еш кешірмейтін. НКВД идеологтарының қанды құрығынан рухани бостандықты айтқандардың құтылғаны сирек екенін жақсы білесіздер.



Міне, осы үшін, басын бәйгеге тіге жүріп, замана сырын ашып бергені үшін, бүтін бір дәуірдің ғажап картинасын, сол кездегі қазақы мінездердің қайталанбас ғажап галереясын жасап бергені үшін біз Би-ағаңның ұлы таланты алдында басымызды иеміз.

Дүниеге бірге келіп, бірге кеткен бес арысымыздың енді бірі – көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов. Сонау оңтүстіктің бір қиырындағы Ақсүмбе ауылынан түлеп ұшқан тастүлектің қандай заңғар көкке көтерілгенін, елі үшін қандай еңбек еткенін бәріңіз де жақсы білесіздер. Алдымен Түркістанда, онан кейін Ташкентте білім алған дарынды жастың бар қайрат-қабілетін, ақыл-ойын халық үшін жұмсап өткенін айтып жатудың өзі артық сияқты. Сұлтанбек Қожановтың Түркістан Республикасының басшылығында аса жауапты жұмыстар атқарған, атап айтқанда, Ішкі істер, Халық ағарту, Жер мәселесі халық комиссариаттарында жетекшілік еткен кездегі еңбегі зор.

Сұлтанбек Қожановтың өмірінен біз алар өнегенің бірі – кең ауқымда ойлау, өз халқына шындап жан ауырту, оның мінін де айта білу, сөйтіп, олардан арылуға көмектесу. Бір мысал келтірейік.

Сұлтанбек Қожанов сонау 1924 жылы Ташкенттегі қырғыз-қазақ институтын бітіріп шыққан жастарға арнап «Ақ жол» газетіне «Жас буын, жаңа жұрт жолға түссін» деген мақала жазған. Онда қырғыз-қазақ тұрмысының ең үлкен кемшілігі – шаруа түрінің орнықсыздығы, олардың еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы екенін атап айтқан. Қазақ-қырғыз үдесінен шығып, бірте-бірте мәдениеттендіріліп, не мал шаруасын өркендете алған жоқ, не орнығып отырып, алаңсыз егіншілікпен айналысқан жоқ, не қолөнерін дамытпады, не сауда үдесінен шықпады, – деп жазған.

Ал, ақиқатын айтайықшы, азамат ағамыз көрсеткен осы міндерімізден арылып болдық дей аламыз ба?! Әрине, олай дей алмаймыз. Мұның негізгі себебін де автор тамаша ашып көрсеткен. Негізгі себебі халықтың «еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы» дейді автор. Демек, өз билігі өз қолына тиген тұста халқымыз мұндай міндерден неғұрлым тезірек арылудың қамына кірісуі керек.

Бүгін біз сталиндік қуғын-сүргін кезінде қаза тапқан аса көрнекті бес қайраткерді ғана емес, сонымен бірге сол жылдарда нақақтан өмірін қиған басқа да көптеген адамдарды еске аламыз. Олардың ара-

сында Қазақстанның тамаша перзенттері – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Халел Досмұхамедов, Санжар Асфандияров, Ораз Жандосов, тағы басқа көптеген аяулы азаматтарымыз болды. Бірақ заңсыздықтар мен белден басушылық тек сол жылдармен ғана шектеліп қалған жоқ. 1986 жылы желтоқсанда қазақ жастары тоталитаризмге қарсылық білдіріп, алаңға шыққанда да сол сталиншілдіктің жаңғырығы естіліп жатты.

Біздің республикада сол жылдарда еріксіз жер аударылған сан мыңдаған «халық жаулары» – көптеген ұлттардың өкілдері: орыстар мен украиндар, қалмақтар мен шешендер, беларусьтар мен немістер ажал тырнағына ілінді.

Жазықсыз қаза болғандар әрқашан халық жадында қала бермек!

Бес арысымыздың өнегелі өмірінен үйренеріміз көп. Ең алдымен, ел үшін, туып-өскен жер үшін жан-тәнімен, ынта-ықыласымен беріле қызмет ететін азаматтық жүрегін үлгі тұтуымыз керек. Олардың қай-қайсысы да қазақ елінің өзгелермен терезесі тең болуын арман етіп өтті, жалындап жанған жүрегімен бүгінгі азаттық таңын жақындатып кетті.

Сонан кейінгі ерекше атап айтатын қасиеті – ауыз біршілігі. Замандастарының естеліктеріне, көзкөргендердің дерегіне қарағанда, осы асыл ағаларымыз қашанда бір-бірін ерекше қадірлеген, өзара достығын көздің қарашығындай сақтай білген. Асыл ағаларымызға «алыптар тобы» деген ғажап ат берген көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «алыптар дәстүрінде ортақ жанашырлық бар еді. Ортақ істе ақылдасып отыратын дәстүрлері берік болатын», деп еске алады.

Өкінішке қарай, зиялы қауымның бойында бағзы заманнан бар бәсекелестік сезімін тоталитарлық қоғам әбден әккілікпен пайдаланды. Оның мысалын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Кешегі Колбиннің тұсында қанша азамат сұқ саусақтың ұшында кетті! Халықтың ауыз біршілігі, оның ішінде интеллигенцияның ұйымшылдығы болса, ел басына келген зұлматтың зардабы мұнан біршама аздау болар ма еді деп те ойлайсың.

Ел бірлігі – зиялылар бірлігі. Қай заманда да елдің басын зиялылар қосқан. Біздің қазақ ежелден орынды сөзге тоқтаған. Ақылы асқан адамның уәжіне жығыла білген халық. Әсіресе, ақынның, шешеннің данагөй



сөзі халық үшін қашан да қастерлі, қасиетті саналған. Мұнымен қатар, елдің бірлігін кетіретін, берекесін қашыратын сөз де кей-кейде зиялы қауымның аузымен айтылып қалатыны өкінішті-ақ. Сондықтан қазіргідей күрделі кезеңде елдің бірлігі, ел аузына қарап отырған интеллигенцияның тарихи жауапкершілік жүгін сезінуі өте-мөте маңызды. Тағы да айтамын: тағдырдың өзі, тарихтың өзі қазаққа берген осы бақытымызды бағалай білмесек, ұсақ-түйек әңгіме төңірегінде, ауыл-аймақтың айналасында өнбейтін дау құсақ, өзімізді-өзіміз төменшіктетіп, елдің еңсесін езетін сөзді айта берсек, онда біз болашақ ұрпақтар алдында аса айыпты боламыз.

Өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығы. Алайда төл тарихы тағылымының уызына жарымаған ұрпақ ол байлықты еншілеп, игілігін еркін көре алмайды. Кешегі бабасы жіберген қатені енді өзі қайталап, тәуелділік тозағына түседі. Мынау ұлы далада әр дәуірде өмірге келген атақты мемлекеттер осындай тағдырды бастан кешті. Мысалы, шаңырағын Жошы хан көтеріп, ұстынын Бату хан бекіткен Алтын Орда елдің есті азаматтары ел басының төңірегіне топталып, ынтымақ-тірлік танытқан кезде сыртқа айбар, ішке береке ұйытқан іргелі мемлекетке айналды. Алайда бұл ұзаққа бармады. Тарихынан тағылым алмаған ұрпақ өздерінен бұрынғы Ғұн империясының, Түрік қағанатының қателігін қайталап, елдің ұйыған бірлігін ірітіп, тақ таласына түсті. Ханына қарсы тұрып, халқына қайғы жұттырды. Ақырында іргелі мемлекет елдіктен қалды, ұсақ хандықтарға бөлініп, биқұмарлар мен таққұмарлардың еншісіне тиді. Осылайша тұтастықтан бөлініп шыққан Қырым, Ноғай, Қазан, Астрахан, Өзбек, Қазақ, Сібір хандықтарының тағдыры өздеріңізге белгілі, бөтен елдің боданы болып, тәуелділік қамытын киіп тынды.

Алайда шенқұмарлар мен шекпенқұмарлар бұдан да қорытынды шығармады. Ел азаттығы үшін алысқан ерлердің жолын кесті. Өсер елдің баласы арманшыл болса, өшер елдің баласы жанжалшыл болатынын танытты. Көрші ел жауын жеңген өз батырлары Невский мен Донскойларын ардақтап, алақанына салып аялап жатса, біз сондай ерлік көрсеткен бас сардар Әбілқайырды өз қолымызбен өлтіріп тындық. Отан қорғау мәні жөнінен Аңырақай соғысы Нева соғысынан бір де кем емес еді ғой!

Бұдан кейін де алауыздылық дерті өршімесе, өшкен жоқ. Соның салдарынан бодандықтың бұғауын үзуге қайрат қылған қазақтың соңғы ханы – Кенесары да алты алаштың толық қолдауына ие бола алмады. Ақыры арманына жете алмай, ағайын қолынан қаза тапты.

Көріп отырсыздар, тұтас алмай, теріп айтқанның өзінде осылай жалғаса беретін тарихтың ащы сабақтары аз емес. Бұл сабақтар бізден ел қамын ойлар естілікті тілейді. Ол бізге бірлік бар жерде береке бар екенін, алауыздық орын алған жерде азып-тозу болатынын ескертеді. Бақ та, тақ та таласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады. Айқайшыл күшпен емес, игілікті ісіңмен көрін. Халық кемеңгер ғой, кімнің кім екенін өзі-ақ танып алады. Тарихтың осы тағылымын әрдайым есте ұстайық. Бірлік – біздің қасиетті туымыз.

Бірлігіміз болса ғана тірлігіміз болатынын ұмытпайық, ағайын!

Бүгінгі мемлекетіміздің жағдайы туралы әңгімеде біз көп ретте тек басымызға түсіп отырған уақытша қиындықтарды, әсіресе тұрмыс қиындықтарын желеу етіп, екілене сөйлеп, жүйке қоздыруға тырысатын топтар мен саясаткерлердің жетегінде кететініміз бар. Адамзаттың арманы – рухани бостандық пен сөз еркіндігінің құнын ескере бермейміз. Ойлап қараңыздаршы, отызыншы жылдарда ашаршылықтан миллиондаған адамдар қырылып жатқанда, арыстарымыз жазықсыздан айыпталып, атылып жатқанда, соның бәрін жүргізіп отырған партия мен үкіметтің ұзданын көтеріп: «Жасасын Коммунистік партия!» демедік пе? Неліктен солай болды? Ең бастысы, адамның рухани бостандығы болмады. Осы ең биік категориялар болмаған жерде басқа игіліктердің барлығының неге тұратындығын – 70 жылдан астам өткен өміріміз көрсетті емес пе? Бүгінгі біздің мемлекеттің азаматы – ойындағысын ашық айтуға мүмкіндігі бар еркін азамат. Бірақ осы бостандықты әр азамат мемлекеттің бірлігін, тұтастығын, қоғамның шырқын бұзуға пайдалануына және өзіндей басқа азаматтардың бостандығына зиян келтіруіне біздің Конституциямыз бен заңдарымыз тыйым салады. Олай болмаса, біз өркениетті ел бола алмаймыз.

Егер біздің қоғам, әсіресе саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері, зиялылар осы ең қымбат мүддені тиісінше бағалай білмесе, бәрінен де ең асылымыз, қымбаттымыз – рухымыздан айырылуымыз ғажап емес. *Кез келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек. Қай уақытта,*



қай елде болмасын, ұлттың ұлы перзенттері мен ойшылдары, қайраткерлері ең алдымен өз ұлтының, халқының рухын көтеруді ойлаған. Сол үшін күрескен, ой толғаған, қамыққан, тіпті өз өмірлерін құрбан еткен. Оған бүгін еске алып отырған бес арыстың өмірі айқын дәлел. Осы орайда, менің есіме үндінің ұлы перзенті Махатма Гандидің: «Біздің халық ұзақ жылғы отарлық езгіде небір асылы мен қымбатынан айырылды. Солардың арасында біз бір ғана қасиетті дүниемізді таяу арада қайыра алмаймыз ба деп қорқамын. Ол – халықтың рухы. Одан үлкен байлығымыз жоқ еді...» деген сөзі түсіп отыр. Бұл сөздің терең мағынасын ең әуелі сіздер білуге тиіссіздер. Біз отаршылдықтың езгісін, ескі системаның зорлығын көп көрген халықпыз. Күні кешегіге дейін бар даусымызбен өзіміздің біртұтас халық екендігімізді, тарихымыз, ұлы тұлғаларымыз, ғасырлар тереңінен сусындаған төл мәдениетіміз бен өнеріміз бар екенін ауыз толтырып айта алмай келдік. Нағыз шындықты айтқызбай, адамның мысын басып тұратын бір дүлей күш бар еді. Ол күш империялық саясаттың идеологиясы болатын.

1953 жылы ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолының», бертін келе Ілияс Есенберлиннің тарихи тақырыпқа жазған романдарының орынсыз сындарға ұшырағаны да белгілі, осы тақырыпқа қалам тартқан бірқатар жазушылардың шығармалары қатал цензураның қайшысына түсті. Өйткені бұл туындылар тарихы таяз, мәдениеті төмен, 1917 жылы Қазан революциясының арқасында ғана қатарға қосылды деп келген қазақ халқының тарихын, елдігі мен ерлігін, асқақ рухын көрсете білген еді. Ал халықтың рухын асқақтатпас үшін ат төбеліндей билеуші топ оларға ойдан шығарылған «ұлтшыл», «арандатушы» деген аттар тақты.

Жүз жылдығы аталып отырған бес арыстың, отызыншы жылдарда зорлықшыл режимнің нақақ құрбаны болған басқа да асылдарымыздың тағдырына ой жіберіп қарағанда, билік басындағылар мен суреткер қауымның ара қатынасы ежелден келе жатқан күрделі мәселе екеніне көз жеткіземіз. Билік иелерінің ой-ниеті, ұстанған саясаты халықтың арман-мақсатымен қарама-қайшы болған кезеңдерде қашанда бұқараның сөзін сөйлейтін ақын-жазушы қауымы өкіметпен келісе алмай жүреді. Бұл – заңды жай. Біз бұл мәселеге де жаңаша көзбен қарай бастадық. Менің ойымша, қазір өкімет пен суреткердің қарым-қатынасында өзара бірлесе әрекет етушілік басым. Оған бізде толық



жағдай бар. Өйткені бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін? Сондықтан елдің ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеуі керек. Өз тарапымыздан біз осындай қиын шақта шығармашылық интеллигенцияның ең талантты бөлігінің алаңсыз жұмыс істеуі үшін қолдан келгеннің бәрін де жасап жатырмыз. Кеше ғана 170-тен астам әдебиет пен өнер қайраткерлеріне Президент стипендиясы тағайындалды. Шығармашылық одақтар мен мәдени мекемелерді сақтап қалу мақсатымен оларға ортақ қор немесе банк ашып беру мәселесін де ойластырып жатырмыз. Әрине, көмек екі жақты болғанда көрікті болмақ. Халықтың бірлігіне, тыныштығына бағытталған мемлекеттік саясаттың іске асуына, ел мүддесіне негізделген қоғамдық ой-пікірлердің қалыптасуына әдебиет пен өнер қайраткерлерінің азаматтық көмегі ауадай қажет екенін баса айтқым келеді. Осы құрметті миссияға адал болып, биіктен көріне берсеңіздер, біз рухы мұқалмас ел боламыз.

Қазір қоғамымызды өте-мөте алаңдатып отырған мәселелер аз емес. Осы мәселелерді мен республикамыздағы барлық ұлт өкілдерінің зиялыларына бағыттап айтамын. Өйткені бір ғана ұлтының мұң-мұқтажын көздеушілік – саяси соқырлық. Бүкіл халықтық мәселелерді шешудің амалдарын қарастыру, бүгінгі басқа түскен қиындықтан алып шығатын жолдарды іздеу – барша республика зиялыларының ортақ парызы. Ал бұл үлкен сын, алдымызда тұрған, бәрімізге оңай тимес емтихан. Одан біз сүрінбей, абыроймен өте алсақ, бүгінгі және болашақ ұрпақтың алдындағы парызымызды ойдағыдай орындап шықтық деп айта аламыз.

Осы тұста болашаққа қатысты тағы бір оймен бөліскім келеді. Біз бұрын үлкен бір мемлекеттің бөлшегі ғана болдық. Ол кезде дүниежүзінде барлық жағынан біз ең мықты, ең жақсы, ең озықпыз деген уағызнамамен өмір сүрдік. Енді көзіміз ашылды. Әлемге басқа көзбен қарай бастадық. Құр кеудемсоқтықпен жүріп, көп мәселеде артта, мешеу қалғанымызды енді сезіндік. Сондықтан дүниежүзілік қоғамдастықпен мейлінше араласу, олардан жақсысын үйрену, еліміздің пайдасына асыру – бірден-бір үлкен шаруа. Шүкір, қазір тәуелсіздігіміздің арқасында еліміздің мәртебесі биіктеп, дүниежүзілік қоғамдастықтағы орнымыз айқындалып келеді. Будапештте өткен Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы кеңесіне қатысушы елдердің мемлекет



және үкімет басшыларының кездесуінде біздің еліміздің тәуелсіздігі, аумақтық тұтастығы, экономикалық қысым жасамау, жай және ядролық қарумен шабуыл жасамау кепілдіктері туралы Меморандумға қол қойылды. Егер, бетін аулақ қылсын, әрине, Қазақстан шапқыншылыққа ұшырайтын болса, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі дереу шешім қабылдайтын болады. Соңғы екі жыл бойына біз осы үшін күресіп келдік. Тек осындай жағдайда ғана біз өз елімізді ядролық қарусыз мемлекет ретінде танып, ол қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосыла аламыз. Осыған байланысты АҚШ-тың, Ресей мен Ұлыбританияның міндеттемесі Қазақстан үшін де, оның Президенті үшін де зор тарихи шешім болып табылады.

Айта кететін маңызды бір мәселе – талантты жастарымызды дүниежүзінің озық оқу орындарында оқытудан қаржыны аямау керек. Өздеріңізге белгілі, мен осы мақсатпен үстіміздегі жылы шет елдерде оқыту үшін Президенттің 250 стипендиясын белгіледім. Жалпы, біздің мемлекет есебінен шетелдерде 2 мыңға жуық жас оқып жатыр. Біздің экономикасы бір жүйеге түсе бастаған кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, бизнес фирмалары осы игілікті іске жіті кіріскені абзал болар еді.

Екінші бағыт – мемлекетімізді нығайту, жетілдіру ісіне жаңа ойлармен, ұсыныстармен үлес қосу. Бұл тұрғыдан олар халықты рухтандыратын, адамгершілік ой-санасын арттыратын, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыратын жаңа, тың шығармалар жазып, оны көпшілікке жеткізуі керек. Қысқасы, бүгінгі зиялыларымыз алдында жауапты міндеттер тұр. Қоғамдағы әрбір оқиғаны, әрбір құбылысты пайымдау, тіпті тек бір ғана қайраткерді бағалаудың өзі аса ұқыптылықты, парасаттылықты қажет етеді.

Жас мемлекетіміздің қуаттылығы, оның әлемге танылуы мемлекеттің өзіндік дербес жүргізіп жатқан ұлт саясаты мен халқының бірлігіне, ұйымшылдығына, ынтымақшылдығына және отаншылдығына байланысты болмақ. Шынайы тәуелсіздікке жетуіміз барлығымызға бұрынғыдан да гөрі салмақтырақ жауапкершілік артты. Олардың ішінде, әсіресе ұлтаралық жарасымдылықты айрықша атап өтер едім. Ұлтаралық жарасымдылық республикамыздағы қалыптасқан оңды жағдайды орнықтыра түсу үшін де, өзімізбен көршілес, жері іргелес елдер-

мен өзара достық, өзара тиімді экономикалық, мәдени, рухани байланысты нығайту үшін де аса маңызды алғышарт болып табылады.

Бірақ қазақ ұлтының, көбіне оның ауылдағы бөлігінің нарық жағдайына бейімделу мәселесінде қиыншылықтар баршылық. Қазақтардың қазіргі заманғы ұлт ретінде өзін-өзі жетілдіру тұрғысында шешімін күткен түйінді мәселелер жоқ емес. Ұлтымыздың өз тамырынан қол үзбей, оған балта шаппай, әрі қарай өсіп-өркендеуіне жағдай жасау – ең үлкен міндеттердің бірі. Нарық қазақтардың ұлттық болмысын бұзбайды, керісінше, оны жаңаша жетілдіре түседі. Қазақ этносын осы заманға бейімдеу әбден мүмкін нәрсе. Өйткені қазақ халқының орташа арифметикалық жасы – 25, ал бұл ұлттың нағыз гүлдену шағы ғой.

Егер біз өркениетті елдер қатарына қосыламыз десек, сөз жоқ, адамзат баласы қалыптастырған баршаға ортақ қағидаларға бойсұнып, соларға қарай бірте-бірте аяқ басуымыз керек. Ол үшін өзімізге-өзіміз сын көзбен қарап, бойымызда бар, ұлтымызға тән қасиеттерді әрі қарай дамытып, жетілдіре түсуіміз қажет.

Өздеріңіз байқаған боларсыздар, мен еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық қатынастардың деңгейін қазақ халқының ішкі проблемаларымен тікелей байланыстырып отырамын. Естеріңізде болса, кезінде мен, қазақ халқы біздің қоғамның, қоғамдық қатынастардың ұйытқысы болуы керек деген пікір айтқан болатынмын. Ендеше, өзімізге жүктеліп отырған осы тарихи миссияны абыроймен атқару үшін алдымен оған өзіміз сай және дайын болуымыз керек. Яғни, ол үшін бізге өткенімізге, бүгінгі болып жатқан оқиғаларға тарихи тұрғыдан қарап, дүние үнемі даму үстінде екендігін түсініп, тарихымыздың тағылымынан дұрыс қорытынды шығарып, болашаққа сеніммен қарауға үйрене берген жөн. Егер өз ішімізде ауызбіршілік, береке болмай, ішкі бақастықтарымыз бен ошақ басындағы мәнсіз де дәмсіз сөздерден арыла алмасақ, ең алдымен өзіміздің көсегеміз көгермейді және өзгердің де көсегесін көгерте алмаймыз.

Мемлекеттің қалыптасу кезеңінде бүкіл қоғамды топтастыру, Отанымызды нығайту жолында ықтимал қателіктер мен кемшіліктерге жол бермеу үшін зиялылар атқаратын жұмыстың ұлан-ғайыр әрі сан қырлы екені бәрімізге белгілі. Бүгінде қазақ зиялылары саны жағынан кенен әрі барынша кемел, ал сапасы жағынан жоғары, ғылыми, саяси және



мәдени деңгейде мол тәжірибе жинақтаған қуатты, парасатты күш десек, ешбір асырып айтқандық емес. Бүкіл ұлт, күллі қоғам ауыр дағдарыстар қыспағында қалған кезеңдерде де, тіпті арманымыз іске асып, мерейіміз тасыған сәттерде де керуен басының ауыр міндетін арқалаған, барлық ауыртпалықты абыроймен көтерген де осы зиялылар. Біле білсек, дамудың даңғылына бастай алатын, ұлт мүддесін білдіріп, халықтың ой-ниетінің шынайы парқын бағамдай білетін күш те – осы. Олай болса, қазақ зиялыларының баршамызға мәлім ұлттық мектебінің іргесін өткен ғасырда біздің ұлы бабаларымыз – ғалым Шоқан, ұстаз Ыбырай, ойшыл Абай қалағанын естен шығармайық.

Ұлтымыздың зиялылары – халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың әділ қазысы. Мемлекет, қоғам, ұлт деңгейінде пайымдайтын зиялыларымыз – біздің баға жетпес байлығымыз, сарқылмас қазынамыз. Араздық дәнін себушілерге қарсы тұрып, көрегендік танытқан зиялыларымызды бүгінгі бейбіт тірлігіміз бен жарқын болашағымызды қорғап тұрған алынбас қамалға балар едім. Сөз реті келгенде, Александр Александрович Княгинин, Герольд Карлович Бельгер, Иван Павлович Щеголихин, Зия Сәмәди, Александр Николаевич Гаркавец, Дмитрий Федорович Снегин сынды Қазақстанның абыройлы азаматтарын айрықша атау керек, олар қазақтардың мүддесін қазақтардың өздерінен артық қорғамаса, кем қорғап жүрген жоқ. Мұндай тұлғалы туыстарымызды арқа тұтып та, ардақтай да білгеніміз жөн.

Уақыт бізді тағы да сын тезіне салмақ. Біз әлемдік тәжірибеде тексерілген даңғылға бет алдық. Басқа жол жоқ. Біз әлемдегі өз орнымызды жіті түсініп, әлемнің барлық мемлекеттерімен жаңа қарым-қатынастар орнатудамыз. Біз жаңа ахуалды парықтауға және барша өркениетті елдер жүріп келе жатқан жолмен жүруге әзірміз. Ал бізді көп қиындықтар тосып тұр, оларды еңсеруге даяр тұруымыз керек. Қиындықты еңсеруге қолымызда барлық мүмкіндіктер бар. Алайда жарқын болашаққа арна тарту үшін баршамыз ортақ күш-қайратымызды жұмылдыруымыз қажет.

Қазақта «Кемедегінің жаны бір» деген нақыл бар. Бәріміз бірлессек қана біз өз проблемаларымызды шеше аламыз, келер ұрпақ үшін берік ірге қалаймыз.

Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккелі бері қазақ жерінде талай-талай той өтті. Олардың ел еңсесін көтерудегі, ұлттық сананы оятудағы

орны үлкен. Сол тойлардың тұсында мың-мыңдаған адамдар халқымыздың маңдайына біткен асыл азаматтар көп екеніне көз жеткізеді. Сол тойлар осындай перзенттері бар, осындай өнегелі өткені бар Қазақ елі өз тізгіні өз қолына тигенде тәуелсіз мемлекет болып кете алады деген сенім ұялатты.

Жақсы тойдың аяғы жақсы ойға, жақсы іске жалғасса деп тілеймін. Ал ойланар жай баршылық. Ең бастысы – тәуелсіздіктің тағдыры. Өзін азамат санаған әрбір адам күнбе-күнгі ісінде қайткенде осы тәуелсіздігімізді нығайтуға септігімді тигіземін деген оймен жүрсе ғана біз тарих сынынан сыр бермей өте аламыз.

Тұрар, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сұлтанбек ағаларымыз ғұмыр бойы тәуелсіздікті арман еткен еді. Сол жолда халқы үшін шырылдап, шыбын жанын құрбан еткен еді. Міне, тәуелсіздік таңы атты. Азат ел атандық. Дегенмен атымыз да азат, затымыз да азат болуы үшін әлі талай шаруа атқаруға, Сәкен ағамыз айтқан «тар жол, тайғақ кешуден» өтуге тура келеді. Бұл – қайырлы сапар, қасиетті жол. Ол жолдан біз таймаймыз!

Осы сапарымызда бізді халқымыздың ұлы перзенттерінің ұлы рухы желеп-жебеп жүрсін!

Тәуелсіз еліміздің мәртебесі биіктей берсін!

*Алматы қаласы,
1994 жылғы 14 желтоқсан*



АБАЙ ТУРАЛЫ СӨЗ

*Абайдың 150 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте
жасалған баяндама*

Ардақты отандастар!
Қадірлі меймандар!
Бүгін – ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиылып отыр. Оның дүниеге келгеніне әр он жыл толған сайын осылай бас қосып, өткеніміз бен кеткенімізді, жеткеніміз бен жетпегенімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдетімізге айналған. Соның әрқайсысында Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке көтерілумен келеді. Бір кезде абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. Сосын оның қадір-қасиетінің өз аумағымызбен шектеліп қана қоймай, іргелес халықтар мен елдерге де кеңінен танымал бола бастағанына масаттанып, марқайдық. Ал бұл жолғы сүйінішіміздің жөні тіпті бөлек. Ол үшін бір-бірімізді қуана құттықтап, бір-бірімізден шүйліге сүйінші сұрасақ та, ешқандай ерсілігі болмас еді.

Абайдың ежелден-ақ әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Бұл жолғы тойдың төріне сол көксеген мұратына жетіп, барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылманы болып көтеріліп отыр. Бұл жолғы салтанаттың Алматы мен Семейден, Қарауыл мен Жидебайдан басталмай, Батыс пен Шығыстың іргелі елдерінен, Еуропа мен Азияның ең беделді мемлекеттерінен, Мәскеу мен Ыстамбұл, Париж бен Пекин сынды әлемдік астаналардан басталғаны да соның айғағы. Бұл – бүкіл планетамыздың мәдени-рухани тынысын жүйелеп

отырған аса беделді халықаралық ұйым – ЮНЕСКО-ның біздің жеке өтінішімізді ыстық ықыласпен қабылдап, мұндай шаруаның қалыптасқан жылтізбелік үрдісін алғаш рет бұзып, оны дүниежүзілік деңгейде өткізуді өзінің биік құзырына алуға шешім қабылдағанының арқасы.

Біз бұны енді ғана тәуелсіздік алып, адамзат қауымдастығының тең құқықты мүшесі ретінде енді ғана санатқа кіре бастаған ежелгі халқымыз бен жас мемлекетімізге көрсетіліп отырған үлкен ықылас, биік саяси-рухани қолдау деп бағалаймыз. Күллі қазақстандықтардың атынан ЮНЕСКО ұйымына, оның Бас директоры, бүгін ортамызда отырған аса сыйлы мейманымыз, көрнекті қоғам қайраткері, әлемге мәшһүр ақын, аса қадірменді Федерико Майор мырзаға шын жүректен шексіз ризашылығымызды білдіруді айрықша парыз санаймын. Сондай-ақ Абай мерекесін атап өткен, атап өтпек, мұрасын насихаттауға белсене үлес қосып жатқан, бүгінгі салтанатқа өздерінің беделді өкілдерін жіберіп отырған барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға шын жүректен алғыс айтамыз. Бұл демократия мен гуманизм мұраттарының әлемдік кеңістікте түбегейлі жеңістерге жетуінің нәтижесінде қалыптаса бастаған жаңа рухани ахуалдың айқын айғағы деп білеміз. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген осы. Қуанышы мен қайғысы ортақ рухани бауырмалдықтың әлемдік деңгейде орныға бастауы біздің ертеңге деген сенімімізді нығайта түсері хақ. «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» дейді қазақ. Ақ пейіліміз бен адал ниетіміздің асыл көрінісіндей Абайымыздың әлемдік татулық пен ынтымаққа өз үлесін қосатын рухани мәмілегерлігіне кіріскеніне ерекше тәнті болып отырғанымызды да жасыра алмаймыз. Ері елінің атын шығарады, елі ерінің атын шығарады деген де осы. Біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдастыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындай түсетін Абайдай беліміз барлығына шүкірлік етеміз. Сондай беліміздің атын аспандата ұлықтай алатын еліміз барына да шүкірлік етеміз. Құдайдың бізді бұндай күнге жеткізгеніне де тәуба дейміз. Сондай кезеңде өмір сүріп, сондай ел мен сондай қоғамға жан-тәнімізбен қызмет ету маңдайымызға жазылғанына да мың қайтара тәуба дейміз.



Оны сезіну біздің үмітімізді нығайтып, жігерімізге жігер қоса түсетіні анық. Өйткені Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі біз бастан кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғыығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуренмен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салиқаландыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік. Абайдың сол заманда осылай толғанып, осылай жазбауы қандай мүмкін болмаса, біздің бұл заманда осылай қиналып, осылай әрекет етпеуіміз сондай мүмкін еместігін түсінер едік.

Ерекше жағдайдың ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігер де сондайда керек. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған адамзат нәсілі.

Ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Өйткені ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шындалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі, өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға алмай, заманалар шырғалаңында басы айналып, дағдарысты хал кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айрықша пейілі түскен перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүтін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.

Ол қазақ тарихының айрықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны көктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздеген-ді. Сондай стратегиялық мақсаттың дәл өтінде тұрған ел Қазақстан болды. Басқадан айырылса да, одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті.

Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі тәртіп күштеп енгізіле бастады. Әуелі қазақтың әр ұлысынан бірнеше шағын хандықтар құрылып, этно-аумақтық тұтастығы бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді. Сөйтіп, сойылған тоқтыдай ұшаланып мүшеленген хандықтар дербестіктен айырылып, көрші губерниялардың құрамына күштеп кіргізіліп, кірме күн кешті. Одан хандықтар дуандарға бөлініп, бекзаттардың орнына патша үкіметі тағайындаған «сенімді қазақтарға» басқартылды. Солай дәстүрлі ішкі жымдастық әбден жойылған кезде, ел, ауыл, болыс, уезд, облыстарға бөлінетін түзіліммен қайта құрылды. Ең төменгі ауыл мен болысты жергілікті атқамінерлер, уезд бен облысты патшаның әскери шонжарлары биледі. Осылай қазақтар өз жерінде өзі кірме болып қалды. Ұлттық түгілі, рулық-тайпалық тұтастықтан ажырап, ауызбірліктен атымен жұрдай болды. Солай қожыраған халық пен қоныс жоғарының нұсқауымен алты облысқа бөлініп, көршілес Сібір, Орынбор, Астрахан, Түркістан губерниясына, ал Маңғыстау әуелі Кавказ сырты, артынан Каспий маңы облыстарына бағындырылды. Сөйтіп, қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар.

Бұның бәрі отарлық кеңістіктің тұрғындары тарихи қалыптасқан мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтіре алмайтындай қып, оларды жер мен судың байырғы иелік құқынан біржолата ажыратуды көздеп, алдын ала ойластырылған зұлым саясат еді. Қазір бізге өршелене өшігіп жүрген алтын моншақты саяси қырғилар мен әншейін айтаққа ерген әулекілердің жаңа бағдарламалары қай кездегі «саяси макулатура» екендігін осыдан-ақ айыра беруге болады. Ондайлар көршілерінің жерін тоз-тоз қып бөліп әкетіп, өзін салпақтатып малға салып, атақонысынан табылып жатқан байлықтан соқыр тиын да татырмай, талтаңдап қалған дәуренді әлі де көксейді. Сондай кейбір көкімелердің өзі ұлы мәдениет жасаған ұлы елдің атын малданып, өзгелерге өнеге көрсеттім деп, өз абыройын өзі түсіріп жататынын қайтерсің! Ондай ұрдажықтар ол кезде де аз емес еді. Ел мен жерді ойрандағандарын былай қойып,



сананы да уландыра бастады. Тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен-өзі қорланып, өзгенің зорлығына бауыр басуға ынталандыратын әзәзіл саясат ерекше мүттәйімдікпен жүзеге асырыла бастады. Бұратаналану деп аталатын жексұрын құбылыс солай өрбіді. Қармаққа ілінген, жемге жүгірген шабақтай шошаңдаған бұратана сана, өзін-өзі отқа түсіретін көзсіз көбелек дәурен орнатты. Тұтастық пен ынтымақ ұмытылды. Санап алып оқытып, санап алып қызметке іліктіру бір жағынан орыстандыруды, екінші жағынан бақастық пен ішкі араздықты күшейтуді көздеді. Басқаны былай қойғанда, ағартушылықтың өзіне арамза сипат берілді. Бір ғасыр бойына жантәсілім жау жағаласпен келген ереуілшіл халыққа енді әлгіндей қамқорсыған айла-шарғының қақпаны құрылды. Кітаптан гөрі зеңбіректі, мектептен гөрі әскери бекіністерді көбейтіп жатқан өкіметтен сескенгендер аяқ жетпес шөлдерге шегінді. Сескенбегендер саяси итаршылыққа жүгініп, есіктегі жалшылыққа пейіл болды. Шұрайлы жерлер, шырайлы кәсіп пен қызмет орталықтан әдейі көшіріліп әкелінгендерге ғана бұйырды. Шет аймақтардың дамуына бөлінетін қаржы түп-тұтасымен сырттан қоныстанушыларға жұмсалды. Ал бұратаналарды да оқуға тартпақ болғандар, патша сарайы ұлықтарының біреуінің дала губернаторына ашық жазғанындай, «шектен шыққан адамсүйгіштік» деп келеке етілді. Егер осы ғасыр басында қазақтардан да санаулы оқығандар шығып, орысша сауат ашқандар бір процентке жетсе, оған мансапқор дала дәулеттілері мен оқу-білім аңсаған түздіктердің өз қаражаты жұмсалды.

Жан иесі жарыққа талпынбай тұра алмайды. Өз-өзінен жойылып кетуге пейіл еш мақұлық жоқ. Халық та солай. Қанша зорлық көрсе де, зомбылық көрсе де үмітін үзбейді. Өзіндей жұрттардың қолы жетіп жатқанға өз қолын да жеткізбек болып тырысады. Тап сондай дәме бұдан сегіз ғасыр бұрын біздің бір жерлесімізді ғылым іздетіп, Күнге Азияға сабылтқан еді. Өткен ғасырда да тап сондай талап тұлпарларын ерттеп мінгендер шыға бастады. Бір кездегі әл-Фарабидің жанқиярлық талабын Араб халифатының әкелік қамқорлығы деп қалай айта алмасақ, өткен ғасыр соңындағы дала азаматтарының білім жолындағы нартәуекелін де патшалық самодержавиенің әкелік қамқорлығына жатқыза алмаймыз. Шет аймақтағылардың да сауатын ашып,



білімге тартудың жүйелі саясаты болды. Бірақ ол біздің даламызға осы ғасырдың екінші онжылдығынан бастап ене бастады. Демек, оған дейінгі оқу, білімге ұмтылу – ұлттық болмысымыздың етене зәруліктерінен туындаған рухани жанқиярлық. Бір экономикалық-қоғамдық үрдістің дәурені әбден таусылып, екінші экономикалық-қоғамдық үрдістің әбден орныға бастағанын байқаған ұлттық сананың тарихи дамуды өзінше пайымдаған етене көрегендігі. Ондай құбылысты айдалаға апарып телу әбестік болар еді. Ұлттық рухани өміршендігіміздің тереңіне бойлай пайымдаудан әдейі жалтару болар еді. Ондай көзқараспен қарасақ, Абай сынды алып тұлғалардың кемеңгерлік болмысына атымен маңайлай алмас едік.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап құған баққұмарлықтың орнына білім құған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байқатқандығы.

Өйткені халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

Абай да ақыл айтпас бұрын қилы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткеріп көрді. Оның сол кездегі еуропалық саяхатшылардың аузынан «Дала Цицероны» деген атақ алған шонжар әкесі ескі мен жаңаға бірдей жорға болды. Ел жақсылары мен патша әкімшілігіне сөзін бірдей өткізе білді. Сондай аса ақылды, көреген әке баулыған ұғымтал жас медреседе мұсылманша, мектепте орысша қатар оқып жүрген жерінен ауылға қайтарылып, билікке араласады. Ру мен ру, ескі үрдіс пен жаңа үрдіс, рулық-тайпалық психология мен самодержавиелік отаршылдық бетпе-бет шарпысқан тартыс пен таластың ортасында жүріп, есесі кетіп жатқан елінің жоғын жоқтауға күш салды. Бірақ еңбегі зая кетті. Қандастары қызғанышпен, отаршыл ұлықтар сенімсіздікпен қарады. Қапа болған жігерлі азамат билікті тастап, ақындықтың соңына біржола түсті. Қалған жиырма жыл ғұмырын тек қана оқып-білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады. Ол еңбегі, енді, міне, адамзат ақыл-ойының асқаралы тұлғасына айналдырып отыр. Ақын Абай қазақтың суырыпсалма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэ-





зияға айналдырды. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын-соңды үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін, болмыстың тұңғыық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық Батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды.

Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұңдас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі: шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді. Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердиев лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Мұхаметжан Сералиндердің саяси-ғылыми көсемсөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты.

Түп бастауы осы кәусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жанрлы көркем әдебиетіміз ХХ ғасыр зобалаңдары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістікте, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр тауып бере алады. Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз.

Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау қақпасы әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз заманының шым-шытырық қайшылыққа толы

шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсіретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіңдердің бәрінен жоғары тұра білді. Ұлықтарды ұнатпағанымен, көрші орыс халқына, басқа да халықтарға зор ілтипатпен қарады. Патшалық билікті мансұқтағанымен, ұлы орыс мәдениетінен тәлім алды. Аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адам баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, біртұтас құбылыс ретінде қарастырды. Дала өмірін түзету үшін толассыз жетіліп, толассыз шыңдалып жатқан адамзаттық қауымдастықтың тыныс-тірлігіне үңілу қажет болды. Сөйтіп, ол өз дәуіріндегі өз жұртының әлеуметтік болмысымен шектелмей, оны қалай сауықтыру мен сауаттандырудың амалын іздеді, өз пайымын ортаға салды. Ол қазақ зиялыларының осы ғасыр басындағы әлеуметтік прогреске талпынысына айта қаларлықтай ықпал етті. Онымен қоймай, қазақтың жиырмасыншы ғасырдағы қоғамдық санасына тікелей әсерін тигізе алды. Абайдың әлеуметтік ойшылдығына тереңірек үңілетін тұс – қазіргі кезең. Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер болып жатқан бүгінгі күндер.

Осы тұрғыдан келсек, дала философы халқына жаны ашу деген оны-мен қосыла жылау емес, оған өзін-өзі шыңдаудың сара жолын айқындап беру деп түсінгені ешқандай күмән туғызбайтын басы ашық мәселе.

Абайды мұндай нартәуекелге бел буғызған, оның осыншалық намысын қайраған қазақ даласындағы кемсітушілік саясат пен оның шашбауын көтерген әлеуметтік көлгірлік еді. Оларды жағадан алып, жағаласа кеткеннен мән шықпайтынын түсінді. Кенесары көтерілісі аяқталар кезде дүниеге келген сәби бесіктен белі шықпай жатып, дербес ел болудан біржола күдер үзіп, бөтеннің көсеуін көсеп, дәреже іздегендердің қырқылжың қырқысын көріп өсті. Тәуелділік мызғымастай боп орнығып, болары болып қойғаннан кейін аңғал халықты босқа арандату парасаттылыққа жатпайтынына көзі жетті. Есе қайтарудың жолы бар ма? Бар.



Абайға айтқызсаңыз: «Әуелі мал тап», – дейді. Әйтпесе: «Қарны аш кісінің көңілінде – ақыл, бойында – ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?.. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен...».

Өнер-білімді қайдан іздеген жөн?

Абайға айтқызсаңыз: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі».

Естір құлақ тосырқай тыңдар тосын жауап. Тым пайда қуған, бақ қуған утилитарлық көзқарас емес пе? Мұндай ақылдың патша ұлықтары таратып жүрген пікірден несі өзге? Ұлық жалба тымақты тұз адамын кемсіте беруді көздейді. Абай тезірек тең етуге асығады. Оның ұғымында сол астам ортаның «Зарарынан қашық, пайдасына ортақ болу үшін де оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады, әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді де, аса арсыздана жалынбайды». Сонда бұдан шығатын қорытынды: кемсінгеннен мәдениетін меңгеріп, қомсынғаннан білімді асырып қана есе қайтара аласың. Әйтпесе, аз бен көптің, күшті мен әлсіздің арасында басқаша теңдік болуы еш мүмкін емес екен.

Әншейін қиқарлықтай көрінетін бұл қағидасын Абай өз өмірімен дәлелдеп шыға алды. Айдаладағы киіз туырлықты ауылда жатып, орыс классикасын түгелге жуық оқып қана қоймай, шетінен қазақшаға аударып, ел арасына насихаттаумен шұғылданды. Ол аз болғандай, орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Лесаж, Дюма, Мицкевичтерді зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты. Тіпті көне грек, ежелгі Рим дәуірлеріне тереңдеп, Аристотель мен Сократтан бастап, Спиноза мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдарды шұқшия зерттеді. Дарвинді ақтарып, жаратылыстану жетістіктерімен танысса, Нью-Йорк университетінің профессоры Джон Уильям Дрепердің еңбектерінен қойып, Еуропаның ақыл-ой дамуының тарихына, католицизм мен ғылымның арасындағы қарым-қатынас тарихына қанықты. «Менің қағбам енді батысқа ауысты», – деуі де сондықтан еді.

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге дүние тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып, Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен қарап, жаңаша

баға берді. Әсіресе Табари, Рабғузи, Рашид ад-Дин, Бабыр, Абылғазы еңбектеріне ерекше зейін қойды. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын үңіле зерделеді. Өз тұсындағы Кіндік Азия мен Күнгей Азияның мәдени-рухани өмірінен мейлінше хабардар отырды.

Абай зердесі тек сыртқы дүниеге ғана назар аударып қоймай, ұлттық болмысты пайымдайтын төл мұраларға да көңіл бөлді. Қорқыт, Асан қайғы, Аталық, Сыпыра жыраулар, Қодан тайшы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиёмбет ақындар жырларындағы уайым мен жігер, Бұқар, Төле, Қазыбек, Әйтеке өсиеттеріндегі өміршілдік Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді.

Оған тұрандық ғұламалар Қожа Ахмет Ясауи, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Мұхаммед ибн Қайс, Хусан Аддин Баршынлегінің еңбектерін қоссаңыз – қазақ ақынының көп қабатты, көп атырапты дүниетанымына еріксіз қайран қалар едіңіз.

Екі алып құрлықты алтын кіседей айқара құшақтатып жатқан ежелгі сахарада қалыптасқан ғұламалық ой-сананың қаншалықты терең, қаншалықты кең қарымды, белгілі бір мәдениет, мектеп, ағым ауқымына тұтқындалмайтындай қаншалықты бостан әрі азат болатынына көзіңіз жете түсер еді.

Абайдың көзшоласы қандай ұлан-ғайыр кең болса, таңданған, қызыққан, жиренген, құмартқан, алған әсерлері сондай ұлан-асыр, байқаған-түйген парасат-пайымы соншама терең еді.

Бірақ оның мұншалық күрделі рухани әлеміне ерекше бір сындарлылық бітіріп тұрған әсер мен ой, сезім мен зерде, әуен мен бейне аражігін ажыратпай, айқұшақ қауышып жататын шынайы адамилық, шынайы азаматтық кемелділік. Неге де болса, даму тұрғысынан қараған, диалектикалық серпін. Тоқмейіл тоғышарлыққа бой бергісі келмейтін шыншылдық пен уайым...

Азияның шетқақпай түкпірінде туып-өскен түз ақынына мұндай рухани рационализм, адамгершіл максимализм қайдан бітіп жүр?.. Оның шығармаларына ол кезде Еуропаның өзі түгел мойындай қоймаған, адамды – басты тұлға, адамгершілікті – басты қасиет санайтын қайта өрлеу мұраттары, шын мәніндегі қайта құрушылық көзқарастар қайдан дарып жүр?



Оқыған кітаптан ба, заманнан ба, ортадан ба, күнде-күнде көз алдында көлеңдеп тұрған көңілсіз болмыстан ба?

Дұрысы – соңғысы. Қара басының өзі ел бағам деп алыс-жұлыстан мезі болған, мыңмен жалғыз алысып, әбден қажыған сананы, әсіресе сарғайтқан – дүние түгел өзгеріп жатса да, өзгермей қойған дала тірлігі, қыр тұрмысы еді. Далиған даланың қай қиырынан да көзге ұрып тұрған – мелшиген мешеулік еді. Соны әлі ұғып болмаған аңғал жұрт еді.

Күні кеше өзінен өзгенің бәріне күлетін ауылдастарын тыңдай жүріп «бізден басқаның бәрі антұрған, ең тәуір халық біз екенбіз» деп ойлап қалған аңғал ұғыммен айналасына көз тастай барласа, кешегі келеке қылып жүргендердің бәрі озып кеткен... Біреулердің «екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ», саудагеріне дейін «жүрмеген жері жоқ, қылмаған кәсібі жоқ». Біреулері «солдаттыққа да шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды». Біреулерінің «біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз», «біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз», «бағанағы мақтан, күлген, қуанған қайда?».

Абайдың ақыл-санасын түгел жаулап алған осы сауал, бұның бәрін «елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек». Кереңнің басы ахиретте ауыра ма, жоқ па? Ал кемелдің басы бұл дүниеде жүріп-ақ әбден дал болары сөзсіз. Бірақ ондай «үнемі уайым-қайғымен жүре аламыз ба? Үнемі қайғыға жан шыдай ма?».

Батыс пен Шығыс ғұламаларын ақтара-ақтара келіп, тапқан түйіні: құдайдың өзі де рас, сөзі де рас; ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес; ендеше, құдайға құлақ аспай, құлық түзелмейді; құлық түзелмей тұрып, құлқын арам ішкенін қоймайды; адалға жүрмей, адам түзелмейді; адам түзелмей, қоғам түзелмейді; халық түзелу үшін әркім жеке-жеке өзін-өзі түзеуі керек. Ол үшін «қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялатынын» қоюы керек. Одан арылтатын жалғыз дауа: еңбек. Абайдың ұғымында: «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады». Сондықтан да, ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындайтын жарамсақтықты барша қиянаттың, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың түп атасы деп түсіндіреді.

Халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал: «Егін, сауда, кәсіп, ғылым» деп біледі. Ол тек ыждағат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: «Құдай саған еңбек етуге жеткілікті күш берді. Бірақ сен еңбек етпейсің. Құдай саған ғылым берді. Бірақ сен оқымайсың. Құдай саған сана берді, сен оны жоғалттың. Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықпен іздеп, пайдалы жұмыс жасасаң – бай болар едің», – деп жазғыратыны да сондықтан.

Ол тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, отбасына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды. Әйтпесе, атадан қалған малға масаттанған масыл, ел үстінен күн көрген жымысқы өзгедегіге көз сүзген өлермен бақастық пен ұрлықты, жалқаулық пен жарамсақтықты, қатыгездік пен найсаптықты өршітпесе, үй құлқын да, түз құлқын да түзей алмайды.

Абай барша ұғымның шын мәнін ашып беретін бірден-бір өлшем – еңбекке көзқарас деп санайды. «Алтыншы сөзінен» мына бір үзіндіні келтірейікші: «Қазақ айтады: «Бірлік болмай тірлік болмайды», – деп. Сондағы айтып отырғаны қай бірлік?.. Қазақ ойлайды... ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай, мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса, антұрғандық... Ағайын алмай бірлік қылсын... сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, не шаруа іздейді... Әйтпесе, әуелі біріне бірі пәле іздейді... Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды – тірлік» дейді. Ол қай тірлік?.. Жаны кеудеден шықпағандық па? Ондай тірлік итте де бар... Ол айтылған тірлік бұл емес. Көкірек көзіңіз тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың».

Айтудай-ақ айтқан емес пе? Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың.

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген жолдардан



халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты – біздің ел болып қатарға қосылуымыздың алғышарттарының бірі. Өзге өскен ел не істесе соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгіше айтсақ, интеграция.

Ал «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөздері – шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек пе? Керек. Ендеше, Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық.

Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан Абай. Яғни, қазақ қауымына әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған – Абай.

Жерінен, суынан, тәуелсіздігінен, билігінен айырылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы – оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін, сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатынын ақын жақсы түсінді. Сол үшін жан аямай күресті.

Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ.

Әйтпесе, көп дүние әуелі сол әркімнің өзін-өзі түзей алмағандығынан өрге баспай жатыр емес пе?!

Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ асын. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең

болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деген ақын сөзін еске алайықшы.

Егер әркім баяғыны қойып, өзгеріске ұшыраған он жыл, тәуелсіздік алғаннан бергі төрт жыл ішіндегі тіршілігін оймен шолып көрсе, қанша мүмкіндікті қапы жібергенін, қаншама нәрседен ғапыл қалғанын айқын аңғарар еді. Әуелде ағайынға, кейін өкіметке қол жайып қалған, өз қамын өзі жемей, өзгеден жәрдем күтетін әлеуметтік енжарлық көп азаматымызды әліге дейін шұғыл өзгеріп жатқан уақыт талабына икемделгізбей келеді. Соның салдарынан, бейқамдық пен бейқарекеттіктің қырсығынан сыртта өндіріс пен шаруа, үйде тұрмыс күйзелуде. Біреуден нұсқау күтіп, әркімге қол жайып, айтпасаң білмеу, ақырмасаң түсінбеу кесірінен амалдың орнына айла, істің орнына сөз, ұсыныстың орнына қолқа, дәлелдің орнына сылтау, ақыл-кеңестің орнына өкпе-бопса бел алып барады.

Тарихтың берген мүмкіндігі мен табиғаттың берген байлығы, әлі де болса, орнын таппай, босқа зая болып жатқаны жанға қатты батады. Ол үшін сыртқа өкпелейтін ештеңе жоқ. Тәуелсіздігімізді уақтылы мойындады. Қолғабыс-көмектерін ұсынды. Экономикамызды, әлеуметтік-мәдени дамуымызды көтеру жолында бірлесе әрекеттенуге әзір екендіктерін білдірді. Жан-жағымызбен тату-тәтті қарым-қатынастамыз. Алыспен де, жақынмен де алысып-берісіп жатырмыз. Нағыз іскер ахуал орнатуға не керектің бәрі бар. Жетпейтіні: Абай айтқан ынта мен ыждағат, білуге ыждағат, үйренуге ыждағат, еңбектенуге ыждағат күшеюдің орнына әлсіреп бара жатқандай. Оның орнына Абай айтқан қырсыздық пен қияңқылық, «өтірік пен өсекті жүндей сабаған» дәу-кестік пен даңғойлық, «өз елін өзі аңдыған» ұрлық пен «жүз қараға екі жүз аларман бар» көрсеқызарлық, «қозғау салып қоздырғыш» жікшілдік пен «сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан партияшылдық» азаяр емес. Экономикалық белсенділікті, Абайша айтсақ, «өз жерімен, өз елімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, мал шашумен», «халыққа қайыры бар іс бітірмей», «қардың суы сықылды тез суалар, еңбек қылмай табылар мал-дәулет» қуумен, саяси белсенділікті дау жоқ



жерден дау іздеумен, жау жоқ жерден жау іздеумен, әлеуметтік белсенділікті ұрынарға қара таппай жүретін ұрдажықтықпен, әр нәрсеге бір тұмсық тығатын тіміскілікпен шатыстырып алу етек алып барады. Бұған ренжімегенде, неге ренжисіз? Өзімізге өзіміз өкпелеуге мәжбүрміз. Соның бәрі «Шала мейір шала байқайды» демекші, тәуелсіздігіміз бен бостандығымыздың қадірін шала ұғып, шала бағалаудан шығып жатқан кеселдер. Осы тұста ұлы ақынның: «Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтіні қалай?.. Тыныштық іздеп, таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?.. Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?.. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке серттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?» деген сөздері ойға келеді. Осы бір жанайқайының бүгінгі біздің қоғамға да қатысы бар екенін естен шығармасақ болғаны.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, бас қосқан ұлы жиындардың бәрінде де мен халқымыздың бірлігі мен татулығы туралы айтпай қалған емеспін. Өйткені, әлімсақтан белгілі, ел болудың амалы – ішкі бірлік.

Тарихтың барлық кезеңінде даудан да, жаудан да қазақ ұтылса, тек бірлік пен татулықтың аздығынан ұтылды. Абайдың да өзегін өртеген қайғы осы болатын. Егер елде бірлік болса, Абай:

*Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?
...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын, –*

деп өкінер ме еді?

Бірақ Абай тағы да былай дейді: «...Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінез қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш – қонды болса, дау – жанжалды болса, билік соларда болады екен. «Екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ

түгіл, жетпегеніңді жетілтемін», – деп жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?!

Екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен... «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп.

Кәнеки, осы екі мінез қайда?» (Абайдың «Қара сөздері», 39-сөз).

Ел болудың қағидасындай болған, пәтуа мен бірліктің көзі – осы екі мінез дәл бүгін ұлт тағдыры шешілер тұста біз үшін бұрынғыдан да керегірек секілді.

Рас, мен қазір Абайша ашынып, бұл екі мінез бізде мүлде жоқ деп айта алмаймын. Өйткені отандастарым маған екі мәрте мәрттік жасап, екі тізгін, бір шылбырды сеніп тапсырып отыр. Олар үдесінен шықты. Мен де уәдемде тұрам: бәрі де бауырым болғасын, мен де қарап қалмаймын, қамдарын жеймін. Олардан бөлек уайымым да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ. Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін.

Бұл орайда, басын ашып айтатын бір мәселе: біз экономикадағы реформадан қандай бас тартпайтын болсақ, демократиядан да сондай бас тартпаймыз. Өйткені демократиялық бостандық жоқ жерде экономикалық бостандық та болмайды және, керісінше, біз сол бостандыққа қолбайлау болатын тұстарды ғана түзетеміз. Әйтпесе, уақытша қиындықтарды пайдалана қойып, жеке үстемдік құратын жер тәңірі болайын деп жатқан ешкім де жоқ. Ондай байбалам, шынында да, Абай айтқандай, кейістікті күндестікпен, тыныш отыра алмағандықпен шатыстырып алып жатқандардың аузынан шығуы мүмкін. Біздің далада арғы-бергіде қырсыздыққа көп төзгенмен, қиянатқа көп төзе қоймағанын жақсы білемін. Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір басыма керекті қай күнде де табармын. Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп, қам жеп жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы қажет. Онымды алыстағы, жақындағы саясатшылардың кейбіреулері түсінбегенмен, халқымыз жақсы түсінгеніне ризамын.



Қысқасы, Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес боп тиіп отыр. Өйткені біз – осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек біз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял боп қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айналар-айналмасы – мына біздерге байланысты.

Оның шығармаларындағы шынайы гуманизм, адам мүддесіне деген айрықша ынта, айрықша қамқорлық, өмірдің көзіне жалтармай қарайтын шыншылдық, енжарлықты, шалағайлықты, қиянатты, сұғанақтықты жегідей жек көретін рухани максимализм біздің бүгінгі жүзеге асырмақ бастамаларымыздың да басты сипатына, басты мазмұнына айналуға тиісті.

Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы үшін, оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. «Достықты достық шақырады» дейтіні де тегіннен-тегін емес. Сондықтан да ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады. Ал халық дегеніне жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ықпалдастық керек. Бұл – біздің бүгінгі таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі.

Біз де бүгін ұлтішілік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз.

Қорыта келсек, бүгінгі таңда бәріміз ұлықтап отырған ұлы ақылгөй осыдан бір жарым ғасыр бұрын өз тұсындағы өркениеттен атымен шетқақпай жатқан аймақта жүріп-ақ, тек бүгінгі өркениет қана қамтамасыз ете алар адамдар мен халықтардың бостандығы мен жарастығына негізделген, ізгілігі мен игілігі бірдей биік дамыған азат қоғамның қандай болмағы керек екендігін де дәл пайымдай алыпты.

Ал бүгін сол асыл жүрек, абзал ақыл дұрыс сипаттаған кемелділік қоғамын ойдағыдай жүзеге асырып шыға алатын моральдық мүмкіндік бізде бар. Ақын армандаған ғылым да, өнер де, кәсіп те, білім де баяғыдай таңсық емес. Халқымыз сауатты, мамандарымыз білікті. Еліміз тату. Қоғамның үштен бірі – отызға толмаған жастар. Тек сауатқа сәйкес қабілет, білімге сәйкес сана, жастыққа лайық жалын, жігер, жасампаздық болса, Абайдың қолы түгілі, аузын байлаған ізгі мақсаттарды іске асыруды уақыттың өзі талап етіп отыр.

Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп.

Ол үйреткен тағылым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден-бір белгісі де осы болып табылады.

Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе – сенім. Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады. Ал ұлы Абайдың, уайымшыл Абайдың болашаққа деген сенімін әсте жоғалтпағанын мына бір сөздерінен көруге болады: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседен баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» – дейді ұлы ақын.

Айтқаның келсін, жан баба!

Ел басына түскен бүгінгі қиын-қыстау кезеңнің баянсыздығына, халқымыздың көңілін шаттыққа бөлейтін келісімге, жарастыққа толы ырыздықты, молшылықты күндердің сарғайтпай ертең-ақ келетініне менің де сенімім мол.

Абайды бізбен мәңгілік бір қылатын да осындай ұғым, осындай сенім.

Ендеше, Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай! Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне бергей!

Рахмет!

*Алматы қаласы,
1995 жылғы 9 тамыз*



АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ, ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ АЛЫП ЖЫРШЫСЫ

*Жамбылдың 150 жылдығына арналған
салтанатты жиналыста сөйленген сөз*

Ардақты отандастар!
Қадірменді меймандар!
Бүгін біз өз дәуірінің ұлы жыршысы, қазақ халқының біртуар перзенті Жамбыл Жабаевтың дүниеге келгеніне 150 жыл толу мерекесіне жиналып отырмыз. Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырыпсалма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейтесті арналарымен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы кезеңде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды. Ал түбірлі өз-

герістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашанда күрделі. Әсіресе Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеурінімен, біртуар табиғатымен өз заманының айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихқа ден қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермегенін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырлық діни мистика шеңгелінен Ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде ХІХ ғасыр әдебиет пен өнердің «алтын ғасырына» айналды. Мұны кезінде Гегель «тарихтың тәлкегі» деп атаған.

Осынау «тарихтың тәлкегі» ХІХ ғасырда қазақ елін де айналып өткен жоқ. Бірақ бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессанстық рөл атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантенің тұрғаны сияқты, ХІХ ғасырда қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл – жай ғана әсіре теңеу емес, жан жүрегімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шыңдалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, біз бүгін рухына тағзым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.



Ақынның: «Асып тұрған ақылым жоқ, жер тесіп кеткендей шешендігім жоқ. Біліп тұрған білімім жоқ. Менің білімім – сол халықтың білгендері. Мен халықтың сөзін айттым», – дейтіні де осыдан. Ойлап қарасақ, осы сөздерде терең мағына жатыр. Оның осы айтқандары халықтың қуанышы мен қайғысына, сүйінгені мен күйінгеніне ден қойып, жалпақ елдің көкейіндегісін көре білетіндігіне, жатса-тұрса соның арман-тілегін, зар-мұңын терең сезінетініне айқын дәлел емес пе! Ал жалаң ақыл, салқын біліммен, ділмар шешендікпен халықтың алдына кім шығушы еді, халықтан кім биіктеп еді? Халқының барша қасиетін бойына сіңіре білген Жамбылдың да алдына ешкім шыға алмаған. Өйткені ол елінің бел баласы ретінде халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірілмей, найзағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де, қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса түсіне кірмеген аламан тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар «жасағы жойқын жауға да» үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермеп өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сөзін сөйлеген өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының тым биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл – тек даңғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі.

Жамбыл ескі дәуірді де, жаңа қоғамның сипатын да өз тұрғыластарының қай-қайсынан да кем түсінбеген. Оған ақынның 80 жылдан астам халқына көрсеткен қызметі, жырлап өткен жырлары айғақ. Ақын қазақ жұртының елдігі үшін күрескен, бойында кісілігі, азаматтық айбыны бар ерлерін басына бақ қонбай жүрген кедей, кем-кетік кезінде де әспеттеп, мадақтаудан аянып қалмаған. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қазығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалыққан жоқ. Әсіресе айтысқа түскен тұстарда айқын ойы, азаматтық тұғыры, әлеуметтік нысанасы ешбір бұлтарыссыз, ашық-жарқын, өткір терең арна тауып жатты.

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы – Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сөзбен ұстасқан ақындарының бас-аяғы бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, Оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, жеңіліп, опық жеген жері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін Жәкеңнің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек, атақты тарихи тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыласының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насихаттаумен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізгі өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан етіп жырлаған.

«Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, ел бірлігін сақтаған татулықты айт» деген Жамбыл сөзі айтыста жеңіске жетудің тетігі ғана болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кредосы еді. Бұл сөз – уақыт өтіп, заман өзгерсе де мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жыр абызының сәулелі сөзі. Бізге жеткен өсиет. Бұл өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ. Егемен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұратын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген тарихи кінә артуларына жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты міндеттер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттілігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдас-тықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұрғыдан келіп айтарым, біздің әрқайсымыз және бар-шамыз туған еліміздің болашағына деген жауапкершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл – қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол – өз



халқының сөз өнерінің ұстаханасында шыңдалған, туған топырағының төл перзенті.

*Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап
Қара дауыл құйындай, –*

деп Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекеңмен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірлер, сонау Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Базар, Ақтанберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл атамыздың елді таңдандырып, өзін көргендерді де, сөзін естігендерді де сүйсіндіріп жүргені, мінеки, осынау ұлан-ғайыр мектептің қайталанбас қасиетін бойына қапысыз дарытқандығында. Жамбыл – ғасырлық ғұмырында арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол – өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы орнын зерек көңілмен бағалағанымыздың бір көрінісі – бүгінгі өткізіліп отырған жыр алыбының мерейтойы. Жамбылдың туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді.

Жамбыл жырларын жастайынан жаттап өскен әрбір қазақ баласы ұлы ақын шығармаларын етене жақын тұтып, болашақ ұрпаққа ұсынар ең бағалы аманаттардың бірі деп түсінеді.

Жамбыл жүрегі қашанда халқым деп соқты. Ол, ең алдымен, халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шыңдады.

Әрине, мәдениет болсын, әдебиет болсын, оның ұлттық рухқа негізделген дәстүрлі мектебі болмайынша, ешқашан өрге баспақ емес. Ал сол мектептердің абыройын асырып, мерейін көтеретін, сөз жоқ, оның алып ойлы өкілдері. Ұлы жыршы Жамбыл, мінеки, осы біз айтып отырған ауызша үрдісте, ғасырлар бойы өмір сүріп келген қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыптығы сонша, өз басы халыққа берер игіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес өкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында ақ жырлап, өзін, өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүниежүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сіңірген ұстаз да бола білді.

Құрметті халайық, ардақты ағайын!

Қазір, кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, «сонда бұл қалай?» деген сұрақтар жиі көлденеңдейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа 1916 жылы қазақ жігіттерін қара жұмысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды. Биыл 80 жылдығы аталып өткелі отырған ұлт-азаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да, соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзбен айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді. Өйткені ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, «халықтарға теңдік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып, әділдік орнатамыз, жарылқаймыз» деген ұранмен өмірге кел-



ген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы «шынжыр балақ, шұбар төстерді» жайпай келді. Қандай дәрежеде болса да, қазақ елі Республика атанып, Кеңестер елінің құрамында өз алдына отау тікті.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар, бұл өкіметті қолын теңдікке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша үкіметінің бұратана халықты басып-жаншуы келмеске кетіп, оның орнына ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстатқан жаңа қоғамдық құрылысқа, оның әділетті аталып жүрген басшыларына қол соқпағанда, кімге қол соғады? Мұндай бір жақты көзқарастан, бүкіл елі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады. Қалған өмірінің бүкіл саналы тірлігін, шығармашылық қуатын соның көркеуі жолына жұмсады.

Біздің әрқайсымыз өз уақытымыздың, өз дәуіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеңнің тар заманда, отаршылдық дәуірде немесе кеңестік дәуірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбыл – өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзбен айтқанда, өз дәуірін асқан шабытпен жырлаған сөз зергері. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәуірде кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені Жәкеңнің әрбір дүниесі – өз бойынан, жүрегінің тереңінен шымырлап шыққан, бүкіл әлемді мойындатқан шығармалар. Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани көзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Сондықтан, кімді де болсын, соның ішінде ақын-жырау, қаламгерді өз дәуірінің деңгейімен, соның парқымен бағалау қажет. Бұл тұрғыдан келгенде, біздің қаламгеріміз бен халық ақындарының жиырмасыншы жылдар мен кешегі қайта құру дәуіріне дейінгі кезеңді қамтитын туындыларынан заманның ығына қарай, кеңестік құрылысты, оның әрқилы дәрежедегі өкілдерін адамгершілік пен қайраткерліктің бірден-бір үлгісі ретінде көрсеткен авторлық көзқарасына кінә қойып, оны бетке салық қылу да қисынға келмейді.

Ендеше, Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Оның тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол – XVIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәріптеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезінің ұлы оқиғаларының да жалынды жыршысы. Алдына жан салмаған ақиық ақыны. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхин-Гол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қай-қайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сол себепті де бірсыпыра ақын туындылары арнайы қолқа салумен дүниеге келетін. Бірақ ақын өзінің елге тарайтын әр сөзіне зор жауапкершілікпен қарады. Хатшыларына қағазға түсірткен әр өлеңін өзі қайтадан тыңдап, ұнатпағанын кері ысырып, қайта толғайтын, қайта жаздыратын. Сондықтан да ақын өлеңдері әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы құдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен телқозыдай табысып, миллиондардың арман-тілегімен табиғи табысып жатты.

Орыстың белгілі ақыны Александр Прокофьев былай деп жазады: «Жамбылдың «Ленинградтық өренім» жыры жарияланған кез Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жай кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ. Үйлерге кіретін су тоқтатылып, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снарядпен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай кезде Жамбылдың «Ленинградтық өренім» жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилап ұшып бомба тастап жүргенде, бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».



Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Иә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкеңді көзінің тірісінде қай елге барса, халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылғы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігіне, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» дастанының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы күллі Кеңестер атынан көрсетілген риясыз, қуанышты қарсы алулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық «Жамбыл, Жамбыл! Жәке!» деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген.

Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Ғафур Ғұлам, Қалық Акиев, тағы да басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нұрпейісова, Күләш Байсейітова, Кенен Әзірбаев, Мәриям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүниежүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша борауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, ХХ ғасырдағы ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда, «миллион жол өлеңді жатқа білетін» абыз жыраудың халықтық қасиетін жанымен терең ұғынған замандас ақын інілері – Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті.

Бұл үлкенге тағзым етіп, егде тартқан адамға қызмет ететін ұлтымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың

толқынын ХХ ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға, ғажайып қайталанбас өнерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді.

Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние-жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Құрметті қауым!

Қазақта «Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ» деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтанышпен айта аламыз. Шын мәнінде, Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына, сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шыңдауға арналған биік парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты серпінді жалпы адамзаттық рухани игілік демеске бола ма? Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қанатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүрегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұны ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес, өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алдында ой мен рухтың өресін танытатын кісілік пен парасаттық өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен, демократияшыл мұраттарымен танытып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алып отыр. Бұл ретте, қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көксеген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді деп білемін. Егер біз Жамбыл даналығына тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсармен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасат-пайымымызды шыңдай



түсеміз. Өміршең мен өткіншінің аражігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Бүгінгі жыр дүлдүлінің ұлан-асыр тойы – егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық ықыласының шынайы көрінісі.

Жамбыл мерейтойына дайындық осыдан төрт жыл бұрын бекітілген мемлекеттік бағдарламаға сай жүргізіліп, республикамыздың түкпір-түкпірінде, облыстарда, аудандарда, елдімекендерде кең ауқымда өткізілді. Ұлы ақын құрметіне бой көтерген әр түрлі ғимараттар, архитектуралық келбеті көз тартар елдімекендер, мәдениет, білім ошақтары халық игілігіне қызмет етуде. Ал, ең бастысы, Жамбыл тағылымдары ұрпақтар зердесіне сіңіріліп, оның жақұттай жарқыраған асыл мұралары рухани өреміздің биіктеуіне ықпал жасауда.

Жамбыл мерейтойына дайындық ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен астасып жатты. Ал ұлы бабамыздың басына барып, талантты өрендеріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйінішті. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен өнерпаздардың өнер сайыстары, ақындар айтысы ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылысы жүргізіліп, ақын ауылының архитектуралық келбеті өзгерді. «Жақсыдан – шарапат» дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жұртшылық игілігіне жарауда. Сондықтан да ұлы бабамыздың торқалы тойы ұрпақтарының бүгінгі өміріне, тыныс-тіршілігіне тигізер ықпалы зор деп ойлаймын. Себебі бұл өтпелі науқан емес, бұл той – елдігіміздің, рухани кемелдігіміздің өлшемі.

Бүгінгі той – көптікі, абыройы – халықтікі. Жамбылды құрмет тұту қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ардақты ағайын!

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар

тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты.

Бүгінгідей шалқыған қуанышты күнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен шалғай және іргелес бауырлас елдердің, туған еліміздің әдебиетсүйер зиялы қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Сөз соңында айтарым, қашанда дүйім халық қуанышы мен қайғысын шығармашылығына үзілмес арқау еткен өнер иесі халқының зердесінен мәңгілік орын алады. Жәкең – туған халқының күнгейі мен көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендіктен, «халықтан шыққан дана ақын» деген атқа ие болған. Бұл – шындап келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

«Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым», – деген ақиық ақын ақтық демі біткенше өз халқының мұңы мен мұратын, үміті мен арманын, тағдыры мен тарихын, рухани байлығы мен асқақ тұлғасын өз жырларына өзек етті. Ендеше, қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той – халқының Жәкеңе деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі. Ендеше, құрметті халайық, тойларыңыз тойға ұлассын!

«Сұлу жер – береке, елді жер – мереке» деген мақал бар. Біздің тәуелсіз Қазақстанда әрқашан береке болсын, достық, ауызбіршілік, тыныштық болсын! Жәкең жырлап кеткен осы асыл қасиеттерді қас-терлей білсек, еліміздегі түрі басқа – тілегі бір, тілі басқа – жүрегі бір барлық ұлт өкілдерінің жарасымды өмірін қамтамасыз етсек, ежелден бергі елдігіміздің қаймағы бұзылмайтын болады.

Жәкеңнің биік рухы баршаңызды жебеп жүрсін!

Алматы қаласы,
1996 жылғы 23 тамыз



ӘЛЕМ ТАНЫҒАН ӘУЕЗОВ

*М.О. Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына арналған
салтанатты жиналыста сөйленген сөз*

Кымбатты достар!
Құрметті отандастар!
Қадірлі меймандар!

Бүгін біз осы зәулім шаңырақтың астына еліміздің қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі аса бір айтулы оқиға – қазақтың ұлы жазушы-гуманисі, ғалымы, кемеңгер ойшылы, туған топырағымыздың біртуар перзенті Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толу салтанатын атап өтуге жиналып отырмыз.

Мұхтар Омарханұлының есіміне байланысты басқа да мерейлі шаралар сияқты бұл басқосу да – халқының асқақ мұраттары жолына бойындағы бар жақсысын: күллі ғұмырын, дарын қуатын, терең танымын, білімі мен білігін аямай жұмсап, рухани ұстаз хақына ие болған арыстарымызды, қазақ мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің асыл тұлғаларын бүкіл халық болып қастерлеу, мерекелеу сияқты жақсы салтымыздың жалғасы.

Абай, Шоқан, Құрманғазы, Жамбыл, Шәкәрім... Қандай жарқын есімдер, даналық жарқылы, дарын жасыны іспетті! Осы ғажайып шоғырдың ішінде жарқырап Мұхтар жұлдызы нұр шашып тұр.

Құлашын кеңінен сермеуге мұрсат бермеген ғұмырының ішінде ол кең құлашты прозалық шығармалармен қатар хас шебердің өріміндей әсем ондаған әңгімелер, пьесалар, либреттолар мен сценарийлерді дүниеге әкелді, оның қаламынан туған тың тынысты әдеби зерттеулер мен терең мазмұнды оқулықтар қаншама, тәржімандық өнердің үлгісіндей әлемдік классиканың үздік туындыларын қазақ тілінде сөйлеткен аудармалары өз алдына бір төбе.

Әңгіме, әлбетте, санда емес, М. Әуезов туындыларының асылдығында, мінсіз сапасында. Ол «Абай жолы» эпопеясынан өзге бір жол жазбаған күннің өзінде, осы туындысының өзі-ақ оның келер ұрпақ көкірегінен мәңгілік орын алуы үшін жетіп жатар еді.

Осы ғажайып шығарманы қолыңа алған сайын, оның әр жолын оқыған сайын көкірегіңде өз елің үшін, өз халқың үшін мақтаныш сезімі оянады. Мұхтардың кемеңгерлігіне де, көрегендігіне де тәнті боласың, алуан қырлы төлтума мәдениетімізді әлемдік өркениеттің ажырағысыз бөлігіне балап, «жоқ, менің халқым ешкімнен де кем емес, менің халқым ұлы халық» деген жүрекжарды сөзіне тебіренесің. Ұлы ақын жайлы эпопеяның өн бойына өрілген ұлағат қазақтың мынау зеңгір аспан астында өмір сүріп жатқан еш пендеден кем емес екеніне шүбәсіз иландырады. Сөйтіп, өткенімізге мұқият, зер сала қарауға ұмсындырады, тындырған ісінді ұлы бабаларымыз ісінің таразысына тартуға ұмтылдырады, өз затыңды, туа бітті табиғатыңды пайымдатпай қоймайды.

Ендеше, Әуезовті қазақ әдебиетінің классигі дегенде, не дейсіз?! Ендеше, «Абай жолы» біздің әдеби шығармашылығымыздың шыңға біткен шынары дегенде, не дейсіз?!

Осынау эпопеядан басқа, Мұханның қаламынан туған «Қилы заман» хикаясы ше, «Ескілік көлеңкесінде», «Қаралы сұлу», «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы» әңгімелері ше? «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесалары ше, інжу-маржан басқа дүниелері ше?!

Олардың бірде-бірін тебіренбей-толғанбай оқу мүмкін емес. Шығармаларының әрқайсысынан қазақ ауылының етене тыныс-тіршілігі, ғасырлар бойы қазақ жұрты шешіп келген тағдырлық, тұрмыстық, имандылық мәселелері менмұндалап тұрады. Алайда бұл тек қазақтың пешенесіне ғана жазылған талай ма еді? Кешегі «қилы заманда» мұндай құқайды басқа халықтар көрген жоқ па екен? Тегінде, Әуезов шығармашылығына қазақтар ғана емес, әлемнің әр шалғайындағы жұрттардың айрықша ықылас қоюының бір сыры осында жатса керек. Әуезов көркемсөз құді-ретінің қазақ көгінен шығандап, күллі адамзат аспанына шарықтауында жатса керек, оның осынау қарымы тәңір берген талантымен ұштасып, оны әлемдік деңгейдегі туындыгер деңгейіне көтеруінде жатса керек.



Қымбатты достар!

Әуезов шығармашылығының нағыз тереңдігін, оның адамзаттың мәдениет қазынасына қосқан үлесінің қомақтылығын Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде ғана емес, планетаның барша түкпірінде жақсы түсінеді. Жазушының осы мерейтойының ЮНЕСКО-ның аясында өткізіліп жатқаны да бекер емес. Бұл үшін біздің бәріміз осы халық-аралық беделді ұйымның басшылығына және оның бас хатшысы Федерико Майор мырзаға шын көңілден ризамыз.

Алайда оның таза жазушылық еңбектен өзге – мехнат-машақаты мол, күллі күш-қайратынды беруді талап ететін еңбектен өзге – түркология мен шығыстануды едәуір дамытқан әдебиетшілік еңбегі де болды. Ол әлемдік классиканың бірегей жұлдыздарын қазақ тілінде сөйлеткен біртума аудармалар да жасады. Республика Ғылым академиясының толық мүшесі, Қазақ және Мәскеу университеттері профессоры бола жүріп, белсенді ғылыми әрі педагогикалық қызметпен де айналысты. Республика Парламентінің депутаты, көптеген кәсіби және қоғамдық ұйымдардың мүшесі ретінде белсенді жұмыс атқарды. Денсаулығы керемет мықты бола қоймаған бұл адамның осыншама қыруар жүкті қалай көтергеніне, бәріне де үлгергеніне әрі бәрін өзіне тән ыждағаттылықпен, тамаша талантпен ақтарғанына еріксіз қайран қаласыз.

Оның бүкіл өмірі тағдырдың тауқыметі мен ауыртпалығына толы болды. Халықтың ар-ожданы, оның ойы мен арманының көрінісі болған «Алаш» ұйымының басшылары қызылдардың құрығына түскен кезде олармен бірге Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қуғын-сүргінге ұшырады. Тағдыр оны ең ауыр қатерден аман алып қалды, алайда «буржуазияшыл ұлтшылдығы» үшін тағылған дәлелсіз айыптау өмірінің соңғы күндеріне дейін дерлік қара елестей қалмай қойды. 30-жылдарда да, 40, 50-жылдарда да ол тоталитарлық режим органдарының жазалау қылышы өзіне талай рет төнгенін бүкіл болмысымен сезіп-біліп отырды. Бұған қоса айтарым: тіпті Мұхтар Омарханұлы қайтыс болғаннан кейін де режим бұл адамды сүйіп және құрмет тұтқан адамдармен есеп айырысуға әрекет жасады. Сол арқылы оның өзін де амалын тауып төмендетпек, ұлы Мұхаңа күйе жақпақ болды. Осы залда отырғандардың ешқайсысы біле қоймайтын бір мысал келтірейін. Осыдан он жыл бұрын, біз Әуезовтің туғанына 90 жыл толуын

атап өттік. Содан көп уақыт өтпей-ақ республика партия ұйымының «штабында» бір назар аударарлық құжат өмірге келді. Шынын айтқанда, бұл республика Компартиясы Орталық Комитетінің идеология бөлімі Мәскеуге жолдаған, өсек-аяңға құрылған хат болатын. Хатта аталған шараның барысында «партияның бағытын» жүргізуді қамтамасыз етпеген Жазушылар одағына ашу-ызаға толы шабуыл жасалған еді. Ондағы айыптаудың ең жеңіл дегені мынадай болатын. Үзінді келтірер болсам, онда: «Тойға жиналғандардың басым көпшілігі қазақ ұлтының адамдары болып, жекелеген билеттер кездейсоқ, онша лайықты емес адамдардың қолына тиді» деген секілді сөздер болды. Мұнан соңғы айыптаулар сол кездегі Жазушылар одағы дайындап ұсынған баяндамаға бағышталды.

Жаланы жеткізушілердің пікірінше, онда Әуезовтің шығармашылықжәнееңбекжолытуралыдрамалық-трагедиялықтұрғыдаайтылыпты, Қазақстанның шығармашы зиялыларының арасында болған қуғын-сүргіннің ауқымы едәуір ұлғайтып көрсетіліпті, республиканың идеологиялық басшылығының жазушыларға қысым жасап отырғаны расталды, жаңа идеялар мен жаңа шығармалардың жолына кедергі қойыладымыс. Мен бұл жаланы өмірге әкелген авторлардың есімдерін атап жатпаймын. Оларға өздерінің ар-ожданы әділ қазы болсын. Мен басқа жәйтті атап өткім келеді: «идеологиялық» астары бар шулы жанжал ұйымдастыру әрекеті тікелей Мұхтар Әуезовтің есімімен байланыстырылды.

Демек, бұл жанжалдың өзі де ұлы жазушының ар-ожданы мен абыройына нұқсан келтіруге тиіс болды. Бақытқа орай, сол кезде дайындалып жатқан «қатарды тазалаудың» жолын кесе алдық... Бірақ содан қалған өкініш пен жиіркеніш сезімі, шынымды айтсам, әлі күнге дейін кетер емес.

Ол уақыт енді келмеске кетті. Бүгінгі таңда әдебиет ұстаханасының шеберлеріне қысым көрсетуге, олардың шығармашылық ізденісін шектеуге және шығармаларын ревизиялауға ешкімнің де құқығы жоқ. Ендеше, жауапкершіліктің, өз Отаны мен туған халқын сүюдің үлгісі болған Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жігерлендіруші өнегесі жазушыларымыздың шығармашылық еңбегінде ұстанар адамгершілік бағыты болсын!



Құрметті мәжіліске қатысушылар!

Фирдоуси мен Гомер, Гете мен Бальзак, Шекспир мен Толстой сияқты, біздің Әуезовіміз де бүкіл адамзаттың Әуезовіне айналып отыр. Оны еске алып, аруағына тағзым етуге әлемнің барлық түкпірінен адамдар келуінің өзі де, міне, осыны айғақтайды.

Біздің меймандарымыз – халықаралық және аймақтық беделді ұйымдардың, ТМД мемлекеттері мен шалғай шет елдердің жазушылар бірлестіктерінің өкілдерін, мәдениет мәселелерімен кәсіби түрде айналысатын қызметкерлерді, Қазақстанның барлық облыстарының шығармашы зиялыларының өкілдерін құттықтау мүмкіндігіне шексіз қуаныштымын.

Сіздердің осы залда отыруларыңыз мемлекетаралық және аймақаралық деңгейдегі мәдени қарым-қатынастың тоқтамағанын көрсетеді. Демек, мәдениет бұрынғысынша, бейбітшілік елшісі күйінде қалып отыр. Міне, бұл – тамаша нәрсе.

Өзімнің және Қазақстанның барлық азаматтарының атынан біздің еліміз өміріндегі осынау дәуірлік оқиғаға қатысқаны үшін, біздің қуанышымызды бөлісуге және Қазақстан мәдениетінің жетістіктеріне тиісті құрмет көрсетуге ұмтылыстары үшін меймандарға зор алғыс сезімімді білдіремін.

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, барлық шығармашылық ойларыңызды міндетті түрде жүзеге асыруда сәттілік тілеймін!

Сөзімді қорытындылай келе, ағайынға айтатын бір сөзім бар. Бүгінгі қазақтың да Мұхаң шығармашылығы мен өмірінен алатын тағылымы аз емес. Бұл, ең біріншіден, Алаш басшылары мен Мұхтар Әуезовтің аңсап, жете алмай кеткен бүгінгі тәуелсіздігімізді ардақтай біліп, оны қорғап, сақтай білу.

Екіншіден, Мұхаңды қуғын-сүргінге қиғандар өз ішімізден шыққанын еш уақытта ұмытпайық. Ел бірлігін сақтап, арандатушы мен алауыздарды тоқтата білуіміз керек. Бұл болашақта ел болуымыз үшін керек.

Үшіншіден, қолына қалам ұстаған зиялы қауым Мұхаң шығармашылығынан нәр алып, Мұхаңдай халқы мен Отаны алдындағы жауапкершіліктен таймауы тиіс, өз елі мен халқының болашағына қызмет істеуі керек.

Қымбатты достар! Қазақтың ұлы жазушысы, қазақ әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі, ғұлама ғалым және көрнекті қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына арналған салтанатты ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

*Алматы қаласы,
1997 жылғы 27 қыркүйек*



Дүниежүзі қазақтары I құрылтайының мінберінде.
Алматы қаласы, Республика сарайы, 1992 жылғы 30 қыркүйек



Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайында.
Түркістан қаласы, 2002 жылғы 23 қазан



Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайына келген делегация мүшелерімен бірге көне Түркістан жұртшылығы алдында.
Түркістан қаласы, 2002 жылғы 23 қазан



Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында.
Астана қаласы, 2005 жылғы 29 қыркүйек



III құрылтай залынан көрініс.
Астана қаласы, 2005 жылғы 29 қыркүйек



III құрылтай қонақтары арасында.
Астана қаласы, 2005 жылғы 29 қыркүйек



Дүниежүзі қазақтары IV құрылтайының ашылу сәті.
Астана қаласы, Тәуелсіздік сарайы, 2011 жылғы 25 мамыр



IV құрылтай делегаттары алдында.
Астана қаласы, Тәуелсіздік сарайы, 2011 жылғы 25 мамыр



Ағайынмен бөлісер ой аз емес...
Астана қаласы, Тәуелсіздік сарайы, 2011 жылғы 25 мамыр



**Халқымыздың зиялылары қашанда құрылтай қонақтарының
ортасынан табылуға тырысады.**

Астана қаласы, Тәуелсіздік сарайы, 2011 жылғы 25 мамыр



ҚАЗАҚТЫҢ БҮКІЛ ТАРИХЫ – БІРІГУ ТАРИХЫ, ТҰТАСТАНУ ТАРИХЫ

Республикамыздың өнер, мәдениет және ғылым саласындағы шығармашылық зиялы қауымының танымал өкілдерімен кездесуде сөйленген сөз

Шығармашылық, ғылыми интеллигенцияның басын ауық-ауық қосып, еліміздің алдында тұрған келелі мәселелер төңірегінде ақылдасып отыру – менің жұмыс дағдыма айналған әдет. Сонау 1989 жылы, республика басшылығына жаңа ғана сайланған кезде де менің ең алдымен жинаған адамдарым шығармашылық иелері – ақын-жазушылар, композиторлар, суретшілер, сәулетшілер, кинематографистер, театр қайраткерлері болғаны естеріңізде деп сенемін. Сіздермен кездесулеріміз мұнан кейінгі жылдарда тұрақты жалғаса бастады. Еліміздің егемендігінің елең-алаңында, тәуелсіздіктің таңы жаңа атып, жас мемлекетіміз тәй-тәй басқан қиын күндерде де мен өздеріңізбен пікірлесіп, ойласып отырдым. Бұғанамыз бекіп, елдің еңсесі тіктелген тұста, арғы-бергі тарихымыздағы асыл адамдарымыздың мерейтойларын кең көлемде, әлемдік ауқымда атап өтер кезеңдерде де бастарыңызды қосып, «Ал, ағайын, елдігімізге сын болатын осы шаруаны қалай атқарғанымыз жөн болар еді? Не айтасыздар?» деген тұрғыда ақылдасып жүрдім. Шүкір, онан зиян көрген жерім жоқ. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды».

Кейінгі кезде бұл жұмыстың жаңа тәсілдерін де пайдаланып келеміз. Мен соңғы жылдарда ғылыми және шығармашылық интеллигенцияның жекелеген өкілдерін кейде олардың өз өтініші бойынша, кейде мерей-



тойлары қарсаңында арнайы қабылдап, өміріміздің сан-салалы мәселелері туралы пікірлерін көзбе-көз, емін-еркін айтуына жағдай жасап жүрмін. Елге еңбегі сіңген, өзім қадір тұтатын ағаларымның біразы алдымда болған, әңгімелерін мұқият тыңдағанмын. Олардың қай-қайсысы да «Қазақстан – 2030» деп атаған стратегиямызды бірауыздан қолдап, қостап сөйлеген. Біздің халықаралық аренада атқарып жатқан жұмысымызға да, астананың Ақмолаға қоныс аударуына байланысты атқарылған шараларға да қолдау білдірген. Жекелеген сын-ескертпелерін қабылдағанмын да. Менің алдымда болған сол азаматтардың біразы бүгін де осында отыр. Олардың сыртында бүгінгі басқосуымызға, негізінен, халық тарихын зерделеуге тікелей атсалысып жүрген ғалымдарды, қаламгерлерді, өнер адамдарын шақырдық. Біз не шаруа атқарсақ та, сіздерге – елдің сөзін сөйлейтін, халықтың үнін жеткізетін азаматтарға сүйеніп атқарамыз.

Сіздермен осы кездесудің алдында Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп аталған өткен жылдың саяси қорытындыларын шығарып, осы кезеңде атқарылған жұмысты бір пайымдап алуды қажет деп таптым. Бұл туралы менің жақында баспасөзде жарияланған жазбаларыммен жақсы таныссыздар деп сенемін. Бұл арада оның негізгі тұжырымдарын қайталап жатпай-ақ қояйын. Бір нәрсенің басы ашық: 1997 жылды Татулық пен еске алу жылы деп жариялау бізге жиырмамыншы ғасырдағы тарихымызды тың тұрғыдан қарастыруға, жүріп өткен жолымызға жаңаша баға беруге мүмкіндік жасады. Жыл бойғы айтылған жүйелі әңгіме тоталитаризмнің шын кейпін айқара ашып берді, жетпіс жылдай жамылып келген бетпердесін сыпырып тастады. Мен бір ғана цифрды атайын. 1932-33 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық пен репрессия кезінде республикамызда 1 миллион 750 мың адам құрбан болған екен. Бұл дегеніміз – сол кездегі қазақ халқының 42 проценті. Бір жылда халқының жартысына жуығынан айырылған бізден басқа ұлт бар ма екен мына дүниеде?!

Тек осы үшін, тек осы сұмдық қасірет үшін ғана, санымыз өнбей, өркеніміз өспей, талай жылдар бойына өз жерімізде, өз елімізде аз ұлт болып келгеніміз үшін ғана, сонан кешегі күнге дейін намысымыз жасып, сағымыз сынып қалғаны үшін ғана біз, қазақтар, тоталитаризм



атаулыға лағынет жаудырып, балаларымыздың балаларының балаларына: «Демократияның қадірін біліңдер!» – деп өсиет айтып өтуіміз керек!..

I

Мен өз Жарлығыммен биылғы жылды Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы деп жарияладым. Бұл жылы да біз өткенде жинақталған тәжірибені ескере отырып, тұғырдан тайса да, санадан әлі ысырыла қоймаған тоталитаризм идеологиясын әшкерелеуді жалғастыра түсеміз. Тоталитаризмге халықтың тұтастығының қажеті жоқ. Ол ұлт мәселесін қолдан қиындатып, халықтардың бір-біріне сенімсіздігін, күдікшілдігін арттыруға мүдделі. Халықтың бір тобын бір тобына, бір табын бір табына айдап салуға мүдделі. Өйткені үрейге бой алдырған ондай қоғамды билеу жеңілге түседі. Тоталитаризмге ұлттық тарихтың да қажеті жоқ. Ол ұлттың тарихи жадын жойып, мәңгүрттік психологияны орнықтыруға мүдделі. Өйткені өткенін білмейтін халықтың өзіне сенімі болмайды. Ал өзіне сенімі аз халықты айтқанға көндіру, айдағанға жүргізу жеңілге түседі. Тоталитарлық қоғам атаулының аңсайтыны да сол.

Мәселенің басқа жағы да бар. Дүниеге келген әрбір адам мына дүниені сан қырынан тануға тырысады, сонымен бірге өзін де танытуға тырысады, өзгелердің өзімен санасқанын қалайды, құрмет тұтқанын қалайды. Халық та сондай. Әсіресе ықпалдастық процесі ғаламдық сипат алған мына заманда халықтың күні халықпен болатыны екі бастан белгілі. Елдің экономикалық мүдделерінің дұрыс шешілуі үшін де алыс-жақындағы мемлекеттердің бізді танығаны, сыйлағаны, мойындағаны керек. Ал осынау дүбірлі дүниеде өзінді мойындатудың сенімді жолы – тағылымды тарихың, озық ғылымың, өрелі мәдениетің.

Өркениетті әлемде, дүниежүзілік қауымдастықта Қазақстанды экономикалық қуаты мол, болашағы зор, саясаты сенімді, бағыты байыпты мемлекет ретінде таниды. Мысалы, дүниедегі ең дәулетті ел – Америка Құрама Штаттарының Қазақстанды өзінің стратегиялық әріптесі деп атағаны көп жайды аңғартады. Ал Қазақ елінің тарихы, ғылымы, мәдениеті өзінің жер асты байлықтарындай танымал ма? Олай дей алмаймыз.

Алдыңғы жылы ерекше бір кітап жарық көрді. «Хроника человечества» деп аталады. Ағылшын тілінен аударылған. Тамаша безендірілген кітапта алғашқы қауымдық құрылыстан бері қарай күні кешегі Ресейдегі тамыз бүлігіне дейінгі оқиғалар рет-ретімен баяндалып шыққан. Әлем тарихындағы айтулы тұлғалар түгелге дерлік қамтылған. Алайда 1200 беттік сол кітапта қазақ даласы атымен ауызға алынбайды. Бұл өңірде өткен бірде-бір оқиға айтылмайды. Біздің төл тарихымыздан екі-ақ адам туралы жазылған: Әбілхайыр хан мен Назарбаев.

Ал осы әділдік пе? Әрине, әділдік емес.

Сонау палеолит дәуірінен бері адам мекендеп келе жатқан ұлан-байтақ қазақ даласында небір ғаламат тарихи оқиғалар өткен, бұл жерде небір ұлы тұлғалар ғұмыр кешкен. Әріге бармай-ақ қояйық. Жоңғар армиясы мен қазақ жасағының 1727 жылғы Бұланты өзені бойындағы алғашқы ірі шайқасын айталық. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен сол қанқасап қырғынға тең келетін шайқас сирек. Немесе екі жүз жылдық жоңғар-қазақ соғысының тағдырын шешкен алапат Аңырақай шайқасын алыңыз. Отан қорғаудағы мәні жағынан ол әйгілі Нева шайқасынан кем еді деп кім айта алады?

Айбынды Абылайдың басқа еңбегін былай қойғанда, аю мен айдаһардың арасында жанталаса жүріп, елін, жерін ондаған жылдар бойы, бүгінгі тілмен айтсақ, де-факто тәуелсіз ұстап тұра алған, ақыр аяғында өз дұшпанын оның дұшпанының қолымен қырғызып салған саясаткерлігінің өзі-ақ дүниежүзілік дипломатия тарихындағы қайталанбас құбылыстардың бірі емес пе? Әлемнің зиялы қауымы, өкінішке қарай, бұларды білмейді.

Ал енді осы үшін кімге өкпелеуге болады?

Америкалық тарихшыларға ма? Тек өзімізге өзіміз өкпелеуіміз керек.

Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмақ, өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан халықпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ, кім не деп таниды? Қалай мойындайды? Жарайды, кешегі жағдай белгілі. Халықтың өз тарихын өзіне қайтаруға талаптанған Санжар Асфандияров, Мұхамеджан Тынышбаев, Ермұхан Бекмаханов сияқты ағаларымыз нақақтан жазаланды. Соны көрген басқа тарихшылар шындықты жазудан жасқанып қалды. «Қазақ ССР тарихының» қолжазбасы Ғылым академиясына жетпей жатып, алдымен Орталық Комитеттің бөлімінде



сүзгіден өтетін, сонда түзелетін, сонда күзелетін. Енді, шүкір, жағдай мүлде басқаша ғой. Ойдың шідері алынды. Архивтер ашылды. Құпия фондыларға дейін зерттеуге мүмкіндік бар. Алаңдайтын ештеңе жоқ. Жазыңыздар. Жариялаңыздар. Шын жақсы болса, шетел тілдеріне, әсіресе ағылшын тіліне аудартуды да ойластырамыз.

Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ. Біз бірде-бір соғыс өртін бастаған емеспіз. Біз бірде-бір елдің жерін жаулап, даламызға қосып алған емеспіз. Қайта осы мәселеде қапы қалып кеткен тұстарымыз бар. Мұны айтқанда, біз көршімізден жер даулағалы тұрған жоқпыз. Қалыптасқан шекараларды қайта қарауға қарсымыз.

Сонымен, біз бұл мәселеге неге осыншама мән беріп отырмыз? Жылдың осылай аталуы нені білдіреді?

Бұл – тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы ғасырлар тоғысында өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп, «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген төңіректе ойлансын деген сөз. Бұл – әрбір азамат туған елінің, туған халқының тарихы ешкімнен де олқы еместігін түсінсін деген сөз. Бұл – әрбір азамат тарих қойнауына ойша тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын деген сөз.

Жер байлығы деген ұғым бар. Ел байлығы деген ұғым бар. Сонымен қатар, меніңше, ер байлығы деген ұғым да болуға тиіс. Жер байлығы, шүкір, бізде жетіп артылады. Қазақтың жерінің асты да қазына, үсті де қазына. Тек игере білейік. Жер байлығы бар жерде ел байлығы да болмай қоймайды. Қазірдің өзінде сол игіліктің басы көріне бастады. Әлі-ақ дәулетті де сәулетті елге айналамыз. Мен бұл жөнінде бүгінгі әңгімеміздің екінші бөлігінде арнайы айтпақпын. Қазірше бұл тақырыпты қозғамай қоя тұралық. Ал ер байлығы деген не сонда? Ол – ұлттың биік рухы. Елдің өзін-өзі сыйлауы. Оның көрсеткіші, өлшеуіші бар ма? Жер байлығы баррельмен, тоннамен, текше метрмен өлшенеді. Ел байлығын да теңгемен, доллармен мөлшерлеуге болады. Ер байлығының өлшеуіші – елдің өзін ел сезінуі. Өзгелермен тең сезінуі. Өзінің ұлтын ер сезінуі. Қайраттанып, намыстанып, жігерленіп өмір сүруі. Сөйтіп, әлемдік тарих көшінің алғы шебіне ұмтылуы. Түптеп келгенде, біз осыны мақсат етеміз. Осы асыл мақсатқа, асқақ мұратқа жетудің жолдарын ақылдасу үшін сіздермен бас қосып отырмыз.

Сонымен, биылғы жылды – *Барыс бейнелі болашағымызға ұмтылысты бастайтын, Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асыруды нақты қолға алатын жылды біз Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы деп жарияладық. Бұл – екеуі ажырағысыз, бірін-бірі толықтыратын ұғымдар.*

Алдымен халықтың тұтастығын айттық. Неге?

Менің елді басқара бастағалы бергі айтып келе жатқан бар тілегім, зар тілегім – бірлік, тұтастық. Ең алдымен, қазақтың бірлігі, халқымыздың тұтастығы.

Алдыңғы жылы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының жиынында сөйлегенде басын ашып тұрып айтқанмын. Тағы да айтамын: қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы.

Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық. Халқымыздың туысқандық негізі бойынша атаға бірігу, өмір салтына, шаруашылық жүргізу талабына орай руға бірігу, жер ыңғайына қарай тайпаға бірігу, шетсіз-шексіз даланың жағдайына, саяси институттарды қалыптастырудың, әкімшілік басқарудың қажеттігіне орай бірігу, мемлекеттік мүдде тұрғысынан ұлтқа бірігу процесі кезең-кезеңімен эволюциялық жолмен, әлеуметтік сілкініссіз, қақтығыссыз өтті. Бұл – біздің бақытымыз. Оны бағалай білуіміз керек. Ата-бабаларымыз бізге бірліктің, ынтымақтың, тұтастықтың ұлы үлгісін көрсетіп кетті. Қазақтың арғы-бергі тарихының ең ғибратты тағылымы да, міне, осында.

Қазақ – ауызбірлікшіл халық. Ауызбірлігі жоқ халықтың осындай территорияны ұстап қалуы еш мүмкін емес еді. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы. Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы жайлап жатқанда, мемлекеттің реттеуші тетіктері іске қосылмай тұрған кездің өзінде ешқашан да, еш жерде қазақта тайпа мен тайпа тұрмақ, ру мен ру соғысып көрмеген! Осыны ұмытпаңыздар.

Өмір болған соң кездеспей қоймайтын жер дауы, жесір дауының, барымта мен сырымтаның аяғы ат-тон айыппен, әрі кеткенде билер кеңесінде құн төлетумен бітім тауып отырған.

Хандық билікпен бірге қазақ жүздерінің территориялық сипаты жойылды. Аға сұлтандықпен бірге тайпалардың меншіктеген жерсуы қоса кетті. Болыстықпен бірге ру-ру болып дауыс беруі қойылды. Көшпелі өмір салтының өшуімен бірге ағайынның ауыл-ауыл болып,



ірге ажыратпай қоныстану салты жойылды. Қазақты бір-біріне айдап салудың небір қитұрқы тәсілдерін білген, әдісін әккілікпен меңгерген дейтін кешегі Кеңес өкіметі, одан бұрын Ресей патшалығы қазақты бөліп-жарып басқарудың бұрынғы тәсілдерін салғаны белгілі. Біз қазір де абай болуымыз қажет.

Аз қазақтың азаматын ру-руға теліп сөйлеудің де ендігі жерде ешқандай қисыны келмейді. Қуандық Шаңғытбаев ағамыз бір өлеңінде былай дейді екен:

*Жүз десең мына заманда –
Мазағың, тіпті азабың!
Ру мен ұлтқа адамды
Бөлді ме есті қазағың?!*

Ардақты ақынымыздың бұл сөзіне менің қосып-аларым жоқ. Мазаққа қалмайық, ұрпақты азапқа салмайық. Ойланыңыздар. Әсіресе жаңа астанаға – Ақмолаға бұрынғы былық-шылық әңгіме ере барып жүрмесін. Жаңа астананың қаласы да, адамдарының санасы да жаңа болсын.

Ұлттық тарих жылы еліміздің шежіресіндегі талай айтулы оқиғалардың қарсаңына келіп тұр. Оның ең негізгілері: Түркістанның мың жарым жылдық мерекесі. Мұхамед Хайдар Дулатидің 500 жылдығы, Құрманғазының 175 жылдығы, Ахмет Байтұрсыновтың 125 жылдығы, Аңырақай шайқасының 270 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қорқыт бабамыздың 1300 жылдығы. Олардың кейбірі биыл аталады, біразына дайындық осы жылдан басталады.

Ұлы тарихшымыз Мұхамед Хайдар Дулатидің мұрасы әлі қазақ оқырманына жете қойған жоқ. Менің білуімде, бабамыздың негізгі еңбегі – «Тарихи-Рашиди» толық күйінде ағылшын тілінде ғана жарияланған, орыс тілінде тек жекелеген тараулары аударылған. Тойға тарихшының қазақша кітабымен баруды шешпей болмайды. Орыс тіліндегі нұсқасын жариялау да артық етпес еді.

Осындай талапты Құрманғазы, Ахмет Байтұрсынов, Қорқыт баба мұраларына байланысты да айтамыз.

Өткен жылғы Мұхтар Әуезов тойының тағылымын есте ұстау жөн. Оған дайындық барысында негізгі назар ұлы жазушының бай мұрасын

насихаттауға, зерттеуге, шығармаларын жариялауға аударылғаны өте орынды болды.

Ана бір жылдардағыдай аста-төк дастарханды, оңды-солды шығынды азайту керек. Атын ағайындары ғана білетін толып жатқан жергілікті батыр, жергілікті би, жергілікті ақындарға ат шаптырып, той жасап, жұртты шаршатуды қою керек. Одан ұлттық тарих жасалмайды, рулық тарих жасалады.

Мен жақында Үкіметтің Халық тұтастығы және ұлттық тарих жылына байланысты атқарылатын жұмыстарының жоспарымен таныстым. Онда көп мәселе қамтылған екен. Ғылым министрлігінің – Ғылым академиясының ұлттық тарих мәселелеріне арналған Жалпы жиналысының сессиясын өткізу идеясы өте орынды. Сессияның көшпелі мәжілісін Түркістан қаласында ұйымдастыру да – жақсы ұсыныс. Тек осы орайда бір күмән бар. Биыл біз Түркістан тойын ойдағыдай өткізе аламыз ба? Дайындалып үлгереміз бе? Ойласайық. Нақты мүмкіндігімізді шамалайық.

Биыл Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне айрықша салмақ түспек. «Менің Отаным – Қазақстан» сериясымен балаларға арнап кітапшалар бастыру, үш томдық «Қазақ мәдениеті» энциклопедиясын дайындау, 9 томдық «Қазақтар – Казахи» атты анықтамалық шығару, «Қазақстан тарихы – романдарда, повестерде, құжаттарда» деген кітаптар сериясын бастау ойлары маған ұнады. Ғылым академиясымен бірлесіп, «Отан тарихы – Отечественная история» деген атпен жаңа журнал шығару да көкейге қонатын шешім.

Жылдың идеясын жан-жақты ашып көрсететін республикалық телемарафон өткізу керек. «Қазақстан теледидары мен радиосы» корпорациясы өткен жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні елдің есінде қалатындай телемарафон ұйымдастырған болатын. Дайындалсын. Қолынан келеді.

Корпорацияның «Менің халқымның тарихы» деген атпен жастардың интеллектілік теле-ойынын ұйымдастыру талабы да, Қазақстан тарихы туралы деректі фильмдер жасамақ ойы да құптарлық.

Әрине, жылдың негізгі жүгін Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы көтереді. Биыл бұл мекеменің шама-шарқын байқап көреміз.

Министрліктің зерттеулері қазақ тарихы адамзат шежіресінің құрамдас бөлігі екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп беруі керек. Біздің



ұлттық тарихымыздың дүние дидарындағы аса күрделі процестерден сырт қалуы мүмкін де емес еді. Өткеннің өкінішін айтқанда елдің еңсесін езе түсетіндей етіп емес, тарихтан тағылым алатындай етіп айту керек. Қазақтың күллі адамзаттан алабөтен тағдыры жоқ, болуы да мүмкін емес. Отар болу тек қазақтың маңдайына жазылмаған. Бізден алып, бізден халқы көп елдер де кезінде отаршылықта болған. Білегі мықтының бәрі әлсізге әлімжеттік жасап, қаруының күші жеткен жерді басып ала берген өткен дәуірлерде, әсіресе он сегізінші, он тоғызыншы ғасырларда бүкіл әлемнің тең жартысына жуығы отарларға бөлініп біткен болатын. Бұл алапаттың дауылы дүниенің бір қиырында емес, Еуразия материгінің қақ ортасында орналасқан қазақ даласын айналып өтуі мүмкін емес еді. Жер шарының басқа бір шетіндегі Үндістанды алыстағы Ұлыбритания басып алғанын көріп отырған Ресей империясы көршілес жатқан қазақ жеріне неге көзінің сұғын қадамасын?

Қазақстан жеріндегі ежелгі мемлекеттер, олардың болашақ қазақ ұлтымен сабақтастығы деген мәселелер әлі терең зерттелмей келеді. Сақтардың, Ғұндардың, Үйсіндердің, Қаңлылардың мемлекеттері, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Оғыз қағанаттары, Дешті Қыпшақ, Алтын Орда, Жошы ұлысы, Қазақ хандығы... Осылардың әрқайсысына арнаулы монографиялар жазылса да артығы жоқ. Сол дәуірлердің жәдігерліктерін зерттейтін археологиялық экспедициялар шығару керек. Ғалымдар тобын жасақтаңыздар. Облыс әкімдеріне тапсырма беремін, жұмысқа қажетті жағдайдың бәрін де жасатамыз.

Мұны айтып отырғаным – қазақ даласының, Қазақстан жерінің көне тарихын саудаға салып, біздің осы өлкенің ең байырғы тұрғындары екенімізге күмән келтіргісі келетіндер табылады. Қазақстан тарихшылары, археологтары біздің территориялық тұғыр-тиянақтарымызды нақты дәлелдермен, қолмен қойғандай етіп бере алатынына ешқандай күмән жоқ. Көшпелілер мал жайып өткен жерінің бәрін өздерінікі санай берген дейтін сандырақты ғылыми тұрғыдан әшкерелеу шарт. Жаңағы мен атап өткен ежелгі мемлекеттердің барлығы да бүгінгі Қазақ елінің бастауы, түпқазығы. Біз – солардың заңды мұрагеріміз. Қазақ даласында қазақтан өзге халық ту тігіп, орда құрған емес.

Қазақ тарихы тек осы Қазақстан жерімен шектелмейді. Ресейдің шекаралас облыстарына, Өзбекстанның Бұқара, Жызақ, Ташкент облыстарына, Қарақалпақстанға тарихи, этнологиялық экспедициялар шығару керек. Моңғолиядағы, Қытайдағы, Түрікменстандағы, Ирандағы қазақ диаспорасының фольклорлық мұрасын жазып алу да ойда болсын.

Біз зерделі зерттеулер арқылы ұлтымыздың өткен жолы Қазақстанды мекендеген басқа да ұлттар мен ұлыстардың тағдырымен, көрші мемлекеттердің, тағдыр-талайымен тікелей байланысты екенін дәлелдеуіміз қажет. Халықтың тұтастығы дегенде, біз тек қазақтың бірлігін ғана айтпаймыз. Қазақстан халқының тағдыры да ортақ, тарихы да ортақ. Отаншылдық сезімін тәрбиелеудің бір тетігі де осы.

Атақты тарихшы Ключевскийдің: «История учит только тех, кто ее изучает» деген ғибратты сөзі бар. Түптеп келгенде, тарих тек ғылым үшін зерттелмейді. Ол ең алдымен тарихтан тағылым, сабақ алу үшін зерттеледі. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ тарихы нені көрсетеді? Бұл тарих біздің халқымыздың даму арнасы әлемдік процестерден сырт қала бастаған тұстарда ұлттың да кенжелеп қалғанын көрсетеді. Бүгінгі таңда да біз әлемдік даму динамикасын ескермесек, өзгелердің қарқынына қарап отырмасақ, тарих шеруінің соңында шаң қауып қалуымыз әбден мүмкін. «Қазақстан – 2030» стратегиясын жасағандағы басты мақсатымыз да осы болатын.

Тәуелсіздік алғалы талай нәрсе өзгерді. Өзгермейтін біздің музейлеріміз ғана. Қай облыстың музейіне барсаң да, социалистік идеялар самсап алдыңнан шыға келеді. Экспонаттар көп жерде сол күйінде тұр. Музей ісінің жаңа концепциясын жасау керек.

Монументті насихаттың міндет-мақсатын да қайта қарау жөн. Біздің облыстардағы әкімдеріміз орталық алаңдардағы Лениннің ескерткіштерін алып тастаумен іс біттіге санап отыр. Қай қалаға барсаң да, қалған кішігірім қызыл көсемдер «ассалаумағалейкүм» деп алдыңнан шыға келеді.

Сіздермен осыдан төрт жылдай бұрын кездескенде: «Коммунистік проспектіні Абылай хан даңғылы деп атадық. Енді вокзал басындағы Калинин атамызды басқа жерге ауыстырып, оның орнына Абылай ханның аттылы ескерткішін орнату керек» дегенім естеріңізде шығар. Сонан бері не істелді? Конкурс жарияланды ма? Соны бақылап отырған



біреу бар ма өзі? Бұл істі бетімен жіберуге болмайды. Министрлік тиісті концепция ұсынсын, облыс әкімдерімен бірлесе отырып, таяудағы жеті-сегіз, әрі кетсе он жылға арнаулы жоспар жасасын. Кімге ескерткіш қойылады, кімге қай жерде қойылады, қашан қойылады, қандай қаражаттың есебінен қойылады – бәрін де сол жоспарда белгілейік. Үкімет қаулысымен бекітейік.

Ономастикалық саясатты босаңсытуға болмайды, жалтақтай беретін ештеңе жоқ. Ақмолада қала астана деп жарияланардың алдында бірден 28 көшенің аты өзгертілді. Советская Конституция, Революционная, Комсомольская, Делегатская, Октябрьская деген сияқты қызыл бояуы шашырап тұрған көшелердің атын ауыстыру үшін қаланың астана болғанын күтіп отыру шарт па еді? Отаршыл заманды еске салып, халықтың намысына тиетін атауларды да, тілдің өзіндік заңдылығын, табиғи үндестігін бұзып тұратын атауларды да ауыстырмаса болмайды.

Тарих пен тіл тамырлас. Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөле айтар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, қанын төгіп, жанын беріп жүріп қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабалардың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

Мемлекет тілге байланысты өзіне қатысты саяси мәселелердің бәрін шешіп берді. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Арнаулы мемлекеттік орган бар. Бөлінген қаржы бар. Тек нақты жұмыс жоқ. Күні кешеге дейін тіл мәселесін орынсыз саясаттандырып, әркімнің қолжаулығы етіп келдік. Атқарушы биліктегі адамдар жұмысты жаңаша жүргізе алмады. Тың бағдарламалар ұсынылмады. Енді сөзден іске көшу керек. Жақында баспасөзден бір топ белгілі қайраткерлердің ел халқына үндеуін оқып, тіл саясатының түпкі мәнін дәл түсінгендеріңізге, сергек сезінгендеріңізге разы болдым. Үндеуге қол қойған азаматтардың біразы осында отыр. Сондағы: «Бүкіл қазақ халқын шаңырақтан шаруашылыққа, мектеп партасынан Парламент пен Үкіметтің биік мінберіне дейінгі күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздің барлық саласында ана тілінде тілдесуді белсенді өмір салтына айналдыруға шақырамыз. Өз тілімізбен өмір сүрейік. Ана тіліміз рухани азат-

тығымыз бен мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тірегіне айналсын» деген сөздер әр қазақтың жүрегіне жететіндей. «Өз тілімізбен өмір сүрейік» – бұдан артық қалай айтуға болады? Қажет десеңіздер, одан да оңайла-тып айтайын: қазақ қазақпен қазақша сөйлессін. Тек қарапайым нәр-сені – қазақ тілі ең алдымен қазақтың өзіне керек екенін түсіндіруге осыншама уақыт кеткені ғана қынжылтады. Тіл туралы жиын-жиналыс-тарды енді көбейте беретін ештеңе жоқ. Оған кететін алтын уақытты нақты іске арнайық.

Ұлттық тарих жылында журналистер қауымына айрықша сенім ар-тамыз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағыдай батырларды бәсеке-лестіру, сардарларды салыстыру белең алып кетпесін. Бір өңірдің газеті басқа өңірден шыққан батыр, би, ақындарды ауызға да алмайтын ау-рудан арылайық. Қазақтың жақсысы мен жайсаңы баршамызға ортақ. Бұл театрлардың репертуар саясатында да ескеретін жай.

Қалайда тарих жылына үлес қосып қаламыз деп жанталасудың, күл-ді-көмеш нәрселерді баспаға тықпалаудың, сахнаға сүйрелеудің қа-жеті жоқ. Бұл қайта тарихи тұлғаларымыздың қадірін кетіреді. Нашар дүниелердің барынан жоғы жақсы. Ақиқат атаулыны тап биыл айтып тастаймыз деп жанығудың керегі жоқ.

Тарих бізбен тоқтап қалмайды.

Жылды өткізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия төрағасы Әбіш Кекілбаев Үкімет қаулысымен бекітілген жоспарға қоса үлкен-үлкен үш ғылыми-теориялық конференция тақырыбын ұсынған екен. Оның біріншісі – «Қазақстанның көне тарихының проблемалары» деген та-қырыппен Таразда өткізілетін Мұхамед Хайдар Дулати дәрістері. Екін-шісі – «Еуразияшылдық идеясының әлеуметтік-мәдени және әлеумет-тік-саяси феномен ретіндегі тарихи тамырлары мен болашағы» деген тақырыппен Ақмолада өтетін Шоқан Уәлиханов дәрістері. Үшіншісі – «Қазақстан жеріндегі мемлекеттілік тарихының проблемалары» деген тақырыппен Жезқазғанда өтетін Әлкей Марғұлан дәрістері. Үшеуі де аса маңызды мәселелерге арналған. Мен қолдаймын. Тыңғылықты дайын-далып, материалдарын жинақ күйінде шығаруды да ойластыру керек.

Айта берсе, міндет көп. Оларды сіздер Комиссия отырыстарында нақты талқылай жатарсыздар. Мен өзім маңызды деп санаған бірнеше мәселеге назар аудардым.



Ең басты міндет, қайталап айтамын: халықтың рухын көтеру. Өзіне сенімін арттыру. Осы игі іске әрқайсыңыз перзенттік парызбен, аянбай атсалысады деп сенемін. «Қазақстан – 2030» стратегиясын жүзеге асыруға кірісердің алдында мұның саяси мәні де, тіпті экономикалық маңызы да бар.

II

1. «Қазақстан – 2030». Бұл стратегия бізге не үшін қажет болды?

Нарықтың бас кезінде жоспар атаулыға жоламай кеткеніміз бар болатын.

Енді ойлап отырсақ, мәселе жалпы жоспарлауда емес, нені, қалай жоспарлауда екен. Қазақта да сөз бар емес пе: «Бес күндігін ойламаған әйелден без, бес жылдығын ойланбаған еркектен без» деген...

Соңғы жылдарда ендігі жерде тек бүгінгі күнмен ғана, ағымдағы міндеттерді шешумен ғана жүре беруге болмайтынына көзіміз анық жетті. Бұған елдегі экономикалық жағдайдың біршама тұрақтанғаны да жағдай жасады. Сонан барып осындай стратегия дүниеге келді.

2. Стратегия – біздің болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілікті сезінетіндігіміздің көрінісі

Егер біз өзіміздің тұсымыздағы тұрақтылықты, өзіміздің тұсымыздағы тыныштықты ғана ойлайтын болсақ, онда мұндай ауқымды шаруаны қолға алмас едік. «Саясаткер биыл өтетін сайлаудың жағдайын ойлайды, қайраткер биыл туған баланың тағдырын ойлайды» деген сөз бар. Біз қайраткер, мемлекет қайраткері болғымыз келсе, ең алдымен халықтың болашағын ойлауымыз керек. Мен осы жағына қатты көңіл бөлдім. Сенімсіздікпен қарайтындар болатынын біле тұра, осы қадамға бардым.

3. Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты – біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы

Стратегиядағы осы тезистің ең алдымен сіздерге қатысы бар. Қоғамның біртұтастығы белгілі бір дәрежеде ақыл-ой иелерінің, талантты

тұлғалардың, сөзіне дүйім халық құлақ қоятын азаматтардың позициясына байланысты. Әсіресе әкімнен гөрі ақынды көбірек қадір тұтатын Шығыс елдерінде ғалымның, суреткердің беделі дәйім биік болып келеді. Айтқан сөзі өтеді. Бір мысал. Біздің халық Махамбеттей ақын айтқан соң, хан Жәңгірдей ұлығымызды да «хан емес қасқыр, қара албасты басқыр», «хан емес аяр, айыр құйрық шаян» деп санай берген ғой...

Сіздер жазған еңбектеріңізде, мақалаларыңызда, көркем публицистикада қоғамның осы «Қазақстан – 2030» стратегиясы төңірегіне топтасуы қажеттігін дәлелді айтады, нандыра айтады деп сенемін.

4. Біз тәуелсіз ел бола алдық. Стратегиядағы түйінді ойдың бірі осы

Бұл сөз айтуға ғана оңай. Одақ ыдыраған кездегі біздің жағдайымызды білетін кез келген адам көп ұлтты, көп тілді, көп дінді республиканың, негізгі ұлты халықтың жартысына жетпей тұрған республиканың тәуелсіз мемлекет болып кетуі қандайлық қиямет-қайым іс екенін жақсы түсінеді. Шүкір, біз сол жолдан өттік.

Егемендіктің, тәуелсіздіктің негізін қаладық.

Ескі саяси және экономикалық жүйеден босанып шықтық.

Халық санасын тәуелсіздік талабына бейімдей білдік.

Табиғи ресурстарымызды әлемге таныта алдық.

Қоғамның саяси тұрақтылығына қол жеткіздік.

Бұл айналасы алты жыл үшін аз жұмыс емес.

5. Стратегияда осал тұстарымыз да сараланып көрсетілген

Ең басты осал жеріміз – біздің діліміз, яғни, менталитетіміз. Оны коммунистік принциптер рухында тәрбиеленген адамдардың бірнеше ұрпақтары қалыптастырған. Оның зардабын алдымен біздің қазақ, әсіресе ауылдағы қазақ тартып отыр. Ауыл әлі күнге мемлекетке иек артып келеді. Дотацияға әбден үйреніп алған. Дотация тұрмақ, бір кезде айлық деген де болған жоқ қой. Шаруаны қай кезде мемлекет асырапты? Ал енді осы әңгіменің бір ұшығы зиялы қауымға, сіздерге де қатысты. Өмірдің бар саласында реформа басталған ана жылдары ауылды бейне бір қорық (заповедник) жасап алдық.



Жердің нарықтық қатынастарға түсуіне өре түрегеле қарсы болдық. Қазаққа сауда жат нәрсе деп пәлсапа шығардық. Қоғамдық пікір қалыптастырдық. Сөйтіп жүргенде уақыт оздырып алдық. Аяғы мынадай болдық.

Біз, әрине, ауылды бұл күйінде қалдырмаймыз. Қалдыра алмаймыз. Стратегияда: «Село таяудағы он жылда нарықтық өзгерістерге қосымша серпін беру және әлеуметтік проблемаларды шешуге ерекше көңіл бөлу, инфрақұрылымды дамыту тұрғысынан басым сала болуға тиіс» деп жазылған. Солай болады да. Мен жақында ендігі жерде шетел инвестициясын, негізінен, ауыл шаруашылығына бұру қажеттігін мәлімдедім. Бұл – біздің принципті бағытымыз. Ашық айтсам, перзенттік парызымыз.

Суреткер қауым ұлт менталитетін бүгінгі заманға бейімдеу ісіне араласуы керек. Діл деген догма емес. Ол да өзгеріске түседі. Әрине, бұл ұзақ процесс, қиын процесс.

Тағы бір қауіпті құбылыс – демографиялық депопуляция, яғни, туудың азаюы, өлімнің көбеюі. 1992 жылдан бері соғыстан кейінгі 50 жыл ішінде тұңғыш рет біздің халқымыздың саны қысқара бастады. Халықтың санын өсіруді ойластырмай болмайды. Мен Стратегияда балалы болғысы келмейтіндерге салық енгізу туралы ұсынысты көпшілік талқысына салатын ойым барын да айтқан едім.

Бұл ретте, шет елдердегі қандастарымызды Отанына оралту жөніндегі жұмысты да жалғастыра түсеміз. Мен жақында өз Жарлығыммен миграция мен демография жөнінде арнаулы комитет құрдым, Үкіметке осы жөнінде тапсырма бердім.

6. Ұзақ мерзімді басым мақсаттарымыз туралы

Стратегияда жеті бағыт бөле көрсетілген. Еске салайын:

1. Ұлттық қауіпсіздік.
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.
3. Экономикалық өсу.
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.
5. Энергетика ресурстары.
6. Инфрақұрылым. Көлік және байланыс.
7. Кәсіби мемлекет.



Осылардың арасынан мен ең алдымен ұлттық қауіпсіздікті айтамын. Оны «№1 ұзақ мерзімді басымдық» деп атағаным да сондықтан.

Біз қиын жолға түстік. Жетістігіміз аз емес. Кемшілігіміз де бар. Өмірдің аты өмір. Қателіктер, бәлкім, әлі де жіберілер. Бірақ болма-сын деп жатқан жоқпыз. Дана халқымыз қателіктерді түсінеді, оларды кешіре де біледі. Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып барып қонған бақыт құсынан – Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді. Егер біз мемлекеттігімізден айырылып, егемендігіміздің стратегиялық негіздерін, өз жеріміз бен ресурстарды қолымыздан шығарып алсақ, онда бізге кешірім жоқ.

Ұлттық қауіпсіздік қамы үшін талай шаруа атқарылды. Америка Құрама Штаттары бастаған әлемдегі ең ірі бес мемлекет еш уақытта Қазақстанға соғыс ашпайтынына кепілдеме берді. Оның бел ортасында екі ұлы көршіміз – Ресей мен Қытай бар. Еліміздің территориясы, сондай-ақ көршілермен шекарасы тұңғыш рет халықаралық актілермен заңды түрде бекітілді. Бұл – Қазақстанның жас дипломатиясының ірі табысы.

Әскерімізді қалыптастыру процесі жақсы жүріп жатыр. Қазақстанның ұлан-ғайыр қазба байлығы халыққа тек қана жақсылық әкелуі үшін көп іс атқару керек. Байлық бар жерге сұқ көз қадалмай қоймайды. «Сақтықта қорлық жоқ» деп атам қазақ тегін айтпаған.

Каспий проблемасын шешудің жолын көріп отырмыз.

Өткен жылы тынған үлкен бір шаруа – астананың Ақмолаға қоныс аударуы. Мен мұның халық өміріндегі аса ірі тарихи оқиға боларына сенгенмін. Солай болып шықты да. Халықаралық қауымдастық та бұл қадамымызды құп алып отыр. Бізге жақын екі мемлекеттің басшылары – Ислам Каримов пен Асқар Ақаев Ақмолаға арнайы келіп, астанамызға құтты болсын айтып кетті. Оларына рахмет. Маусым айында болатын астана тұсаукесеріне көптеген елдердің делегациялары қатысады деп күтіп отырмыз.

Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар. Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дарқан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадай-



тындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала – Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жаннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай.

Енді жағдай басқаша. Астананы даулау тұрмақ, астанаға көрші облыстардың жерін даулау дегеніңіз де бүкіл әлем жұрты күлкіге айналдыратын далбаса болады да шығады.

Ақмоланың халқымыз мақтаныш ететін қала боларына жиырма бірінші ғасыр архитектурасымен тұрғызылатын жаңа ордамыз боларына күмән жоқ. Жақында мен қаланың бұрын ойластырылған бас жоспарының жобасын қабылдамай тастадым. Шетел сәулетшілері қатысатын халықаралық конкурс ұйымдастырамыз. Ең жақсысын іріктеп аламыз.

Осы мәселені сөзбұйдаға сала бермей, бас-аяғы үш-төрт жылда шешіп тастағанымызға сіздердің сөз көмектеріңіз көп болды. Зиялы қауым бұл идеяны бірден қолдап, жұртшылық пікірін дұрыс қалыптастыра білді.

Ал Алматы қашанда Алматы болып қала беретініне шәк келтірмеңіздер. Алматы – ғылыми, мәдени орталық ретінде бар қазақтың жүрегіне жақын, аяулы қала. Бұл қаланың дамуын да ұдайы назарда ұстап отырамыз.

№2 ұзақ мерзімді басымдық ретінде ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын атадық.

Бұл мәселені айтарда тағы да Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылына соқпай кете алмаймыз. Осы жылда діттеген мақсаттарымызды жүзеге асыра алсақ, онда біз ішкі саяси тұрақтылықты орнықтыруға да үлес қосамыз, қоғамның топтасуын да нығайта түсеміз.

Тағы да қадап айтатыным – қоғамдағы саяси тұрақтылықты сақтай алмасақ, біздің барлық ісіміз зая кетеді. Осыны естен екі елі шығармаңыздар.

7. Стратегияда қамтылмаған сала жоқ деуге болады. Олардың бәрін бір кездесуде әңгімелеп шығу мүмкін де емес. Шарт та емес шығар

Мен сіздер тікелей атсалыса алатын кейбір салаларды ғана айтайын.

Оның бірі – салауатты өмір салтын орнықтыру. Ғасырлар бойы таза ауада, таза тамақпен жүрген халқымыз кейінгі жетпіс-сексен жылда

көрмегенді көрді. Экология нашарлады. Тамақ рационы әлсіреді. Оған арақ пен темекі қосылды. Не нәрсені де жеріне жеткізбей тынбайтын салтымызбен бұл жағынан өзімізге үйреткен ағайындарды да артқа қалдырып кеттік.

Қоғамдық сана мен мораль арақ атаулыға төзгісіз болуға тиіс. Сол пікірді қалыптастыруға атсалысыңыздар.

Темекі тартуға жаппай үйірлік те көсегемізді көгертпейді.

Отбасын нығайту да – үлкен міндеттің бірі. Ажыраса салу, балаларды тірі жетім ете салу үйреншікті жайт болып барады. Балалар үйлеріндегі нәрестелердің 80-90 проценті өзіміздің ұлттан.

Қартайған ата-анасына қарамай кететіндер біздің арамыздан да шыға бастады. Ана жолы Ақмола-Алматы арасындағы телекөпір кезінде мен осыны ашынып-ақ айттым. Сіздер де үн қосыңыздар.

Қазір қоғамымызда әлеуметтік мәселелер қордаланып қалды. Бәрін де білеміз. Бәрімен де айналысып жатырмыз. Бір ғана нәрсені ұмытпайық, осыны жүрген жерімізде айта жүрелік: тұрмысты түзететін тек қана жұмыс. Маңдай терлемей нан жейтін күн келмеске кетті. Мына заман баяғы жайбасарлықты көтермейді. Үкімет енді қоғамға масыл болатындарға қараса алмайды. Осыдан төрт жыл бұрын сіздермен кездескенде ақын Ақұштап Бақтыгереева айтқан бір сөз есімде. «Алдындағы малын араққа айырбастаған адамға көмектеспеу керек» деген еді. Дұрыс. Үкімет тарапынан жұмысқа жарамсыз, кемтар, ғаріп адамдарға ғана, жасы келіп, асыраушысыз қалған кісілерге ғана көмек көрсетіледі. Басқалар жанын жеп, жанталасуы керек. Үкіметтің міндеті – халықты жұмыспен қамтамасыз етуді ойластыру. Осы істің арнаулы бағдарламасын жасауды Үкіметке тапсырамын. Бақылау орнатамыз.

Ақын қарындасымыз Ақұштаптың сөзі мені отбасындағы ер-азаматтардың орны, жауапкершілігі деген мәселеге жетелеп отыр. Өздеріңіз білесіздер, қазір талай үйді әйелдері асырап отыр. Алысқа сабылып, қаладан қалаға ағылып, тауар тасып, азып-тозып, сауда жасап, жанталасып жүргендер, негізінен, солар. Бұл не сонда?! Егер ағаларымыз бен інілеріміз іргедегі жеріне, қорадағы малына, қолындағы балаларына қожа болатындай іскерлік танытып жатса, айналайын жеңгелеріміз бен келіндеріміз осылай сабылып жүрер ме еді? Қақ төрінде аяқ-қолы сау отағасы отырған қай қазақ шаңырағын қай заманда бала-



шағаның қамы үшін не әйелін айдалаға сабылтып, не көрші-қолаңға, ағайын-туғанға, би мен болысқа немесе ханға қол жайып еді? Осыған бізді үйреткен тапқан-таянғаныңның бәрін ортақ қалтаға басып алып, шетінен тиын-тебен ұстатқан күні кешегі социализм бе? Оны біз құлатқан жоқпыз, өзінен-өзі құлап қалғанын бәріңіз көрдіңіздер. Енді өзіміз өндіргеннің бәрі өзіміздікі болатын мына заманда білек түріп іске кіріспей, тіл безегеніміз, тәй-тәй тұрған тәуелсіздігіміздің жағасына жармаса бергеніміз көлденең көзге қалай көрінер екен? Осыны да ойланайық. Мұндай салиқалы іске өздеріңіздей аузы дуалы азаматтар мұрындық болмағанда, кім болады?

Елі мұратқа жетпей тұрып, ері мұратқа жетуші ме еді? Сондықтан елдіктің қамын ең алдымен ойламай болмайды.

Біздің ел болып кетуімізге, көздеген мақсатымызға тезірек жетуімізге ғылымның қосар үлесі мейлінше зор екенін түсінеміз. Ғылым бізге қандай керек болса, ғылымға біздің мемлекеттігіміз де сондай керек.

Еліміздің ғылымын жаңа жағдайға лайықты дамыту үшін реформа қажеттігі белгілі. Оның жобасын ғалымдардың өздері ұсынуы керек еді, бірақ ұзап барады. Сондықтан бәріміз болып қолға алып, ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз етудің осы заманғы жүйесіне көшуді тездетпей болмайды. Ол үшін біздің ұлттық мүдделеріміз бен замана талабына жауап бере алатын зерттеу жұмыстарын қаржыландырудың жаңа жүйесін жасақтаған жөн. Онда тәуелсіздігіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізді нығайтуға ерекше назар аударылғаны жақсы. Сондай-ақ демократия мен нарық, гуманизм мен отаншылдық, жалпы-адамзаттық өркениет арнасында эволюциялық жолмен дамуға, халықты, жас ұрпақты экономикалық бастамашылыққа, бизнеске баулуға, төл тарихымыз бен рухани мұраларымызды жаңаша сараптап, терең меңгеруге, әлемдік тежірибенің озық үлгілерінен үйренуге, білім беруді қайта құруға бағытталған зерттеулерге баса мән бөлген жөн. Ол үшін Ұлттық академияны мемлекеттік ғылыми корпорация ретінде сақтай отырып, оның құрылымын бағдарламалық жүйеге көшіріп, тендерлік, конкурстық негізде қаржыландырып, шынайы шығармашылық бәсекенің ұясына айналдырмай болмайды. Тек сонда ғана ғылымның қоғамдық маңызы артып, қайтарымы өсе түседі.



Мұнан былай президенттік, мемлекеттік гранттарды, негізінен, ғылыми-әлеуметтік прогреске қызмет ете алатын ірі де іргелі зерттеулермен шұғылданып жүрген ғалымдарға белгілеген жөн шығар.

Өнер мен әдебиетті қаржыландыру саясатын да осы тектес бағыттарда қарастырған тиімді сияқты. Сонда ғана біз ғылым мен өнерді дамытуға мемлекетпен қоса меншіктің барша түрін қатыстыруға жағдай жасай аламыз. Қысқасы, ғылым мен өнерге мемлекет тарапынан жасалатын қамқорлық елдігімізге, кемелденуімізге, келешегімізге қызмет ете алатындай шоқтықты шығармалар мен зерделі зерттеулерге, соларды дүниеге әкелетін ғалымдар мен суреткерлерге ғана бағышталып, сүреңсіздік топанына тосқауыл қойылатындай шынайы талапшылық пен бәсекешілдік ахуалын орнату – кезек күттірмейтін міндет.

Бір қарағанда, Стратегияда мәдениет мәселелері сөз болмағандай көрінеді. Ал, шындығында, осында көзделген мақсаттың бәрінің түп-төркіні, айналып келгенде, қоғамның мәдени деңгейін көтеруге тіреледі. Егер экономикамыз нығайса, өнер мекемелерін салуға да мүмкіндік молаятыны, мәдениет қайраткерлерінің жағдайы да жақсартатыны өзінен-өзі түсінікті емес пе? Стратегияда «адам сапасы» деген ұғым әлденеше рет айтылған. Ол ұғымға мәдениет жатпай ма екен?

Жалпы, мәдениет нақты жоспарлауға, бәлен жылға дейін мынаны тындырып тастау керек дегенге көнбейтін сала екенін жақсы білесіздер. Оның жұмбағы көп. Он тоғызыншы ғасырдағы Ресей азып-тозған Еуропадан артта қалған ел еді дейміз. Орыс әдебиетінің алтын ғасыры сол он тоғызыншы ғасыр. Он тоғызыншы ғасырда қазақ халқы да талай қиындықты бастан кешті. Сөйте тұра, қазақ мәдениетінің алтын ғасыры да сол дәуір. Тегінде, заман тарылған сайын шын талант та шамырқана түсетін шығар.

Бұлай дегенде мен мәдениетке, әдебиетке қамқорлық қажеттігін теріске шығармақ емеспін. Сөз жоқ, қамқорлық керек. Ол көрсетіліп те жатыр. 1992 жылы мен кітап бастыру ісі жайында арнайы Жарлық шығарғанмын. Ол Жарлықта мектеп оқулықтары ғана емес, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар да, балаларға арналған кітаптар да, ғылыми әдебиет, энциклопедиялық-анықтамалық әдебиет те мемлекет қаржысы есебінен шығарылатын болып белгіленді. Сол Жарлықпен қазақ тілінде шығатын барлық әдебиетке арнайы қаржы бөлу көзделді.



Сонан бері қиындыққа қарамай әдебиет туындылары жүйелі жарық көріп келеді. Жалпы, шығарылатын кітаптардың полиграфиялық сапасы жылдан-жылға артып келе жатқанын атап айтқан әділдік болады. Менің тікелей тапсыруым бойынша алты томдық Қазақ энциклопедиясын дайындау жұмысы қолға алынды. Оның ойдағыдай шығуы, ұлттық ой-сананы көгертуге ықпал етуі – осы отырған баршаңызға қатысты іс. Көптомдықтарды шығару да қайта жолға қойылады. Кейбір жазушы ағаларымның алдыма келгенде айта беретіні осы мәселе.

Реті келгенде мен де сіздерге талап қояйын.

Тәуелсіздіктің жетінші жылына аяқ бастық. Еліміз орасан өзгерістерге түсуде. Қоғам өзгерді. Адам өзгерді. Сана өзгерді. Жақсы да болып жатыр, жаман да болып жатыр. Осылар көркем образдармен әдебиетте кестеленуі керек пе, керек емес пе? Әрине, роман, повесть дегендер жылдар бойғы толғаныстан туады, жылдар бойы жазылады. Оны білемін, түсінемін. Сонда да жаңа қазақ елінің, жаңа қазақ жерінің сөзбен салынған суреті дүниеге келер күн тым кешеуілдеп кеткен жоқ па? Араларыңызда бүгінгі күн тақырыбына көлемді, іргелі дүние жазып жүргендер, тым болмаса ойластырып жүргендер бар ма?

Жақсы шығарманың қаламақысы мемлекеттік тапсырыс ретінде, бөлекше төленетіндей ету керек. Жалпы, осы мәселені Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Қаржы министрлігі бірлесе қарап, ұсыныс әзірлесін. Үкімет шешім қабылдасын. Әрине, партияның сөзін сөйлеп жүрген кездеріңіздей бола қоймас, көрпеге қарай көсілеміз ғой, сонда да ойласу керек.

Кино өнерінде серпіліс байқалады. Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына да қазақтың көркем киносы өз үлесін қоса алды. Жыл соңында экранға шыққан «Заман-ай» фильмі бір отбасының үш буынының талайлы тағдырын әсерлі әңгімелейді. Өткен жылдың өзінде 12 фильм өндіріске тапсырылғаны – соның дәлелі. Бұрын ең көп деген жылдардың өзінде 5-6 фильм экранға шығатын. Айтқандай, жақында «Казахстанская правдадан» «Абылай хан» фильмін түсірушілер Америкаға аттанады дегенді оқып қалдым. Мемлекеттік тапсырыспен түсірілетін мұндай маңызды қойылымның тағдырын министрлік деңгейінде шеше салуға болмайды. Ақылдасып алыңыздар.

Ол фильм қазақты бүкіл әлемге танытатындай деңгейде шықпаса, қолға алып та қажеті жоқ. Ол фильм, әрбір қазақты ойлантатындай, өз тарихы үшін мақтанатындай, елі үшін әр адам жауапты екенін еске салатындай, намысын қайрайтындай болып шығуы шарт. Жалпы, жер шарының осы бөлігінен орын тигеннен кейін біздің маңдайымызға о бастан-ақ күрделі тағдыр бұйырғанын ұғындыратындай болуы керек. Бұл дүниеде қазақтың қазақ болып жүруі қиын екенін, қазақтың мемлекет құруы қиын екенін, ол мемлекеттің мынандай қос көршінің қыспағында тұруы қиын екенін, мұндай мемлекетті басқару да қиын екенін сезіндіретіндей болуы керек. Қалайда биыл экранға шығарындар деп талап етіп отырған ешкім жоқ. Ерекше мән беріңіздер.

Зиялы қауымның қатты алаңдауға тиіс бір саласы – білім беру ісі.

Кешегі Үкіметтің тұсында оптимизация дегенді желеу етіп біздің жергілікті әкімдеріміз бұл саланы тұралатып тынды. Өткен бір жылдың өзінде мемлекетіміз мектепке дейінгі мекемелердің тең жартысынан айырылыпты. Баланың ана тілінде тәрбие алу құқы аяққа басылуда. Солтүстік Қазақстан облысының 18 ауданының 14-інде қазақша балабақша атымен жоқ, астаналық облыс болып жатқан Ақмола өңіріндегі 7 ауданда бірде-бір қазақша балабақша жоқ. Тағы сол оптимизацияны бетке ұстап алып, республика бойынша бір жылдың ішінде 335 мектепті, оның ішінде 318 күндізгі мектепті жауып тастағанбыз. Бұл істе «алға шыққандар» – Солтүстік Қазақстан, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Қызылорда облыстары. Ал Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарындағы мына сорақылыққа не айтасыздар? Ол облыстарда қаржы органдарының ұсынысы бойынша базистік оқу жоспарлары қысқартылған, басқаша айтқанда, мына пәннен мынаны білсе жетеді, мына пәнге мұнша сағат та жарайды дегенді өздері шешкен. Бұл – нағыз заңсыздық.

Мен арнайы айтып, қадап тапсырма бергенше ауылдардағы қанша баланың мектепке бармай келгенін, бұл іс жаңа ғана түзелгенін жақсы білесіздер. Оған дейін сіздер де мәселе көтеріп, дабыл қаққан жоқсыздар.

Мектепке байланысты да ұлттық тарих мәселесіне тоқтала кетейін. Өте ұғынықты жазылған, шыншыл, баланың отаншылдығын оятатын оқулықтарға қоса Қазақ елінің тарихы туралы әсерлі әңгімелер кітап-



тарын да жазу керек. Көршілерімізде «История России для детей» деген сияқты кітаптар шығаратын жақсы дәстүр бар. Үйрену керек.

Үкіметке мынаны тапсырамын: көп кешіктірмей «Ауыл мектебі» атты бағдарлама жасап, бекітуге берсін. Қаржылық жағынан нақты тиянақталған, материалдық негізі ойластырылған болуы қажет.

Инвестиция жөніндегі мемлекеттік комитет бір жақсы ұсыныс енгізіп отыр. Жер асты байлығын пайдаланатын компаниялардың қаржысының бір процентін міндетті түрде кадрлар даярлау ісіне жұмсамақ екен. Өте орынды. Алдымен, олардың лицензия келісінде көрсетілгендей, сол қаржыны қалайда бөлінуіне қол жеткізу керек. Екіншіден, Білім қорын құрып, осы саладағы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру үшін сол қаржыны аудару керек.

Білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі аса маңызды тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, реконструкциялау, реставрациялау ісін республикалық бюджетке ауыстыруды, олардың әрқайсысына жауапты адамдарды белгілеуді ұсыныпты. Ойласайық.

Әңгімемді түйіндер тұста әлеуметтік салаға қамқорлықтың нақты дәлелі ретінде бір цифрды атайын. Бір ғана министрлікке – Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне 1998 жылғы мемлекеттік бюджеттің 40 процентін бөлу көзделіп отыр. Біздің айналамызда мұндай көрсеткіші бар ел сирек. Демек, жаңаша құрылған министрліктің жұмысында тың серпін болады деп күтуге негіз бар. Мен бұл арада ғылымға, ақпарат құралдарына, тіл дамытуға, тағы басқаларға бөлінетін қаржыны айтып тұрған жоқпын.

Мемлекеттің міндеті – мемлекеттік саясатты жүргізу. Халық қаржысы қызмет ететіндей жағдай жасау, соны дұрыс бөлу. Ал бюджеттің тапшылығы – бәрімізге қатысты мәселе. Жұмыс жүрмейінше, тұрмыс түзелмейді. Әрқайсымыз жанымызды қинап еңбек етпейінше, бюджет те байымақ емес. Ортақ қазынамыз тола түскен сайын әр саланың, соның ішінде ғылым мен мәдениеттің де алар сыбағасы сүбелене береді. Осы қарапайым қағиданы ұғындыруда өздеріңіздің де қосар үлестеріңіз зор. Бірақ осындай елдестіретін әңгіменің орнына «анау биік, мынау қалық» деп жүріп жүз шайыстыратын бейпіл әңгімеге бейімдік те кездесе береді. Осы жуық арада ғана құлқын сәриден радиодан бір журналист: «Ахмет Байтұрсынов бабамыз: «Балам дейтіндей ел болма-

са, елім дейтін бала қайдан болсын» деп айтқанындай, бізге болашақ туралы ақыл емес, мемлекеттік қамқорлық керек» деп бопсалап жатты. Иә, Ахаңның әлгіндей сөзді айтқаны рас. Ол кісі, бірақ бұл сөзін елім деп еңіреп жүрген перзенттеріне араша тұра алмаған халқына налып айтты. Ал ел болашағына, мемлекеттік қамқорлық мәселесіне келетін болсақ, оған біздің тәуелсіз мемлекетіміздің қаншалықты назар аударып отырғанына жаңағы мен айтқан бір мысалдың өзі жеткілікті айғақ бола алады. Сондықтан біздің халқымыздың жағдайы бүгінгі заман шындығында тек өзінің тәуелсіз мемлекеті бар болса ғана жақсара алатыны – әркімге аян ақиқат.

Ендеше, халқына шындап жаны ашитын адам алдымен өз мемлекеттілігін, Конституциясын қадірлесін. Әйтпесе, өз мемлекетіне жаны ашымайтын, сол жолда нақты іс атқармайтын адамның халықшыл болып, отаншыл болып қарық қылмайтыны белгілі. Мұны, әсіресе ақпарат құралдары есте ұстауға тиісті. Тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігімізді қастерлеуге барша халықты тәрбиелеуге мұқият мән беруге міндетті.

Қазір қолға алынып жатқан шаруаның барлығы – біздің болашаққа сенімділігіміздің белгісі, өз күшімізге сеніміміздің белгісі. Амандық болса, Қазақстанның жарқын күндерін бәріміз бірге қызықтайтын шақ алыс емес. Оған сеніңіздер. Сол күнді жақындатуға атсалысыңыздар.

*Алматы қаласы,
1998 жылғы 17 наурыз*



ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ – ҰЛЫ ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

*Кітаптар көп арабша да, тәжікше,
Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше.*

Жүсіп Баласағұн

Осындан екі мың жыл дерлік бұрын біздің жерімізде дамыған мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы бір-бірімен шебер ұштастырған өзіндік бірегей андронов мәдениеті пайда болды. Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кезде Үндістанға қарай бет алған тайпалар тап сол андронов мәдениетінің иелері еді. Қазақстанның сақ тайпалары андронов мәдениетін жасаушы халықтың «Авестада» айтылатын арий, тур, дах және дайлардың тікелей ұрпақтары болып табылады. Мұндай даусыз қорытындыны андронов және сақ мәдениеттері арасындағы өзара байланыстың тікелей жүйесі бар екенін тапқан археолог ғалымдар мен қола дәуіріне қатысты сақ заманындағы халықтардың генетикалық тұрғыдан олардың мұрагер жалғасы екенін анықтаған антрополог ғалымдар дәлелдеп отыр.

Қазақ даласын мекендеген тұрғындар арасында сақ дәуірінен бастап бет-бейне жағынан Орталық Азиядан шыққанын көрсететін моңғол тұрпатты аралас адамдар пайда болды. Шаруашылықты жүргізудің сол кездегі жағдайында неғұрлым прогресшіл тәсілі болып табылған көшпелі мал шаруашылығына қарай ойысу да тап сақ дәуіріне сай келеді.

Мұнда Иран басқыншыларының, ұлы Ескендір Зұлқарнайын армиясының шабуылдарын тойтарыс беріп тоқтатқан мемлекеттер пайда

болды. Мұнда адам мен ат одағы құрылып, соның арқасында түркілер мен басқа да көшпелі халықтар сол кезде өздеріне белгілі болған әлемнің тең жартысын тізе бүктіріп, бағындыра білді және оның қалған бөлігі Батыс Еуропа мен Қытайды үрейлі қорқыныштан көз аштырмады. Мұнда, Ертістің, Іленің, Сырдарияның, Жайықтың және Еділдің жағалауларында орасан зор империялардың – ғұндардың, түркі қағанаттарының, қарлұқ мемлекеттерінің, моңғол хандары мен олардың мұрагер ұлыстарының ғажайып астаналары пайда болды.

* * *

Орасан зор Еуразия құрлығындағы орталық кең байтақ алқапты сайын дала мен құмды шөлдер белдеуі алып жатты. Міне, тап сол кеңістікте көшпелі ұлы мемлекеттер пайда болды. Қазіргі Қазақстанның және оған шектес жатқан аймақтардың аумағында дүниеге келген алуан түрлі мәдениеттер әлемнің көптеген халықтарының дамуына айқындаушы ықпалын тигізді.

Орталық Азиядағы алғашқы ірі көшпелі империя біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырдың соңында құрылды. Ол сюнну (хунну, ғұндар) империясы еді. Ол көп ұзамай-ақ Байкал сыртынан Тибетке дейінгі, Орталық Азиядан Хуанхэге дейінгі аймақты басып, өзінің дүркін-дүркін баса-көктеп кіріп баратын шабуылымен ежелгі Қытай мемлекетін жарты мың жыл бойы қалтыратқан үрейлі қорқынышта ұстады. Біздің дәуіріміздің IV-V ғасырларында ғұндардың Еуропа мен Батыс Азияға жасаған шабуылдары туралы жылнамалар хабарлайды.

IV ғасырда Еуразиядағы тарих сахнасына жаңа тарихи тұлға – Түркі қағанаты – Түркілердің далалық империясы шықты. Ол өзінің гүлденіп өсуінің шырқау шегіне жеткен кезінде Қиыр Шығыстағы Кореядан Қара теңіздегі Қырымға дейінгі орасан зор шетсіз-шексіз кең байтақ аумақты алып жатты. IV-VIII ғасырлардағы жылнамалар Еуропада түркілердің алғашқы легі аварлардың, бұлғарлардың, суарлардың, хазарлардың пайда бола бастағанын жазады. Содан кейін шығыстан батысқа қарай оғыз-печенегтер, түркілер, салжұқтар, сондай-ақ қарлұқтар, қыпшақтар (половцылар, құмандар), қырғыздар ағылды. Түркі тайпалары Қазақстан мен Орталық Азияның мол аумағын мекендеп



қалды да, Иран мен Закавказьеге басып кіре бастады. Ал XI ғасырда олардың бір бөлігі (оғыздар мен түрікмендер) Кіші Азияға қоныс аударды. Қысқасы, түркі тайпалары осылай тарала келіп, бірте-бірте отырықшылыққа көшкеннен және жергілікті халықтармен араласа бастағаннан кейін, ал кейде көшпелі өмір салтын сақтап қала отырып, шығыстағы якуттардан (сахалардан), тувалықтардан, алтайлықтардан, қазақтардан, ұйғырлардан бастап батыстағы шуваштарға, гагауыздарға, Еділ мен Қырым татарларына, құмықтарға, қарашайларға, балқарларға және түріктерге дейінгі халықтардың орасан зор тобы құрылды.

* * *

Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді.

Орасан зор кең байтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті. Дүниежүзіндегі аса маңызды тілдік топ – алтай тілдік тобының (негізінен оның түркі және моңғол тілді тармақтарының), оған қазақ тілі де кіреді, ежелгі және ортағасырлық замандарда кеңінен таралуы ортаазиялық көшпелілердің ұдайы қоныс аударып отыруына байланысты болды. Мейлінше кең тараған тілдік топтардың бірі – түркі тілдік тобының Еуразияға қарай жылжып ене бастауы – сол кезеңде пайда болған құбылыс.

«Алғашқы кезде көшпелі өмір салты көшпелілердің (номадтардың) табиғи дене бітімінің жетілгендігі және психологиялық жинақылық пен жұмылғыштығы арқасында серпінді қарқынмен жедел дамудың маңызды факторына айналды. Сол заманның бізге дейін жеткен қорым-қорғандарынан табылған аңдардың ширыққан бейнелері, шайқас пен текетірес көріністері ілгері дамудың нысаны болғаны тіпті де тегін емес. Техникалық тұрғыдан жетілудің жаңа деңгейі байланыс жасау саласында шын мәнінде соны серпіліс жасауға мүмкіндік береді. Дүние көкжиегінің шекарасы кеңейе түсті, орасан зор аумақтарда жаңа үлгілер мен өлшемдер көзді ашып-жұмғанша дерлік тез тарала-

тын болды» (Массон В.М. Номады и древние цивилизации: динамика и типология взаимодействий. Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. – Алматы, 1989. – 87-88-бб.).

* * *

Бәрі де бұдан бірнеше ғасыр бұрын басталған болатын. Аңыздың айтуы бойынша, жау қырғынға ұшыратып кеткен тайпаның тас-талқаны шыққан жұртында тірі қалған нәрестені бір қаншық қасқыр Шығыс Тянь-Шань тауындағы өз апанына алып барып, аман асырап өсіреді, кейінен одан тапқан он баланың анасына айналды. Ержеткен балалар өздеріне жар тауып, үйлі-баранды болады. Қаншық қасқырдың немерелерінің бірі Ашина деген атқа ие болады. Соғды және сақ тілдерінде бұл есім көк түсті реңк дегенді білдіреді. Егер қаншық қасқыр асырап өсірген ағайынды Ромул мен Рем билікке таласып, өз бауырын өзі өлтірген Ромул Римнің негізін қалаушыға айналса, Тянь-Шань қасқырының балалары Еуразияның көптеген халықтарының арғы аталарына айналды. Ол халықтар өздерінің бір-бірімен туыс екендігін күні бүгінге дейін айқын сезінеді. Көк бөрінің жалпы түркі тектес халықтардың бәріне ортақ қасиетті тотемге айналуы, ал біздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының негізінен көгілдір аспан түстес болуы тіпті де кездейсоқ нәрсе емес.

Тарихи деректерде «түркі» терминдік атауы VI ғасырдың екінші жартысында кездеседі және содан бастап кеңінен таралғаны көрінеді. Түркі қағанаты құрылғанға дейін «түркі» сөзі он (кейінірек он екі) тайпаның 460-жыл шамасында Алтайда пайда болған одағы деген мағынаны білдіріп келген болатын. Түркі елі дүниеге, міне осылай келген еді.

Бірінші түркі қағанаты (552-603 жылдар) Византияның, Иранның, Қытайдың саяси және экономикалық қарым-қатынас жүйесіне енді. Түркі қағанаты өзінің гүлденуінің шарықтап тұрған кезінде Маньчжуриядан Керчь бұғазына дейінгі, Енисейдің бастауынан Әмударияның бастауына дейінгі кеңістікке созылып жатты. Сөйтіп, түркі қағандары алғашқы еуразиялық империяларды құрушылар болды.



Түркілердің ұлы жабғысы Бумын 552 жылы ақ кигізге көтеріліп, орасан зор, алып империяның алғашқы қағаны болды. Оның ұрпақтары Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірге түркілердің үстемдігін берік орнатты, ал Қытай императорлары оларға алым-салық төлеп тұрды. Түркі тайпаларының иелігіндегі аумақтың бұдан кейінгі ғасырлардағы кеңейе түсуі, менің ойымша, географиялық факторларға байланысты болса керек. Орталықтағы Еуразия кеңістігінің әр түрлі аймақтарға бөлінетін географиялық шекаралары жоқ. Өзендер тілгілеп жатқан Ұлы дала Карпат таулары мен Қара теңіздің солтүстік жағалауларынан бастап бір қиырдағы сонау Тынық мұхиттың батыс жағалауларына дейін созылды. Онда тіршілік етіп, аман қалу тәсілі өмірлік маңызы бар кеңістікті кеңейте түсуге тікелей байланысты болды. Өйткені кең даланы мекендеген халықтарды, Еуропадағы мемлекеттер сияқты, жолы қиын географиялық кедергілер қоршап жатқан жоқ еді. Кең байтақ кеңістікте өмір сүру салтын қамтамасыз ету үшін тез көшіп-қонатын мүмкіндіктер тудыру қажеттігі империя аумағын ұдайы ұлғайтып отыруды қажет етті.

Бір бөлігін Қазақстанның кең байтақ даласы құрайтын Еуразияның Хуанхэ өзенінен Карпат тауларына, Орталық Азия мен Шығыс Түркістанның шөлейт аймақтарына және Еуразия тундрасына дейінгі орасан зор далаға ұласқан шетсіз-шексіз алып аймақты игеру тек көшпелі малшылардың ғана қолынан келетін еді. Түйе, жылқы, қой – олардың әрі көшіп-қонып жүретін күш көлігі, әрі ет, сүт, тері, жүн беретін, яғни, көшпелілердің азық-түлігін де, киім-кешегін де, баспанасын да қамтамасыз ететін материалдық ресурс көздері қызметін түгел атқарды.

Көшпелілер әлемі әр түрлі сипатта болғанымен де, оны біріктіретін нәрсе мәдениет пен шаруашылықты жүргізудің ортақ тұрпаттылығы еді. Ұлы дала шеңберіндегі табиғи ортаны игеру егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтар қоныстанған әрі игеріп болған аймақтарға көшпелілердің сұғына енуімен аяқталды. Отырықшы халықтармен күресте көшпелілердің әскери жағынан артықшылығы айқын байқалды.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысудың өзі, сыртқы жаулардың шабуылынан ұдайы қорғану қажеттігі әрбір ер азаматтың, қажет

болған жағдайда, тіпті әйелдердің де әрқашан жауынгерлік саптан табылуға әзір тұруын талап етті. Олардың бәрі де ат құлағында ойнайтын шабандоз, алыс сапарларға салт атпен жүруге төзімді, ер қаруы – бес қаруды шебер меңгерген, ат үстінде ұрыс жүргізудің тәсілдеріне жетік тамаша жауынгерлер бола білді.

Егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтармен салыстырғанда көшпелілер өздерінің күнделікті маңызды материалдық қажеттерін өтеуді қамтамасыз етуге керекті уақытты әлдеқайда аз жұмсады, өйткені уақытының көпшілігі әскери іске машықтануға кететін. Бұрынғы көшпелі өмір салтына сай тіршілік етіп келген түркі халықтарында ат спорты ойындарының – түріктерде ажиридтің, қазақтарда бәйгенің, көкпардың тағы сол сияқты ежелгі әскери машық ойындарының көбірек сақталып қалуының сыры да, міне, осында жатыр. Ақыр соңында айтатын бір нәрсе – отырықшы халықтармен салыстырғанда көшпелілерде ежелгі көне заманда да, орта ғасыр кезінде де патриархалды-рулық қарым-қатынастардың ұзақ уақыт бойы сақталып келуіне себепші болды. Оның үстіне көшпелілер қоғамында да, сондай-ақ барлық дәстүрлі қоғамдарда да, әлеуметтік теңсіздік басты порблема болып саналмады. Ал іс жүзіндегі объективті теңсіздікті олар тәңірдің құдіретімен пешенеге жазылған тағдырдың ісі деп түсінді.

* * *

Отырықшы халықтардың елдеріне баса-көктеп кірген көшпелілер тұтас мемлекеттерді өз көсемдерінің – шаньюйлердің, қағандардың, хандардың, әмірлердің, сұлтандардың билігіне бағындырды. Көшпелілердің – сюннулердің немесе ғұндардың, түркілердің, моңғолдардың ірі-ірі ұлы мемлекеттері, міне, осылай пайда болды. Көшпелілердің ежелгі орта ғасырлардағы талай мемлекетті, салыстырмалы түрде алғанда, оп-оңай жеңіп, басып алғанының толып жатқан оқиғалары тарихтан жақсы мәлім. Мұның өзі көшпелілердің отырықшы халықтар жеріне кеңінен таралуына себепші болды. Көшпелілер әлсіреп, титықтаған қарсыластармен кездескенде ерекше зор жеңістерге ие болды. Ондай жағдайлар дағдарысқа ұшырап, жойылып бара жатқан өркениеттер немесе бастары бірікпей, ыдырап, өздерімен-өздері өз ішінде



жауласып жатқан мемлекеттер тарапынан ұшырасатын. Басқыншы көшпелілердің, соның ішінде Орталық Азиядан шыққан түркілер мен моңғолдардың да жеңістен жеңіске жетіп отыруының бір себебі осында жатыр.

Мысалы, Еділ (Атыл-Аттила) бастаған ғұндар Батыс Рим империясын біржолата құлатты. Ал XI ғасырда Кіші Азияға барып жеткен түркілер өзара қырқысудан титықтап отырған Византияны оп-оңай олжалады. Өз іштеріндегі өзара қарама-қайшылықтардың зардабынан әлсіреген Хорезмшахтың мемлекеті мен XIII ғасырдағы Русь князьдіктері де моңғолдардың шабуылына қарсы тұруға мүлде дәрменсіз болды.

Шығыс пен Батысты жақсы білген көшпелілердің империялары қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа түрлерін тез меңгеріп отырды. Мысалы, Шыңғыс ханның армиясы Еуропа қалаларының қорғаныс қамалдарын дуал бұзатын қытай қаруларын қолдану арқылы тікелей шабуылмен басып алып отырды.

Қалай дегенмен де, көшпелілердің отырықшы халықтармен салыстырғандағы әскери-тактикалық артықшылықтарын қамтамасыз еткен ең басты фактор олардың жауынгерлік жорықта жылқыны кеңінен пайдалануы болатын. Мұның өзі әскери істегі революциялық төңкеріс еді. Біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтан бастап «көшпелілер әскерінің» жаумен шайқас кезінде оған үсті-үстіне бастырмалата соққы беру тактикасын жүзеге асыруға қолданатын негізгі, тіпті бірден-бір түрі атты әскер болып келді. Біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығының орта шенінен бастап түркілер ағаш ер мен үзеңгіні кеңінен пайдалана бастады. Ал мұның өзі атты әскердің жауынгерлік сапасы мен қабілетін еселеп арттырды.

Ол кездегі уақыт талабы осылай болды. Әркімнің аман қалып, тіршілік ету үшін қару-жарақты пайдалануға машықтануы, кез келген уақытта жауынгерлер сапынан табылуға әзір тұруы керек еді. Бұл ретте, осыдан көптеген ғасырлар бұрын өтіп кеткен тарихтан әділеттілер мен кінәлілерді, агрессорлар мен бейбітшілік сүйгіштерді іздестіріп әуре болу, менің ойымша, оншалықты абырой алып беретін іс емес. Әр халық өзінің қаһарман перзенттерін мақтан етуге тиіс, олардың арасында басқыншылары да, басқыншылардың шабуылынан қорғанушылары да болған.



* * *

Ерте заман авторлары түркі халықтарының күмән тудырмайтын артықшылықтарын талай рет атап көрсеткен болатын. Халиф Мутаваккилдің билеп тұрған тұсында (847-861) IX ғасырдағы өте танымал автор әл-Жахиздің жазып қалдырған «Фатх б. Хақанға түркілер мен халиф әскерлерінің артықшылық қасиеттері туралы жолдауы» ерекше қызықты. Мұның өзі бұрынғы Хақан Фатхтың халифат әскерлерінің жекелеген топтарының қасиеттері мен артықшылық алу құқықтары жөнінде мәселе талқылаған мәжілісті суреттеп жазған хатына қайтарылған жауап еді. Ол мәжілісте түркілердің құқығын негіздеп берерліктей ешкім еш нәрсе айта алмаған, содан соң Фатх б. Хақан әл-Жахизге түркі әскерлердің қасиеттері мен артықшылықтары неде екенін суреттеп жазып жіберуді өтінген болатын.

Енді араб авторының не деп жазғанына назар аударыңыз: «Жер бетіндегі жекелеген қолбасшылар бар тайпалар бірлестігінің ішінде соғыс кезінде соққы бермей тынбайтын түркілердің өзге бірде-бір халық жоқ. Алайда түркілердің (әдетте) тап солай бас қоса қоюы қиын, өйткені олар пікірлердің (аяқ астынан пайда бола қалатын) қарама-қайшылығына, құпия бәсекелестікке (терезесі тең жағдайдағы), адамдардың арасындағы өзара көре алмаушылық пен қызғанышқа және бірлестіктің (барлық) мүшелері үшін (жалпыға бірдей) міндеттерді біріне-бірінің аудару салушылығына мүлдем төзбейді, оны барынша жиіркенішпен айыптайды.

Түркілер әскери сапта болған кезінде дұшпанның осал тұсын (егер бар болса) бірден көріп, сезе қояды да (ұрысқа кірісіп кетеді), ал (дұшпанның) ондай осал тұсы байқалмаса, қызығарлық ештеңесі (яғни, алар олжа) болмаса, онда өздері жылыстап кетуді мақұл көреді, мұндай пікірді олардың бәрі де қолдайды және оның дұрыстығына толық сенеді. Олардың ой-пікірі де, талап-тілегі де бір мезгілде әрі бірдей болып шыға келеді.

Олар («Құранды» негізге алып) бірін-бірі көзбе-көз мақтаудан, өлең шығарып дәріптеуден мүлде аулақ. Олардың шын мәніндегі (әрі ең басты) қасиеті де, артықшылығы да өздерінің жеке басына тиісті істің



қалай да үдесінен шығатындығында. Олардың бұл ретте бір-бірінен айырмашылығы жоқтың қасында».

Бұдан әрі ол былай деп жазады: (234-бет) «Олардың ұмтылатын бірден-бір мақсаты – өзгелердің (яғни, дұшпанының) тарапынан төнетін зұлымдық пен қасақана қаскүнемдіктің алдын алып, болдырмау үшін өздерін өздері сақтай біліп, бәле-бәтерден аулақ болу» ; (237-бет) «Түркілер – кек қууды, жалған жарамсақтықты, екіжүзділікті, жалақорлықты, қулық-сұмдықты, өсек-аянды, монтанылықты, достарына менмендікпен қарауды, көршілеріне паңдана тәкаппарлық танытуды білмейтін халық» (Дерек көзі: Мандельштам А.М. IX ғасырдағы түркілердің сипаттамасы. «Фатх б. Хақанға әл-Жахиздің жолдауы» – Тарих, археология және этнография институтының еңбектері. 1-т., «Археология». – Алматы, 1956).

(Фатх б. Хақан – халиф Мутаваккилдің ең сенімді адамы, ақындар мен ғалымдарға қамқорлығымен танымал болған. Қастандық жасаушылардың қолынан 861 жылы Мутаваккилмен бірге қаза тапты).

Л. Гумилев былай деп жазады: «Олар (арабтар) Орталық Азияның жазиралы алқаптарын әне-міне дегенше тез басып алып, далалы алқапқа шығысымен-ақ көшпелі түркілер мен түргештердің (түргештер-батыс түркілердің бір тармағы) қарсылығына душар болды. Осы жерде олардың ілгері жылжуы тоқтатылды. Арабтар оларға ислам дінін қабылдауды ұсынды, бірақ олар тәкаппарлықпен жауап қайтарды. Түргештердің ханы Сұлу былай деді: «Менің адамдарым түгелдей жауынгер. Ал сенің адамдарың ше? Олар қолөнершілер, етікшілер, алыпсатар саудагерлер. Ондай іс біздің қолымыздан келе қоймайды, олай болса, бізге сендердің діндерің де ұнай қоймайды» (Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. – Л., 1990. – 60-б.).

* * *

Түркілердің тұтасқан ұйымшылдығын көптеген авторлар атап көрсеткен болатын. Олардың тап осы қасиеті түркі әлемінің Еуразия кеңістігіне неғұрлым тез таралудың маңызды факторы ретінде күні бүгінге дейін жеткілікті бағаланбай келеді. Алғашқы кездегі түркі мемлекеттерінің күйреуі оларға сыртқы күштердің соққы беруінен гөрі, көп

жағдайда өз іштерінде халықтың алты бақан ала ауыз болып, бастары қосылмай, бірлігін жоғалтып алуына байланысты еді.

731 жылы Білге қаған мен Күлтегіннің құрметіне қойылған құлыптастағы ежелгі руникалық жазбаша мәтінде мынадай сөз бар: «Бектер мен халық бір-біріне сенуден қалғандықтан, Қытайдан келген алдаушылардың алдап-арбауы мен арандатуына еріп, солардың қитұрқылықтарынан, олардың ағайын арасына от салып, халық пен бектерді жауластыруынан келіп, түркі халқы бұған дейінгі елдігінің шырқын бұзды, билік жүргізіп тұрған қағанын өлімге душар етті» (Кляшторный С.Г., Султанов Т.А. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – 156-157-бб.; Қазақстан тарихы. I том. – Алматы: Атамұра, 1996. – 392-б.).

Жұмылған жұдырықтай бірлік, шаруашылықты жүргізудің сол кездегі озық тәсілі, қарулы күштерді неғұрлым тиімді ұйымдастыра білу түркілердің орасан зор мемлекеттер құруына және сол арқылы дүниежүзілік тарихтың даму барысына ықпалды әсер етуіне мүмкіндік берді. Біздің ата-бабаларымыздың бір кездегі күш-қуаттылығының тап осы үш түрлі себебін ортағасырлық авторлардың басым көпшілігі айрықша атап көрсетеді.

Осы үш артықшылықтың жиынтығы арқасында көшпелі халықтар кең байтақ Еуразияның алуан түрлі түкпір-түкпірін өздерінің пайдасы үшін аша білді. Егер VII-VIII ғасырлардағы басқыншылық шабуыл кезіндегі арабтардың және Ұлы Географиялық жаңалықтар ашу мен отаршылдық экспансиялау кезіндегі еуропалықтардың қоныс аударуын есептемесек, бірде-бір отырықшы халық немесе тіпті отырықшы халықтар тобы түркілер сияқты тап осындай орасан зор аймаққа кеңінен таралып, қоныстанып көрген емес. Ежелгі түркілер заманында көшпелілер Орталық Азиядан Византия шекарасына дейін созылатын жаңа далалық көпір салып кетті. Бірнеше ғасырлар бойы тап сол кеңістікте біресе пайда болып, біресе ыдырап кетіп, бірін-бірі алмастырып келген көшпелі империялар көптеген халықтардың этногенезіне, күрделі де алуан түрлі мәдени кешендердің қалыптасуына орасан зор ықпал етті.

Мұның өзі өркениеттің мүлде жаңа тұрпаты еді. Ол XX ғасырдың алғашқы үштен біріне дейін өзінің сипатын сақтап келді. Ат үстіндегі көшпелі түркі халықтары өркениетінің мұншалықты кеңінен таралуының негізінде жатқан не бар еді?



Біріншіден, ол кезде соншалықты орасан зор кеңістікті игеру шаруашылық жүргізудің бірден-бір жаңа тәсілі – мал шаруашылығымен айналысу арқылы мүмкін болатын еді. Дәстүрлі көшпелілер қоғамы кең даланы, шөлді және шөлейт құмды алқаптарды игерудің тиімді тәсілдерін ойлап тапты.

Екіншіден, көшпелілер егіншілікпен айналысатын отырықшы халықтармен тығыз әрі өзара пайдалы байланыс орната білді.

Үшіншіден, түркілерде әскери өнердің дәрежесі бәрінен де жоғары болды. Қатардағы кез келген көшпелі тек бақташы-малшы ғана емес, ержүрек жауынгер де еді. Көшпелілер өздеріне тән еті тірі жинақы шапшаңдығының, алыс жолдарды шаршамай-шалдықпай басып өтіп, көлемі зор аумақтарды басып қалып отыруының арқасында өзге отырықшы халықтармен салыстырғанда әр түрлі елдердің әскери ісі саласындағы маңызды деген жаңалық атаулымен тез танысып, оларды өздерінің қарулы күштері үшін пайдаланып отырды.

Алайда көшпелілердің отырықшы халықтардан әскери-тактикалық артықшылығын қамтамасыз етіп келген ең басты фактор соғыста жаугершілік аттарды кеңінен пайдалану болды. Мұның өзі әскери істегі барып тұрған төңкерістің тап өзі еді. Ал әскери істі дамытудағы жаңа қадам салт атпен соғыс салу болды. Көшпелі халықтардың отырықшы халықтарға қарағандағы әскери артықшылығын Орталық Азиядағы далалықтарда атты әскер қамтамасыз етті және мұның өзі оқ ататын қару қашан кеңінен тарағанға дейін созылып келді.

Түркілер құрған империя – Түркі қағанат басқыншылық нәтижесінде пайда болды десек те, одан кейінгі кезеңде белгілі дәрежеде өркениетке жеткізуші рөл атқарды. Белгілі түркітанушы ғалым Л.Н. Гумилев былай деп атап көрсетті: «Қағанаттың шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен және Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен шектесе созылып жатқандықтан да ол елдер тарихының қиын-қыстау кезеңдерінің... түркі мемлекетінің тарихымен тығыз байланысты болуы әбден табиғи нәрсе еді. Ол мемлекеттің пайда болуы адамзат тарихында белгілі бір дәрежедегі төңкерісті кезеңге айналды. Өйткені бұған дейін Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс мәдениеттері бір-бірінің бар екендігінен хабардар болғанымен де, аралас-құраласы жоқ алшақ жатқан болатын. Батыс пен Шығыстың өзара қарым-қатынас жасауына шет-



сіз-шексіз кең дала мен созылып жатқан биік таулар кедергі жасады. Тек соңғы кезде ағаш арбаны алмастырған металл және жүк тиейтін әбзелдердің ойлап табылуы ғана керуендердің шөлді алқаптар мен қиын-қыстау асуларды, салыстырмалы түрде алғанда, едәуір оңай басып өтуіне мүмкіндік берді».

Ежелгі байланыс тәсілдерінің бірі Ұлы Жібек жолы еді. Ол тұрақты дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре жол қызметін атқарып келді. Қытай жібегі тиелген керуендер шығыстан батысқа қарай, ал Орталық Азиядан, Таяу және Орта Шығыстан, Жерорта теңізінен тауар тиелген керуендер батыстан шығысқа қарай тап осы түркілердің жерін басып өтетін. Бұл байланыс көпірінің маңызы дүниенің екі бөлігі арасындағы материалдық ауыс-түйіспен ғана шектеліп қалмай, оның шеңберінен өте-мөте алысқа кетіп жатты. Ол алуан түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір-бірімен байланыстырып, сонау ежелгі заманнан бері идеялар алмасудың тұрақты да маңызды факторы ретінде қызмет етіп келді.

Көне тарихта аса көрнекті рөл атқарған Түркі қағанатының құрылғанына (552 ж.) 1450 жыл толарына көп қалған жоқ. Бұл елеулі оқиға көптеген мемлекеттерде аталып өтеді, қазірдің өзінде түркілердің ұлы өркениетінің мұраларын оқып-үйренуге, зерттеуге арналған бірнеше халықаралық конференциялар мен форумдар болып өтті. Біздің бәріміздің де мақтаныш етуімізге тұрарлық мол мұрамыз бар. Өйткені ата-бабаларымыз адамзат тарихында өшпес із қалдырып кеткен, Еуразия құрлығындағы халықтардың тағдырына орасан зор күшті әсер еткен.

Біздің еліміздің халықтары ұлы ата-бабаларымызды әбден орынды мақтаныш етуге құқықты, ал Бумынь, Естеми, Білге қаған, Күлтегін сияқты алғашқы қағандардың есімдері ежелгі ерте заманның өзге ұлы әскери қолбасшыларының және мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен әбден қатар тұра алады, олардың атқарған істері ешкімнің де атқарған істерінен артық болмаса, тіпті де кем емес.

Ежелгі түркі өркениетінің әлеуметтік-саяси саладағы даусыз жетістіктері қатарына қоғамның жаңа әлеуметтік-саяси құрылымын қалыптастырғанын қосуға әбден болады. Ол қоғамдағы шешуші рөлді қаған бастаған империялық ақсүйектер атқарды. Ал қағанның ең басты мін-



деті, ежелгі түркі ескерткіштерінің қалдырған деректеріне қарағанда, «елі-жұртының қамын ойлау, халқын асырау» болған. Қайтыс болған қаған туралы құлпытасқа қашап жазылған ең жоғары мақтау сөз мынадай: «Ол өзінің халқын армансыз асырады». Барлық биліктің қаған мен дала ақсүйектерінің қолына шоғырлануы оларға мемлекет тағдыры үшін саяси және тарихи тұрғыдан мейлінше күшті жауапкершілік жүктеді.

Мәдени өркениет тұрғысынан алып қарағанда, ежелгі түркілер Орталық Азия, Иран және Византия өркениеттерімен жан-жақты және тығыз байланыс жасасу нәтижесінде руникалық негізде өзінің бірегей жазуы бар жаңа тұрпатты мәдениет қалыптастырды. 1970 жылы Есік қорғанынан табылған біздің заманымызға дейінгі V-IV ғасырлардағы сақ дәуірінен қалған күміс тостағандағы руникалық ойма жазуды айтпағанда, ғалымдардың Алтайдан, Шығыс Түркістаннан және Жетісудан, сондай-ақ Хакасия мен Тувадан тапқан екі жүзден астам ежелгі түркі жазуларының ескерткіштері VI ғасырдың аяғына қарай орасан зор мәдени серпілістің нәтижесінде ежелгі түркі өркениетінің қалыптаса бастағанын айқын көрсетеді. Ежелгі түркі мәдениетінің өзіндік ерекшелігі – оның жергілікті негізде қалыптасуында.

Алғашқы кезде көшпелі өмір салты ондағы адамдардың табиғи дене бітімінің жетілгендігі және психологиялық жинақылық пен жұмылғыштығы арқасында серпінді қарқынмен жедел дамудың маңызды факторына айналды. Техникалық тұрғыдан қамтамасыз етілудің жаңа деңгейі байланыс жасау саласында шын мәнінде зор секіріс жасауға мүмкіндік берді, сөйтіп дүние шекарасының көкжиегін кеңейте түсті.

Руникалық әліппені VI ғасырдың аяқ кезінде Естеми қаған одан әрі шыңдай түсті. Ол халықаралық қатынастарды, атап айтқанда, Византиямен күрделі дипломатиялық келіссөздер жүргізу үшін қажет болған еді. Түркі әліппесі өзінің қарапайым әрі жеңілдігі арқасында орасан зор кеңістікте мейлінше тез шапшаңдықпен таралды. Мұның өзі оның кең көлемде меңгерілуіне мүмкіндік берді.

Орталық Азия көшпелілерінің жиі-жиі қоныс аударып отыруына байланысты дүниежүзіндегі аса маңызды тілдер тобының бірі – алтай тілдік тобы ерте заман мен орта ғасырлар кезінде кеңінен таралды. Біздің халқымыздың тілі де тап осы топқа жатады.

Этногенетикалық сала тұрғысынан қарайтын болсақ, Ұлы Түркі елі сияқты орталықтанған мемлекеттің пайда болуы тілі бір, салт-дәстүрлері ортақ орасан зор далалық қауымдастықтың қалыптасуына себепші болды.

Түркі тайпаларының бұл конфедерациясы өзінің айқын мәдени дәстүрлері бар аса қуатты мемлекетті қалыптастырды. Ол мемлекет өзінің бірегей мәдениетін одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызып отырды, сондай-ақ өзінің экономикалық, әлеуметтік және діни ерекшеліктерін VIII ғасырдың аяғына дейін қатаң сақтап келді.

Рухани тұрғыдан алып қарағанда, Шығыс көшпелілердің тарихи сана-сезімінің оянуы тап осы кезеңге сай келеді.

Бір-бірімен өзара тығыз әрі ұдайы қарым-қатынас жасауға кіріскеннен кейінгі жерде көшпелі халықтар дүниесі мен отырықшы халықтар дүниесі бірінсіз бірі дами алмайтын жағдай қалыптасты.

* * *

Түркілер өзге мәдениеттердің жетістігін қабылдаудың ғажайып бірегей қабілетін танытты, оны өздерінің ерекше жағдайларына қарай бейімдеп, шебер пайдалана білді. Ол томаға-тұйықтықтан мүлде бөлек мәдениет болды. «Кейін түркілермен кездесіп, араласа бастаған мұсылмандар олардың өз айнала-төңірегіндегі көршілес халықтармен ортақ тіл табысып, түсінісуге келгенде алдарына жан салмайтын тамаша бейімділігін айрықша атап көрсетті. Түркілер өздерінің бұл қасиетін қандай жағдайда болса да қатаң сақтай білді. Олар өздеріне бейтаныс жаңа елдерге жеңімпаз немесе құрметті қонақ ретінде барса да, жалдамалы жауынгер немесе әскери тұтқын ретінде жүрсе де, сол қасиетінен еш айнымайтын. Олар өзге халықтардың өкілдерімен салыстырғанда зор табыспен өз мансабына кез келген жағдайда жетуге шебер еді» (Гумилев Л.Н. Ежелгі түркілер. – М., 1993. – 149-б.).

Түркілер әлемінің тап ортасында адам тұрды, олар, ең алдымен, адамды құрмет тұтты. Адамдар әлемі, адамзат – түркі рухының қасиетті жиынтығы, міне, осылар. Мысалы, Күлтегіннің құрметіне қойылған құлпытасқа қашап, ойып жазылған Үлкен жазуда мынадай сөздердің болуы тіптен тегін емес: «Жоғарыда зеңгір көк, төменде қара жер



жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы пайда болды» (Кляшторный С.Г., Султанов Т.А. Казахстан... – 156-157-бб.; Қазақстан тарихы. 1-том. – Алматы: Атамұра, 1996. – 391-б.).

Сонымен, түркілер адамзат әлемінің ұстын тірегі деп Адамды таныды. Тап сол адамның өмірі, құштарлыққа, арман-мақсатқа, іс-әрекетке және түрлі оқиғаларға толы жеке адамның өмірі мемлекеттің, қоғамның өмірімен етене тұтастықта қарастырылды. Сондықтан да тарихты нақты адамның өмірімен салыстыра отырып түсінді. Ал мұның өзі тарихи болмыстық мән-мағынасын биік деңгейге көтерді.

Түркілер адамға тән қасиетті қатты бағалады, оны бәрінен де жоғары қоя білді. Егер кез келген жауынгер өзінің жүрек жұтқан ерлігі мен қайыспас қайсар қаһармандығын танытса, ол далалық ақсүйектер тобына жатсын-жатпасын, бәрібір батыр деп таныла алатын.

Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар, ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани ақыл-ой қазынасын сақтаушы ақын болған. Олардың арасынан шыққан неғұрлым беделді де құрметті, тілі өткір шешендер халықтың көкейкесті ой-пікірін ел билеушіге бетің бар, жүзің бар деп жалтақтамай, көзіне тұп-тура ашық та батыл айтып салудан тайынбаған.

Далалық демократияға, сондай-ақ тәуелсіз билер соты, әйелдердің ер азаматтармен тең құқықтығы, діни тақуалықтан аулақ болу, рулық-тайпалық құрылым басшыларын көпшіліктің қалауы бойынша сайлап қою тән болатын.

Халықтың әлеуметтік, этникалық ұжымдық жадын, дәстүрін сақтап қалып, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдырудың тұрақты институттық әлеуметтік механизмдері патриархалдық отбасы, рулық қарым-қатынастар, дәстүрлі құқықтық жазылмаған нормалар болып отырды.

Рулық дәстүрлер адамның санасына неғұрлым терең сіңіп, берік сақталып отырды. Өйткені өмір сүру укладының өзі әрбір адамның ұжымнан, қауымнан тыс тіршілік құруына дес бермеді. Рулық салт-сана мен әдет-ғұрыптың, түрлі нормалар мен нұсқалардың соншалықты жаны сірілікпен күні бүгінге дейін ұзақ сақталып келе жатуының себебі де, міне, осында.

Міне, сол арқылы әрбір жеке адам өзінің тарихын, мәдени сана-сезімін қалыптастырып, Ұлы даланың шетсіз-шексіз кеңістігін мекендеген бүкіл халықпен берік байланыс жасады.

Рухани қасиеттерді берік ұстанып, қастерлеп сақтаудың үлгісін көрсетуші ең бірінші адам рудың жасы үлкен ақылман ақсақалы болды. Себебі ол тірі тарихқа айналған данышпан ұстаз саналатын. Көшпелілер қоғамында ақсақалдар билігі әлеуметтік ұйым институттарының бірі болып табылды, өмірден өткен ұрпақтар мен көзі тірі адамдар арасындағы өзара рухани байланыстың салт-жоралық дәнекер тетігі ретінде қызмет атқарды.

Ұлы дала ерекше рух пен дүниетанымды қалыптастырды. Түркі рухының серпінді қажыр-қайратының түп тамыры да осында жатыр. Мұның айқын көрінісін эпостық жырлардан – арғы ата-бабаларымыздың ұлан-байтақ дала төсіндегі көшіп-қонып жүрген бүкіл тіршілік-тынысынан, түйсік арқылы жұғысты болып отыратын салт-сана жиынтығынан аңғарамыз.

Түркі әлемінің эпостары – қазіргі түркі тектес халықтардың тарихы мен мәдениетінің біртұтас екендігін терең түсініп, жете сезіну үшін теңдесі жоқ құнды қазыналар. Сонау есте жоқ ежелгі замандардан бері бауырлас түркі халықтарының асыл қазынасы болып табылатын эпостар олардың даму тарихындағы небір қиын-қыстау кезеңдерде халықпен бірге жасасып, бірге сақталып келеді. Түркі әлемінің мұрагер ұрпақтары бір-бірінен өздерінің ерік-жігерінен тыс қол үзіп, көз жазып қалған тар замандардың өзінде де эпос түркі халықтарының басын біріктіруге қызмет етті. Тіпті тоталитарлық тәртіптің аса қатал жағдайында да түркілер өздерінің жалпы тарихи сана-сезім естелігін, рухани бірлігі мен жалпы мәдени тұрғыдан алғандағы ұқсастығын сақтап қала білді. Қазір біз осы заманғы халықтардың ұлы қайраткерлері атанған М. Әуезовтің, Ш. Айтматовтың және басқаларының шығармалары қаншалықты орасан зор маңыз алып отырғанын әділ бағалай аламыз. Өйткені бұлар жалпытүркілік рухани негіздегі қасиетті қазыналарды сақтап қалмаса, түркі халықтарының өз тарихи жадынан айырылып қалуы әбден мүмкін екенін жете түсінді.

Түркі тектес халықтар менталитетінің тұрақты сипатының бірі – олардың ең қиын-қыстау кезеңдерінің өзінде де аман қалып, өмір сүру қабілетін жоғалтпайтындығы, өздерінің мәдени тұрғыдан алғандағы ұқсастығын жоғалтпай, таза сақтап қала алатындығы. Мысалы, XII ғасырдағы араб тарихшысы Фахретдин Мубаракшахтың жазып



қалдырған дерегі бойынша: «Түркі өз үйінде жүргенде теңіздегі ұлутас қабыршағында сақталған баға жетпес інжу-маржан секілді, ал ұлутас қабыршағынан аттап шығар болса-ақ, оның барлық қымбат қасиеттері жарқырап көрінеді...».

Көшпелілердің сана-сезімі мен ақыл-парасаты өздері жаулап алған ғажайып өлке атаулының барлығындағы рухани қазыналарды толық қамтып, игере білді. Мұны көшпелі халықтардың эпостары мен аңыздарының мазмұнынан айқын аңғаруға болады. Олардың фольклорлық әлемінің географиялық шекаралары орасан зор. Оның үстіне, бір таңғаларлық нәрсе еуропалық ғылыми географиялық түсініктерге соңғы кездерге дейін тән болып келген «ит басты адамдар» сияқты әр түрлі ерсі, түсініксіз құбыжық атаулыдан ада.

Халықтың ауыз әдебиетінде, әсіресе адамның имандылық мінез-құлық жүйесіндегі ізденістерге ерекше көп көңіл бөлінген. Атап айтқанда, адамның өзге біреулермен өзара қарым-қатынасы, өмір мен өлім проблемасы, адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюуы, жасы үлкендер мен кішілердің бір-бірімен қарым-қатынасы, ата-ана мен балалар арасындағы сыйластық сияқты алуан түрлі көкейкесті маңызды мәселелер ешқашан да назардан тыс қалмаған. Көшпелі өмір салттың табиғат-анамен, сондай-ақ әлеуметтік өмірмен етене тығыз байланыста болуын ұйымдастыру тәжірибесі тап осыны талап етті.

Көшпелілердің әлеуметтік өмір салтына ру ақсақалдары мен жалпы жасы үлкендерге құрмет көрсету, өз руластарына қамқорлық жасап отыру сияқты қасиеттер тән болды. Міне, мұның бәрі жинала келіп, имандылық, күнделікті тіршілік-тұрмыстағы адамгершілік қағидалардың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына көшпелілердің бүкіл қоғамдық және жеке өмірін толық жұмылдыра білді.

Біздің заманымызға дейін кеңінен таралған, соның ішінде ғылымда да кеңінен орын алып келген пікірге сүйенетін болсақ, онда жеке-дара аймақтық қоғамдар өз беттерінше томаға-тұйық өмір сүріп, халықтар арасындағы жалпыға бірдей байланыстар орнатуға, өзара бірлескен іс-қимыл жасауға индустрияландырылған қоғам қалыптасқаннан кейін ғана көшті дер едік.

Алайда талассыз айқын тарихи фактілерге жүгінетін болсақ, онда біз жеке-дара, бір-бірімен байланыссыз, томаға-тұйық, өз беттерін-

ше өмір сүріп келген, экономикалық дамудың әр түрлі сатысындағы, қоғамның әлеуметтік құрылым тұрпаттары өзара сәйкес келмейтін, мәдени, менталитеттік, нәсілдік, этностық-мәдени өлшемдері алуан түрлі қауымдастықтардың адамзат тарихындағы орасан зор көлемде бір-бірімен байланыс орнатуының алғашқы тәжірибелерінің бірі көшпелі қоғамдардың Шығыстан Батысқа қарай қозғала көшуі болғанын еріксіз мойындар едік. Ал тап сондай игілікті істі жүзеге асыруда Ұлы Түркі елі үлкен рөл атқарды.

* * *

Орта түркі дәуірінде (X-XV ғасырлар) түркілер Шыңғыс хан әскерлерінің бәрін де қиратқан жойқын шабуылы салдарынан орын алған тіршілік тәлкегі мен апатты оқиғаларға толы аумалы-төкпелі заманда да сол кездегі неғұрлым белсене іс-қимыл танытқан халықтардың бірі болды. Түркі тілдес тайпалар Орталық, Оңтүстік және Кіші Азияда, Сібір мен Шығыс Еуропада күшті қарқынмен кеңінен тарала бастады. Олар өз заманындағы дамудың шырқау биігіне көтерілді және жалпы адамзат өркениетін дамытудың белсенді де қуатты қозғаушысы бола білді.

X-XI ғасырларда Орталық Азия халықтары үшін Шығыс пен Батыстың ұлы мемлекеттері тарапынан пәлендей сыртқы қауіп-қатер бола қойған жоқ. Бұл жағдай бүкіл аймақта бейбіт өмір орнап, жоғары дамыған күшті мемлекеттердің пайда болуына мүмкіндік туғызды. Олардың арасында ең ірі әрі гүлденіп өскендері Саманидтердің, Қараханидтердің және түркі-парсы халқы аралас Ғазнауилердің мемлекеттері болды. Ол кездерде халықтың жалпы саны 5-7 миллионға жеткен еді. Мұның өзі, салыстырмалы түрде алғанда, ол кез үшін оншалықты көп халық емес. Бірақ олар соның өзінде ең жоғары сатыдағы экономикалық және мәдени дамуға қол жеткізді.

Араб басқыншылығы Орталық Азия халықтарының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне күшті ықпал етті.

Қоғамдық өмірдегі аса маңызды өзгерістердің бірі жаңа мемлекеттік дін – исламның, араб тілі мен жазуының кеңінен таралуы болды. Орасан зор аймақта ортақ бір тілдің енгізілуі, даму деңгейі мен өмір сүру салты әр түрлі халықтардың біртұтас діни-саяси бірлестік шең-



беріне шоғырландырылуы халифат құрамындағы барлық халықтардың салт-дәстүрлерін жасампаздық шеберлікпен ұштастыра білген мәдениеттің дамуына, сондай-ақ ежелгі мәдени қазыналарды қайта қарап жаңартуға мүмкіндік берді.

Түркі қағанатынан кейін оның негізгі мұрагерлері мекендеген аумақ осымен екінші рет Шығыс пен Батысты бір-бірімен байланыстырушы көпір рөлін атқарды және ұлан-байтақ кеңістікте бір-бірінен шалғай жатқан Қытайдың, Үндістанның және Еуропа құрлығының батыс бөлігінің (Испанияның мұсылманданған бөлігі) өркениеттерін өзара ұштастырды. Ал бұл жағдай өз кезегінде Таяу Шығыстың өз тағдырына орасан зор ықпалын тигізді, сол арқылы Жерорта теңізі елдерінің мәдениетіне ықпал етіп, Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің негізін қалады, яғни, оның іргетасы болып табылатын ежелгі мәдениетті сақтап қалуға жағдай жасады.

Халықтың Қытаймен, Үндістанмен, Жерорта теңізінің бүкіл елдерімен кең көлемді байланыс жасауы тек тауар алмасумен және техникалық жаңалықтарды бөлісумен ғана шектеліп қалған жоқ, сонымен қатар әртүрлі идеялық жүйелерді бір-бірімен салыстыру арқылы жемісті жұмыс жүрізуді де қамтамасыз етті. Мысалы, әл-Фараби шығармалары орта ғасыр дәуірінің басынан аяғына дейін Батыс Еуропада мейлінше кеңінен пайдаланылды және оның Қайта өрлеу дәуірі гуманизмінің дамуына күшті ықпал еткені даусыз. Ал өзінің қоғамдық-саяси көзқарасы жағынан кей жағдайда Отырардан шыққан ұлы ойшылға еліктеп, оны өзіне ұстаз тұтқан Ибн Синаның еңбектерін Еуропа 10 ғасыр бойы медициналық білім энциклопедиясы ретінде пайдаланып келді.

Орталық Азия халықтары орта ғасыр дәуірінде жоғары дәрежедегі жарқын мәдениет жасай білді. Мұның жарқын айғағын өзіндік сипаты мол сәулет өнерінен, көз тартарлық көркем қолөнер туындыларынан, жайқалған гүлдей поэзия мен эпостардан көруге болады.

Араб әліппесіне көшу де тап сол кезде басталды. Отырар, Тараз сияқты, тағы басқа қалалар ірі-ірі мәдени орталықтарға айналды. Оларда сол кезеңдегі жергілікті дәстүрлерді дүниежүзілік мәдениеттің ең жоғары жетістіктерімен бірегей шеберлікпен етене ұштастыра білген энциклопедист әл-Фараби, математик әрі астроном Аббас Жаухари сияқты тамаша ғалымдар өмір сүріп, еңбек етті.

Әл-Фараби математика, сәулет, музыка сияқты көптеген ғылым мен өнердің негізін салушы ретінде әбден орынды мойындалады. Оның ізгі мемлекет пен оның басшысы туралы ілімді дамытқан әлеуметтік-этикалық трактаттары күні бүгінге дейін өзінің көкейкесті маңызын жойған жоқ. Әл-Фараби араб философиясының шын мәніндегі негізін қалаушы – Шығыстан шыққан тұңғыш философ саналады. Оның шығармашылығы ортағасырлық Шығыс ойшылдары Низами Ғәнжауиге, Омар һайямға, Әлішер Науаиға орасан зор игі ықпалын тигізді.

Ұлы дәуір дүниеге ұлы адамдарды – ғажайып ғалымдарды, ақындарды, сәулетшілерді, дәрігерлерді берді.

Олардың қатарына орта ғасырдағы аса көрнекті математик, ұлы ғалым әл-Хорезмиді (780-847) қосуға болады. Оның еңбектері мұсылмандық Испанияда латын тіліне аударылып, Еуропадағы математика ғылымының негізін қалады. «Логарифм», «алгоритм» деген терминдерді әл-Хорезми енгізген. Ол дүниежүзін Үндістан математиктерінің аса ірі ғылыми жетістіктерімен таныстырды. Ол қазір біздің барлығымыз бірдей пайдаланып жүрген нөл таңбасы мен цифрларды позициялық ретпен жазу тәсілін енгізді. әл-Хорезми алгебраның негізін салды. Бұл ғылым оның «Әл-джебр» деген кітабының атымен аталып кеткен. Ол сонымен қатар астрономиямен де айналысты, синустар мен тангенстар кестесін құрастырды.

Сол кездегі ұлы ғалымдардың қатарында математик әрі астроном әл-Бируни де тұрды. Математик әрі географ, астроном әрі биохимик, конструктор әрі ақын әл-Бируни ортағасырлық аса жарқын құбылыс болды. XI ғасырды замандастарының Қайта өрлеу дәуірінің лайықты алып тұлғалары ретіндегі екі ұлы ғалымға тең бөліп беруі тіпті де тегін емес еді: ғасырдың бірінші жартысы Бируни дәуірі, екінші жартысы ақын әрі математик, астроном әрі философ Омар һайям дәуірі аталуында осындай сыр бар.

X-XI ғасырларда түркі тіліндегі әдебиет өте күшті дамыды. Ал Шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Бұхари, Самарқанди және басқалары тәжік тілінде жазды. Жүсіп Баласағұн мен Ахмет Ясауи өз шығармаларын түркі тілінде жазды.

Ортағасырлық Шығыстың аса ірі ойшылдары Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашғари болды. Ол екеуінің де шыққан тегі түркілер еді.



Сондықтан олар түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, тілін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге баға жетпес мол үлес қосты.

Атап айтқанда, XI ғасырда өмір сүрген Ж. Баласағұн сол дәуірдің аса маңызды әдеби ескерткіштерінің бірі әрі бірегейі «Құтты білік» («Құт дарытатын білім») еңбегін жазды. Ол – Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтар әдебиетінің бізге дейін жеткен тұңғыш туындысы.

Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбегінің де құндылығы өте жоғары. Бұл еңбек тіл білімі тарихына орасан зор үлес қосып қана қойған жоқ, сонымен қатар түркі тілдес халықтардың тұрмысының, мінез-құлқының тарихынан мол мағлұмат беретін баға жетпес ескерткішке айналды. Ол сондай-ақ орта ғасырдағы табиғи жаратылыс жөніндегі ғылыми көзқарастан да хабардар етеді. Зерттеуші ғалымдар түркі сөздігінің жасалуын мұсылман әлеміндегі халықтар арасында түркі тілінің барған сайын арта түскен рөлімен орынды байланыстырады.

XII ғасырда Йассы (Түркістан) қаласында өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауи аса көрнекті ойшыл болды. Оның есімін бүкіл түркі әлемі қасиетті санайды және өте орынды құрмет тұтады. Ол Қазақстанда мұсылман дінін насихаттап таратушы болды, «Диуани хикмет» («Данышпандық туралы кітап») өлеңдер жинағын түркі тілінде жазды. Онда құдіреті күшті Құдайды сүюді, оған құлдық етіп бағынуды, тақуа-сопылықты дәріптеді. «Құранды» түркілердің түсінігіне ыңғайлап насихаттайтын, өзіндік негізі бар сопылық ағымды дамытты.

Ақырында, XV ғасырдың бірінші жартысында ғылым көкжиегінде сол дәуірдің ең жарық жұлдызы болып ұлы астроном әрі математик, көрнекті қоғам қайраткері, дүниежүзіндегі тұңғыш обсерваторияны құрған Мұхаммед Ұлықбектің есімі жарқ ете қалды.

Сонымен, жергілікті халық жоғары деңгейде дамыған жаңа араб мәдениетін, ғылым-білімін меңгеріп қана қойған жоқ, сонымен қатар өзінің ежелгі дербес мәдениеті мен жазу-сызуын да сақтап қалып, одан әрі дамыта білді. Мұның айқын дәлелін араб-ислам әлеміндегі күшті дамыған мәдениетінің қуатты ықпалына қарамастан, түркілердің мәдени дәстүрлерінің сақталып қалып, өмір сүргенінен және дами түскенінен әбден аңғаруға болады. Сөйтіп, түркілердің қуатты рухы

басылып қалмағаны былай тұрсын, қайта өзінің рухани мұрагерлік жалғасын тауып дами түсті, әрі сонау ғасырлардың терең түкпірінен Ұлы Түркі еліне жасампаздық серпін бере білді.

* * *

XI-XII ғасырларда Орталық Азия аумағында тұратын халықтардың шаруашылық-мәдени тіршілік тұрпатының ортақтығы, тілдік және тұрмыстық жақындығы, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы егін шаруашылығының бір-бірімен өзара байланысты болуы, мемлекеттіліктің қалыптасуы мен тайпалық бірлестіктердің этностық тұрғыдан ықпалдасу үрдісі жүріп жатты. Этногенездің негізгі тараптары айқындала түсті, қазіргі түркі халықтарының құрылуына қажетті тарихи алғышарттар қалыптасты. Түркі халықтары Шыңғыс ханның жойқын шабуылына әлеуметтік-экономикалық, этностық, саяси және мәдени дамудың, міне, тап осындай деңгейінде тап болды.

Моңғол экспансиясы Орталық Азияның аумағындағы халықтардың қалыптасуын қатты тежеді. Ірі-ірі тайпалық топтардың қоныс аударып, бір-бірімен мидай араласып кетуіне душар етті. Түркілердің кейбір бөлігі өздерінің атамекенінен тыс жерлерге көшіп кетуге мәжбүр болды. Міне, тап осы кезден бастап көптеген түркі тайпалары Жерорта теңізінен бастап Үнді және Тынық мұхиттарына дейінгі аралықтағы бөтен елдерден бір-ақ шықты.

Сол бір сұрапыл кезеңнің тарихында түркі-қыпшақтар ерекше рөл атқарды. Олардың моңғолдарға тұтқын болған бір бөлігі Мысыр мен Үндістанға құлдыққа сатылып кетті. Онда да үкімет және әскери билікке қол жеткізе білген олар мәмлүктер және гулямдар деп атанды. Моңғол шапқыншылығының жолына күшті тосқауыл қойып, олардың бетін қайтарғандар да тап осы қыпшақтар болатын. Олар сол ерлігі арқылы Мысыр елі мен Үндістанның ежелгі бай мәдениетін алапат апатқа ұшырап, құрып кетуден сақтап қалды.

Моңғолдарға ойсырата соққы берген сол елдердің түркі тектес басшыларының арасынан біз Мысыр елінде болған Бейбарыстың, Қалауынның, Ан-Насырдың, Үндістанда болған Елетміштің, Разийяның, Балбанның есімдерін мақтанышпен атай аламыз.



Мысалы, тамаша армия құра білген мәмлүктер моңғолдарды Мысыр елінің шебіне жолатпады, сөйтіп, Каирды Шам мен Бағдаттың басынан кешкен қасіреттен аман сақтап қалды. Ал әл-Макризидің айтуына қарағанда, моңғолдың Хулағу ханы басып кірген кезде Шам мен Бағдаттың «көшелерінде адам қаны судай тасып аққан болатын». XIII ғасырдың екінші жартысында қыпшақтар басымдық танытқан мәмлүктік жүйе мемлекеттің бірігіп, нығаюына көмектесті, ал сауда жолдары, әсіресе Жерорта теңізі аймағындағы жолдар, моңғолдар мен крест жорығына қатысушылар арасында қырғын соғыстар болып жатқанына қарамай, салыстырмалы түрде едәуір қауіпсіз жағдайда болды.

Моңғолдармен кескілескен ұрыс жүріп жатқан кезеңде бахри-мәмлүктер қорғап қалған Мысыр елі Дели сұлтанымен бірге мұсылмандардың ең негізгі бас сауғалайтын орнына айналды.

Түркілер моңғол империясының саяси құрылысына да орасан зор күшті ықпал етті. Шыңғыс хан империясы сонау Түркі қағанаты кезінде пайда болған әскери-әкімшілік жүйесінің негізінде құрылды. Мысалы, моңғол әскерлері өзінің құрамы жағынан жүздіктерге, мыңдықтарға, түмендерге (он мыңдықтарға) бөлінді. Шыңғыс хан империясының халқы да тап осындай әкімшілік бірліктері бойынша басқарылды.

Қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ халқының түркі тілдес болуы олардың бүкіл қазақстандық-ортаазиялық аймақта сонау ежелгі замандардан бері қарай этногенетикалық және мәдени үрдістер кезінде ұдайы өзара байланыста болып келгенін айқын көрсетеді. Мысалы, түркі тектес халықтардың барлығында да «Көрұғлы», «Қорқыт ата» сияқты отансүйгіштікті, ерлікті, Отанға, елге, жерге деген махаббатты ту қылып көтере дәріптейтін халықтық эпостар олардың тарихи санасының естелігі ретінде сақталып қалған.

XV ғасырдың аяқ кезінен бастап қазақтар, өзбектер және басқа да халықтар этностық тұрғыдан бір-бірінен бөліне бастады. Мұның өзі көптеген ғасырлар бойы жүріп келген этногенетикалық терең үрдістердің нәтижесі еді.

XVI ғасырдан бастап Орталық Азияда тайпалар немесе тайпалық одақтар туралы емес, қайта бұл аймақтағы жаңа этносаяси сипаттағы



құрылымдар ретінде өздерінің дербес этнониміне (өз халқының атына) және мемлекеттік түзіліміне ие болған түркі тілдес халықтар туралы сөз етуге болады.

* * *

XVIII ғасырдан бастап Орталық Азияның түркі тектес халықтары ұдайы жалғасып, тереңдей түскен экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени дағдарыстар кезеңіне душар болды, әрі өз аумақтарын отаршылдық саясат есебінен кеңейте түсуді көздеген мемлекеттердің оңай олжасына айналды.

Олардың солтүстігінде өздерінің тауарларын өткізетін рыноктарға және арзандау түсетін шикізат көздеріне, эквиваленттік теңдігі жоқ экономикалық айырбас жасауға қатты мұқтаж Ресей империясы жатты. Ол өзінің шығыс және оңтүстік бағыттағы әскери және саяси сұғанақтығын барған сайын күшейте түсті.

Соның салдарынан Қазақстан, Әзірбайжан, Орталық Азия мемлекеттері Ресей империясының отаршылдық саясатының орбитасына тартылып шыға келді. Мұның өзі түптің түбінде түркі тілдес халықтардың ұлттық мемлекеттілігінен айырылып қалуына, метрополия тарапынан жүргізілген орыстандыру саясаты салдарынан ұлттық және әлеуметтік қыспаққа ұшырауына ұрындырды.

Ең күшті соққы – әуелі ұлттық сана-сезімнен айыруды нысана етті. Ресей империясының отаршылдық саясаты түркі халықтарының осы заманғы ұлттарға айналуының табиғи-эволюциялық сипатын қатты тежеді.

Отаршылдық тәртіптің басты міндеттерінің бірі бодан болған түркі халықтарының өздеріне тән мәдени, тілдік, тарихи-этностық бірлігі болуы туралы түсінігін олардың сана-сезімінен біржола жою жолында күрес жүргізу болды. Түркі тілді мәдениеттің көрнекті ағартушы өкілдерінің отаршылдық саясатқа қарсы бас көтеру жөніндегі кез келген әрекеті рухани салада қатты қуғын-сүргінге ұшырады.

Қазақстан өзінің географиялық ерекшелігіне орай басты соққыға көп жағдайда кеуде тосумен болды. Қазақстан ол кезеңде саяси тұрғыдан алғанда Орталық Азияны отарлау үшін қажетті орасан зор полигон



және плацдарм саналды. Ол отаршылдық басыбайлылық пен құлдықта ұстаудың түрлі тәсілдерін сынап көретін аймаққа айналды.

Міне, осындай қиын-қыстау жағдайдың өзінде де түркі халықтарының аса көрнекті өкілдері ұлттық және жалпы түркілік сана-сезімді оятып, күшейте түсуге ұмтылды. Олар прогресшіл ағартушылық идеяларды дамытты, мешеулік пен артта қалушылыққа қарсы күрес жүргізді.

Олар халықтың сауатын ашып, сана-сезімін арттыруды өздерінің негізгі міндеті санады. Ол дәуір әрбір түркі үшін барып тұрған жарық жұлдыздар болып табылатын көрнекті ағартушылардың тұтас бір тобын тарих сахнасына шығарды. Олар: Ш. Уәлиханов, Абай (Қазақстан), Дониш, Фуркат (Өзбекстан), Мырза Ахундов, Сеид Ширвани (Әзірбайжан), Молланепес (Түрікменстан), Қалығұл, Тоқтағұл Сатылғанов (Қырғызстан). Орталық Азия халықтарында тұтас бір дәуірді қамтыған оқиға кеңестік қоғамдық-саяси құрылыстың орнауы болды. Орталық Азияда түркі тілдес халықтардың сөз жүзінде ғана формальды түрде тәуелсіздік алуының нәтижесі әр түрлі мәнге ие болды. Мысалы, бір жағынан мәдениет, ғылым, білім дамып, осы заманғы ұлт қалыптасса, екінші жағынан ұлттық мемлекетіміз түгелдей формальды сипатта болды, ұлт тілдері өздерінің көптеген қолданылу аясынан (саясат, экономика, ғылым) айырылып қалды, ана тілін білетін адамдар саны күрт азайып кетті. Ұлттық сана-сезім тоталитарлық тәртіп таңған таптық сана-сезімнің құрбандығына айналды, халықтардың жадын әр түрлі айла-шарғы қолдану арқылы өшіруді, сөйтіп барып идеологияландырылған ресми тарихқа ден қоюға бет бұрғызуды көксеумен болды. Орталық Азияны мекендеген халықтар аумағындағы этностық менталитетті орасан зор мөлшерде бағытталған көші-қон ұйымдастыру арқылы өзгерту саясаты мемлекеттік деңгейде ауқымы кең көлемде жүргізілді.

Орталық Азия республикалары тоталитарлық империяның артта қалған мешеу, бүкіл сыртқы дүниеден «темір перде» арқылы бөліп тасталған шет аймағына айналуға мәжбүр болды. Өздерінің тарихи тағдырының қожасы болу мүмкіндігінен айырылған түркі халықтары ендігі жерде бір кездегі тасқынды күш-жігерінің бірте-бірте азайып, таусылуына қарай, мәдени-тарихи біртұтас ұқсастығын біржола жоғал-

тып алуына қарай лажсыздан бойсұнған еді. Бір кездегі Ұлы Түркі елінің тәкаппар ұрпақтарын арада он төрт ғасыр өткенде кісі қызықпайтын осындай ауыр тағдыр күтіп тұрды.

Кеңес Одағының ыдырап, тарап кетуіне байланысты түркі халықтарының дамуындағы жаңа кезең басталды. Арада мың жарым жыл уақыт өткенде түркі елінің тап жүрек тұсында тәуелсіз жаңа мемлекеттер пайда болды. Провинциялық шет аймақтар саналатын Орталық Азиядағы елдер мен Әзірбайжан осы заманғы дүниежүзілік тарихтың тініне қоса өрілген тәуелсіз дербес мемлекеттерге айналды.

Түркілер тарихынан жалпылама болса да, азды-көпті хабары бар адамның қай-қайсысы да осы бір мәдени-тарихи және тілдік қауымдастықтың бұдан былайғы тарихы туралы зор үмітпен бұрын тарихта теңдесі жоқ үлкен мемлекет құрған, отаршылдық тарихының тар жол, тайғақ кешу азабын тартқан, тоталитарлық қоғамның қиын-қыстау күндеріне төзе білген түркі әлемі тап қазір сапалық жаңа дамудың тарихи перспективасымен бетпе-бет келіп тұр – енді ол түркі халықтарының тәуелсіздік туралы, дербес мемлекет құру туралы ғасырлар бойы армандап келген мақсатын жүзеге асырып, оны нақты мазмұнмен толықтыра түсетін кезеңге жетті.

Сонымен қатар ұлттық-мемлекеттік құрылыстың барысында пайда болатын табиғи қарама-қайшылықтарды жеңе отырып, одан әлдеқайда кең көлемді проблемаларды да айқын көре білу қажет, ал ол проблемаларды шешу егемендікті нығайта түсу міндеттерін нақты іс жүзінде орындап шығуға көмектесетін болады.

Мәдениет саласына келетін болсақ, әрбір тәуелсіз түркі мемлекетіндегі ұлттық мәдениетті дамытудың кезек күттірмес көкейкесті міндеттерін шұғыл шешудің қажеттігі тап қазір тарихи дамудың принципті жаңаша заңдылықтарына қарай елеулі түрде шектеліп отыр...

Қазіргі дәуір тарихи үрдістің кедір-бұдыры мол жолмен жүріп келе жатқанын көз жеткізе дәлелдеп отыр... Әр түрлі аймақтарда болып жатқан ұлттық сәйкестіктерге қарамай, дамудың жалпы дүниежүзілік заңдылығы ірі-ірі өркениетті кешендер қалыптастыруға қарай бет түзеуде. Ал ондай кешендерді экономикалық, мәдени, ақпараттық үрдістің ауқымын мейлінше арттыру және тарихи даму үрдісін өз көзімен көре білу қабілетін күшейту арқылы ғана жасауға болады.



Біздің ойымызша, түркі әлемінде бұл проблеманы табысты шешудің алғышарттары әбден жеткілікті. Тарихи дамудың ғасырлар бойы қалыптасқан алуан түрлі этностық-мәдени жүйелері, ұлттық бейнелер болмысының, әрқилы әлемдердің кезек күттірмейтін өзара тіл табысу, пәтуаға келу қажеттігі бұл проблеманы қазіргі тарих деңгейіне дейін көтеру керектігін көрсетіп отыр. Оған тәуелсіз түркі мемлекеттерінің барлығы да мейлінше тең құқықты жағдайда қатысуға мүдделі болуы тиіс. Түркі әлемі өкілдерінің қазіргі ұлттық сана-сезімінің деңгейі бұл міндетті ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. Іс жүзінде нақты экономикалық және саяси императивтерді адамдардың басым көпшілігінің әрқашан толық, бір деңгейде қабылдай қоюы кездесе бермейтін нәрсе. Өйткені қоғамда болып жататын әр түрлі құбылыстар мен үрдістерді әркім әр түрлі қабылдап, өзінің ұлттық сана-сезімінің, ұлттық мәдениетінің сүзгісінен өткізген кезде ол құбылыстар мен үрдістердің сан түрлі өзгерістер сияқты құбылып көрінуі сөзсіз өз халқының алдында өзінің тарихи жауапкершілігін жете сезінетін мемлекет басшысының бұл жағдайды елеусіз қалдыруға ешқандай да құқығы жоқ.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, түркі әлемі барлық уақытта да әр түрлі халықтар мен мәдениеттерді бір-бірімен байланыстыратын дәнекер буын болып келді. Дәл қазір мен өзіміздің ортақ мәдени-тарихи тағдырымызды терең сезіне білуге шақырып отырған болсам, мұның өзі өзге мәдени полкстерден біржола бөлек кету немесе ерекшеленіп шыға келу дегенді тіпті де білдірмейді. Қазіргі түркі әлемі уақыт өткен сайын өзара тығыз бірлесе түсіп, өздерінің мәдени мол мүмкіндіктерін танытуға тиіс. Шамасы, болашақ зерттеушілер, ол үрдісті «Түркі-ислам өркениеті» деп атауы да әбден ықтимал.

Бірақ ол қалай деп аталса да, бізге оның мәні мен мазмұны маңызды. Менің жеке өзімнің кәміл сенімім бойынша, ол үрдіс бір өркениеттік тұғырнамадан екінші өркениеттік тұғырнамаға бірте-бірте баяу әрі байыпты жылжып өтудің тарихи мысалы ретінде сипат алатын болады.

Атап айтқанда, түркі-ислам әлемі а) Батыс мемлекеттері; ә) Араб-Иран әлемі; б) Ресей; в) Қытай сияқты мәдени-өркениет кешендерінің арасындағы байланысты қамтамасыз ететін, мәдениеттерді өзара байыта түсетін маңызды көпір болады.



Өзіміздің алдымызда тұрған тарихи міндеттің соншалық алып екенін жете түсіну орасан зор жауапкершілік жүктейді және оны орындаудың үдесінен шығу үшін барлық күш-жігерді түгелдей жұмылдыруды талап етеді. Түркі әлемінің аумағындағы болашақ тарихымыз әрқайсымыздың ұлттық-мемлекеттік құрылысымыздағы міндеттерді шешуге байланысты әр түрлі тұрғыдан келуді қажет ететін толып жатқан қыруар қарама-қайшылықтардан тұра ма, әр түрлі ұлттық мәдениеттердің өзара жанасып, жақындаса түсетін жүйелеріне сызаттар түсіп, быт-шыты шығып жүре ме, әлде қазіргі қатыгез тарихтың тулаған толқындарында біржола жоғалып кетпеуіміз үшін өзара бас қоса отырып, біртұтас мәдени-өркениет кешенін құру мақсатымен түркі әлемінің тұтастығын нығайта беру қажеттілігін жете түсінетін биік деңгейге көтеріле аламыз ба – міне, мұның бәрі де біздің мемлекеттеріміздің қаншалықты дәрежеде бірлесе күш-жігер жұмсай алатындығына тікелей байланысты мәселелер болып табылады. Біз өзіміздің бұған дейін дүниеден өткен ата-бабаларымызды, болашақта дүниеге келетін ұрпақтарымыздың алдындағы адамгершілік-имандылық борышымызды өз халықтарымыздың жалпыға бірдей ортақ мәдениетінің өзара ұқсастығын сақтап қалып, соны саялағанда ғана адал өтей алатын боламыз.

Тарихтың қойып отырған өктем талабы әрбір түркі еліне әр түрлі салада және саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық әр түрлі тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жатпай-тұрмай іздестіруді міндеттейді.

Егер түркі әлемінің бірігу идеясына қазіргі ағымдағы тарихи кезең тұрғысынан баға беретін болсақ, онда әлгі бірігу идеясының ықпалдастырушы және жұмылдырушы мүмкіндіктері шамалы ғана сияқты болып көрінуі әбден мүмкін.

Бірақ уақыттың неғұрлым кеңірек шеңбері тұрғысынан келетін болсақ, оның даму перспективасына көз жүгіртетін болсақ, онда тарих бізге нақты алғанда әрбір түркі халқы түркілердің мәдени әлеміндегі бөлінбейтін құрамдас саласы екеніне барған сайын көз жеткізе дәлелдеп береді.

Тарихи уақыт зымырап өткен сайын мәдени геоландшафттағы жасыл жазираны мекен еткен Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық, саяси рөлінің арта түсуі нәтижесінде оңды өзгерістердің болуы әбден ықтимал.



Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз. Менің ойымша, мұндай ықпалдастық құрылымдарының есігі түркі халықтарына, тіпті түркі емес халықтарға да әрқашан айқара ашық болуы тиіс. Өйткені өзгелерден іргені аулақ салу мәдени томаға-тұйықтыққа және тоқырауға ұрындырмай қоймайды.

Әрбір мәдениет өркениеттердің бір-бірімен жанасып, ортақ тіл тауып, араласуы арқасында ғана өзінің дербес тұтастығы мен ұқсастығына қайта қол жеткізе алады, өзінің бұрынғы бастауларына оралады. Өйткені мәдениеттер арасындағы байланыстар үрдісінде шын мәніндегі құнды қазыналардың көкейкесті қажеттілігі барған сайын айқындала түседі. Бұл бағытта едәуір алға жылжуымызға Түркі халықтарының энциклопедиясын жазудың ізгі ықпалы мол болар еді. Сондай-ақ Түркі халықтарының пантеонын салудың, онда түркі халықтарынан шыққан ұлы қайраткерлерді және жалпы түркілік тарихқа тікелей қатысы бар маңызды оқиғаларды осы заманғы бейнелеу өнерінің тілімен жалпақ дүниеге жария етудің пайдасы зор. Түркі проблемаларын оқытып-үйрететін Халықаралық орталық ашылса, тіпті нұр үстіне нұр болар еді.

* * *

Үшінші мыңжылдыққа дейін санаулы-ақ уақыт қалып отырған тұста біздің соңымыздағы тарихи кеңістікте қандай мәдени әлемнің жылжи еріп келе жатқанын дәл және биязы сыпайылықпен бағалай алатын мүмкіндікке ие болып отырмыз. Сондай-ақ қандай үңірейген қара тесіктердің бар екенін де, атақ-даңқы жер жарған есімдер шоғыры мен аты-жөні белгісіз миллиондаған адамдардың әлдебір түсініксіз, жұмбақ тәсіл арқылы біздің тілімізде сөйлеп, көкірек көзімізде дидарласа бастағанын да бағалай аламыз...



* * *

Алайда қазақтың аса бай, ғажайып мәдени дәстүрлерінің Қазақстандағы өзге этностық топтардың өкілдері үшін әлі күнге дейін қабат-қабат темір сандықтың ішіндегі қол жетпестей «құпия» болып келе жатқаны белгілі. Құрманғазының телегей теңіздей көбік шаша толқып жатқан орасан зор ғажайып күйлері, Мағжанның жүрек тебіренерлік мөп-мөлдір асыл лирикасы, Мұхтардың эпикалық көркем прозасы, Шоқанның барша әлемді таңғалдырған жаңалықтары, ұлы Абайдың түпсіз терең философиялық толғаулары сияқты осынша мол рухани қазына ынта-ықылас қойған әрбір адамның ішкі жан дүниесін байытып, сана-сезімін шарықтата көтеретініне күмән келтіре алмайсың. Қазақтың мәдени универсумының тап осындай мейлінше биік шырқау шыңдарын түсінуге талпынбаған адамның қазақтың жан дүниесінен хабардар болуы мүмкін емес. Ал қалыптасып, қатып-семіп қалған алуан түрлі надандыққа толы жалған түсініктер шырмауында қалып қоймау үшін еріксіз мәжбүр етуге, әкімгершілік немесе идеологиялық қысым жасауға жол бермей, барынша емін-еркін әрі ешкімнің де ұлттық сезімін қорлап ренжітпей, әлгі ғажайып мәдени тасқынды құшақ жая қарсы алудың маңызы зор. Тіпті қазақ даласы топономикасының өзі де тұнып тұрған поэзия, тарихи драма мен өткір сықақ, әжуа. Қазақ сөзінің суырыпсалма жыр шығаруға деген сан ғасырлық тамаша дәстүрі де біздің халқымыздың толып жатқан тамаша қасиеттері туралы, оның жан дүниесінің тереңдігі мен кемеңгерлігі туралы мол мағлұмат бере алады. Әр түрлі сылтау-себептерді тілге тиек етіп, осынша мол рухани байлықтан бас тарту, мұның өзі басқа бір тілдің мүддесіне қысым жасайды-мыс деп көлгірсу – жалпы мәдени үрдістің табиғатын түсінуден мақұрым қалу деген сөз болар еді. Материалдық игіліктермен салыстырғанда мәдени игіліктердің өзіндік ғажайып ерекшелігі бар – олар ешқандай бөліске түспейді, қайта тұтынушылар қатары арта түскен сайын ол еселеп өсе түседі. Қазақтың тілі мен мәдениетін емін-еркін әрі құрмет сезімімен оқып үйренуге осы тұрғыдан келгенде ғана жалпы ұлттық тұтастыққа игі ықпал етуге болады.

«Тарих толқынында» кітабынан



МӘДЕНИЕТ КЕЛЕШЕГІ

*Ғалымның ой-зердесі білімді меңгеруі мүмкін,
ал даналық дегеніміз – халықтың тірлік-тынысы.*

Дж. Вудберри

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Мәдени тұрғыдан алғанда, мұның өзі демократиялық мемлекеттің алдына қатаң талаптар тартады деген сөз.

Күллі ұлттық мәдениеттердің кедергісіз өркендеп, кібіртіксіз өмір сүруін қамтамасыз ететін арналы шарттардың бірі оларға құқықтық жағдай туғызу болып табылады. Низами мен Гете, Тоқай мен Шевченко, Руставели мен Науаи, Колас пен Айни біздің азаматтардың басым көпшілігі үшін аты мектеп әдебиетінен таныс есімдер ғана емес, жүрегінің бір бөлшегі де. Сондықтан да Қазақстанда ұлттар мәдениетіне ең бір аялы көзқарас қалыптасқан. Ал бұл – ежелгі қазақ жерінде біз ниет қып жасақтағалы жатқан қоғам типі үшін әбден орынды нәрсе.

Сонымен бірге болашақ Қазақстанның мәдени шындық шырайы алуан ұлт мәдениеттерінің әншейін бір жиынтығы болмауға тиіс. Ондай жағдайда, бір жағынан, қазақ мәдениеті дербес өмір сүріп, жергілікті томаға-тұйықтыққа сөзсіз ұрынбақ, екінші жағынан, диаспоралық мәдениеттің жарықшақтары бедеулікке ұрынып, сүреңсіз күй кешуі кәдік.

Шынында да, әрбір диаспора өз этносының көбінесе кішкентай бір бөлшегі болып қалатынына ой көзімен қарасақ жетіп жатыр. Өйткені диаспора мәдениеті көбіне өз «этноқұрылыс мәдениетінің» кішкентай бір көрінісін ғана алға тартады ғой. Оның үстіне этникалық Отанның әдетте, басқа саяси, құқықтық, геосаяси жағдайда өркендейтіні және бар.

Сол себепті жалпы қазақстандық мәдени ортада томаға-тұйық даму, сайып келгенде, ұлттық топтар арасындағы айырмашылықты арттырып, мәдени алшақтықты ұлғайта түседі. Мұның өзі әрбір ұлыс мәдениетінің ерекшеліктері мен айырмашылықтары бір жақты өрістеуіне әкеп соғып, әншейін ғана қазақстандықтар деген атаумен бас құраған әлеуметтік жаңа қауымдастықтың өкілдерін өзара алыстата түспек.

* * *

Тіпті төл «этноқұрылық мәдениетінің» стандарты бойынша пешенесіне мешеулік жазылған, біраз жағдайда мәдени шалғай шет болуына тура келетіндердің бұған хақысы әбден-ақ бар. Әрбірден соң Қазақстан мемлекеті мәдени бағдар таңдауда бәріне де ерік беріп отырған жоқ па?!

Мәселе басқада – «этноқұрылық мәдениеті» өз диаспорасының мәдениетінсіз-ақ өмір сүре береді.

Жан-жақты даму үшін алғашқысының қолында қажет институттардың төрт көзі түгел, ал диаспора мәдениетінің «этноқұрылық мәдениеті» үшін кездейсоқ қана сипаты бар. Рас, тарихта өзінің этникалық Отанының мәдениетіне ықпал еткен диаспоралар болған. Мәселен, Алжирдегі француз мәдениеті Францияның өзіндегі мәдени үрдістерге аз ықпал еткен жоқ. Алайда мұндай мәдени ықпалдарды тұтас алғанда асыра бағалауға да болмайды. Тіпті КСРО-ның жағдайында, біртұтас ел боп тұрғанның өзінде, диаспоралар мәдениетінің этникалық мәдениетіне әсері айтарлықтай болған жоқ.

Соған қарамастан мекен етіп отырған елдің өз ішіндегі диаспоралар мәдениеті оның мәдени бедерінің қалыптасуына ұшан-теңіз ықпал жасайды. Ендеше, бүгін таңда өзіңді төл мәдени-өркеніет кешенінің бір бөлшегі деп есептеген дұрыс па, әлде қазақтың сайын даласына тағдыр айдап келген орыс, армян немесе неміс мәдениетінің өкілі санаған жөн бе? Меніңше, мәселені бұлайша бүйірден қоюға әсте болмайды.

Түпкі Отанымен, оның ішінде мәдени тұрғыдан да байланыс жасап отыру – Қазақстан аумағындағы әрбір диаспораның кепілдік берілген құқығы. Біздің іс жүзіндегі саясатымыз осы тектес байланыстарға



ықпал ету арнасында құрылған. Алайда баршамыз бір елде, көп ұлтты бір мемлекетте өмір сүріп жатқандықтан, әңгіме басқа жайында, мәдениетті өркендетудің стратегиялық бағыты жөнінде өрістеуі لازم.

* * *

Егер біз өзіміздің біртұтас тарихи тағдырымыз туралы, жаңадан қалыптасып жатқан геомәдени бағдар-межедегі белсенді рөлімізді айқындау жайында сөз қозғасақ, осынау әлемге неге жаңа мәдени-өркеніеттің тұтас бір тұлғасы ретінде енбейміз?

Яғни, шынтуайттап келгенде, таңдаудың екі жолы бар. Біріншісі – қатарласа өмір сүріп келе жатқан қазақтың ұлттық мәдениеті мен шашыранды диаспоралар мәдениетінің жиынтығын қалау. Мұндайда мәдениет недәуір аймақтық реңк алады.

Екінші – ұлттық-мәдени жүйелердің пәтуа-келісіміне арқа сүйейтін мәдениеттер шендесуі. Мұның діттеген мұраты жалпы Қазақстан мәдениетін қалыптастыру болмақ. Әрине, бұл арада өзге ұлыстардың өкілдері қазақ мәдениетін көз алдына айқын келтіріп, оны шындап игеруіне тура келеді. Кезінде қазақтардың өзі де орыс мәдениетін дәл сондай байыппен меңгеріп еді ғой.

* * *

Осынау стратегиялық бағыттағы қазақ мәдениетінің өз дамуына келсек, қазіргі қазақ мәдениеті ақындардың салт-дәстүрі, ауыз әдебиетінің той-томалағы емес екені бесенеден белгілі. Қазіргі қазақ мәдениеті кәсіби театрдан операға дейінгі, сәулеткерлік мектептен көркем суреттегі соны мәнер ізденістеріне дейінгі мәдени құрылғылар мен жаңалықтардың алуан бояуын алдыға жайып салады. Мәселен, қазақ мәдениетін көркем шығармашылықтың тек дәстүрлі аясында ғана алып, оны осы ғасырдың басындағы поэзия мен ортасындағы реалистік романдардың жиынтығы ретінде ұқсақ, қолымызда қандай күрделі де өркенді мәдени жүйе отырғанын түсінбегендік болар еді. Айтқандайын, «таза ұлттық қазақ мәдениетінің» тайқы маңдай сойыл соғарлары қазақ рухының мәдени тұрғыдан менмұндалайтын керемет қауырт

құбылысындағы соны лепті сезбей, кеудеден итеруі қазақ мәдениетіне тікелей зиян ғана келтіріп отыр.

Қазақстандағы күллі ұлттық топтардың өкілдері қарапайым ғана ақиқатты – қазақ мәдениетінің Абай мен домбыра ғана емесін, тіпті ол Мұхтар Әуезов немесе Мағжан Жұмабаев та емес екенін түсінуі керек. Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ мәдениеті дегеніміз Мұқан Төлебаевтан Ғазиза Жұбановаға дейінгі ең бір тамаша сазгерлік мектеп, Ермек Серкебаевтан Әлібек Дінішевке дейінгі әлемнің кез келген театрының сәні болар опера әншілері, бұл дегенің – жас Қазақстан суретшілерінің жаңалық ашулары мен қазақ философтарының тың ізденістері, бұл дегенің – Әлкей Марғұланның этнологиялық айқындамалары мен Алматының әсем сәулет ансамблі, бұл дегенің – Мұқағали Мақатаевтың лирикасы мен Асқар Сүлейменовтың эсселері. Бір сөзбен айтқанда, бұл дегенің сырты жылтырақ жаттанды бірдеңе емес, жанасып кетсең, жаныңды байытар байтақ әлем – қазақ мәдениеті.

* * *

Алайда бұның басқа да жағы бар. Қазақ мәдениеті ашық сипат ұстанып, жанына жағымды болғанмен таптаурын тартып көнерген үлгілерге тоқырап қалмай, мәдени тың жаңалықтарды қабылдауға әркез әзір болуы керек. Бір кездегі озық, ілгері атаулының жүре-бара көне қалыпқа айналып кететінін өнердің кез келген тарихшысы дәлелдеп берсе керек. Ақпарат пен мәдениет ағыны ғаламдық деңгейде күрт үдеген қазіргі таңда «Жер ортасы – Көктөбе» деп тапжылмай отырып қалуға болмайды. Сондай-ақ туған мәдениетіңнің топырағынан қашып, тағы да ешқайда бармайсың.

Міндет жаңа мәдени тәжірибені тезірек үйреніп, ұлттық-мәдени түсініктердің күнбе-күн құбылып тұратын ауанын жітірек зерделеуде болып отыр. Шынында да, қазіргідей ағылшын тілін жаппай үйренуге ден қойған жағдайда күні ертең ХХІ ғасырда қазақ мәдениетінің күні не болатыны беймәлім. Және ол күн келесі ұрпақтың тұсында-ақ жүзеге асқалы тұр. Сонда оған қоғамды жаппай ақпараттандыру, қазақ әдебиетшілері шығармаларының әлемдік ақпарат жүйесіне енуі қандай әсер етпек, қазақ қоғамының бұрынғыдан әлдеқайда ауқымдырақ, қалашыл-



дануының мәдени салдары қандай болмақ, мәдениет жасаушылардың жаңа буынына нарық дәуірінің мінез-құлқы нендей ықпал көрсетпек, т.б.

Ескертпей, ай-шай жоқ жетіп келетін уақыттың қаскөйлік қасиеті де бар ғой. Сол уақыт тақап келеді, оның тықырын есітпеуге болмайды. Бұл арада қарғыс айту – әлсіздіктің белгісі, әсіре кеудемсоқтық та орынсыз. Ұлттық сана әлеуметтіктің көне типінің түп-тамырымен күйреп жатқанына әділ таразы бола отырып, өз тізгінінен де айырылып қалмауға тиіс.

* * *

Жалпықазақстандық мәдени үлгіні жасақтау үшін бұл ой-толғамдар мейлінше маңызды. Жасақталып жатқан жалпықазақстандық мәдени шындық өз мемлекетіміздің ауқымындағы мәдени жүйемен шектеліп қалуға тиіс емес. Оның арналы сипаты шын мәніндегі ашықтық пен басқа да мәдени тасқындармен мәміле-кеңеске бет бұру болмақ.

Егер болашаққа сарабал сабырмен қараса, Қазақстан диаспоралары өз «этноқұрылық мәдениетінің» бір бөлігі болып қана қоймай, ең бастысы Қазақстан мәдениетінің өкілетті өкілдері де бола алар еді. Сөйтіп, олар басқа мемлекеттердің ұлттық-мәдени жүйелерімен өзара байланыстардың біздегі бір арнасы, бір тетігі болып шығады. Этникалық диаспоралардың осынау орасан рөлін ескермеуге болмайды, оның игі мәнін келешек көрсетпек. Өйткені Қазақстан жерінде әлемнің ең ірі халықтарының өкілдері өмір сүріп жатыр. Сонымен бірге олар біздің елдестеріміз, жерлестеріміз, ал азаматтық деңгейлестігіне келсек, ең алдымен бәрі де қазақстандықтар.

Мәдениеттердің өзара ықпалы мен өзара кірігуі табиғи жолмен өрбиді. Қазақстан орысы мен Ресейдегі орыстың менталитеті мүлдем бөлек. Корейлер, украиндар және басқалар жайында да осыны айтуға болады. «Біздің» орыстардың Ресейге көшіп барып, «өздерінің» арасына сіңісе алмағаны жөнінде көптеген мысалдар да келтіруге болады.

* * *

Екінші мыңжылдықтың тарих еншісіне айналар шағындағы уақыттың өзі көлденең тартқан қайғылы да қаншеңгел тұзақтың бірі жаңадан



тәуелсіздік алған мемлекеттердің ішіндегі орыс санасының қасіреті болып отыр. Орыс мәдениетінің ұқсас болуы психологиялық тұрғыдан ытырындырып, Кіндік Азия мен Кавказда немесе Украина мен Молдовада саяси қақтығыстарға соқтыруда. Осы бір психологиялық шиеленіс саяси сайқымазақтардан бастап білікті тұлғаларға дейін, көптеген көзжұмбақ жалдаптардың ойынына айналған. Мәселе орыс тұрғындарының нақтылы талап-тілегі мен сұранымына қолы жетпей-ақ, сайлау науқаны өткен соң орыс диаспорасының мұң-мүддесі мүлдем ұмыт қалатынында ғана болып отыр. Әйткенмен, проблема бар және ол анауына да емес.

Күні кешегі тарихымызды түсінбей тұрып, істің мәніне бойлауға, ТМД елдеріндегі орыс диаспорасының мәдени-психологиялық жайсыздығының себебін ашуға болмайды. Бұрынғы Одақ ауқымында орыстар әсіреаумақты ұлт болды. Кеңестің саяси тәртібі қуып тыққан орыстың бұл жағдайы бүгінде оның тәуелсіз мемлекеттер құрамында қалған бөлігіне ауыр соғып отыр.

Дәп осы әсіреаумақтық, яғни, бейне бір «жалпыкеңес» ұлты ретінде өмір сүруі, орыстардың өз этномәдени ортасын басқа ұлттар өркендеткендей деңгейге жеткізуге мүмкіндік бермеді. Бұл – бір жағынан күлкілі де жайт. Былайынша, орыстар терезесі теңдердің арасындағы ең біріншісі болды, екінші жағынан, сол орыстардың этномәдени бірегейлігінің тетігі ұдайы шайылып кетіп отырды. Қазіргі тәуелсіз мемлекеттер аумағында орыстар бүгінгі айтулы ұлттардың мәдениетімен шын мәніндегі байыпты мәмілеге келген жоқ. Осы әсіреаумақтық жағдайы олардың өмір сүретін аймағына байланыссыз-ақ қолайлы этномәдени орта жасап алуына кепілдік те берген секілденді. Ал олар Балтық бойынан Қиыр Шығысқа, Термезден Беринг бұғазына дейінгі аймақтың бәрін жайлап жатты емес пе? Сөйте тұрып, орыс халқының этномәдени бірегейлігі тіпті құрылымдық тұрғыдан да қамтамасыз етілген жоқ. Мысалы, Ресейдің өз партия ұйымы, Қорғаныс министрлігі, Ғылым академиясы, т.с.с. болған емес. Кеңес өкіметі жылдары мұның өзі әншейін ғана жағдай болмайтын, бұл орыстың ұлттық идеясының тоталитарлық тәртіп үшін қатер екендігінің көрінісі еді. Басқаша айтқанда, Ресейдің өзінде орыс халқының мәдени бірегейлік тетігі ойдағыдай болған жоқ.



* * *

1991 жылдан кейін орыс диаспоралары психологиялық тұрғыдан қандай жайларға душар болды? Орыстар ондаған жылдар бойы қоян-қолтық өмір сүрген ұлттардың мәдени ортасындағы тілін үйрену, мәдениетін меңгеру, дінін құрметтеу дегенді қаперіне ілмеді. Айтулы ұлттардың мәдени ортасынан іргені аулақ салу сияқты ескі тәжірибе жаңа жағдайда түкке аспай қалды. Кейде Парламент айтыстарына ұласып, кейде тіпті одан да өткір реңк алған наразылықтың басты арнасының өзі де осы болды. Арада бірнеше жыл өткен соң, бүгін біз орыстың этникалық аулақтану сезімінің пайда болуы барынша заңды және оның түп тамыры тереңде – әйгілі әсіреаумақтық тәжірибесінде жатыр деп айта аламыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қатаң экономикалық дағдарысты еске алар болсақ, оған тұрмыс дәрежесінің төмендеуінен туған наразылық та қосылады. Ал дағдарыстың өзі сөз орайында ұлттық кемсітушілік деп бағаланды.

Орыстілді халықтардың ұлттық санасының дамуындағы екі кезеңді шартты түрде бөліп алуға болады. Әсіресе КСРО құлағаннан кейінгі екі-үш жыл айрықша қиын болды. Психологиялық есеңгіреуді түсінуге болады. Орыс адамдарының санасы болған іске сенгісі келмеді, өйткені болып жатқан ахуал оның өткені, бүгінгісі және болашағы туралы әдеттегі түсінік әлеміне тіптен сыймады.

Жиі-жиі шаң берген психологиялық өрекпу жаңа саяси шындықты қабылдаудан үзілді-кесілді бас тартудан айқын көрінді. Сондықтан да дәл сол тұстағы бұрынғы мемлекеттілікті қалпына келтірудің алып-ұшпа жоспарының кең таралып, мұндай дүбәра саясаттың құлашты кең жаюы тіпті де тегін емес еді.

Бұқара санасына ескі мемлекеттілік институттары түрінде сіңген кертартпа ойдың сілемдері көз алдында ыдырап, жаңа ұстанымдарға негізделген жаңа шындық мағынасын тиімдендіре түсер тың институттар енді ғана еңсе көтеріп келе жатты.

Болмашы ғана вакуум пайда болып, сол бос қуысқа ұлттық бейразылық көңіл күйдің небір қайран қаларлық түрдегі толқыны лықсып шығып, лап берді.

Тәуелсіз мемлекеттікке Қазақстанның, Украина мен Молдованың тарихи құқығы жоқтығы туралы мән-мағынасы аз ұрандардың тарап кетуі де осыдан.

Алғашқы кезеңнің елеулі сипаты Ресей өзінің азаматтық біртектілігін іздеуде дос екенін, бірақ басқа ел екенін есепке алмады. Жаңа жағдайдағы өзінің ұқсастығын іздестіру Ресейдің ішкі ындынын ақтағанымен, бұрынғы қарекетін көзсіз көшіріп, өткендегі таптаурын тәсілдерді қайталау болып шықты. Ал бұл кезде Ресейдің өзі қауырт зейін қоя ізденудің нәтижесінде бұрынғы тоталитарлық кезеңнің мұраттарынан алысқа ұзап кеткен еді. Міне, дәл сол тұста Ресей саясатшыларының атына шетте жүрген отандастарының қамын ойламайды деген сын айтылды. Алайда шеттегі орыс диаспораларына қатысты Ресей саясатшыларының шама-шарқы халықаралық қатынастардың қазіргі нормасының ауқымына әбден сай келетін. Мұның өзі саясатын көне сүрлеуден тайдырмай, қалыптасқан нақты жағдайды ескере отырып жасақтайтын Ресейдегі саяси билік басындағылардың бұл бағыттағы сөзсіз еңбегі еді.

Осынау сападағы ауыр жағдайға орыс диаспораларының түсіністікпен қарайтынын да қосу керек. Қазір қалыптаса бастаған халықаралық қатынастарға құр сұлдері қалған ескі социумның келеңсіз құбылыстарын телудің қажеті жоқ.

* * *

Бүгінде өткенді сапалық ой елегінен өткізу қолға алынды. Сондықтан орыс тұрғындары, атап айтқанда, олардың Қазақстандағы басым бөлігі тәуелсіз мемлекеттің қалыптасып, өркен жаюын түсіністікпен қабыл алды. Қазақстандағы мәдени һәм саяси ахуалдың жаңғыруы байыпты институттық нығайтулар мен мемлекет аппаратының саяси ерік-жігерін талап етеді. Ұлтаралық қарама-қайшылықтардың этникалық қақтығыстарға ұласуын болдырмауымыз көп нәрсені аңғартса керек.

Орыстардың Қазақстаннан көшіп кетуінің күрт азаюы, шамамен соңғы үш жылда үш есе кемуі, сондай-ақ олардың жаппай Қазақстан азаматтығын қабылдауы – ең ірі ұлттық топтардың бірінің мемлекеттігіміздің тағдырына сапалық жаңа көзқарас қалыптастыруының айғағы.



Құқықтан бастап мәдениетпен аяқталатын шешімдердің белгілі бір мәмілеге келуі алдын ала айқындалады. Бұрынғы мемлекеттіліктің тағылымы көп жағдайда этномәдени әр алуандықты біртектес етуге тырысып, ақыры оның соңы өкінішке ұрындырған жоқ па? Көз жетер келешекте, сөз жоқ, көп ұлтты қоғам болып қалатын Қазақстанның оңтайлы өркендеуі үшін мемлекет тарапынан құқықтық кепілдіктер қажет. Олар ел ауқымында өмір сүріп жатқан түрлі ұлттық топтардың ұлттық-мәдени өркенін өсіруге қолайлы жағдай жасамақ.

* * *

Айтулы ұлттар мен ұлыстар туралы әңгіме қозғағанда шетте жүрген қазақ диаспораларының мәселесіне соқпай кетуге болмайды.

Өкінішке қарай, жиырмасыншы ғасырдың әлеуметтік сынағы қазақтардың туған жерінен жаппай босуына әкеп соқты. Үрейлі ғасырдың алғашқы онжылдықтарында құйындай ұйтқыған сұмдық қасіреттің бәрі жайында, төңкеріс пен азамат соғысынан бас сауғалап қашып, шөл далада, Алатау мен Памирдің мұзарт асуларында, Ираннан Қытайға дейінгі аралықта қаза тапқандар жөнінде, сан мың босқын қазақтардың толайым тағдыры туралы әлі ешкім бақайшақтап білмейді. Туған жерінен тыс бүкіл Жер шарына шашырап өмір сүріп жатқан бес миллионға жуық қандастарымыздың қандай қайғылы да қорлықты жолдан өткенін бүгінгі көзі тірілердің ешқайсысы да өз деңгейінде барша қасірет-қайғысымен бейнелеп бере алмайды. Өйткені кейде көбіне құжат жетіспейді, кейде босқындардың тұтас көш-керуенінің іздері белгі-бедерсіз тау шатқалдарына сіңіп, жоқ боп кетеді немесе мүрделері қазақ даласынан шалғайда атаусыз қалған. Өйткені революционерлер босқындардың өзін тағы аңдай індете қуып, қисапсыз қаныпезерлікпен қынадай қырған ғой.

Біз бүгін қоныс аударған халықтардың қасіреті жайында жиі айтамыз. Рас, бұл да әлем тарихында теңдесі жоқ, ауқымы мен қатыгездігі ересен қиянат. Алайда қазақтың сайын даласында құйындай ұйтқып соққан қасірет қыруар жұртты ажалға ғана ұрындырып қоймай, оның орасан зор бөлігін бөтен ел, бөгде жерге үркіте көшіріп жіберуі де нақтылы тарихи бағасын талап етеді.

Соның өзінде де тағдырдың айдауымен бұлжымас діни тәртіптегі елдерден бастап құдайсыз мемлекеттерге дейінгі аралықтағы мәдени және өркениет бағдары барынша әр алуан елдерге тап болып, Үнді мұхитынан Мұзды мұхитқа дейінгі аралықта жүрген қазақтар әр түрлі құқықтық, экономикалық жағдайларға бейімделе білді. Сөйтіп, өзі мекендеген мемлекетінің өмір-тіршілігіне кірігіп кетті. Ол елдердің басым бөлігінде қазақ тілінің ешқандай құрылымдық қорғаны жоқ еді, соған қарамастан қазақтар сол елдердің бәрінде де өз тілі мен өз мәдениетін сақтай білді. Мұның өзі төл Отанында тұрып-ақ туған тілі мен мәдениетінен көз жазып қалған қазақтар үшін лайықты өнеге емес пе?

Әлбетте, басқаға қояр талабыңды алдымен өзіңе қойып алған абзал. Бұл үзілді-кесілді талаптың жеке адамдық тәжірибеге де, сондай-ақ тұтас халықтарға да қатысы бар. Ал көп ұлтты қоғам үшін ол қаншалық қажет екенін айтып жатудың өзі артық. Қазақ диаспоралары өзі тұрған елдердің қайсысында болсын олардың мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын тамаша меңгерді. Оларда ұлттық мүддені желеу еткен саясатқа саярлық қозғалыс деген мүлде жоқ.

Соғыстан кейінгі тарихтың ұзына бойында қазақ тұрғындарының этникалық немесе діни мәселелер жөнінде айтулы ұлттар өкілдеріне қарсы бірде-бір орынсыз бас көтергенін ешкім білмейді.

Бұл да Қазақстанды мекен етіп жүрген барша диаспоралар үшін үлгі болар өнеге. Ал енді көптеген қазақтардың тарихи Отанына оралуға деген талпынысы туралы сөз қозғасақ, олардың оралуы үшін бүгінде Германия мен Израиль өз отандастарына жасап отырғаннан кем жағдай туғызбайтын да уақыт келетінін айтар едік. Алайда біз олардың екінші Отанынан өкше көтеруіне әсіре жел бермейміз де.

* * *

Сонымен қатар шетте жүрген қазақтарға өзінің ұлттық сана-сезімін сақтай білуі тән. Қазақ қауымының болмашы ғана өкілі тұратын Лондонның өзінде 1994 жылдың сәуірінде мені бір топ қазақ қаумалап алып, өз Отан-анасы Қазақстанды өркендетудің мәселелерін тебірене тұрып талқылағаны әлі есімде. Осындай тамаша кездесулер Қытайда,



Иранда, Моңғолияда, Ресейде, Түркияда... қанша рет болды десейші! Отандастар тұратын жердің бәрінде – қазақ тілі.

Мемлекеттің қазақ диаспораларына қатысты бағыт-бағдары нақты да байыпты. Ол егемен мемлекеттердің ішкі істеріне араласпай, аумақтық тұтастық ұстанымдарын сақтай отырып, өз диаспораларымызға мәдени, экономикалық һәм саяси қолдау көрсетуімізден де байқалады.

Ал егер құқықтық тұрғыдан бәрі айтарлықтай айқын болса, қазақ диаспораларының ішкі рухани мәдениеті жай бір құқықтық тұрғыдан ғана емес, таза адамгершілік өлшемімен алғанның өзінде үлгі тұтуға әбден лайық. Өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін сақтап, өзі азаматы саналатын елдің патриоты болу – Қазақстанның өз ішінде де күллі диаспораларды өркендетудің басты үлгісі болмақ. Демократиялық мемлекет үшін бұл лайықты қағида. Өзге қағидалардың бәрі апатқа ұрындырады.

* * *

Қазақстанда мәдени саладағы ұлтаралық қатынастар саяси теорияның қайдағы бір қияли кеңістігінде өмір сүріп жатқан жоқ. Олар шамамен алғанда төрт деңгейде жүзеге асырылып жатыр: атап айтқанда, жеке адамдардың қарым-қатынасында, ұлттық-мәдени орталықтар арқылы ұйымдастырылған этникалық топтар деңгейінде; мұның өзі Қазақстан халықтары Ассамблеясының қызметінде заңды тұжырымын тапқан, сосын заңдылық тұрғысынан жеткілікті құрылымдар деңгейінде, ақыр соңында аймақтық, ірі аймақтық мәдени-өркениет деңгейінде жүргізіліп келеді. Соңғысында, әсіресе Қазақстан жағдайында кең тараған ислам мен христиан діни жүйелері де бар.

Осынау деңгейлердің әрқайсысында шешімін таппаған өзіндік мәселелер де бар, бірақ біріндегі проблеманы басқасына телуге болмайды. Ал кейде таза тұрмыстық қайшылықтарды тұтас ұлттық топтардың қарым-қатынасы деңгейіне, тіпті мемлекет саясаты деңгейіне көтеруге тырысушылық жиі төбе көрсетеді. Ондайда ауыл-үй тентегінің қылығы бұқара санасында «ұлттық саясаттың көрінісі» болып шыға келеді. Міне, осы сияқты «тезис алмастыру дерті» жеке-

леген саясатшылар үшін күлкілі тұжырым жасауға желеу болады. Әдетте ондайларға диаспоралардың жаймашуақ өмірі түк емес, тек өз «отандастарына қорған» болғансымақтанып, беделін көтерсе болғаны.

* * *

Егер осынау ұлтаралық һәм мәдениетаралық өзара қимылдарға жітірек ой жүгіртіп, талдап көрсек, онда мәселенің күрделілігі нақтылы да түсінікті көзқарасты талап етеді. Бұл саладағы біздің ішкі саясатымыз бірнеше жағдайды сындарлы да салиқалы түсінуден туған.

Біріншіден, Қазақстанның этномәдени әртектілігі дегеніміз біздің артықшылығымыз, бұл – қатерлі тұзақ емес, өркендеуіміздің тұғыры.

Екіншіден, қазақ мәдениетінің елдегі барша этностар үшін ұшан-теңіз кіріктірушілік әлеуеті сол қазақ мәдениетінің өзі ашық сипатта болғанда ғана, оның құрылымдық байлығы молығып, уақыт талабына қабілеті сай келгенде ғана іске асады.

Үшіншіден, Қазақстанның күллі ұлттық мәдениеттері бір-бірімен өзара байланысты әрі өзара тәуелді. Қазақстанның мәдени кеңістігі – алуан-алуан этномәдениеттердің өзара байланысы мен өзара толығып отыруының кеңістігі.

Біз бұл ұстанымдарды ашық тұжырымдап іс жүзіне асырамыз және бұл арада ешқандай тактикалық ойын немесе баз бірдеңені бүгіп қалу деген жоқ.

Иә, кейбір бейбақ Кассандралар Қазақстан этникалық хаосқа ең алдымен мәдени ахуалға байланысты ұрынады деп сәуегейсіген еді. Рас, күрделі этномәдени құрамның бойында қақтығыс ұшқыны болмай қоймайтыны сөзсіз. Бірақ Қазақстанда ұлттық мәселеге қатысты хал-қадерінше сындарлы ішкі саясатпен қатар мәдениеттердің өзара іс-қимылы тоталитарлық мемлекеттің таптаурын заңдарының жетегінде кетпей, керісінше қарсы дамуы орасан зор рөл атқарды. Қаншалық атүсті әрі шектеулі дегенмен, мәдени байланыстардың жалғасып келе жатқан тәжірибесі де өзінің оң жемісін берді. Сол себепті алдын ала байбалам салардай мәдени-құндылықтар дауы жоқ. Олай болса, біздің міндет Қазақстанның этномәдени алуандығын қоғам дамуының даусыз оң факторына айналдыру деп білу керек.



* * *

Қазақ мәдениетінің кіріктірушілік рөліне келер болсақ, мұның өзі, бәзбіреулер айтып жүргендей, ұлтшылдыққа жаттығу емес, тап-таза прагматизм. Оны ұлтшылдыққа жаттығу деуді жақсы көретіндер көп ғасырлық қазақ мәдени дәстүрінен не бір есімді, не бір оқиғаны жөндөп білмейтін қазақ мәдениетінің «әсіре білімпаздары».

Бұл – ел тұрғындарының басым бөлігінің мәдениеті. Бұл – институттанған тетіктердің бесаспап мәдениеті. Бұл – түп-тегі жөнінен осы аталмыш аумақта қалыптасқан әрі Қазақстан мемлекетінің тарихи дамуының сипатын негізінен айқындап берген мәдениет.

Сондықтан да қазақ мәдениетінің кіріктірушілік рөлін орнықтыру туралы айтуда ешқандай әбестік немесе саяси пәруейсіздік жоқ. Бұл жайында бұлтақтатпай турасынан айту қажет.

Қазіргі қазақ мәдениетін өзінің мазмұны жөнінен көркем шығарманың дәстүрлі фольклорлық түріне де, сан ғасырлық тәртіптің тұрмыстық үлгісіне де жатқызуға мүлдем келмейді, бірақ өткен ғасыр мен келер мыңжылдықтың күрделі шындығын рухани игеруге мүмкіндік беретін күрделі де көп деңгейлі конгломератты алға тартатынын айтса, мәселе басқа.

Ақыр аяғында, Қазақстан ұлттық мәдениетінің өзара тәуелділігі мен өзара молықтырушылығы туралы айтқанда біз назарда жаттанды жария ұрандарды емес, шын мәніндегі мазмұны бай үрдістерді ұстаймыз. Олар құндылық әлемінің терең қойнауларын елеусіз ғана шарлап, көзге ұдайы көрінбей-ақ, өмірдің барлық қырына байыпты ықпал жасайды. Көп ұлттылығына орай Қазақстанда ғаламдық және аймақтық діни кешендердің «мәдени мәйегі» өзара шендесіп жатады. Ең алдымен, олар: исламдық, православие-христиандық діндер, сондай-ақ бүкіл әлем діндерінің нышандары. Негізінен бұларды қазақтар мен орыстар, түркілер мен славяндар ұстанады.

Мұндай жағдайда жалпы мәдени құндылықтар аясынан тоғысар нүкте табу мейлінше маңызды. Дамудың қазіргі сатысындағы мұндай біртұтастықтың негізі барлық жұрттардың өкілдерін бірегей саяси және азаматтық қауымдастық ретінде Қазақстан Республикасымен біріктіру болуға тиіс, солай бола да бастады.

Біз, қазақстандықтар, бір экономикалық немесе саяси кеңістікте ғана емес, бір мәдени кеңістікте де өмір сүріп жатырмыз деген ақиқатты сезіну бірте-бірте орнығады. Біз әншейін ғана бұрынғы кеңес адамдары емес, сапалық жағынан жаңа мәдени қауымдастық жасаушылармыз. Міндет – ұлт қалаулыларының көзін Қазақстан мәдениетінің ортақ жүйесіне күллі ұлттық топтардың мәдени қызметін ұластыру бағытында саналы да мақсатты қарекет жасамай болмайтынына жеткізу. Ұтымды ұлттық табиғаты бар, жаңашыл жігерге толы қозғалыстар үшін бұл тектес қимыл «айттым – бітті, кестім – үзілді» болып шығады.

* * *

Қазақстан аумағын шамамен біртұтас мәдени кеңістік деп қарауға бола ма? Бұл таяудағы өткеніміздің мифін қас қағымда тып-типыл қылған мәдени құндылықтарымыздың толықсуы тұрғысынан келгенде парықсыз да сауал емес. Алайда оған қарамастан біз қойылған сұраққа, меніңше, сеніммен жауап қайтара аламыз. Оның бірнеше себебі де бар.

Біріншіден, қазақ ұлтының дүниеге келу жағдайының өзінде тарихи тамырлары жалғасып жатқан сан ғасырлық түркі-славян мәдениетінің өзара әсер-ықпалы бар. Сол өзара ықпалдастық Ресей империясы мен Кеңес Одағының ауқымында да жалғасып жатты. Әрине, кеңес тарихнамасының барлығын жаймашуақ етіп көрсетудің ақиқатпен жанасымы шамалы және ол кездегі ықпалдастықтың кейде зұлымдық астары да болды. Алайда тарих қаншалықты келеңсіз болса да шындықтың ғана жағында. Ал шындық мынандай: орасан зор мәдени шығынына қарамастан, қазақ халқы Қазақстандағы басқа да ұлттық топтармен мәдени-өркениеттік бір арнада өркендеді. Бүгіннің өзінде де ел тұрғындарының басым көпшілігінің мәдени бағдары ұқсас. Метаэтникалық тұрғыдан қарасақ, олар негізінен түркілер мен славяндар. Еуразияның негізгі метаэтникалық топтарының тағдыр тоқайластырған тарихы тек өткеннің аясында ғана емес, болашақ аясында да зерделенетін болады. Қазақстан – осынау мәдени толқындардың қызу ұштасқан, қауырт ықпалдасқан мекені.



Екіншіден, 1990 жылдардың алғашқы жартысында белең алған бұрынғы КСРО-ның әрбір республикасы Еуропа мен Азия арасындағы трансқұрлық көпірінің рөлін атқарады деген тұжырымның жергілік-шілдіктен туған аңғырт пікір екенін түсіне келіп, әлемдік сахнада енді ғана төбе көрсеткен мемлекеттер тарапынан бүгінде ғаламдық рөл ойнауға тырысушылықты сындарлы бағалай отырып, біз барынша шыншыл болуға тиіспіз.

Қазақстанның мәдени дәнекерлігі деген не? Қалай болғанда да мұның екі өлшемі бар. Ең алдымен ол – көне мен жаңаның арасындағы дәнекерлік, содан соң мемлекеттік патернализм құндылықтарын жеке жауапкершіліктегі құндылықтарға көшіру.

Көшу де, ауысу да, әрине, жанға батады және оны бұрынғы социалистік жүйедегі қоғамдардың бәрі де бастан кешіп отыр. Бірақ мәдени құндылық саласындағы бұл өтпелілік – қоғамның барлық тарабы бастан кешіретін құбылыс. Және ойдағыдай көшудің нәтижесінде қоғам тың құндылықтар арнасында мәдени тұрғыдан бұрынғыдан да кіріге түсетін болады. Дәнекерліктің екінші өлшемі мынада: Қазақстан екі алып «архипелагтың» – еуразиялық мәдени кеңістік пен Кіндік Азия халықтарының жаңа арнада өркен жайған дәстүрлі тарихи-мәдени бірлігінің тоғысқан жерінде тұр. Бұл құбылыстарды бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Еуразиялықты менің қалай елестететінім өзге еңбектерімде баяндалған, сондықтан оны кейінірек қорытындылармын, алайда сәл-пәл алға кетіңкіреп айтайын дегенім – бұл тұжырымдаманың оң немесе теріс бағасы оның болашағын пайымдау арқылы айқындалмақ.

Өйткені, бір жағынан, ешкімнің де империялық идеяның мәдениеттану нұсқасын қабылдағысы келіп отырған жоқ, екінші жағынан, ешкім де еуразиялық үйлесімнің өткендегі, бүгінгі және болашақтағы нақты рөлін жоққа шығара алмайды.

Алайда не түркілік тарихи-мәдени үрдіске қосылмау, не дүниетүйсінуіміздің еуразиялық үрдісі мәдени біртектіліктің басты мазмұнын құрай алмақ емес. Мәдени біртектіліктің басты мағынасы барған сайын ортақ Отанымыз – Қазақстанның тағдырымен астаса түседі. Ал оның өзіндік ғажайып тарихы, Шығыстың да, Батыстың да мәдени үлгісіне ұқсамайтын саф таза мәдени кескін-келбеті бар. Бір қараған-

да ешқандай жаңалығы жоқ сияқты. Бұл жағдайды түсіну күнбе-күн жақындап келе жатқан мыңжылдықта мәдени және этномәдени болашақты көз алдыға елестете білу үшін өте-мөте маңызды.

* * *

Жалпы, адам мен ұлттың мәдениет әлемінде бағдар түзеуі кейде мейлінше ұқсас болып келеді. Адам жадында жеке басындағы оқиғалардың не романтикалық, не трагедиялық реңкте қалып қоятыны сияқты, халық жадында өткеннен гөрі, болашаққа көз тіккен бүгінгі ахуал берік сақталады.

Шынтуайттап келгенде, ұлттық тарихымызды өзіміздің қолда өскен мәңгүрттер жасап жүргендей, жоңғар шапқыншылығынан голощекиндік қырғынға дейінгі кілең бір ұлттық сәтсіздік пен қасірет тарихына сауға болады. Тарихты тәлкекке айналдырушылар сияқты, шеке тамыры шодырайғанша айғайлап, әлемдік өркениеттің бастау көзі осы арадан, тек осы арадан ғана арна тартқан деп кеңірдек жыртуға да болады. Мұндай әдет, әсіресе кейбір кіндіказиялық мемлекеттердің тарихшыларына тән.

Мұның бәрі де болған және бір емес, бірнеше рет болған. Және ол «Ресей – пілдер мекені» деген уытты әзілден әдемі көрініс те тапқан. Ондай жалған патриоттарға ұқсаудың қажеті жоқ, әлем тарихының мәні Қазақстан тарихы арқылы айқындалады деп дәлелдеуге де тырыспайық. Мұндай әсірелеу бала-шағаға берілетін уағыздық жаттығуларда ғана болуы мүмкін, ал ондай әсіре сөз былай шыға бере-ақ келекеге айналады.

Мәселенің мәні тарихты мифке айналдыруда емес, мәселе ұлттық, кейде тіпті ғаламдық тарих үшін нақты мәні бар оқиғаларды ұғына білуде болса керек. Ондай оқиғалар біздің жердің сан мың шақырымдық қиян-қиырында аз болмаған, олардан жеңілістің ащы дәмін іздеп немесе ұлттық масаттануға өзек болар деректер суыртпақтамай, болашақ кәдесіне асар дүниелер табу керек. Жалпы, тарих тағылымының, атап айтқанда, мәдениет тарихы тағылымының халық жүрегінде жүргенде ғана мәні бар. Ал халық өз жадында аман қалуына пайдасы тие-тінді ғана сақтайды.



Оның үстіне, бұл ең алдымен мәдениет әлемі ғой. Сондықтан жан-жүрегімізге жарты мың жыл бұрынғы бейнелер де және жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдығындағы бейнелер де оттай ыстық. Қашғари мен әл-Фараби, Тәуке хан мен Ә. Бөкейханов, Бұқар жырау мен Абай бізге сондықтан да қымбат...

* * *

Жиырмасыншы ғасырдың психологтары түпкі тек дегеннің төңірегінде көп толғанды. Яғни, оңайлықпен айқындалмайтын идеялар мен бейнелер немесе түпкі түйсігімізден санамызға қалқып шыға келетін идеялар мен бейнелер жүйесі жөнінде ой топшылайды. Ұлттық ертегі, аңыз-әңгіме, әдебиет, музыка біздің әрқайсымыздың санамызда тарих пен мәдениетке баға беруіміз, «Біз» және «Басқалар» деп бөлінуіміз арқылы тылсым бейнелердің қалыптасуына көмектеседі. Жалпы, мұндай түпкі тексіз ұлттың жады, ұлттың дүниетанымы туралы айтуға да болмайды. Ең ғажабы сол, өзара сұхбат барысында қайтқан құстың тізбегі, тымық түнде ұйқыға шомған ауылдың үні тәрізді ұсақ-түйек болып көрінетін әңгімелер жоғарғы мінберлерден желпінген насихат сөздерден сезімге әлдеқайда артық әсер етеді. Әзірше қазақты таңғы даланың ғажайып келбеті баурап, ұлттық фольклордың сазды әуені жүрегін тербеп тұрар болса, атышулы қазақы түп тек деген әлемнің түп тектік өрнегі баурай беретін болады.

Алайда, тұтастай алғанда, ұлт өзінің мәдени келешегіне ден қойса, оның жауабы ұжымдық түйсікпен шектелмесе керек. «Осы арада және дәп қазір» өткенді түсіндіру, содан соң бүгінде мейлінше маңызды болып «отырған тетіктер мен үзінділерді» іріктеп алу барысында саналы әрекет қажет. Бүгінде тарих толқынындағы халықтардың бірлігіне қол жеткізуден артық маңызды міндет жоқ.

«Тарих толқынында» кітабынан

АЛАШ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОСЫ ЗАМАН

*Шынайы тарихтың шәкімдей түйірі де
қастер тұтар сондайлық сирек зат.*

Т. Джефферсон

Кәне, ТМД елдеріне төбеден түскендей лап қойған ұлттық һәм әлеуметтік қақтығыстардың тетігі төңірегінде бір ойланып көрелікші. Геосаяси және тарихи себептердің сыртында, бұрынғы кеңестік қоғамның көп ахуалы интеллигенцияның мінез-құлқына байланысты болды. Көптеген елдердегі барша қақтығыстардың қылпып тұрған жүзінде «өздерін» «өзгелерге» айдап салып, талас-тартыстарға қатысушылардың қатарын барған сайын көбейтіп, зиялылардың өзі жүрді. Мұның бәрі үлкен қантөгіске әкеп соқты.

Бәзбір ұлттың ішіндегі ширыққан саяси егесулерге, газеттегі айтыстардан басталып, мылтық кезеумен аяқталған жанжалдарға көбіне зиялылар қауымы кінәлі.

Абыройымызға қарай, осы жылдардың бәрінде қазақ зиялылары ұстамдылық пен кемеңгерлік танытып, іштегі қыжылдың сыртқа шығуына жол бермеді және жұртты қолға қару алуға шақырған жоқ. Сондықтан Қазақстан аумағында қанды қақтығыстар әлденеше дүркін болады деп сарнаған сәуегей сарапшылардың таңданысын түсінуге болады. Олар ғасыр аяқталар тұста ғасырдың өзі алға тартқан емтиханнан сүрінбей өткен қазақ зиялыларының тарихи һәм әлеуметтік жауапкершілігін аңдай алмады. Ал бұл қазақтардың табиғатындағы мәдениетінің байсалдылығы мен төзімділігінің, мәмілеге бейімділігінің көрінісі емес пе?!

Сонымен бірге бүгінгі қазақ зиялыларының бойында түү сонау бағзы заманнан келе жатқан парасаттылық дәстүрлері де бар. Қазақ даласын билеушілердің төңірегіндегі ақылгөйлер рөлінің орасан зор



болғаны да тегін емес. Мәселен, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би есімдерінің халық жадында ұлы хандармен тең құрметпен сақталуында осындай мән бар.

Егер жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз.

Сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдері кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс.

XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал. Ол тұста ой еңбегімен кәнігі түрде шұғылдану атадан балаға жұғысты болып отырған.

Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов (оқымысты-ғалым, Ресей Конституциялық демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, I және II Мемлекеттік Думаның депутаты), Ахмет Байтұрсынов (ақын, аудармашы, лингвист, «Қазақ» газетінің редакторы), Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел мен Жанша Досмұхамедовтер және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор жоғары оқу орындары, училищелерінің түлектері. Көрнекті мемлекет қайраткері, математика профессоры, «Алаш» қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермековтің деректеріне қарағанда, Әлихан Бөкейханов Ленинмен бірге Санкт-Петербург университетінің заң факультетін өз бетінше бітірген, бірнеше шет тілін білген, сөйтіп жиырма төрт жасында жоғары білімі жөніндегі екі дипломға (бірі Орман институты) ие болған керемет білімді жас, Санкт-Петербургтегі марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы шыққан (Аққұлыұлы С. Алаш Орда қасіреті. «Юридическая газета», №33-36, 1995).

Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санаған.

* * *

Білімді зиялылар мен дәстүрлі басшылар арасындағы қайшылықтың кең сипат алғанын айта кеткен абзал. Мұндай жайт жұмыр Жердің тәуелді отар аймақтарының бәрінде де ұшырасады. Мысалы, Африкадағы жанама басқару жүйесі жөніндегі еңбектердің авторы Марджери Пэрхем 1941 жылы: «Қазіргі кезде африкалықтар арасында идеялық бір ағым бар, – деп жазды. – Оған сайса, жергілікті әкімшілікті ескішіл әрі кертартпа, демократия мен уақыт рухына жауап бере алмайды деп қарау керек. Әсіресе Батыс Африка мен Судандағы оқыған африкалықтардың дені жанама әкімшілікті сынап, тіпті қатты айыптайды. Олар жанама әкімшілік билікті оқыған адамдардың қолына берудің орнына сауатсыз көсемдер мен рубасыларына бергеніне наразы, себебі мұның өзі трайбалистік сезімді өршітіп, ел ішінде іріткі туғызып, сонан соң «бөліп ал да, билей бер» деген ескі саясатты орнықтырып, осы арқылы империялық мемлекет өз бодандарын дәрменсіздендіріп, олардың өзін-өзі билеуге талпынуына кедергі келтіреді» (Катагошина И.Т. Нигерия зиялылары. – М., 1977. – 71-б.).

Қазақ зиялыларының жаңа буыны жалпыұлттық мүдделерді білдіріп, ағайыншылдық, рушылдық пиғылдардан арылуға тырысты. Олардың пікірінше, қазақ қоғамын рулық-тайпалық ұстанымдар бойынша бөлінуден арылту, түптеп келгенде, үдеген отарлық үстем саясат жағдайында ұлттық бірлікті орнықтыру үшін қажет болды.

* * *

1905-1907 жылғы орыс революциясы қазақ даласындағы ұлттық қозғалыстың бел алуына өз ықпалын тигізді. 1905 жылы 25 шілдеде Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрмеңкесінде «Алаш» көсемдерінің бастамасымен қазақ съезі өтті. Съезде Ресей Министрлер Кеңесінің Төрағасына петиция қабылданды. Онда мынандай талаптар қойылды: шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтату, қазақтар үшін дербес діни басқарма ұйымдастыру, цензураны жою, ресми іс қағаздарын қазақша жүргізу, қазылар сотын енгізу, қазақ депутаттарын Мемлекеттік Дума шақыру туралы жобаны жасау жөніндегі кеңестің жұмысына қатыстыру. «Ресейдегі қоғамдық-саяси қозғалыс Ақмола уезінде



де, әсіресе ондағы тұрғындарының мұсылман бөлігінде де үндестік тапты. Оның үстіне мұндағы жұрттың құпия, бұрынғы талап-тілектері мен арман-мұңдары ағытылып, айқын көрініс бере бастады», – деп арызданды 1905 жылы ояз бастығы Ақмола облысының әскери губернаторына (Әтішев А.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси ой-пікірі. – Алматы, 1979. – 131-б.).

Ұлттық сана-сезімнің оянуы негізінде түркі халықтарының тұтастануы жүзеге асады. 1905-1907 жылдары Ресей мұсылмандарының I-III съездері шақырылып, «Мұсылмандар одағы» құрылды, оның төралқасына Шәймерден Қосшығұлов мүше болды.

Мемлекеттік Думаның құрамында мұсылман парламент фракциясы қалыптасып, 1905 жылдан мұсылман басылымдарының бетінде, орыс оппозициялық баспасөзінде қазақ авторларының саяси мақалалары жариялана бастайды.

* * *

1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында тұңғыш жалпықазақ съезі өтеді, ол кадет партиясының қапталында жүретін ұлттық саяси партия құру міндетін алға қояды. Сөйтіп, ұлттық қозғалыс көсемдері оны конституциялық монархия мен либералдық реформалар жолындағы күрес арнасына бағыттауға әрекет жасады. Сонымен бірге Ресей өкімет орындарының, әсіресе аграрлық мәселеге қатысты саясаты өткір сынға алынды. 1906 жылдың ақпанында, Ә. Бөкейхановтың тұтқындалғанына қарамастан, II жалпықазақ съезі (Орынборда) өтті, оған 150 делегат қатысты. Съезд Ресей кадеттерінің бағдарламасын мақұлдап, қазақтарға айырылып қалған жерлерін қайтару, шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтату, мектеп, медресе және университет ашу жөнінде заң қабылдау талаптарын алға тартты. Кадет партиясының басшылығы бұл талаптарды қолдамады, сондықтан қазақ оппозициясы өз назарын тұңғыш Ресей парламенті – Мемлекеттік Думаға тікті.

I және II Думалардың құрамына Ә. Бөкейханов, Ш. Қосшығұлов, Б. Қаратаев сайланды, олар жаңа аграрлық реформа мен қоныс аудару саясатын қайта қарау талабын алға тартты. II Думаның 1907 жылғы 16 мамырдағы мәжілісінде қоныс аудару саясатының қазақ тіршілігін тас-талқан етер әсері туралы Б. Қаратаев баяндама жасады. Ол: «Біздің

мемлекетте ушыққан аграрлық мәселені далалық облыстарға, атап айтқанда, Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарының жеріне шаруаларды қоныс аударту арқылы шешкісі келеді. Үкіметтің осынау сұғанақтығының салдарынан қазақтарға қырылып қалу қаупі төніп отыр», – деді төрағалық етуші депутаттың сөзін бөлгенде. Б. Қаратаев сол жерде шаруалардың жерге деген зәрулігін қанағаттандыру үшін жеке меншік жерлерді тәркілеу жөніндегі кез келген ресейлік оппозициялық қозғалыстың әрекетін қазақтар қолдайды деп мәлімдеме жасады. Екіншілік және жерге орналастыру Бас басқармасының бастығымен әңгімелескенде Б. Қаратаев шаруаларды көшіріп әкелуді, тым құрығанда уақытша тоқтата тұруды өтінді. Оған қоныс аударудың жалғаса беретінін, себебі Қазақстанда қазақтар көші-қон үшін тиімсіз пайдаланып жүрген жердің көп екенін үзілді-кесілді мәлімдеді. «XX ғасырда қазақтардың көшпелі өмір салтын доғару керек, – деп мәлімдеді Бас басқарма басшысы, – сондықтан қоныс аударушыларды көшіріп әкету қажет». Осылай қазақ депутаттарының барлық ұсыныс-тілегі жауапсыз қалды.

Оның үстіне, 1907 жылғы 3 маусымдағы жаңа сайлау заңына сәйкес көшпелі халықтар сайлау құқығынан айырылды. Қазақ ұлттық қозғалысының көсемдеріне қарсы жаңадан қуғын-сүргін басталды: 1908 жылы Ә. Бөкейханов екінші рет тұтқындалды, 1908 жылғы 3 шілдеде А. Байтұрсынов ұсталды.

* * *

1911 жылдың қаңтарынан Троицкіде М. Сералин мен Е. Әлімов ай сайын шығатын «Айқап» журналын шығара бастады. Ол патша өкіметіне, орыстардың қырда қаптап кетуіне батыл қарсы шықты. 1911 жылдан бастап Орал облысында «Қазақстан» газеті жарық көре бастады. Оның редакторлары Батырша Қайырғиязов, Мұхаммед Қараша, Ғұмар Қарашев болды. Төртінші нөмірінен кейін ресейлік өкімет орындары газетке тыйым салып, тек 1913 жылы ғана қайтадан шығады.

Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына М. Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы ұшан-теңіз ықпал жасады. Ол 1909 жылы Үпі қаласында жарық көрген еді.



1913 жылдан Қазақстандағы азаттық қозғалысының «Қазақ» газетінің қызметіне байланысты жаңа кезеңі басталады. Газет Орынборда басылып, алғашқыда 3 мың данамен шықты. Бұл ол уақыт үшін тіптен көп таралым еді.

Оның редакторы А. Байтұрсынов болып, төңірегіне дарынды қазақ журналистері мен жазушыларының тұтас бір саңлақ тобы жиналды. Олардың арасында Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов және басқалар бар. Оппозициялық газет бола отырып, «Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады, қозғалыстың және болашақ «Алаш» партиясының баспа органы болды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қарсы сипаты өкімет орындарының наразылығын туғызды. 1913-1916 жылдардың өн бойында газет 26 рет жабылды, ал А. Байтұрсыновтың өзі әлденеше мәрте тұтқындалды (Қазақстан XX ғасырдың басында. – Алматы, 1994. – 18-б.).

* * *

Ресейдің 1914-1916 жылдардағы соғыс қимылдары барысында қыруар адам күшінен айырылуы адам ресурсы мәселесін шиеленістіре түсті. Осы ретте үкімет олқылықтың орнын толтыру үшін алуан түрлі шаралар қабылдайды. Сондай шаралардың бірі Орталық Азия мен Сібірдің «бұратана халықтарын» қорғаныс жұмыстарына тарту болды. 1915 жылғы қыркүйекте орыс армиясының әскери-құрылыс жұмыстарының бастығы Чаев М. Тынышбаевты қазақтардың әскери қызметке алынуы ықтимал екендігінен хабардар етті. 1916 жылдың ақпанында Ә. Бөкейханов бастаған қазақ делегациясы бірқатар үкімет мекемелерінде, соның ішінде әскери министр генерал Поливановта болды. Министр қазақтарды тарту мәселесі «әзір кейінге қалдырылғанын» мәлімдеді. «Алаш» көсемдері «Қазақ» газетінің бірнеше нөмірінде қазақтарды әскери қызметке шақыру мәселесін талқылады. Көпшілігінің пікірі қазақтардан казак әскерлеріне ұқсас атты жасақтар құрудың реті бар дегенге сайды. 1916 жылғы сәуірде Қарқаралыда жәрмеңке кезінде қазақ жұртының армияға шақырылуына байланысты мәселелерді талқылайтын төтенше съезд өтуі

керек еді. Бірақ 1916 жылғы 25 шілдеде ІІ Николай қол қойған «Империяның бұратана халықтарының ер кісілерін қимыл үстіндегі армияның қорғаныс һәм әскери құрылыстарын салуға, сонымен бірдей мемлекеттік қорғаныс үшін қажет басқа да жұмыстарға тарту туралы» жарлығына байланысты съезд өтпей қалды (Үкімет заңдары мен нұсқауларының жинағы. I бөлім. №182. 1916 жылғы 6 шілде. – 1747-б.).

«Бұратаналарды» тыл жұмыстарына шақыруды жариялай отырып, үкімет арзан жұмысшы күшін пайдаланып қалуға бел байлады және жасақты армияны толықтыруға керек орыс жұмысшылары мен шаруаларын босатып алғысы келді.

Екінші жағынан, өкімет орындары қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз және сол сияқты басқа да халықтарға қару беруге қауіптенді, болашақта олар қаруды Ресейге қарсы жұмсайды деп қорықты.

Сөз жоқ, оқиғалардың одан арғы барысы біраз жағдайда ұлт көсемдерінің ұстанған бағыт-бағдарына да байланысты болды. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде де оны аман сақтауға тырысты. Сондықтан да олар қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, олар Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар деп санады. 1916 жылғы 11 шілдеде «Алаш азаматтарына» арнаған үндеуінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов былай деп жазады: «Отандастарымыз – орыс халқы, діндестеріміз – мұсылмандар, татар халқы, сондай-ақ басқа да көрші халықтар өрттің жалынында лаулап жанып жатыр. Бізге бұдан сырт қалуға болмайды. Өзіміз боданы болып отырған өкіметтің бұйрығынан бас тарту, басымызды сауғалап үйден шықпау, мемлекетті қорғауға атсалыспау дұшпанға көмек көрсетумен бара-бар» («Қазақ», 1916, 16 шілде). Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың хал-күйі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына олар үміт артты.

Империямен ақылға қонымды келісім тактикасын ұстанып, халқының аман болуын бірінші кезекке қойған «Алаш» көсемдері тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыра тұрып, тиісті әзірлік жұмыстарын жүргізуді ұсынды.



Жарлықтың орындалуына қарсылықтың күшейіп бара жатқанынан шошынған үкімет тактикалық тұрғыдан шегінуге мәжбүр болды. Қазақстан мен Орталық Азиядағы шақыру қыркүйектің ортасына қалдырылып, бұл шараны ұлықтар патшаның өз бодандарына «мейірімі» деп түсіндіруге тырысты. Ал себеп басқада болатын. Қазақтардың бытыраңқы, жеке-жеке бас көтерулері Ресей отаршылдығына қарсы жалпыұлттық соғысқа ұласты. Осындай жағдай Орталық Азия аймақтарында да қалыптасты. Көтеріліс Қырғызстан мен Өзбекстанды шарпыды (Тұрсынов Х.Т. Орталық Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс. – М., 1961. – 399-б.).

* * *

1916 жылғы шілденің аяғы мен тамыздың басында Қазақстан кескілескен қақтығыстардың айқас алаңына айналды.

Ең жақсы ұйымдастырылған әрі ұзаққа созылған қозғалыс Торғай уезінде қанат жайды. Оны Иман батырдың (Кенесарының жақын серігі) немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов бастады.

Азаттыққа жету жолындағы талпыныс талабы қазақтарға тым қымбатқа түсті. Мәселен, Жаркент уезі тұрғындарының саны дүниежүзілік соғыс басталғаннан 1917 жылдың 1 қаңтарына дейін 27%, Лепсі – 53%, Верный 55%-ға азайды. Тұтас алғанда, түпкілікті халықтың шығыны, Қытайға қашқандарды қосып есептегенде, 1 миллионға жуық адам болды. Ал 1897 жылғы санақтың деректеріне қарағанда, Қазақстанда 3 миллион 399 мың қазақ тұрған еді (Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 3-том. – Алматы, 1982).

* * *

Қуғын-сүргіннің ауқымы мен қаталдығы керемет зор болды. Ол жайындағы мағлұматтарды жұртшылық біліп отырды. Бұл арада шындықты Ресейдің демократиялық жұртшылығына жеткізе білген қазақ зиялылары көсемдерінің еңбегі аз емес. 1916 жылдың қыркүйегінде-ақ Мемлекеттік Думаның еңбекқорлар фракциясының көсемі, Ресейдің болашақ Премьер-министрі А.Ф. Керенский істің жайымен танысу үшін Түркістан өлкесіне шығады. IV Мемлекеттік Думаның жұмысы

басталар қарсаңда Ә. Бөкейханов Петроградқа аттанады, ондағы мақсаты жазалаушылардың айуандығы жайында жиналған деректер негізінде депутаттардан сауға сұрау еді. «Қазақ» газетінің №209 нөмірінде сауға сұраудың Думаға 1916 жылғы 19 қарашада түскені туралы хабар жарияланады.

1916 жылғы желтоқсанның басында Мемлекеттік Думаның төрағасы М.В. Родзянкоға II Николайдың «Бұратаналарды реквизициялау» туралы жарлығына орай үш мәрте сауға сұралды. Оларға еңбекқорлар, меньшевиктер, прогрессистер, кадеттер, мұсылмандар фракциялары атынан 90-нан астам депутат қол қойды.

Қол қойғандардың арасында Ресейдің сол тұстағы танымал саяси қайраткерлері А.Ф. Керенский, Н.С. Чхеидзе, А.И. Коновалов, Ф. Джафаров және басқалар болды. Сауға сұрауда «...жазалау экспедициялары жасы мен жынысына қарамай сан мыңдаған жергілікті тұрғындарды қырып салды... Жуасыту мен үрейлендірудің шектен шыққан үш тәсілін атап көрсетпей болмайды: олар жазалау экспедицияларының тірі жан қалдырмай халықты жаппай қырып-жоюы; қалаларды, селоларды (қыстаулар мен ауылдарды) немесе жекелеген «қылмысты» үйлерді өртеуі; ақыр аяғында, жекелеген қалалардағы, болыстар мен селолардағы күллі халықтың жылжымайтын меншігін тәркілеуі, ал бұл – Ресей империясының Негізгі заңдарының 71-бабын ашықтан-ашық бұзу. Ықпал етудің аталмыш шаралары Жетісуда айрықша пәрменмен жүзеге асуда, онда қазақ тұрғындары мыңдап қырылып жатыр» деп атап көрсетілген.

Алайда Думадағы оңшыл консерваторлардың басым көпшілігі аталмыш мәселе бойынша ашық мәжіліс өткізуге бөгет болды. Сондықтан Родзянко депутаттық сауғаның үшеуін біріктіріп, Түркістаннан оралған А.Ф. Керенскийдің баяндамасын тыңдауды ұсынды. 1916 жылғы 13 желтоқсандағы жабық мәжілісте А.Ф. Керенский жергілікті халықтан әскери қажетке ат, киіз үй, түйе және басқалар тым көп жиналатынына депутаттардың назарын аударды. Өзіне тән шабытпен Керенский: «Гүлденіп тұрған шалғай аймақтың тас-талқаны шығуына (үкімет адамдарын нұсқап), әне, анау отырғандар кінәлі. Жергілікті халықты аштыққа ұшыратушылар да, әне, анау отырғандар», – деп мәлімдеді.

Шешен жазалаушы жасақтардың әрекетін қатаң айыптады. Өзінің майданға барған сапарын еске түсіріп, ол Түркістан өлкесінде тірі



жан қалмай өртенген ауылдар мен қыстақтарды, ешбір жазығы жоқ адамдардың өлімін көріп, жаны түршіккенін айтты. Керенский көтерілісшілердің қару-жарақты көптеп сатып алып жатқаны жайындағы сыбысты жоққа шығарды. «Түркістан мен Дала облыстарының күллі кеңістігінде жергілікті тұрғындар әзірлеген ешқандай қару көзге түскен жоқ, – деді ол. – Олардың иелігінде бірнеше ескі пілте мылтық, сонан соң осы әрекетке арнап қолдан соққан шалғы сияқты темір, шотаяқ таяқтар мен сойылдар ғана бар».

* * *

Орыс демократиялық қайраткерлерінің саяси ерлігіне тиісті бағасын берген ләзім. Патша өкіметі тарапынан нағыз қырғынды бастан кешкен Қазақстан мен Орталық Азия халықтарының өміріндегі ең бір ауыр да қасіретті кезеңде Мемлекеттік Думаның мінберінен олар сауға сұрап сөйледі емес пе?!

Қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қамтыған жалпыұлттық дағдарыстың бір нышаны болды. Бұқаралығы, қоғамның бар тарабын кеңінен қамтуы, жалпыұлттық ұрандар ұсынуы, мемлекеттік билік институттарын құруы жөнінен бұл қозғалысты ұлт-азаттық революциясы деп, патшалық Ресей отарындағы осы тектес революциялардың тұңғышы деп бағалауға болады.

Ақпан революциясының нәтижесінде монархияның құлауы Қазақстандағы саяси жағдайды түбірімен өзгертіп жіберді. Қазақ халқы бұл оқиғаны қуана қарсы алып, саяси өмірге белсене атсалысты. 1917 жылғы көктемдегі қисапсыз көп митингілер қарарының бірі мынандай: «Орыс халқы қозғалысының қуатты толқыны кең байтақ даламызға біршама кешігіңкіреп жетті. Алайда Өтеміс пен Қарабақыр болыстарының қазақтары – біз орыс халқының өзі үшін, Ресейді мекендейтін басқа да халықтар үшін бақыт пен бостандық игілігін жеңіп алғанын, міне, асқан қуаныш сезімімен естіп-біліп отырмыз. Өзіміздегі болыс басшыларын тіпті де қаламаймыз, оларды орнынан тайғызуды тілейміз».

Революция туралы хабарды ұлт зиялыларының көсемдері қуана қарсы алды. «Ресей халықтары үшін Туысқандықтың, Теңдік пен Бостандықтың күні туды, – деп «Земгорсоюздың» бұратана халықтар бөлімінің жетекшісі Ә. Бөкейханов Минскіден жеделхат жолдады. –

Жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтардың бірігуі қажет. Жаңа тәртіпті нығайту үшін басқа халықтармен туысқандық байланыстарды күшейте түсу керек. Құрылтай жиналысының сайлауына әзірленген абзал. Бірлік пен әділдік үшін күресіңдер» («Қазақ», 1917, 24 наурыз).

Жаңа Ресейдің Уақытша үкіметі империялық ұлт саясатының зардаптарын жою үшін нақтылы шаралар қолданды.

1917 жылғы 20 наурызда ол Ресей азаматтарының діни сеніміне, діни оқуына немесе ұлтына қарай қойылатын шектеу атаулының бәрін жойды. 1917 жылғы 17 сәуірде құрамында Н.Н. Щепкин, Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев, С.Н. Мақсұтов, В.С. Ельпатьяевский, А.Л. Липовский, О.А. Шкапский, П.В. Преображенский, А.А. Дәулетшин бар Түркістан комитетін құрды (Түркістан комитеті – бұрынғы Түркістан генерал-губернаторлығының аумағын басқару үшін Уақытша үкімет тағайындаған орган). Осының сыртында «Алашорда» көсемдерін Уақытша үкімет әр мерзімде Торғай облыстық комиссарлығына (Ә. Бөкейханов), Жетісу облыстық комиссарлығына (М. Тынышбаев) және басқа басшы қызметтерге тағайындады. Саяси көзқарасы жөнінен эсер-кадет блогына жанасатын қазақ зиялы қауымының өкілдері тұңғыш рет Қазақстанды басқару органдарының құрамына кірді. Сөйтіп, өлкенің саяси өміріндегі Алаш қозғалысының ұстанған жолы мойындалды.

1917 жылғы 7 наурызда Уақытша үкімет 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларға кешірім жасады. Осымен бір мезгілде тыл жұмыстарына жұмылдырылған қазақтарды 1917 жылғы сәуірден бастап қайтару жөнінде шешім қабылданады. Аталмыш шаралар қазақ жұртшылығының Уақытша үкіметке қолдау көрсетуіне себепші болды.

1917 жылдың күзінде Жетісу облысының 1916 жылғы дүрбелең барысында зардап шеккен орыс және қазақ тұрғындарына 11 млн 150 мың сом көлемінде қаржылай көмек беру жөнінде шешім қабылданды. Осы соманың 5 миллион сомы тұрғылықты тұрғындарға тағайындалып, әрбір түндік 100 сомнан алатын болды.

* * *

Патшалық тәртіпті жою және елдегі қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру «Алаш» қозғалысын ұйымдық жағынан жасақтауға жағдай туғызды. 1917 жылғы шілдеде Орынбордағы бүкіл қазақстан-



дық съезде «Алаш» партиясы құрылды. Ұзамай 10 тараудан тұратын партия бағдарламасының жобасы жасалды. Партияның негізгі мақсаты Ресей федерациялық демократиялық республикасының құрамында қазақ автономиясын құру болды (Алаш-Орда. Құжаттар жинағы. – Қызылорда, 1929. – 19-б.).

Ұлттық саяси ұйымның жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. Оның үстіне кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым, алдына қойған мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, оны осы заманғы шындыққа бейімдеу еді. Қоғамның даму дәрежесін, дәстүрлер мен тұрмыс салтын ескерудің қажеттігі жаңғыртуды мұрат тұтқан либералдық қағидалармен астасып отырды. Ол кезеңнің жағдайы дербес тәуелсіз Қазақстан құруға ырық берген жоқ, соның нәтижесінде бағдарламада дербес басқарылатын автономиялардан тұратын федеративтік, демократиялық Ресей туралы қағида пайда болды. «Үкіметтің басында – Құрылтай жиналысы, аралығында Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Дума белгілі мерзімге сайлаған Президент тұрады. Құрылтай жиналысы мен Мемлекеттік Думаның алдында жауапты Министрлер Кеңесі арқылы Президент басшылық жасайтын болады».

Демократиялық бастаулар шыққан тегі, діни сенімі және жыныс айырмашылығына қарамай, барлық азаматтардың сайлау құқығын жүзеге асыру арқылы бекітіледі. Бағдарламаны жасақтаушылар мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігін атап көрсетті. «Дін мемлекеттен ажыратылуы тиіс, бәрі азат әрі тең болуы керек». Қазақстанға исламның сырттан енгенін, оны таратуда барынша бірбет Еділ бойы мен Орталық Азияның діни орталықтары белсенді рөл атқарғанын ескере келіп, партия көсемдері Қазақстанда өз діни басқармасын құру, қазақтарда бөлек мүфти болу қажет деп тапты. Дәстүрлер ықпалы азаматтық рәсімдерді (неке қию, азан шақыру, жаназа шығару) жүргізуді молдаларда қалдырудың қажеттігіне сайды.

Сот жұмысына қатысты 5-баптағы тіл туралы мәселе де қызықты. Сонау 1917 жылдың өзінде-ақ қазақ демократтары «халқы құрама жерлерде соттың жауап алуы мен шешімі аталмыш жерде көпшілік болып табылатын ұлттың тілінде жүргізілуі қажет. Сот алдында күллі халық



тең» деп санаған. Бағдарламаның әлеуметтік бағыты былайша айқындалған: «Салық байлық деңгейі мен жалпы дүние-мүлік жағдайына сәйкес алынуы шарт, бай – молырақ, кедей – азырақ төлесін». «Жұмысшы заңы жұмысшы пайдасына қызмет етуге тиіс». Бағдарламада тегін білім алу мен бастауыш мектепте ана тілінде оқуды пысықтай отырып, алашордалықтар қазақтардың «өзінің орта және жоғары оқу орындары, университеті де болуға тиіс» деген мәселе қояды.

Алдындағы жылдары қазақ тұрғындарынан жердің жаппай тартып алынғанын ескере келіп, бағдарламада жерді ең алдымен тұрғылықты халыққа қайтарып беру мәселесін әділ шешу міндеті қойылады.

«Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тұжырымдалған өтпелі кезең қағидалары жаңғырту қаракетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады. Шығыс мемлекеттерінің жаңару тәжірибесі Жапония мен Корея сияқты дәстүрлі байланыстары кәдеге жараған жерде ғана капитализмнің гүлденетінін көрсетті. Бағдарламаны зер сала оқуына қарағанда бұл кісілер өз халқының гүлденіп-көркеюіне мейлінше қамқор болғаны аңғарылады.

Сондықтан да олардың ұлттық бағдарламасы сол тұста өлкеде тұрған барша ұлттың бас біріктіруіне жағдай туғызды. Бір сөзбен айтқанда, олар елді өркендетудің демократиялық баламасын ұсынды, бірақ ол авторитарлық үрдістер салдарынан жүзеге аспай қалды (Революция және ұлт мәселесі. 3-том. – М., 1930).

Қазақ халқы өзінің басты мақсаты – ұлттық мемлекеттілігін қайта қалпына келтіруге нақтылы мүмкіндік алды. Алайда оқиғалардың бейбіт өрбуін Ресей қоғамындағы тың дағдарыс бұзып кетіп, оның өзі большевиктер партиясының диктатурасын орнатуға әкеп соқты.

* * *

Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ.

Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей



құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес. Өткелі тұрған ғасырдың соңғы онжылдығының зиялылары топтық мүддеден биік тұрса, өлермен атаққұмарлықтан аулақ болса, мұны Қазақстандағы мамыражай тыныштық пен тұрақтылықтың басты бір факторы деп білу керек.

Грузиннің белгілі философы Мераб Мамардашвили 1990 жылдардың басында егер халқының ісі дұрыс болмаса, онда ол өз халқының теріс қылығын қолдамайтынын айтқан еді. Қазақ зиялылары өз алдына мұндай мәселе қойған жоқ, өйткені олар халықтың парасатты саяси қалауын жүзеге асырды және көп жағдайда солардың арқасында Қазақстан мемлекетін дамытудың жолдары саяси шайқассыз, қанды қақтығыссыз тыныш жолмен жүзеге асты. Келешек ұрпақ өз кезегінде, жаңа басталған тарихымыздың ең бір күрделі кезеңінде тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына қазақ зиялыларының көзге түсе бермейтін, бірақ мейлінше игі үлес қосқанын дұрыс бағалауға тиіс.

Бұл бағытты бәрінен де ширақ көрсете алатын шығармашылық зиялы қауым біздің тарихи-мәдени шытырман ахуалымызды кімнен болсын жақсырақ біледі. Сондықтан да оларды бірден кертартпалар санатына қосып, жаңа жағдайда дәстүрлі қоғамды түлетуге бейімсің деп немесе атам заманғы ескіні жаңғыртуға тырысасың деп күстаналау әбестік болар.

* * *

Кейбір ақылгөйлердің топшылауымен салыстырғанда мәселе әлдеқайда күрделі де терең. Зиялылардың тарихи-мәдени бірегейлік үшін алаңдауының іргелі себебі де бар. Өйткені мәселе былай: егер біз тарихтың талғам-талабына сыни зердемен қарай алмасақ, онда қазақтар мәдени құндылық ретінде жойылып кету керек те, қазіргі адамдар мен олардың арман-аңсарына жай ғана құқықтық және техникалық тұрғыдан атүсті қарайтын технократтық тобырларға орын босатуға тура келер еді.

* * *

Қазақстан халқының басым бөлігі озық техникалық тәжірибені кеңінен қолдау арқылы жүзеге асатын мейлінше тиімді экономикалық жаңа-



рудың қажеттігіне күмән келтірмейтініне сенімдімін. Мәселе жаңарудың дәп осы әлеуметтік құндылығында және оның мәдени құрамдастығында болып отыр. Ал енді мәдени-тарихи бірегейлігімізді сақтап-дамытудан бас тартар болсақ, онда біз өз келбетімізден айырылып қаламыз.

Қазақтың ұлттық шығармашылық зиялы қауымы қазақ халқының өзіне тән мәдени болмысын жойып алмауға мүдделі. Олар түпкі болмысына терең бойлап, одан тың мағынаға толы, жан тебіренер, көркемдік құйқалы қатпарлар табуға тырысады.

Терең бойлай отырып, оның өзіндік ырғақ әуенін тауып, қайталанбас ішкі нәрі мен жұпар иісін түйсінуге талпынады. Міне, сондықтан да зиялы қауым дүниені қазақы көзбен қабылдаудың қайталанбас ұлттық бейнелерін іздейді.

* * *

Тебіреніс, толғаныс, бұлыңғыр торығу және оларға кереғар романтикалық шабыт, үміт және сол сияқты сезім-түйсігі бүгінде зиялылар көңілінде лықсып, арнадан асып тұр. Оның басым бөлігі тап болған мәселелерді бірден шешіп тастауға бой ұрмай, қазақ халқының жан-жүрегіне бойлап, мұңын мұңдап, жоғын жоқтағысы келеді.

Міне, сондықтан да олар қазіргі тарихтың сыртқы дабылы мен қысымының тарс-тұрс дүсірінде қазақ рухының қылдай нәзік құпия пернелерін үндестіріп, талап-тілектеріне байыппен барлай бойлап, құбылмалы әуен-ырғағын тыңдай алады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының мәдениетін қайталанбас көркем шығарма ретінде солар түсінеді.

* * *

Бұл арада саяси және экономикалық себеп-салдарлардан тыс төл тарихи-мәдени деңгейіміздің бірқатар факторларын атай кеткен абзал. Көшпелі қоғамның барып тұрған тығырық екені жөнінде академиялық ғылымның өзінде таптаурын пікірлер мен мифтер бар. Мұнан ғылыми хәм әдеби зиялыларды өсіріп-өркендетудің қалыптасқан дәстүрінсіз, институттық мүмкіндіктерсіз, өз өткенің мен бүгініңді тарихтық, тұжырымдамалық, теориялық, тәсілдемелік тұрғыда жасақтамайынша арыла алмайсың.



Мұның қазақтардың ғана емес, күллі түркілердің тарихына қатысы бар, өйткені жақсы-жаман болсын, тұжырымды туындылар негізінде алдын ала зерделеу былай тұрсын, қанағаттанарлық деңгейде дерек-намалық арқаудың өзі де жоқ емес пе?!

Осы алуандас талпыныс бұрын да болған. Көбінесе бұл әлгі адамдардың жеке шығармашылық өресіне де байланысты. Шығармашылық тұлға ретінде мағыналық һәм көркемдік әлемді тел емген олар біздің ең жаңа тарихымыздың мәйегі іспеттес. Бұлар – тарих толқынындағы мәдениетіміздің кіндік тұлғалары. Олардың мәдениетіміз үшін мән-маңызына шәк келтіруге әсте болмайды. Ондай есімдер ондап саналады – Шоқан мен Абай, Әуезов пен Сәтбаев, Марғұлан мен Бөкейханов...

Қазір Қазақстанның құшағы әлемге айқара ашылып отырған шақта көптеген кісілер Батыс елдерімен өмірдің бар саласында тікелей байланыс орнатуда. Былайғы жұрттың өздері де елімізге емін-еркін келгіштеуде. Сөз жоқ, мұның бәрі қазақ ұлтының өркендеуіне, осы заманғы тарихи үрдіске сай келетін техникалық және гуманитарлық-институттық саладағы Батыс тәжірибесін игеруіне әсер етеді.

Мұндай бағыт-бағдардың терең негіздері бар екенін ұғыну қажет. Жаңаруды Батыс технологиясын меңгермей тұрып, қоғамдық өмірдің алуан саласындағы оның институттық тәжірибесін игермей тұрып жүзеге асыру қай жағынан да мүмкін еместігін түсіну – ең бастысы.

Бұл бағытты бастан-аяқ сыртқы өктемдікті дәріптейді-міс деп кері ысырып тастау әншейін ессіздік болар еді. Жоқ, мағыналық тұрғыда мұның бәрі тарихи кезеңнің қажетті талаптарының жиынтығын танытады. Сонымен бірге ол сана мен көңілде ғана емес, іс жүзінде қазіргі қазақ ұлтының барған сайын ұлғайып келе жатқан бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Шын мәнінде, Батыс мәнеріндегі технологиялық, институттық, гуманитарлық реформаларды іс жүзінде игеріп, жүзеге асыратын жетекші топ болып табылады. Ал бұл реформалардың кәдеге асқыштығы және тиімділігі бүкіл әлемге аян.

«Тарих толқынында» кітабынан

ОТАНДЫ СҮЮ – ӨРКЕНИЕТТІЛІКТІҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ

Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайында сөйленген сөз

Ардақты ағайын!
Құрылтайдың құрметті қонақтары!
Бүгінгі күн – жұмыр жердің бетіндегі қазақ атаулыға айтулы күн екені күмәнсіз. Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қандастарымыздың 400-ге жуық өкілі әлем қазақтарының екінші құрылтайына жиналып отыр. Міне, көңілі Атажұрт деп алып ұшқан алыстағы ағайындарымыз киелі Түркістан төрінде мәре-сәре күйге бөленген тамаша мерекенің куәсі болуда. Қуаныштарыңыз құтты болсын, бауырлар!

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы аса бір қуанышты жағдайда өткені баршамыздың есімізде. Тәуелсіздік туын желбіреткенімізге бір-ақ жыл толып, жас мемлекетіміз тұсауын кескен сәби тәрізді аяғынан енді басқан сол бір уақыттың қиындығына қарамастан, тағдырдың тәлкегіне ұшырап, туған топырағынан көз жазып қалған бауырлардың басын қосқан жөн болар деген ұйғарымға келгенбіз.

Содан бері, мінеки, 10 жыл өтті. 10 жыл тарих үшін қас қағым сәттей болуы мүмкін. Бірақ жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Соңғы 10 жылда 10 ғасырға татитын оқиға болды десек, артық айтқандық болмас.

Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болып қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және әлемдік қауымдастықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болып, өз егемендігін заң жүзінде де, іс жүзінде де дүниежүзіне тегіс мойындатты.



Қысқасы, дүние картасында Қазақстан атты өз билігі өзінде, өзгелермен терезесі тең жас мемлекет пайда болды.

Әлем дамуының бүгінгі қарқыны тым тегеурінді. 70 жыл бойы айдарынан жел есіп келген алып ел – Советтер Одағының өзі де оған төтеп бере алмай, әлем картасынан жоғалып тынды. Сол күйреген алып империяның аумағында Тәуелсіздікке ие болған біз сияқты елдердің өткен 10 жылдықта басынан кешкендері, тағдыр талайы әрқилы.

Біреулері экономикада бауырын әлі жазып кете алмай жатса, біреулері ел ішіндегі бірлігін сақтай алмай, бір-біріне қарсы қару жұмсауға дейін барды. Біреулері тұрмыс жағдайының нашарлығынан халқының босқын атанып, өз жерінен өзі безіп кетуіне жол берсе, енді біреулері реформаны желеу еткен желсөз иелерінің көшедегі айқай-сүреңінің шырмауынан шыға алмай келеді. Шүкір, біздің еліміз ондай-ондай сорақы жағдайлардан атымен аулақ.

Ата Заңымыздың қабылдануы, мемлекеттік рәміздеріміз – Елтаңба, Ту және Әнұранымыздың бекітілуі, ұлттық валюта – теңгенің енгізілуі Қазақстан мемлекеттілігі қалыптасуының аса маңызды кезеңдері болды.

Кейін 1995 жылы жаңа Конституция қабылдау қажеттілігі елімізде болған саяси және әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістерге байланысты туындады. Сондықтан да жаңа Конституция бүкіл халық болып таңдап алған демократиялық даму жолының түпкілікті жеңісі болып табылады.

Мемлекеттіліктің бір күнде орнамайтыны және оны бір ұрпақ құра алмайтыны белгілі. Қазақ мемлекеттілігін құруға сан ұрпақтың сан ғасырлық ғұмыры мен күш-жігері кетті.

Бірақ тарих жолы қашанда тайғанақ. Тарихта талай дәуірлеген кездеріміз де болған. Талай басымыздан бақ ауып, кері кетірген кер замандарға да кез келгенбіз.

Сол себепті де осы кезге дейін елдігіміздің жолында қан төккен қайраткерлердің есімін айрықша құрметпен еске аламыз.

Алайда, шын мәнінде, толыққанды тәуелсіздік пен толыққанды мемлекеттілік орнату абыройы біздің ұрпаққа ғана тура келгенін мақтанышпен айта аламыз.

Ата-бабаның арманы болған осы тәуелсіздікті ойдағыдай орнықтыру үшін қыруар шаруа тындыруға тура келді. Қазақ елі соңғы 10 жыл ішінде тағы да көп қиыншылықтардан өтті.

Бірінші міндет кеңес билігінен кейін тұңғыш рет өз мемлекетімізді құру болды. Тарихымызға қанша үңілсек те, қазақ елі өз тарихында дәл бүгінгі ауқымда, дәл бүгінгі бүкіл дүниеге танымал мемлекет құра алған емес. Қазақтың осындай мемлекеттігі бүгін бар!

Екінші. Тәуелсіздікті жариялау бар. Бірақ сол тәуелсіздікті сақтап қалу, оны нығайту одан да қиын. Біз сақтап та қалдық, экономикамыз тұрақтап, нығайып, дүниежүзіне сыйлы мемлекет те бола білдік. Қауіпсіздігімізді нығайту үшін өз әскерімізді құрдық. Шекарамызды анықтадық.

Үшінші. Біз саясатты өзгертіп, өркениетті елдер қатарына қосылуға қадам бастық. Демократиялық жүйеге бет бұрдық. Тарихында соққы мен жаншу астында тұншыққан қазаққа бас бостандығын әперіп, азат еттік, сөз бостандығын, бас бостандығын алып бердік.

Төртінші. Қазақстан экономикасын осы аз жылдың ішінде нарықтық экономика ретінде бүкіл дүние мақұлдады.

Әр адамға шаққанда біз ТМД-да ең көп инвестиция тарта білдік (көлемі 20 млрд доллардан астам). Соның арқасында елдің алтын қорын жинақтап, болашақ ұрпаққа арнап ұлттық қор аштық. Экономикамыз жылына 8-12% өсіп келеді. Жағдай да түзеліп келеді.

Бесінші. Ғасырлар бойы шешілмеген ұлы Қытай мемлекетімен шекара мәселесін шешіп, достық шарт жасастық. Жаңа Ресеймен мәңгілік достық шартқа қол қойдық. Орталық Азиядағы ағайын көршілермен достықты нығайттық. АҚШ-пен стратегиялық әріптес бола білдік.

Алтыншы. Ең асылы – біз көп ұлтты бола отырып, халықтар достастығын, ел байлығын сақтай білдік.

Жетінші. Көне тарихымыздан бері тұңғыш рет өз Астанамызды, өз Елордамызды 4-5 жылда орнатып, бүкіл дүниені таңғалдырдық. Астананы ғарыштан қазақ – ғарышкер Талғат Мұсабай құттықтады.

Бұл жеті жетістік – тек қысқаша қорытынды. Еліміз аман, жұртымыз тыныш. Танылған қазақ елмен бірге байып келеді. Кедейдің жағдайы түзеліп келеді, шүкір. Бұл – бәріміздің жетістігіміз. Сонымен, біз тарихымызда өшпес істер жасап, қазақтың еңсесін көтердік.



Әрине, жасай алмай жатқан нәрселер әлі де жетеді, бірақ ілгері жылжу басталды. Біз үшін бұл үлкен жетістік.

Қазақ жерінің қақ ортасынан Астана секілді елорданың бой көтеруі жаңа кезеңге аяқ басқанының белгісі деп қараған жөн. Жаңа астананың болашағымыз үшін стратегиялық мәні өте зор.

Алайда жаңа мыңжылдық басталған бетте-ақ тап онша мамыражай бейбіт мінез көрсетпеді. Қырғын соғыс, құлақ естіп, көз көрмеген террорлық әрекеттер, әлемдік деңгейдегі текетірес, ұлтаралық, мемлекетаралық қақтығыстар толастар емес.

Нашақорлық пен маскүнемдік те оңай жау болып тұрған жоқ. Мінеки, осындай қырық пышақ заманда от пен суға ұрынбай, қатерлі өткелдерден аман өту тек ел билейтін бір адамнан ғана емес, бүкіл баршамыздан айрықша естиярлықты талап етеді.

Оның үстіне бүгінгі әлемдік дамудың қарқыны өте үлкен, оған ілесу оңай емес. Ал өркениет кеңістігінен өз орныңды табу одан да қиын. Ол үшін биік мәдениет керек. Биік мәдениетті күшті ұлттар ғана жасай алады. Ал күшті ұлт болу үшін ең алдымен ішкі бірлік, ұйымшылдық, татулық керек.

Ел бірлігін нығайтуда ұлттық мәдениеттің, әдебиет пен өнердің, дәстүр мен әдет-ғұрыптардың орны ерекше. Бірақ бұл мәселеде де бір орында тапжылмай тұрып қала алмаймыз. Біз әлемдік мәдениеттің құндылықтарымен үндесіп жатқан жаңа заманғы қазақтың озық мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

Бұл арада мен еліміздегі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің айрықша маңызын атап өткім келеді. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі, әрине, тіл. Өйткені толыққанды тілсіз толыққанды ұлт болу мүмкін емес.

Қазақ тілін дамытудың мемлекеттік жоспары жасалған, енді соны жүзеге асыру жағына қатты көңіл бөлуіміз қажет.

Біз – қазақ халқы – мемлекеттің негізін құрушы, оның тағдырына жауап беруші, ішіміздегі өзге ұлт өкілдеріне өнеге көрсететін, барлық істе бастамашы болуға тиісті ұйытқы халықпыз. Сондықтан үлкен ұлтқа тән төзім мен сабырлы мінез көрсете білген жөн. Тағдыр бізді осындай көп ұлттылыққа еріксіз алып келді.

Өзге ұлт өкілдерімен кикілжіңді болдырмауды да, өз ішімізде орыс тілді немесе қазақ тілді болып бөлінуге жібермеуді де қазақтардың

өздері қадағалаулары керек. Рас, өз тілінен көз жазып қалғандар арамызда баршылық. Бірақ бұған олардың жеке бастары кінәлі емес.

Ел бірлігі туралы сөз болғанда, біз өз дініміз исламға тоқталмай кете алмаймыз. Әрине, исламның рухани әлемі өз алдына жеке әңгіме. Біз бұл арада исламның тарихи тұрғыда қазақ халқы ғана емес, бүкіл түркі жұртының қалыптасуына игі ықпал жасағанын тілге тиек етпекпіз. Діннің тұтастығы – қашанда елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан белгілі.

Бірнеше дін өкілдерінен тұратын халықтардың мұсылман, христиан болып, ал бір дінді ұстанып отырып-ақ, оның тармақ-тармағына бөлініп, өзара алақөз болған елдердің бастан кешіп отырған тауқыметтерін көріп те, біліп те жүрміз.

Сондықтан қалыптасқан дінге өзгеріс енгізбек болып, өздерінше жаңашылдық танытпақшы болып жүргендерге отпен ойнауға болмайды деген ескерту жасағымыз келеді.

Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі – данышпан Ахмет Ясауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырды. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырып келеді. Сондықтан ұлттық сипатқа айналған дәстүрмен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келетіндерге жол бере алмайтынымызды ашық айтамыз.

Жалпы, екі заттан – діни фанатизм мен діни дүмшеліктен бірдей сақтанған жөн.

Ардақты бауырлар!

Сіздер сыртта жүрсеңіздер де, туған елдің тұғырының биіктей беруіне тілектес екендіктеріңізді жақсы білеміз.

Ал ол тұғыр қайткенде биіктей бермек? Ол үшін не қажет? Ол үшін халқымыздың уыздай ұйыған ынтымағы қажет. Ал ондай ынтымақ бізде бар! Бұған – республиканың он жылда саяси-әлеуметтік, экономикалық өміріміздің барлық салаларында қол жеткізген табыстары айғақ.

Ынтымақ, бірлік болмаса, өтпелі кезеңнің алғашқы жылдарында жамбастап жатып қалған өнеркәсіп алыптары қайтадан бой көтермес



еді, еліміздің экономикасына, халқымыздың күнделікті тұрмысына қажет өнімдерді шығара алмас еді, елімізде соңғы 5 жылда ішкі жалпы өнімнің нақты өсімі – 26%, ал кейінгі 3 жылда 36% деңгейіне жетпес еді.

Мұндай табыстардың қайнары – Қазақстанның әуел бастан-ақ өзінің даму бағытын айқын белгілеп алуында жатыр.

Ол – «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімді даму стратегиясында межеленген шептерге қарай бекем қадам жасап келе жатқанымыздың көрінісі. Оның қабылданғанына бұл күндері 5 жыл толды. Отандық және шетелдік сарапшылардың бұл бағдарламаның өміршеңдігін ерекше атағаны бәрімізді мақтаныш сезіміне бөлейді.

Экономика мәселелерін түбегейлі шешу үшін, ең алдымен, замана талабына сай қарымды, ойы ұшқыр, зерек те зейінді мамандар керек. Оларды даярлау қажет. Еліміз білгір де білікті мамандар даярлау үшін қажет қаржыны тауып отыр.

Республика көлемінде бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жаңа мамандар тәрбиелеп шығаратын жоғары оқу орындары жүйесі жұмыс істейді. Бұған қосымша «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде көптеген жастарымыз білім алып жатыр. Оқуды ойдағыдай аяқтап, елге білікті маман болып оралып жатқандар қаншама?!

Бұл жетістікке жоғары оқу орындары лайықты үлес қосып келеді. Оларда – 200-ден астам университеттерімізде мұнай мен газ, кен-металлургия, ауыл шаруашылығы сияқты жетекші өндіріс салалары мен әділет және құқық қорғау органдары үшін нарық экономикасының талаптарына, бүгінгі күннің қажетіне сай мамандар даярланады. Мұндай оқу орындарының республиканың белді қалаларында, облыс орталықтарында шоғырлануы заңды. Әрине, бұл игі дәстүр жалғаса береді.

Дүниеде қазақ деген ұлт біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы – барша қазаққа тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға жатпайтын ортақ байлық.

Сондықтан сырттағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері, Қазақстандағы қазақтың әдебиеті, мәдениеті, өнері деген қолдан жасалатын шек-шекара болмауға тиіс.

Тағдырдың жазуымен туған топырақтан шеттеп кетуге мәжбүр болған ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және

барша әлемге таныстыру – аса маңызды шаруа. Тәуелсіздікке ие болған кезден бері қарай бұған тиянақты назар аударыла бастады.

Қазақтар тығыз мекендеген Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Моңғолия тәрізді елдердің халық арасындағы, мұражайларындағы қазақтың тарихына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне қатысты қазына-байлық барша халқымыздың игілігіне қызмет етуі керек.

Бұл орайда, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы қолға алып, жүзеге асырған істер кеңінен қолдауға тұрарлық.

Қазақстанмен шекаралас мемлекеттердің, олардың жергілікті басшылығының қазақ диаспорасына деген көзқарастары да көршілерге тән сыйластық рухына толы. Біз мұндай қарым-қатынас белгілерін қатты құрметтеп, мақтан етеміз. Бауырлас өзбек елінің тұңғыш Президенті И. Каримовтің «Қазақ пен өзбек бір халық, қазақтың жауы өзбектің де жауы» деген сөзін біз ұмытпаймыз. «Қырғыз бен қазақ бір туған деген» А. Ақаевты біз қолдаймыз. Мәселен, Ресей Президенті В.В. Путин Қазақстанды ең жақын ел деп санайды. Ресейдің Астрахань, Омбы облыстарының губернаторлары А.П. Гужвин мен Л.Н. Полежаевтың Қазақстан Президентінің «Бейбітшілік және рухани татулық» сыйлығымен марапатталуы – олардың екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту ісіне қосқан үлесіне берілген лайықты баға.

Мен Елбасы ретінде Қазақстанның ішкі-сыртқы жағдайларына байланысты туындап жататын көптеген мұрат-мақсаттарды орындау мүддесіне сай Еуропа мен Азияның, Америка мен Африканың бізбен саясат пен экономиканың әр саласында ынтымақтастық орнатқан белді-белді елдеріне ресми сапарларға жиі-жиі шығып тұрамын. Осындай сапар барысында қазақ диаспорасы бар елдерде өз ағайындарымызбен кездесу мүмкіндігін әркез пайдаланып жүрмін. Осы жүздесу кезінде диаспора өкілдері өздерін толғандырып жүрген мәселелерін алға тартады.

Әсіресе олардың соңынан ерген ұрпақтың атамекенде оқып, білім алуына, тіл мәселесіне қатты алаңдап жүргендерін сезінемін. Бұл – өте-мөте зәру мәселе. Мұны ықтияттықпен шешуіміз керек.

Сонымен бірге ата-бабаларымыздың бізге тастап кеткен ғажайып тарихи мұраларына жіті қарап, оны молайта түсуіміз қажет. Шығысынан батысына дейін, түстігінен терістігіне дейін батырлардың ізі



қалған шетсіз-шексіз қазақ жерінің қасиетін ортайтпай, оның қазынаға толы қойнауы мен сулы да нулы өңірлерінің байлығын келер ұрпаққа бұзылмаған күйінде қалдырып кету де – біздің ұрпақтың парызы.

Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын отандастарға қамқорлық жа-сауда соңғы 10 жылда қол жеткен табыстарымыз аз емес. Алыстағы ағайынды ұшақпен көшіріп алатын ел Қазақстаннан басқа қайда бар? Әйтсе де бұл жетістіктеріміз бен табыстарымызға тоқмейілсіп, орта жолда іркіліп қалуымызға болмайды.

Біздің алдымызда жаңа міндет, биік мақсаттар тұр. Тәуелсіз Қа-зақстан мен шетелдегі қазақ диаспорасының арасындағы байланыс бұрынғыдан да тығыз әрі барынша жемісті, нәтижелі болуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру бүкіл халқымыздың өсіп-өркендеуіне, жаңа мыңжылдықта жаңа асуларға көтерілуіне ті-келей ықпал етеді. Сонда алдымызда тұрған бұл мақсат-міндеттердің мазмұн-мағынасы қандай?

Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен келіп, төрт көзіміз түгел жиналып отыр-ған кезде осы мәселені барынша жан-жақты талқылап, алға апарар адас-тырмас жолды бәріміз бірлесіп айқындап алуымыз керек. Қазір Қазақ-станнан сырт жерлерде тұратын қазақтардың саны 5 миллионнан асады.

Міне, осыны ойлағанда, 40-тан астам шетелде тұратын бауырлары-мызды «ертең, яғни, елу жылдан кейін, жүз жылдан кейін не күтіп тұр?» деген сауал көкірегімізде еріксіз оянады. Бұл ретте, күдік пен күмән-нан гөрі, ертеңгі күнге деген сеніміміз бен үмітіміз әлдеқайда басым.

Біз шетелдегі ағайындарымыздың алдағы уақытта да қазақ халқы-ның құрамдас бір бөлігі ретінде өсіп-өркендей беретініне күмәндан-баймыз. Әсіресе Қытайдағы 1,5 миллионнан астам бауырларымыз-дың бүгінгі таңдағы ұлттық өркендеу үрдісі жақсы. Ана тіліміздің бай, шұрайлы ортасы осында қалыптасқан. Қазақтың ежелгі мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы қаймағы бұзылмай сақталып отыр. Қазақ халқының баға жетпес, асыл мұрасы – ауыз әдебиетінің де басты бір бөлігі – Қытайдағы бауырларымызда.

Қазір Қазақстанда Қытай қазақтарының ауыз әдебиеті үлгілерінің 30 томдық жинағын шығару қолға алынды. Қытайдағы қазақтардың жазба әдебиеті де – біздің жалпы ұлттық әдебиетіміздің құрамдас бір бөлігі. Шыңжандағы қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы – Таңжарық

Жолдыұлының шығармалары туған әдебиетіміздің төрінен лайықты орнын тапты. Ақиық ақынның алдағы жылы туғанына 100 жыл толатын мерейтойының Қытай мен Қазақстанда жоғары дәрежеде аталып өтетініне күмән жоқ.

Бұрын алыс шет ел саналып келген Моңғолия қазақтарының да ұлттық рухани өсіп-өркендеуі белгілі бір дәрежеде жүріп жатыр.

Моңғолияның негізінен қазақтар тұратын Баян-Өлгий аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Бүгінгі таңда Баян-Өлгий аймағы – қазақ халқының ана тілі ең таза сақталған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті өзінің ежелгі бояуын жоғалтпаған өңірлердің бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Баян-Өлгий аймағынан атажұртқа 60 мыңнан астам ағайындарымыздың қоныс аударуы жас мемлекетіміздің мәдени-рухани тыныс-тіршілігіне, ана тіліміздің, ұлттық салт-дәстүріміздің жаңа деңгейге көтерілуіне өз ықпалын тигізгені анық.

Тағдырымыз да, тарихымыз да ежелден тамырлас Өзбекстандағы 1,5 миллионнан астам қазақтардың өсіп-өркендеуі өз алдына бір шежіре. Қазіргі кезде Өзбекстанда 500-ден астам қазақ мектептері бар. Жақында ғана Өзбекстан Президенті Ислам Каримов екеуміз екі ел арасындағы Мәңгілік достық жөніндегі келісімшартқа қол қойдық. Шекарамыз біржолата нақтыланып, белгіленіп бітті.

Болашақта екі ел арасындағы экономикалық-мәдени байланыс бұрынғыдан да кеңейе беретіні анық. Бұл байланысқа Өзбекстанда тұратын бауырларымыз да өз үлестерін қосады.

Біз Өзбекстандағы қазақтардың зиялы қауымы – ғалымдарының, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қарымды да қабілетті үлкен тобының қалыптасқанын жақсы білеміз.

Қазақстанның Ресеймен шекарасы ұлан-ғайыр жерді алып, еліміздің шығысынан батысына дейін ұзына сонар созылып жатыр. Осы арадағы шекараға жақын жердің басым көпшілігінің негізгі тұрғындары – қазақтар. Олардың да сан ғасырлық тарихы, қалыптасу ерекшеліктері бар. Көршілес екі мемлекет өз тәуелсіздіктерін жариялағанымен, арадағы барыс-келісімізге шектеу жасалған жоқ. Бұл да – біздің ең үлкен жеңісіміз, жетістігіміз.

Ресей қазақтарының мәдени-рухани өміріне ондағы қазақ мәдени орталықтары да үлкен ықпал жасап отыр.



Түрікменстан мен Қырғызстандағы, Түркиядағы, Еуропаның Германия, Швеция және басқа елдеріндегі қазақ мәдени орталықтары да өздерінің шама-шарқынша игілікті істер тындырып келеді.

Міне, Қазақстаннан сырт жерлердегі қазақтардың ұлт ретінде өсіп-өркендеуінің қазіргі жағдайы осындай. Дегенмен бұл салада ойландыратын, алдағы уақытта түбегейлі шешуді қажет ететін мәселелер де баршылық.

Бұл мәселелердің ең бастысы, қазақтың әліпбиіне, яғни, жазуына байланысты. Қазіргі кезде дүниежүзіндегі қазақтардың ауызекі сөйлесуінде ешқандай айырмашылық жоқ.

Дегенмен жазу мәселесіндегі жағдай мүлде басқаша. Бүгінгі кезде бір елде тұратын қазақ екінші бір елде тұратын қазақтың жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, Қытайдағы ағайындарымыз араб әліпбиіне негізделген төте жазуды пайдаланады. Қазақстанда, Моңғолия мен Ресейде тұратын қазақтар кириллицамен жазады. Еуропа қазақтары латын әліпбиімен сауат ашқан. Өзбекстан мен Түрікменстан латын әрпіне көше бастады. Иран мен Ауғанстанда оқу-жазу мүлдем өзгеше.

Мұндай айырмашылық дүниежүзіндегі қазақтардың ортақ мәдениетінің, ортақ әдебиетінің дамуына кедергі келтіретіні даусыз. Бұл, әсіресе оқу-білім саласында айқын аңғарылып жүр.

Бұл ретте, көп мәселе шетелде тұратын ағайындарымыздың өздеріне тікелей байланысты. Біз сіздердің қай жерде жүрсеңіздер де, ата-бабамыздан дарыған асыл қасиетімізді, салт-дәстүріміз бен ана тілімізді аялап сақтайтындарыңызға кәміл сенеміз. Және сіздер осы сезімді балаларыңызға да, немере-шөберелеріңізге де дарытатындарыңызға күмәнсізбіз.

Әрине, өз ұлтын сүю, шын мәніндегі нағыз қазақ болу өзге ұлт өкілдеріне астамшылықпен қарау деген сөз емес. Біз, қазақтар, ежелден меймандос, көңілі жарқын, ынтымақты халықпыз.

Сондықтан да сіздер өздеріңіз тұратын елдің жергілікті халқымен тіл табысып, шынайы достықпен өмір сүріп, өздеріңіздің мәдени-рухани мәселелеріңізді солармен бірлесе отырып шешсеңіздер, нұр үстіне нұр!

Қазақстаннан сырт жерлердегі көптеген қазақ мәдени орталықтары сол елдегі қазақтардың мәдени-рухани саладағы мұқтаждықтарын

шешумен ғана айналысып қоймай, Қазақстанмен арадағы сан-салалы байланысқа да өз үлесін қосуға тиіс.

Шетелдегі ағайындарға көмектесудің заңдық-құқықтық негіздері жасалуы, қаржылық қамту мәселесі де жолға қойылуы қажет.

Республикамыз соңғы он жылда бұл жөнінде көптеген жақсы тәжірибелер жинақтады. Нақты іс-шараларды жүзеге асырды.

Бұлардың ең бастысы – «Шетелдегі отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы». Бұл бағдарлама өзінің тиісті міндетін атқарды. Енді оның жаңа нұсқасын қабылдау қажет. Жаңа бағдарламаның алғашқы нұсқасын Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы жасаған.

Ол жоба сіздердің қолдарыңызда. Құрылтайда осы жоба да жан-жақты талқыланып, нақты ұсыныстар жасалғаны абзал. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы өзі құрылғаннан бергі 10 жылдың ішінде шетелдік ағайындармен өмірдің сан-салаларында қарым-қатынас орнату жөнінде көптеген игі шараларды іске асырды. Қауымдастықтың халықаралық байланыстарға атсалысуға, шетелдегі мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен тікелей жұмыс істеуге де мүмкіндіктері бар.

Болашақта бұл мүмкіндіктердің барынша нәтижелі іске асырылатынына сенімдіміз. Осы салада Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің көмегі көп.

Қазақ диаспорасы тығыз орналасқан өңірдің басым көпшілігі алыс шалғайда емес, Қазақстанмен шекаралас жатыр. Соған орай, біздегі облыстардың да бұл жөнінде көп мәселе шешуге мүмкіндігі бар.

Яғни, әр облыс өзімен іргелес жатқан шекараның ар жағындағы бауырларымызға мәдени-рухани жағынан көмектесіп, қол ұшын берсін. Әсіресе ондағы қазақ мәдени ошақтарын қажетті мамандармен қамтамасыз ету, қазақ мектептеріне мұғалімдер дайындап беру сияқты жұмыстарды жүзеге асыруы керек.

Қазақстан өзі тәуелсіздік алған күннен бастап шетелдегі қазақ жастарының атажұртқа келіп оқып, білім алуына айрықша көңіл бөліп келеді. Шетелдегі қазақ ұлтының өкілдері атамекенге келіп, Қазақстан азаматымен тең жағдайда оқып, білім алуға құқылы. Шетелдегі қазақ диаспорасына арналып жоғары оқу орындарынан жыл сайын арнайы квота бөлінеді.

Нарық экономикасына көшуге байланысты қазір еліміздің оқу, білім саласында көп өзгерістер болып жатыр. Жоғары білім беретін оқу



орындарының көпшілігі қазір ақылы жүйеге көшкен. Соған байланысты шетелден келген бауырларымыздың бәрін мемлекет есебінен тегін оқытамыз деп айту қиын. Ол мүмкін емес.

Бірақ қалай болғанда да, біз алыстан келген жас ұрпағымыздың бетінен қақпай, оларға атамекенде қалып, білім алуының, белгілі бір мамандықты игеруінің барлық мүмкіндіктері мен жолдарын қарастыруымыз керек.

Жақында ғана Білім және ғылым министрлігі мен Әділет министрлігі шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің Қазақстанның оқу орындарына түсуіне байланысты жаңа Ережені бекітті. Енді осы Ереже нақты әрі жүйелі түрде жүзеге асырылуға тиіс. Әсіресе Дайындық бөлімдеріне шақырту мен қабылдаудың жолдарын реттеген жөн.

Осыған орай мен тағы бір мәселені еске салғым келеді. Сыртта жүрген кейбір ағайындарымыз өнер-білімдері биік өркениетті елдерде тұрып жатыр. Сол өркениетті елдерде білім алу үшін біз қыруар қаржы шығарып жастарды оқуға жібереміз. Сондықтан шетелдегі бауырлар сол жақтың жоғары білімінен сусындап, Еуропа мен АҚШ-тың, Жапонияның ғылымы мен техникасын, іс жүргізу тәсілдерін меңгеріп, елге оралып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Бірақ шетелдің білімін алу шетелдік болып кету деген сөз емес. Отанға деген сүйіспеншілікті ешқашан да жоғалтуға болмайды.

Отанды сүю – өркениеттіліктің бірінші белгісі. Осыны мықтап есте ұстаған жөн.

Бүгінгідей басқосуда айтылатын үлкен әңгіменің бірі – көші-қонға қатысты. Шетелдегі ағайындарымыздың арасында атажұртқа тұрақты қоныс аударғысы келетіндер аз емес. Қазақстан бұл мәселеге де айрықша көңіл бөліп келеді.

Біз жыл сайын көшіп келу квотасын белгілейміз. Бұл квота бойынша келгендер үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Көшіп келуге жұмсалған жол шығыны өтеледі. Басқа да көмектер жетерлік.

Жалпы, өз еріктерімен келген қандастарымызды қоса айтсақ, осы жылдары 500 мыңға тарта қазақ атажұртына келді. Мен бірде айтқан едім. Аман болсақ, біздің елге оралған қандастарымызға Германия мен Израильдей көмек жасаймыз деп... Оған да жетерміз.

Алдағы уақытта көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайта беруді жоспарлап отырмыз. 2003 жылғы квота бойынша 5 мың отбасы келетін

болса, 2004 жылы ол 10 мыңға, 2005 жылы 15 мыңға жетеді. Демек, жылына атамекенге мемлекет көмегімен 50-60 мың оралман келеді деген сөз.

Дегенмен шетелдегі ағайындарымыздың көші-қон жөніндегі сұраныстарын бұл да толық өтей алмайды. Көшіп келгісі келетіндер әлдеқайда көп. Үкіметке салмақ салмай, өз қаржысымен қоныс аударуға ықылас білдіретіндер де аз емес. Міне, осы ағайындарымызды ең алдымен құқықтық жағынан қолдауды жүзеге асырған жөн.

Шетел азаматтары болғандықтан, олар Қазақстанға алғаш келгенде біраз қиындықтарға кездеседі. Жаңа ортаға бейімделу де оңай емес. Олардың жергілікті жердегі заң ережелерінен де хабары аз. Осыған орай жергілікті әкімшіліктер, Ішкі істер министрлігінің тиісті бөлімшелері нақты жұмыстар жүргізуге міндетті.

Соңғы уақытта дүниежүзінің түкпір-түкпірінен шетелдік іскерлер Қазақстанға келіп, жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр. Олар біздің еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Бірақ бұлардың арасында өзіміздің ағайындарымыз сирек. Себебі Қазақстан тарапынан оларға қажетті қамқорлық жасалмайды. Бұл да жергілікті билік басындағыларды ойландыруға тиіс.

Жалпы шетелдегі бауырларымызға айтар және бір мәселе бар. Атамекен сіздерді асыға күтеді, құшақ жая қарсы алады, қолдан келген бар мүмкіндікті жасайды. Бұл – біздің парызымыз.

Бірақ соған қарап, Қазақстанға барсақ, бізді үкімет өмір бойы бағып-қағады екен, ондаған жыл бойы неше түрлі жеңілдік жасап, асырайды екен деген ұғым тұмауға тиіс.

Жәрдем де, көмек те белгілі бір мөлшерде, нақты заң көлемінде жасалады.

Одан кейін оралмандар Қазақстанның барлық халықтарымен тең өмір сүріп, еңбек етуі қажет.

Қазір Қазақстан өтпелі кезеңнің қиындығын артта қалдырды. Көшін түзеді. Табыстарымыз да мол, қиындықтарымыз да бар. Атажұртқа келген ағайындар осы қуанышты да, қиындықты да жергілікті халықпен тең бөлісуге дайын болуға тиіс. Біз ел болып, атамекенге келген қандастарымызға қамқорлық жасап, алғашқы кездерде қол ұшын беруіміз қажет.



Осы арада мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде шет елде тұрып жатқан қандас бауырларға екі нәрсе үшін өзімнің ризашылығымды білдіремін.

Біріншіден, атажұрттан алыста жүрсеңіздер де, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ұмытпай, ұлттық сипатты жоғалтпай, бүгінгі рухани тірлігімізді төл қазына болып байытып, өздеріңіздің Отанға деген сағыныш сезімдеріңізбен ұлттық патриотизмге жаңа серпін беріп отырғандарыңыз үшін рахмет!

Екіншіден, қазақ халқының бойындағы ұлттық қасиеттердің бірі далалық кеңпейілділік, ақылға жүгінген шыдам мен сабыр болса, Сіздер сол қасиеттерді көтеру арқылы өздеріңіз қазір тұрып жатқан елдеріңіздің саяси тұрақтылығына, ұлтаралық келісіміне үлестеріңізді қосып жүрсіздер деп білемін және сол үшін сіздерге өзімнің ақ алғысымды арнағым келеді.

Ешбір елден қазақ диаспорасы тынышымызды алды деген пікір естіп көрген жоқпын. Бұл да ұлттық деңгейдегі естиярлықтың белгісі.

Құрметті қауым! Қадірлі меймандар!

Қасиетті Түркістан жерінде өтіп отырған бүгінгі дүбірлі жиын – Қазақстан Республикасының, бүкіл қазақ халқының өміріндегі үлкен оқиға.

Бұл басқосу – біздің еліміздің шын мәнінде тәуелсіздікке жеткенінің, өркениетті елге айналғанының бір көрінісі, ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы аңсап өткен арман-мақсатының жүзеге асуының айқын айғағы.

Бұл жиын – қазақ халқының тұтас ұлт ретінде жаңа мыңжылдыққа нық қадам басуының белгісі. Біздің бәріміз үшін бұдан артық бақыт, бұдан артық қуаныш болуы мүмкін бе?!

Әрқашан да жақсылықта, қуанышта кездесе берейік!

Құрылтайымыздың сәтті өтуіне тілектеспін.

Көріскенше күн жақсы!

*Түркістан қаласы,
2002 жылғы 23 қазан*

ЕҢ БАСТЫ ЖОЛ – ОТАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында сөйленген сөз

Ардақты ағайын!
Қадірменді қонақтар!
Туған жердің төсінде қуанышпен табысқан мерейлі күніміз құтты болсын!

Әңгіменің басында әрқайсыңызға әлемнің әр шалғайынан құрылтайға алып-ұшып жеткен перзенттік жүректеріңіз үшін, сіздерді осы жаққа асықтырған сағыныш сезімдеріңіз үшін, қай қиырда да қазақтың еліне, жеріне құрметпен қараған көңілдеріңіз үшін, ең алдымен, атажұрттағы ағайынның атынан алғыс айтқым келеді.

Қош келдіңіздер, құрметті бауырлар! Ата жұрттың құшағы сіздерге әрқашан да айқара ашық!

Бүгінгі құрылтай – үшінші құрылтай.

Алғашқы құрылтайымыз сонау 1992 жылы, тәуелсіздігіміздің таңсәрі шағында, егемендігіміздің елең-алаңында азаттығымыздың алтын бесігі – Алматыда өткізілгені естеріңізде. Келесі, екінші құрылтай 2002 жылы дініміздің дала төсіндегі діңгегі – қасиетті Түркістанда ұйымдастырылғаны да баршаға белгілі.

Үшінші құрылтайымыз еліміздің жаңа байтағы – бүгінгі қарыштап өсіп, қарқындап даму жолына түскен туған Қазақстанымыздың символы Астанада ашылып отыр.

Бүгін біз жер-жаһанның көз алдында жаңа биікте тұрмыз.

Бұл биігімізді бағамдап, қазіргі қалпымыздың қадірін білу үшін біз өткенімізді де еске түсіріп, неден кеткенімізді, неге жеткенімізді, қалай жеткенімізді парықтап алғанымыз артық болмас деп ойлаймын.



Тәуелсіздік алған 14 жыл ішінде Қазақстан ғасырларға бергісіз қиын да күрделі кезеңнен өтті.

Атам қазақтың әр уақытта жер, шекара, шеп мәселесіне ерекше көңіл бөлгені баршаңызға мәлім ақиқат. Біздің де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ең бірінші қолға алғанымыз осы мәселе болды.

Қазақстан кешегі Кеңес Одағы кезінде дербес мемлекет болған емес. Ол әуелі екі ғасыр патшалық Ресейдің боданы, ал жетпіс жылдан астам уақыт бойына Кеңес Одағының қатардағы республикаларының бірі ғана болды. Сол Кеңес Одағы күйреп, он бес республика өз алдына бөлініп шыққанда, қазақтың кең байтақ жеріне көз алартушылар аз болмады. Бүгін солардың атын атап, түсін түстемей-ақ қояйын: ата тарихын жақсы білетін сіздер, оны өздеріңіз де аңдап отырған шығарсыздар, бірақ ондай мемлекеттер де, тіпті мұндай ұшқары пікірді ресми түрде айтып қалған оның басшылары да табылды. Міне, осындай ұлт тағдыры тарих талқысына түскен сын сағатта, біздер, сабыр сақтап, алыс-жақын көршілеріміздің бәрімен келелі келіссөздер жүргізіп, іргемізді бүтіндеп, шекарамызды бекітуге кірістік. Ең алдымен, Қытай Халық Республикасымен шекарамызды анықтап, халықаралық хаттамаға қол қойдық. Осы залда отырған Қытайдан келген қандастарымыз куә, Қытай патшалық Ресеймен де, кешегі жарты әлемді билеген Кеңес Одағымен де шекара мәселесін түпкілікті шешкен емес. Қазақстанмен шешті және мәңгілікке, ешбір күмәнсіз, күдіксіз шешті.

Бұдан кейін Ресей басшылығымен 13 жыл жүргізген келіссөзіміз де нәтижелі аяқталып, осы жылдың басында екі елдің шекарасы біржолата айқындалып, тиісті құжатқа қол қойылды. Бұл Қазақстанның алты облысын Ресейге қосу туралы әңгімені қоздатушылардың аузына құм құйды.

Дәл осындай келіссөздер оңтүстіктегі Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстанмен де жүргізіліп, олармен де шекара мәселесін түпкілікті шештік. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы өзінің 14,5 мың шақырымдық алып шекарасының ұзына бойына бірде-бір күмәнді, күдікті орын қалдырмастан біржолата айқындап, халықаралық құжаттармен бекітті.

Бұл біздің тәуелсіздік жылдарда қол жеткізген ең үлкен жетістігіміз және оны біз бүгінгі һәм болашақ ұрпақ алдында зор мақтаныш сезімен айта аламыз.

Қазақстан экономикасы Кеңес Одағы тарқағанда сын көтермес жағдайда еді. Дүниежүзілік нарықтың талабына шыдайтын бірде-бір өнім шығара алмайтын республика кәсіпорындарының барлығы дерлік өз жұмысын тоқтатып, ауыл шаруашылығы да құлдырап, кейін кеткен еді. Тіпті республиканың өз валютасы да болмады. Міне, осы жылдарда: «әуелі – экономика, одан кейін – саясат» деген қағидатты басшылыққа алған біздер түбегейлі экономикалық реформаны жүзеге асыруды қолға алдық. Әуелі төл теңгемізді енгіздік, кейін «Қазақстан – 2030» атты стратегиялық бағдарлама қабылдап, еліміздің 2030 жылға дейінгі дамуын белес-белесімен алдын ала белгіледік. Нәтижесінде Қазақстан экономикалық реформаны жүзеге асыруда кешегі Кеңес Одағы республикаларының ең алдына шығып, біз ұстанған экономикалық модель дамушы елдерге үлгі-өнеге ретінде ұсыныла бастады.

Үшінші кезекте біз қоғамның саяси жүйесін, заң шығарушы билікті реформалауды қолға алдық. Соның нәтижесіне халықаралық, демократиялық талаптарға сай келетін Конституциямызды қабылдап, кәсіби деңгейде жұмыс істейтін қос палаталы Парламентімізді сайладық. Өзіміздің ұлттық заңдарымызды қабылдау нәтижесінде ұлттық заңнама қалыптастырып, құқықтық реформаларды жүзеге асырдық. Биыл Ата Заңымыздың 10 жылдығына арналған халықаралық конференция кезінде есімдері әлемге әйгілі заңгерлер Қазақстанның ұлттық заңнамасы мен елімізде жүргізілген құқықтық реформа нәтижесінің халықаралық биік талаптарға сай екендігін ерекше атап өтті.

Төртіншіден, біз атқарушы билік жүйесін де реформалауды ойдағыдай жүзеге асырдық. Республика экономикасы мен халық санының ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіби үкімет жасақтап, жаңаша жергілікті басқару жүйесін құрдық. Мұның бәрі бізге басталған реформаларды бюрократиялық кедергілерсіз алға апаруға мол мүмкіндіктер туғызды.

Міне, осылайша іргемізді бекітіп, экономикалық дамуымызды айқындап, заң шығарушы және атқарушы биліктің жұмысын қалыпқа түсіргеннен кейін біз рухани құндылықтарымызды түгендеуге мүмкіндік алдық.

Ең әуелі туған тілімізді түлеттік. Егер 1990-1991 жылдары республикамызда қазақ тілінде оқытатын 2768 мектеп болса, 2005 жылы олар-



дың саны 3700-ге дейін жетті. Соның нәтижесінде республика мектептерінде қазақша оқитын балалардың үлесі 60%-ға дейін көтерілді. Қазақ тілінде білім беретін жоғары оқу орындарының саны да арта түсуде. Жыл сайын ана тілімізде шығатын кітап, газет-журнал өнімдерінің таралымы көбейіп, теледидар, радио хабарларының мөлшері де арта түсуде. Қазір Қазақстанның 14 облысының бесеуінде іс-қағаздарын жүргізу қазақ тіліне көшірілді.

Ең бастысы, елімізде қазақ халқының үлес салмағы артты. Егер 1989 жылы республикадағы қазақтардың үлесі 40%-ға жетер-жетпес болса, қазір бұл көрсеткіш 58%-ға жетті. Кеңес заманында биліктің есігін сығалап жүретін қандастарымыздың мемлекеттік қызметтегі үлес салмағы 80%-ға көтерілді. Әрине, бұл салада қолға алатын істер әлі де баршылық, бірақ қол жеткізген нәтижелеріміз де ауыз толтырып айтарлықтай.

Екіншіден, мүбәрак дінімізді дамытуға бар мүмкіндікті жасадық. Тек тәуелсіздік алған жылдары республика бойынша 2000-нан астам мешіт салынып, көптеген медреселер ашылды. Орталық Азиядағы жалғыз «Нұр-Мүбәрак» ислам мәдениеті университетін ашып, жоғары білімді діни мамандар даярлау ісін жолға қойдық. Астананың дәл кіре берісінде елге келген әр мейман мұсылман мемлекетіне келгенін сезінсін деп алтынмен апталған, төрт мұнара, зәулім күмбезді «Нұр Астана» мешітін тұрғыздық.

Дін – ұстараның жүзіндей өткір ұғым, ал Қазақстан – көп ұлтты ғана емес, көп дінді мемлекет. Сондықтан ел іші тыныш болуы үшін дінаралық татулық саясатын да берік ұстанып, жер жаһандағы алуан түрлі дін өкілдерінің басын қосқан әлемдік діндер лидерлерінің алғашқы съезін өткіздік. Келесі жылдың күзінде, құдай қаласа, оның II съезін өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл да Қазақстанның халықаралық дәрежедегі беделінің артқаны деп білемін.

Үшіншіден, кешегі қызыл империя кезінде жұтылып кетудің аз-ақ алдында тұрған ұлттық мәдениетімізді қайта түлетіп, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жасадық. Бұл бағдарлама бойынша қазақ жеріндегі барша тарихи, мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, халқымыздың аса бай ауыз әдебиеті, әдеби, мәдени және музыкалық мұрасы жүздеген том болып жарық көруде.

Төртіншіден, біз тәуелсіздікті жариялаумен қоса, оны қорғау қажет екенін ұмытпадық. Мемлекет қауіпсіздігін жүйелеп құрып, өз әскерімізді жасақтадық. Оны нығайтып, қазақтан қолбасшылар, офицерлер дайындауды алғаш рет қолға алдық.

Осының бәрі тәуелсіздіктің арқасы. Тәуелсіз Қазақстанның дамудың дұрыс жолын таңдап, Абай атамыз айтқандай: «ақырын жүріп, анық басуының» арқасы. Сіздер мен біздердің бірігіп атқарған берекелі жұмысымыздың нәтижесі.

Осыдан дәл он үш жыл бұрын, тұңғыш Құрылтайдың мінберінен: «Заман тыныштығын берсе, бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлденіп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз», – деген едім.

«Таяу жылдарда-ақ» дегенді аузыма құдай салған екен.

Сол күнге бүгін келдік, ардақты ағайын!

Егер бізге осы жылдар ішінде жалпы ішкі өнімді екі есе ұлғайтып, бірлесіп тағы бір Қазақстан орнататындай межені бағындырсақ, сол күннің орнағаны емес пе?

Егер біз осыдан он жыл бұрынғы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніміміздің 700 доллардан сәл ғана асатын көлемін биылдың өзінде 3 400 долларға дейін жеткізіп, ал 2012 жылға қарай бұл мөлшерді 8-9 мың доллар деңгейіне көтеруді мақсат тұтып отырсақ, сол күннің орныққаны емес пе?

Егер біздің экономикалық өсуіміз кейінгі жеті жыл ішінде жылына 9-10%-ды құраса, мемлекеттік бюджетке түсімнің көлемі 3,5-4 есе артса, сыртқы сауда айналымы 4 есе көбейсе, экономикаға тартылған тікелей шетел инвестициясы 40 миллиард АҚШ долларындай болса, еліміздің алтын-валюта резервтері, тұтас алғанда, 15 миллиард АҚШ долларына жетсе, сөйтіп, Қазақстан бүгінде әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің біріне айналса, мұның өзі барша жұрт таныған ақиқат болса, сол күннің біржолата келгені емес пе?



Егер біздің еліміз өңірдің көшбасшысына, халықаралық құрметті әріптеске, Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестердің бастамашысына әрі белсенді қатысушысына айналса, сөйтіп, 2009 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету ниетін мәлімдеп отырса, қазақтың мерейі тасып, айбыны асқаны емей немене?

Сол ер қазақтың нар заманы келгенінің келісті көрінісі – сіз бен біздің жаңа елордамыз Астанада бас қосып отырғанымыз.

Мемлекеттің мемлекеттілігі оның өз тағдырына қатысты ең маңызды мәселелерді өз бетінше шеше алуынан танылуға тиіс. Еуразия жүрегіне, қазақ жерінің кіндігіне Ақордасын тіккен Астана – Қазақ елінің өз қалауымен жасаған дербес таңдауы. Біз оны осы байтақ даланың шын иесі кім екендігін алыстың да, жақынның да есіне салу үшін жасадық. Бұл арқылы біз қазақтың осы бір құйқалы өңіріндегі ұлттық дәстүрді, тілді, өнерді, әдетті, әдепті шайылудан, жойылудан сақтап қалу үшін жасадық. Біз оны болашақ ұрпақ үшін, еркін еліміз үшін жасадық.

Ел астанасы Арқа төсіне ауысқалы бері мемлекетіміздің өмірінде жаңа белес – жасампаздық белесі басталды. Астана құрылысы бүкіл Қазақстан экономикасын алға сүйреген локомотив сияқты болды. Қазір бүкіл еліміз Астанаға қарап бой түзеуде. Мен биыл еліміздің барлық өңірлерін аралап, биылғы халыққа Жолдауымда алға қойылған міндеттердің қалай жүзеге асып жатқанын көріп қайттым. Барлық облыс орталықтарындағы, өзімнің жолым түскен аудан орталықтарындағы құрылыс қарқыны көңіл қуантып, көз сүйсінтеді. Астанаға келгелі сіздер көріп жатқан сәулетті ғимараттардың барлығы дерлік бюджеттен тыс қаражаттың, ең алдымен, шетелдік инвестицияның есебінен тұрғызылған. Бұл – Қазақстанға, оның болашағына деген сенімнің белгісі.

Егер 1997 жылы Астанадағы халықтың саны 200 мың болса, қазір астаналықтар қатары 600 мыңнан асып кетті. Егер 1997 жылы қаладағы халық санының 20%-ы ғана біздің қандастарымыз болса, бүгінде олардың мөлшері 60%-ға жақындады. Қалаға салынған инвестицияның көлемі 634 миллиард теңгеге жетті. Астананың ажары күн өткен сайын артып барады дей аламыз. Есілдің сол жағалауындағы жаңа қаланың жөні бөлек, әрине.

Оны өздеріңіз келгелі тамашалап, қызықтап жатырсыздар. Мен қаланың негізгі бөлігіндегі әрбір ғимаратқа да тікелей назар салып

жүремін. Өзегімнен өткізіп, жан-жүрегімді жарып шыққан бұл идея – Қазақ мемлекетінің астанасын елдің ортасына алып бару, елордаға қай өңірден де бірдей жететіндей ету идеясы тәуелсіздіктен кейінгі менің өмірімнің ең мәнді мақсат-мұраттарының біріне айналды. Ендігі жерде жер бетіндегі барша қазақтың назарында тұратын, қазақтың асқақ рухы сән-салтанат құратын бас қаламыз осы Астана, ардақты ағайын!

Қазақстан бүгінде тәуелсіздіктің тар жол, тайғақ кешуіне өзімізбен бірге түскен елдердің маңдай алдында. Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көлемі жөнінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы талай елдер бізбен салыстыруға да келмейді. Соңғы 4 жылда жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 50%-ға жуық артқаны – біздегі жасампаздық жұмыстың жарқын жемісі. Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің қазіргі мөлшері 60 миллиард долларға жуықтады. Бұл Орталық Азия мемлекеттері экономикаларын түгел қосып есептегеннен де артық. Біз қазір жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнімнің мөлшері жағынан күні бүгінге дейін өзіміз тамсанып келген Түркия сияқты елдердің алдына шықтық. Бес жылдан бері еліміздің өсу қарқыны шамамен 9-10%-дық деңгейін сақтап келеді.

Біз әлемнің дамыған 50 мемлекетінің қатарына қосылуды мақсат етіп отырған елміз. Құдай бұйыртыса, қосыламыз да.

Стратегиядан бастау алған құжаттардың бірі – менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым. Ол Жолдау Қазақстанның мол мүмкіндігі мен жарқын болашағын елімізде ғана емес, халықаралық ауқымда да кеңінен танытты. Әлемнің ең ірі елдері: АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Испания, Жапония, Корея, т.б. мемлекеттердің басшылары менің атыма жазған хаттарында бұл Жолдау Қазақстан халқының алдынан ашылатын кемел келешектің кепілі деп баға беруде. Бүгінде сол Жолдау бойынша халыққа жасалар жақсылықтың бәрі де рет-ретімен орындалу үстінде.

Бұл заман – тек күштіні, бірлікті мойындаған заман. Бұл заманда әлем тек экономикалық жағынан мықты, ішкі тұтастығы берік, ауыз-бірлігі күшті мемлекеттермен ғана санасады, сондай елдерді ғана сыйлайды. Қазақстан қазір әлем санасатын, әлем сыйлайтын сондай елге айналды.



Қазақстан қазірдің өзінде айналамыздағы ағайындар қызыға қарайтын мемлекетке айналды.

Бізде жер байлығы бар. Атырау мен Алтайдың арасындағы алып даланы арғы аталарымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалып, бүгінгі ұрпағына аманаттап тапсырған. Осынау құлан жорытса тұяғы тозатын, қыран ұшса қияғы күйетін ұлы кеңістік қандай жасампаздық жұмысымызға да жетеді.

Бізде кен байлығы бар. Қазақ жерінің асты да, үсті де тұнған қазына. Мұнай да, газ да, хром да, уран да, темір де, көмір де, мыс та, алтын да, бәрі де баршылық. Мұндай байлықтың жер астында болғаны бір басқа да, оны өндіріп, халықтың игілігіне жарату одан да қиын. Біз осы қиын түйінді халық игілігі үшін шеше білдік. Жаңа ғасырдың екінші онжылдығының басына қарай мұнай өндіруді 100 миллион тоннаға, ал 2015 жылы оны 150 миллион тоннаға жеткізіп, әлемдік мұнай экспорттаушылардың алғашқы ондығына кіруді межелеп отырмыз.

Алдағы жылдары Қазақстан астық өндіруден де әлемдегі алдыңғы бестіктің қатарына кіретін болады.

Бізде ел байлығы бар. Ел байлығы деген не? Ол – ғылым мен білім, ол – жаңа технология, ол – осы заманғы инфрақұрылым, ол – экономиканы әртараптандыру. Міне, сондықтан алдағы жылдары ғылым мен жаңа технологияны дамытуға бөлінетін қаржы мөлшері 25 есеге дейін өсетін болады. Бұл еліміздегі осы заманғы әлемдік бәсекелестікке төтеп беретін жаңа техника мен технологияны дамытуға мол мүмкіндіктер туғызатын болады.

Бізде рух байлығы бар. Ол – бәрінен бұрын, отаншылдық сезім, қазақстандық патриотизм. Оның басты өлшемі – татулық, тыныштық, тұрақтылық. Қазақстан бұл жағынан да баянды байлыққа ие. Қазақ жерін мекен етіп жатқан 120 ұлт пен ұлыстың, 46 конфессия мен деноминацияның өкілдері еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді берік ұстанып отыр. Бүгінгі қазақтар Абай атамыздың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген өсиетіне адалдығын әрқашан танытып-ақ келеді және алдағы уақытта да таныта беретін болады.

Әрине, біз, ең алдымен, мемлекетті ұйыстырушы ұлттың – қазақ ұлтының бүгіні мен болашағына баса назар аударуымыз керек. Бүгінгі, үшінші Құрылтай әлем қазақтары бірлесуінің жаңа бір белесі болмақ.

Сіздер бұл жиынға дүниенің түкпір-түкпіріндегі 32 елден келдіңіздер. Қатысушылар саны да қомақты – осы залда 300-ден астам шетелдік қандасымыз отыр. Араларыңызда министр де, академик те, әкім де, әртіс те, ректор да, жазушы да, ірі бизнесмендер де бар. Сіздер кеше Құрылтай шеңберінде ұйымдастырылған төрт секцияның жұмысына қатыстыңыздар, атап айтқанда, көші-қон проблемаларын, қазақ диаспорасының мәдениеті мәселелерін, шетелдік қандастарымыздың білім алуының жай-күйін, бауырларымызды шағын және орта кәсіпке баулу-дың қыр-сырын талқыладыңыздар. Ресей мен Қытай, Түркия мен Германия, АҚШ пен Франция, Швеция мен Иран, Өзбекстан мен Қырғызстан, Түрікменстан мен Ауғанстан... – тағдырдың тәлкегімен жұмыр жердің жүзіне жайылып кеткен бауырларымыздың Қазақстанға, Астанаға жеткен жолы сан тарау.

«Жол жүрсе өнеді» дейді дана халқымыз, ал ең басты жол – Отанға бастайтын жол, ол жырақта жүріп сағыныштан сарғайған қандастарымыздың жүрегі арқылы өтетін жол. Сол жол, міне, он төрт жылға жуық уақыттан бері сіздерді жиі-жиі атамекенге алып келуде. Талайларыңыз атамекенге жүрек жолымен келіп, туған жер төсінде тұрақтап қалып та жатырсыздар. Оттан да ыстық Отанның ыстығына күйіп, суығына тоңып келесіздер. Қай жерде жүрсеңіздер де, атамекенді ардақтаған адал жүректеріңізбен туған жеріміздің жақсы атын шығарып келесіздер. Сол үшін сіздерге мың да бір рахмет айтамын.

Қазақтар бүгінде дүниежүзінің қырықтан астам елінде, басым көпшілігі Қазақстанмен шекаралас мемлекеттерде тұрып жатыр. Соңғы кездегі деректер бойынша, Өзбекстанда 1,5 миллион, Қытайда 1,5 миллион, Ресейде 1 миллионға жуық, Түркіменстанда 100 мың, Моңғолияда 80 мың, Қырғызстанда 45 мың қазақ бар. Өзге елдердің арасынан Түркия, Иран және Ауғанстанда қазақтар біршама көп және олар жинақы орналасқан. Еуропа мемлекеттерінде қазақтар қадау-қадау, ал мұхиттың арғы жағындағы елдерде тіпті бірен-саран кездесетіні белгілі. Әрбір үшінші адамы шекараның сыртында өмір сүріп жатқан қазақтың қилы тарихы осылай қалыптасты, енді өткенге өкіне бергеннен ештеңе өзгермейді.

Қазақстан Республикасы шетелдердегі қандастарымызды Отанға оралтудың кешенді бағдарламасын жасап, жүзеге асырып келеді.



Тәуелсіздік жылдарында, яғни, 1991 жылдан биылғы 1 шілдеге дейін елімізге барлығы 110 мың 591 оралман отбасы қоныс аударды. Сөйтіп, еліміздегі қазақтардың саны 600 мыңға жуық адамға көбейді. Соңғы кезде көші-қон квотасының жыл сайынғы мөлшерін 15 мың отбасына жеткізіп, оған қажетті қаржыны мемлекеттік бюджеттен толық бөліп отырмыз. Осы қаржының тиімді пайдалануын қадағалау қажет. Бұл туралы менің Жарлығымда бірінші кезекте қолдау атажұртқа қоныс аударуға жағдайлары келмейтін отбасыларға көрсетілуі керек делінген.

Қазір Қазақстан алып құрылыс алаңына айналып келеді. Таяу жылдардың өзінде елімізде ірі кен орындары игеріледі, жаңа кәсіпорындар бой көтереді, көптеген темір және автомобиль жолдары салынады, жаңа магистральды құбырлар тартылады, қалада да, далада да тұрғын үй құрылысы өрістейді. Осы жұмыстың бәрін атқаруға Қазақстанның небәрі 15 миллиондық халқының қуаты жете бермейді.

Егер халқымыздың қатарын қалыңдату мәселесін ойдағыдай шешпесек, онда біз сырттан қол күшін тартуға мәжбүр боламыз. Қазірдің өзінде мәжбүр болып та отырмыз. Мысалы, биылғы бірінші жарты жылдықта Қазақстанға 11 мыңнан астам шетел мамандары келді, мұның өзі өткен жылғы көрсеткіштен 5 мың адам артық деген сөз. Жақын көрші елдердің азаматтары жүздеп, мыңдап Қазақстанға келіп жұмыс істеуге құмар екенін де айта кеткен жөн.

Біз қолдан келгенінше Қазақстанға өз күшімен қоныс аударатындардың қатарын қалыңдатуға күш салуымыз керек. Мұның бір жолы – еліміздің азаматтығын алуды жеңілдету. Өз бетімен, өз қаржысына келген азаматтарға заңдық-құқықтық жағынан қажетті жеңілдіктер жасау, қолдау көрсету мәселелерін тиісті орындар шешуі қажет. Бүкіл халық болып көшіп келіп жатқан ағайынға көмектесу әрбір қазақтың парызына айналуы тиіс. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімімен квотадан тыс келген оралмандарға жергілікті бюджет қаражатының есебінен жер учаскелері бөлінетінін немесе құрылысқа көмек көрсетілетінін білеміз. Бұл бастаманы әр жерлерде қолдаған жөн. Жалпы, әкімдер жұмысының бір өлшемі – өзі басқаратын өңірдегі адам санының өсуі, соның ішінде оралмандар есебінен де өсуі болуға тиіс. Израиль, Германия сияқты өз қандастарын тарихи отандарына шақырып жатқан мемлекеттердің бұл орайдағы тәжірибесіне зейін қою жөн.

Қандастарымызға қаратып айтар жайдың тағы бірі мынау. Тарихи отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді?» деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойланғаны да дұрыс болар еді. Түркістанда өткен Құрылтайда шетелдегі іскер азаматтарымыздың Қазақстанға келіп, ортақ шаруаға араласып жатқандары аздау екенін айтқан болатынмын. Шүкіршілік, қазір бұл істе де ілгерілеушілік бар екен. Сондықтан барлық облыстардағы әкімдер оралман-кәсіпкерлерге барынша жағдай туғызып, көмек қолын созуға тиіс.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің ішінде қандастарын тарихи отанына оралтумен жүйелі айналысып, қомақты мемлекет қаржысын жұмсап отырған жалғыз ел – Қазақстан, ал дүниежүзінде – үш елдің біреуі. Отандастарын ұшақпен тасып жеткізуге мүмкіндік тауып жүрген әлемдегі жалғыз ел де Қазақстан болар, тегі. Мұның бәрінің қадір-қасиетін білген жөн. Қазақстан бұл қадамды, ең алдымен, алыстағы ағайынға қамқорлық ретінде жасайтынын ұмытпаған жөн. Тарихи отанына оралуын қазақ елінің қамқорлығындай көрмейтін, қайта осында келуін Қазақстанға жасаған жақсылығындай міндет ететін, тұла бойы тек талаптан тұратын, елім дегенде ет бауырын елжіретудің орнына өкпесін ала жүгіріп, қит етсе өкшесін көрсетуге дайын ағайындардың аз болса да арамызда бар екендігін де айта кеткен жөн. Сондай-ақ еліміздің тұрмысқа қолайлы саналатын оңтүстік өңірлерін айналшықтай берушілік, қалайда өз ағайындары тұратын ауылдан үй-жай берілмесе, оралманның азаматтық құқы тапталып жатқандай санаушылық та бой көрсетіп қалып жүр. Мұндай ағайынға айтарым: Қазақстанға жетіп, орналасып, қатарға ілігіп алған соң, әркім-ақ елімен бірге өз күнін өзі көріп кетуі керек. Мемлекеттің міндеті – адамдардың еңбек етіп, өмір сүруінің тиісті заңдық тетіктерін жасау, конституциялық құқықтарына кепілдік беру.

Тағы бір ерекше назар аударатын мәселе: әлемдегі әрбір үшінші қазақ шетелде тұрады. Сондықтан олардың бәрін бір мезгілде туған Отанына көшіруге мүмкіндік жоқ екенін ашық айтуға тиіспін. Мен бір миллионнан астам қазақтар тұратын Қытай Халық Республикасы, Ресей мен Өзбекстан басшыларымен мәңгілік достық туралы халықаралық келісімге қол қойдым және әрбір сапарымда осы елдердің басшыларына сіздердің мәселелеріңізді үнемі тапсырып, оның орындалуын міндетті түрде қадағалап отырамын. Сондықтан



да Ресей, Қытай, Өзбекстан, Моңғолия басшыларының қазақ бауырларымызға көрсетіп отырған қамқорлықтары үшін ризашылығымды білдіремін. Және бұл екі ел арасындағы достықтың белгісі деп білеміз. Бұл елдерде тұратын қазақтардың құқығы ешқашан бұзылған емес және тәуелсіз Қазақстан тұрғанда бұзылмайды да. Сондықтан шет елдерден жайлы қоныс, сыйлы кәсіп пен қадір-құрмет көріп отырған қандастарыма екі ел арасын жалғастыратын алтын көпір ретінде жылы орындарымызды суытпаймыз деген ағайынның да пайдасы мол деп санаймын. Сіздердің балаларыңыздың атамекенге келіп, білім алып, туған Қазақстанды бірге түлетуіне барлық жағдай жасалған.

Қазіргі кезде шетелдегі қазақтармен байланыс жасайтын еліміздегі ең басты ұйым – Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Осы орайда, қауымдастық ұйымдастырған түрлі басқосулар, конференциялар, «дөңгелек үстел» мәжілістері, өнер ұжымдарының сапарлары, әр түрлі көрмелер, әсіресе бірнеше елде өткізілген кіші құрылтайлар арқылы шеттегі ағайындар Қазақстанның қанатты қамқорлығын талай рет сезіне алды. Мысалы, Германияның Кельн, Берлин, Швецияның Вестерос, Түркияның Ыстамбұл қалаларында, Ресейдің Алтай Республикасындағы Қосағаш ауданында өткізілген кіші құрылтайлардың бәрінен де үнемі хабардар болып, Елбасы ретінде, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы ретінде құттықтау жолдап отырдым.

Алдағы кезде Қауымдастықтың мәртебесі, әсіресе оның қаржыландырылу тетіктері туралы да ойласатын жайлар жеткілікті. Үкіметке осы мәселені жан-жақты қарап, нақты шешім қабылдау жөнінде ұсыныс дайындауды тапсырамын. Үкімет сондай-ақ Көші-қон комитетінің мәртебесіне қатысты да мәселелерді ойластырғаны жөн. Бұл комитеттің қызмет аясын кеңейте түсу керек.

Жалпы, шетел қазақтарының, оралмандардың мәселелерімен Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Мәдениет, ақпарат және спорт, Білім және ғылым министрліктері, басқа да ведомстволар ұдайы айналысып, өздеріне қатысты проблемаларды шешіп отыруға тиіс.

Құрылтайда айрықша қозғалатын мәселенің бірі шетелдегі ағайындарымызға оқу-білім жөнінен көмек көрсетудің жайы болады деп білемін. Шетелдік қазақ жастарына арналып жыл сайынғы мемлекеттік білім грантынан 2%-дық орын бөлінуі, олар үшін жоғары оқу орында-

рының жанынан дайындық бөлімдерінің ашылуы – осындай қамқорлықтың нақты үлгісі. Алдағы уақытта мұндай шаралардың аясын кеңейте түскен жөн.

Қазақ диаспорасының проблемалары республиканың бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі қозғалып келеді. Бұл орайда атқарылған жұмыстардың ең ірісі де игіліктісі – хабарларын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, ең бастысы – ғарыштық байланыс жүйесі арқылы тарататын «CaspioNet» телеарнасының ашылуы болды. Осы арқылы қазір әлемнің кез келген жеріндегі қазақ азаматы Қазақстанның тынысын күнбе-күн сезінуге мүмкіндік алып отыр.

Кейінгі жылдарда туған жерімізде қолға алынған тағы бір іргелі іс жайында сіздерге разылықпен айтқым келеді. Ол – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Мұндай бағдарлама әлемнің ең дамыған елдерінде де сирек кездеседі. Аса ауқымды бағдарлама шеңберінде Ресей, Қытай, Моңғолия, Иран, Түркия және араб елдері мұрағаттарындағы қазақ тарихына қатысты деректер жинастырылып, алды жариялана бастады. Енді осы елдерде тұратын қандастарымыздың аса бай әдеби, фольклорлық және музыкалық мұрасы да зерттеліп, жарық көруге тиіс.

Қазіргі таңда 11 елде қазақ ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс істейді. Олардың ең көбі – Ресейде. Қазақстанмен шектесетін мемлекеттердің баршасында, сондай-ақ Түркияда, Англияда, Германияда, Австрияда, Швецияда, Венгрияда, Украинада қазақ-мәдени орталықтары игілікті шаруа атқаруда. Олардың бәріне де біз қолдан келген көмекті көрсетуіміз керек.

Шетелдік қандастарымызға көмек көрсету дегенде алдымыздан алфавит мәселесі алдымен шығатыны түсінікті. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір жер бетіндегі қазақтың үш бірдей алфавитті ұстанып отырғаны мәлім. Қазақстандағы, Ресейдегі, ТМД-ның бірқатар елдеріндегі жазу – кирилл қарпі. Түркиядағы, Батыс Еуропадағы жазу – латын қарпі. Кейінгі кезде бұл жазуға Орталық Азиядағы кейбір көршілеріміз де көшіп алды. Қытайдағы қазақтардың ұстанатын жазуы – арабшаның төте жазу үлгісі. Біздің өзімізде де бұл жөнінде талай пікірталас жүріп жатыр. Біреулер: «Латынға көшпей болмайды, бұл түркі әлемін біріктіретін бірден-бір жол, бүкіл әлем түбінде сол жазуға көшуі мүмкін» деседі. Біреулер: «Латынға көшсек, қазақ фонетикасына тән бірқатар дыбыстардан айырыламыз,



кириллицада жарық көрген жүздеген миллион кітаптарда жинақталған білімнен қол үземіз» деседі. Екі пікірдің де жаны бар. Сондықтан мен бұл тақырыптағы пікірталастарды біздің ғалымдарымыз бен зиялы қауым өкілдері барынша зейінмен зерделеп, халқымыздың тағдырына қатысты аса маңызды мәселеде бір тоқтамға келгені жөн деп есептеймін.

Мұндай мәселені асықпай, аптықпай қарап, «жеті өлшеп, бір кескен» жөн.

Ардақты ағайын!

Менің есімнен Мекке мен Мединеге барған сапарым ешқашан кеткен емес. Жақында марқұм болған патша Фахд қасиетті Қағбаға кіруіме жағдай туғызған еді.

Қағбаның ішіне кіргенде аспан мен жердің арасында қалқып бара жатқандай болдым. Қағбаға кірерде патша маған: «Алладан тілек тілеу керек. Қазір бермесе де, кейін береді», – деген еді. Сол сапардан кейін менен: «Сонда не тіледіңіз?» деп сұраушылар болды. Тәңірім куә, мен еліме, халқыма, қазақтарға шапағатыңды аяма деп тіледім Алладан.

Сол тілекті Жаратқан Иеміз бере бастаған сияқты.

Мен, Аллаға шүкір, жастайымнан атақ-мансап, лауазымнан кенде болған жан емеспін. Бірақ қандай қызметте жүрсем де, алдыма бір ғана мақсат қойдым: ол – халқыма адал қызмет істеу, қазағымды әлем елдерінің алдына шығару. Елбасы ретінде барлық күш-жігерімді осыған жұмсадым және Қазақстанның бүгінгі қол жеткізген жетістіктері сол адал қызметімнің айқын нәтижесі деп білемін.

Ардақты ағайын!

XXI ғасырдағы өскен, өркендеген, қарыштап алға басқан, қарқынды даму жолына түскен Қазақстанның бас қаласы, елордамыз Астанаға бас қосқан барша бауырларыма тағы да «хош келдіңіздер, қадамдарыңызға гүл бітсін!» дегім келеді.

Тәуелсіз Қазақстан жасасын!

Астананың абыройы, Ақорданың айбыны арта берсін!

Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық, ардақты ағайын!

*Астана қаласы,
2005 жылғы 29 қыркүйек*

ҚАЗАҚСТАН – ДҮНИЕДЕГІ ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСТЕРЛІ ҚҰБЫЛАСЫ

Дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайында сөйленген сөз

Ардақты әлеумет!
Төрткүл дүниедегі қазақты туған жердің төсінде қауыштырған осы құрылтайға келіп отырсыздар. Бүкіл еліміз, Қазақстан сіздерді құшағын ашып, шын жүректен, қуанышпен қарсы алуда.

Осы күні еліміздің ақпарат құралдары, зиялы қауым, жастар, барлығы да сіздердің келгендеріңізден хабардар. Жолдарыңыз ақ болсын, хош келдіңіздер деген қуанышымызды білдіргім келеді.

Баршаңызды қасиетті қазақ жерінде қарсы алып отырғаным мен де зор қуаныштымын.

Еуразия төріндегі ұлан-ғайыр атажұртқа сіздер әлемнің 35 елінен келіп отырсыздар.

Туған топыраққа сағыныштарыңызды арқалап жеткендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін.

Қасиетті қазақ жеріне, жерұйық-мекен Астанаға келген «қадамдарыңыз құтты болсын, ағайын!» деп тағы бір рет айтқым келеді.

Қымбатты бауырлар!

Құрылтай – тойласу үшін емес, ойласу үшін шақырылатын жиын екенін баршаңыз білесіздер. Бабаларымыз ел тағдыры таразыға түскен тұста, жаңа белеске қадам басар шақта құрылтай шақырып, кеңес құрған.

Біз бүгін сол игі дәстүрдің ізімен жиналып отырмыз.

Тағдыр талайымен төрткүл дүниеге тарыдай шашылып кеткен ағайынның атамекенде бас қосуы – бәрімізге зор қуаныш.



Десек де, биылғы құрылтайымыздың жөні – бөлек, жолы – ерек, маңызы – айрықша. Өйткені біз тәу етер Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы тұсында жиналып отырмыз. Сондықтан бүгінгі құрылтайдың «Қазақ Елі» монументі жанындағы мынау біз отырған Тәуелсіздік сарайында өтуінің өзіндік мәні зор!

Ендеше, өткеніміз бен жеткенімізді байыптап алар сәт туып отыр, ағайын. Соны мен сіздерге біраз баяндап өтейін.

Қадірлі құрылтай қонақтары!

Бізді бүгін осы салтанатты ғимаратқа ортақ ниет, ортақ мақсат жинап отыр. Ол – елдіктің жайы, ел болудың қамы.

«Ер қонысынан айырылса, ел ырысынан айырылады» дейді дана халқымыз.

Ен даланы еркін жайлаған бабаларымыз қашанда ел деген ұлы ұғымды Құрандай қастерлеп, ұрандай ұстанып келген.

Бостан күндер бастан ауып, бодан күндер басқа түскен кер заманда да еркіндік пен елдіктен еш уақытта үмітін үзбеген.

Баршаңыз білесіздер, бүгінде жер жүзінде мыңдаған ұлттар ғұмыр кешуде.

Алайда өзінің тәуелсіз мемлекетін құру олардың бәріне бірдей бұйырмаған.

Алып планетадан туын тігер алақандай төбе таба алмай жүрген халықтар қаншама! Олардың арасында саны жағынан қазақты сан орап кететіндері де бар. «Бақ – бағалағанның басында тұрады» дейді. Сондықтан біз басымызға қонған бақты бағалай білейік, ағайын. Аталарымыздың сан ғасырлық аңсары болған тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтап, оны нығайта беруіміз қажет. Біздің арғы-бергі тарихымызда елдің еңсеріле көшулері аз болмаған.

Әуелі, еске түсірсек, «Қайран да менің Еділім» деп ел айырылған зарлы көші өшпес із қалдырды. Ұлы дала Қаратаудың басынан құлаған қаралы көштің де куәсі болды. Одан беріде тағдыр талайымен шетел асқан шерлі көшті де бастан кешірдік. Ал тәуелсіз мемлекет құрып, жасампаз өмірге бет бұрған бүгінгі көштің жөні бөлек. Бұл ауған ел қайта оралған, айырылған ағайын қайта табысқан Ұлы көш болып саналады.



Біз ғасырлар бойы замана дауылымен жөңкіле көшіп, ғасырлар тоғысында туған елдің төріне біржола табан тіредік. Мен бір айтқан сөзімде:

*Күйінсін жауың, сүйінсін досың,
Жиылсын қауым, құйылсын көшің, –*

деп едім. Дұшпанды күйіндірген, досты сүйіндірген құтты көш болды.

Біз қанша еліміз кең, осындай кең байтақ деп жүрсек те, дәл бүгінгідей өз мемлекеттігіміз болған жоқ. Қазақтың табан тірейтін, дәл қазіргідей мағынада «елім, жерім» дейтін мемлекеті болған жоқ. Мұндай ауқымда еларалық шекараны ресми шегендеген жоқ. Өзінің шылбыр-тізгіні қолына тиген жоқ. Барлығын біз осы бір 20 жылда, қысқа, қас қағым уақытта орнына келтірдік. Ата-бабаның арманын орындадық. Біз бақытты ұрпақпыз.

Қадірлі қауым!

Алыстан ат сабылтып жеткен ағайын!

Естеріңізде болса, 1992 жылғы тұңғыш құрылтайда: «Құрылтайға қатысқан қонақтар Қазақстанның гүлденіп-көркейгеніне таяу жылдарда куә болар» деп айтып едім. Сондағы тілегім Жаратқанға жеткендей, айтқаным келіп, Қазақстан аз уақытта әлемге танылған айдынды ел болды. Экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, жері дәулетті, елі сәулетті мемлекет ретінде ірге орнықтырды. Бүгінде бізді бүкіл әлем сыйлайды, бүтін дүние санасады. Өйткені Қазақ елі адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қадамға барып, атом қаруынан өз еркімен бас тартты.

Ядросыз әлем құру бастамасы арқылы Жер жүзіне ізгіліктің өнегесін көрсетті. Біз мемлекетіміздің іргесін орнықтырып, еліміздің шекарасын шегендедік. Аз жылдың аясында Арқа төсінде, мынау өздеріңіз көріп отырған, ғасырдың ғажайыбы атанған арайлы елордамыз, асқақ Астананы тұрғыздық. Кезінде желмая мініп жер шолған Асан қайғы бабамыз Есілдің бойын көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен» депті. Сол айтқандай, сіздер алты жылда шын мәнінде жерұйыққа айналған Астананы көріп отырсыздар.

Қазақ жері татулықтың туын тігіп, ұлтаралық, дінаралық келісімнің әлем үлгі тұтатын айшықты мысалына айналып отыр.



Қазақ халқы ұлысты ұйыстырушы ұлт ретінде өзге этностарды бауырына басып, даналығы мен дархандығын көрсете білді.

Осы жылдар ішінде еліміз жаһандық ауқымдағы үш дағдарыстың толқынына төтеп беріп, жаңа дәуірге қадам басты.

Біз дағдарыс тұсында дамудың даңғыл жолына түскен ел атандық.

Егер 1994 жылы ішкі жалпы өнім әр адамға шаққанда 700 доллардан болса, бүгін ол жан басына 9 мың доллардан келіп, ол 12 есеге өсті!

Әлемдік тәжірибеде өз тәуелсіздігінің 20 жылында мұндай нәтижеге ешқандай ел қол жеткізіп көрмеген екен.

Біз халықтың әл-ауқаты бойынша ТМД елдерін озып, халықаралық рейтингте 50-орынға ие болдық.

Қазір Қазақстан халықаралық резервтер деңгейі бойынша дүниедегі алғашқы 50 мемлекеттің қатарында.

Ұлттық қорды қосқанда, біздің 73 млрд доллар қаражатымыз бар.

Дағдарыс жылдарында әлемнің көптеген елдерінде жалақы, зейнетақы, шәкіртақы қысқартылып жатты. Ал біз, керісінше, бұл көрсеткіштерді жылдан-жылға өсіріп отырмыз.

Соңғы 10 жылда мұғалімнің жалақысы 5 есе, дәрігердің жалақысы 7 есе, зейнетақының орташа мөлшері 6 есе өсті.

Жыл сайын 6 млн шаршы метрлік тұрғын үй салуды жоспарлап отырмыз.

Жұмыссыздық деңгейі 5%-ға дейін төмендейтін болады.

Өткен жылы біздің еліміздегі ішкі жалпы өнімнің өсімі 7%-ды құрады.

Біз бұл көрсеткіштерге тоқмейілсіп отырған жоқпыз.

Бүгінде біз индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асырудамыз. Бұл бағдарлама елімізді жаңа биікке шығаратын болады. Біз шикізатқа малданатын, оның әлемдік бағасына алданатын ел болмауға тиіспіз.

Кен байлығы таусылмай қоймайды. Бәрінен де керегі – ел байлығы. Ел байлығы дегенім бәсекеге қабілетті экономика мен жаңа технологияны игерген білікті мамандар болып табылады.

Қазақстанда өткен бір жылдың өзінде 800-ге жуық өндіріс орны құрылды. Таяудағы бірнеше жылда біз құны 8 трлн астам теңге болатын 300-ден астам жобаны жүзеге асырамыз. Соның арқасында тағы да 200 мың адамға жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Біз ел дамуының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарын жасадық. Ол кезеңде еліміздегі ішкі жалпы өнімнің көлемі кемінде 30%-ға өсуі тиіс.

Жақын жылдары Қазақстан Еуразияның ірі көлік торабына айналмақшы. Қазір біздің еліміз арқылы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолының құрылысы қауырт жүріп жатыр. Ұлы Жібек жолын жаңғыртатын бұл дәліз арқылы жүк жеткізу теңіз жолымен салыстырғанда 3 есеге қысқаратын болады. Бұл жол шетелдегі қазақ кәсіпкерлеріне де мол мүмкіндік ашады.

Қазақ елінің табыстары әлемдік саясатта да салтанат құруда.

Біз ТМД және Азия елдері арасында алғаш рет Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық еттік. Беделді ұйымның мыңжылдықтағы алғашқы алқалы саммитін өткіздік. Өткен жылы осы сарайда 56 елдің басшылары бас қосып, әлем дамуының аса маңызды мәселелерін талқылады. Астана саммиті қазақтың абыройын жаһанға жайып, еліміздің жұлдызын жоғарыдан жандырды.

Бұйыртса, биыл қазақ елі тағы бір биік белесті бағындырайын деп отыр. Ол – еліміздің Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етуі.

Ислам дінін ұстанатын 57 мүше ел бар. Бұл ұйымның тізгінін ұстау бізге зор жауапкершілік жүктейді. Күллі мұсылманның басын қосқан ұйымға төрағалық ету Қазақстанның ислам әлеміндегі беделін биіктете түсетін болады. Қазақ қазақ болғалы біз дәл мұндай биікке көтерілген емеспіз. Сол беделді биігіміздің тұғырынан таймайық, бауырлар!

Саммиттен кейінгі тағы бір орасан оқиғаның бірі – VII қысқы Азия ойындары болды. Астана мен Алматыда қатар өткен дүбірлі Азиадада ел спортшылары құрлық біріншілігін жеңіп алды. Бұл дүбірлі жарыс та еліміздің абыройын асырып, айдынын тасыта түсті.

Биылғы жылғы сәуір айында елімізде кезектен тыс Президент сайлауы өткенін баршаңыз білесіздер. Бұл сайлау біздің елдігіміз бен ынтымағымыздың мерейін үстем етті. Елдіктің ерен ерлігін, бірліктің баянды жемісін бүкіл дүниеге тағы да бір паш етті.

Бірлік болмай, елдік болмайтынына көз жеткізді. Бірқатар елдерде орын алған халық наразылығын біліп отырсыздар. Ол толқулар ең алдымен әлеуметтік мәселелердің асқынуымен байланысты.



Біздің елдегі Президенттік сайлау халықтың әл-ауқаты жылдан-жылға жақсарып келе жатқанын айғақтап берді.

Сайлаудан кейін мен халықтан көптеген құттықтаулар, тілектер алдым. Олардың арасында алыстағы ағайыннан келгендері де аз емес. Осы орайлы сәтті пайдалана отырып, баршаңызға шынайы алғысымды айтқым келеді. Шын жүректен шыққан ризашылығымды қабыл алыңыздар!

Бір қазақ ретінде мен ғұмыр бойы білігім мен қайрат-қабілетімді қазағым үшін жұмсап келе жатқан адаммын. Құдай денсаулық берсе, халқыма әлі де аянбай қалтқысыз қызмет ете беремін деп сенемін.

Қымбатты қандастар!

Ахмет Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деген сөзі бар.

Біздің тәуелсіздікпен бірге сөзіміз тіріліп, өзіміз еңсе тіктедік. Бабадан жеткен қасиетті қазақ тілінің осы жылдары мемлекеттік мәртебе алып, құлашын кеңге жая түскенін білесіздер. Естеріңізде болса, 1991 жылы қазақ мектептерінде оқитын шәкірттердің жалпы саны 32% ғана болатын. Сөйтіп, біздің тіліміз кеңес заманында жойылуға тақады.

Бүгінде ол көрсеткіш 2 есеге артып, мектептерде 1,5 млн-нан астам бала қазақ тілінде білім алады. Аралас мекемелерді қосқанда, барлық балабақшалардың 90%-ға жуығы қазақ тілінде тәрбие беруде.

Қазір мемлекеттік органдарда іс жүргізу негізінен қазақ тіліне көшірілді.

Мен «Қазақстан» телеарнасына биыл күзден бастап толық мемлекеттік тілде хабар таратуға тапсырма бердім. Балалардың тіл үйренуіне көмектесетін «Балапан» деген арнайы телеарна ашылды. Таяу кезеңде қазақ тілінде «Мәдениет», «Білім» деген жаңа телеарналарды іске қосуға әзірлік жүруде.

Қазақ тілінде шығатын басылымдардың саны да жыл сайын арта түсуде. Егер 1991 жылы, біз тәуелсіздік жариялаған жылы, Қазақстанда қазақ тілінде небәрі 82 басылым шыққан болса, бұл көрсеткіш биыл 523-ке жетті. Еліміздегі кітаптардың 80%-дан астамы қазақ тілінде жарық көруде.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса, қазақ тілінің құлашын кеңге сермейтін күні алыс емес деп сенемін.

Мен биылғы Жолдауымда 2020 жылға қарай қазақ тілін білетіндердің саны кемінде 95%-ды құрауы тиіс екенін айттым. Қазірдің өзінде қазақ балабақшаларына өзге этнос бүлдіршіндері көптеп келуде.

Балаларының келешегін мемлекеттік тілмен байланыстырып қарайтындар ұл-қыздарын қазақ мектептеріне беруде. Енді 10 жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100%-ы мемлекеттік тілді біліп шығады деп межелеп отырмыз.

Тәуелсіздіктің тірегі – ұлттық сана екенін білесіздер. Ал ұлттық сана тарих пен мәдениет арқылы қалыптасады.

Осыған орай, елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы жемісті жүзеге асырылуда. Мемлекет тарапынан ұлан-ғайыр қаржы бөлінуде.

Бағдарлама бойынша барымызды бағалап, жоғымызды түгендеуде ұлан-ғайыр іс атқарылды.

Соның арқасында 100-ге тарта тарихи-мәдени нысан жаңғыртылып, оның 73-інде қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Шетелдерден тарих пен мәдениетімізге қатысты 5 мыңнан астам құнды деректер табылып, көшірмелері елімізге әкелінді.

Әлемдік ақыл-ойдың ең озық үлгілері қазақ тіліне аударылып, олар том-том кітап болып жарық көруде.

Бұл құндылықтар келешекте жастардың бойына ұлттық сананы сіңіруге жол ашады.

Ұлттық фольклорымыз «Бабалар сөзі» деген атпен 100 томға жинақталып жарық көруде.

Сондай-ақ, әр қиырда шашылып жатқан ұлттық музыкалық мұрамыз да жинақталды. Оларға шетел қазақтарының әндері мен күйлері де енгізілгенін атап өткім келеді.

Діңгегі берік ұлттық руханиятымыз бен ата дініміз өркен жайып келеді. 1991 жылы Қазақстанда небәрі 68 мешіт болатын, бүгінде олардың саны 2400-ге жуықтады.

Қашанда толеранттықты ту еткен біздің елде дін бостандығына барлық жағдай жасалған. Тек өткен жылдың өзінде еліміздің 3300 азаматы Мекке, Мединеге барып, қасиетті қажылық парызын өтеп қайтты.

Құт қонған қазақ елі сан түрлі дін өкілдерінің басын үш рет қосып, бүкіл әлемдегі діндарлардың сауабын алды.



Әлемдік және дәстүрлі дін басшыларының құрылтайларын өткізу еліміздің игі дәстүріне айналды.

Құрметті қандастар!

Биыл тәуелсіздікпен бірге атамекенге ат басын бұрған Ұлы көшке де 20 жыл толды.

Бүгінгі Құрылтай осындай мерейлі белеспен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан биылғыдай баталы жылы біздің бастамаларымыз жемісті болуға тиіс.

«Елге ел қосылса – құт» дейді дана халқымыз. Азаттықтың елең-алаңындағы күрделі кезеңге қарамастан, көшіміз көлікті болды. Содан бері ұлы көш бір сәтке толастаған емес. Ат қазығын байлар атамекенге 20 жыл ішінде 300 мыңға жуық отбасы көшіп келді. Осылайша ел халқының саны 1 млн-нан астам қандасымызбен толықты.

Дүниежүзінде өз қандастарын еліне шақырып, қаражат бөлген біз үш-ақ мемлекеттің біреуіміз. Өздеріңіз білесіздер, ол – Израиль, Германия және Қазақстан. Үкіметтің тарапынан келген ағайындарға біраз көмек көрсетіліп жатқанын білесіздер.

Халқымызда «Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы» деген ұлағатты сөз бар. Сондықтан қай қиырда жүрсек те, «Қазақстан» ұғымы біздің жүрегіміздің түкпірінде сақталуы тиіс.

Сіздер «Сүйегім атажұртымда жатса» деп тілеген аталар аманатын арқалап келіп отырсыздар.

Шеттегі бауырларымыздың табанына кірген шөңге біздің жан-жүрегімізді де сыздатуы керек.

Менің Жарлығыммен 2008 жылдан бастап қандастардың жыл сайынғы көшіп келу квотасын 20 мың отбасыға көтердік.

Елге ағылған ағайынның көшін жүйелеу мақсатында «Нұрлы көш» бағдарламасын қабылдадық. Оны ойдағыдай іске асыруға мемлекет қазынасынан қомақты қаражат бөлінді. «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында іргелі істер атқарылды.

Бірқатар облыс әкімдері көшіп келген қандастарға арнайы ауылдар салып, игілікті іс тындыруда. Жұмысқа бейімдеу үшін орталықтар құрдық. Шеттен келгендерге тіл үйрету шараларын қолға алып жатырмыз.

Мен Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облысындағы осындай елдімекендерді өзім барым көрдім. Келіп жатқан, қоныстанып жатқан ағайынның қуанышында шек жоқ.

Қадірлі бауырлар!

Ата жұртын аңсап келген ағайын!

Бүгінгі алқалы жиында қандастарымызға қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаудың нақты жолдарын айқындап алуымыз керек. Сондықтан алдағы мақсат-міндеттерді бірлесіп белгілеп алғанымыз жөн.

Біріншіден, Парламентте «Халықтың көші-қоны туралы» заң жобасы қаралуда.

Кеңінен талқыланып, қабылданатын жаңа Заң қандастарымыздың жағдайын жақсартуға септігін тигізеді деп есептеймін. Ол қандастарымыздың құжат тапсыруда, тіркеуге тұруда, азаматтық алуда кездесетін түрлі кедергілерді жоюы тиіс. Бұл орайда, бір нәрсені қаперде ұстаған жөн. Соңғы кездері белгіленген квота толмауда.

Туған елге табан тіреймін, көшіп келемін деушілерге қашанда есігіміз ашық екенін мен тағы да қайталап айтамын.

Бұл орайда, қандастарымызды Отанға оралту жұмысын жүйелей түсу керек. Дүниеде жағдайдың әр түрлі екенін білесіздер. Біз дүниежүзілік дағдарыстан өзге елдермен бірге шығып келеміз. Сондықтан «келем дегеннің бәріне қаражат, үй, жұмыс беріп, толықтай алып келетін жағдайымыз бар» деп ойламаңыздар. Біздің 20 мың отбасы деп отырғанымыз сондықтан.

Ал бірақ өз бетімен көшіп келіп, ағайын болып, отбасымен қосылып, басқа жағдайлармен келсе, әсіресе жастар оқуға келем десе, оларға да ешқандай кедергі болмайды.

Осыған байланысты біз «Нұрлы көш» бағдарламасының 2-кезеңінің жобасын қолға алуды жоспарлап отырмыз. Бұл кезеңде қандастарды жаңа өндірісті өңірлер мен ауыл шаруашылығына кеңінен тартудың жолдары сараланатын болады. Ол үшін келген мамандарды қажеттілікке байланысты қайта даярлап, қысқа мерзімде оқытумен қамтамасыз етеміз.

Мемлекет қандастарымызға қатысты қамқорлығын жалғастыра береді. Осыны қаперден шығармағандарыңыз абзал.



Екіншіден, шетелден келген құрылтай қонақтарының басым көпшілігі – 60% жастар екен.

Жастар – біздің болашағымыз. Біздің әлемдегі барша қазақ жастарының сапалы білім алуына тиісті жағдай жасауымыз қажет. Қазақстанда біз оны жүзеге асырамыз.

Осыған байланысты Білім және ғылым министрлігіне қандастарымызға бөлінетін гранттық квотаны нақтылап, жастарымен жүйелі жұмыс жүргізуді тапсырамын.

Қазір – білектінің емес, біліктінің озатын заманы.

Астанада әлемдік деңгейде Халықаралық университет ашылғанын білесіздер. Кіріп-шығып, көріп те қайтарсыздар. Бұл жоғары оқу орнында дүниежүзінің ең білікті мамандары мен ғалымдары дәріс оқиды.

Сондықтан мен әлемнің әр қиырындағы қазақ жастарын атамекенде оқуға және қазақ еліне қызмет етуге шақырамын.

Қазір жаңа дәуірге қадам басқан Қазақстанға отаншыл, білімді жас мамандар аса қажет. Жас қыздар мен жігіттер келіп оқитын болса, осында оқу бітіріп, мамандық алып, кейін ата-аналарын шақырып алатын шығар. Ол да қажет.

Сол себептен шетелдерде техникалық білім алған қазақ жастарын индустриялық өндіріске жұмысқа тарту керек. Қажет болса, оларға әлеуметтік қолдау көрсетуді енгіземіз.

Үшіншіден, біз шеттегі қандастардың Қазақстаннан жан-жақты хабар алып тұруына көмектесеміз. Бағдарламаның еліміздің индустриялық дамуымен байланысты екенін біздің Байланыс және ақпарат министрлігі «Каспионет» арнасының қазақтар тұратын елдерге таралуын қамтамасыз етуі керек. Сонымен бірге ұлттық дәстүріміз бен тарихымыз туралы хабарларды арттыру жолдарын қарастыруды тапсырамын. Бұған қоса, министрлік дүниежүзіндегі қазақ жастарының байланысын нығайту үшін арнайы веб-портал ашқаны жөн.

Төртіншіден, қандастар тұрып жатқан елдерде ұлттық өнердің кеңінен таралуына жағдай жасауымыз керек.

Біз қазақтың қаймағы бұзылмаған көрші елдерде ұлтымыздың аса құнды рухани мұралары сақталғанын жақсы білеміз.

Білім және ғылым министрлігі мен Мәдениет министрлігіне экспедициялар ұйымдастырып, осындай құнды мұраларды жинақтауды тапсырамын.

Бесіншіден, біз шет елдерде кіші құрылтайлардың тұрақты өткізілуін құптаймыз.

Осыған байланысты, бұл құрылтайларға «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қолдау көрсететін болады.

Қадірлі қауым!

Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы!

Қазақстан – әлемдегі барша қазақтың құтты қара шаңырағы!

Қазақ баласы дүниенің қай түкпірінде жүрсе де, тұтас қазақ халқының бір бөлшегі екенін біз еш уақытта ұмытпауымыз керек.

Қазақтың абыройын асырып, мерейін тасытқан – ел тәуелсіздігі! Сондықтан біздің басымызға бақ болып қонған тәуелсіздіктен асқан ешқандай құндылық жоқ. Ендеше, тәуелсіздіктің 20 жылдығына тұстас келіп, ақ түйенің қарны жарылған бұл той – біздің ұлан-асыр ұлы тойымыз.

Тойымыз тарқамасын, ардақты ағайын!

Еліміз аман, жеріміз тыныш болсын!

Алаштың айбыны, бар қазақтың ортақ Отаны – тәуелсіз Қазақ елі мәңгі жасасын!

*Астана қаласы,
2011 жылғы 25 мамыр*



ҚИЫРДАН КЕЛСЕ ҚАНДАСТАР

Біз – тығырықты тар заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын Атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің біріміз.

Тәуелсіздік тізгіні қолға тиді. Бұл күнді Қазақстанда ғұмыр кешіп жатқан халқымыз ғана емес, қиырда жүрген, екі көзі боталап, туған елге алыстан жанының жанарын салған қандас бауырларымыз да аңсай күткен. Тірлікті тарының қауызына сыйғызып жіберген кеңестік идеология жоқ, қабағын түйген компартия құлаған, өз қолымыз өз аузымызға жеткен кезде ең алдымен ойлағанымыз – шет елдерде жүрген ағайынды елге оралтып қуанту, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру болатын.

Аналарымыз алысқа кеткен туған-туыстарын іс тігіп отырғанда, жұмыс жасап жатқанда сыңсып салған әнімен еске алып, көз жастарын бір сығып алушы еді. Балаң кезімде оның себебін сұрағанымда: «Балам, ержетерсің, сонда білерсің мұның мәнісін» деп сөз аяғын жұмбақтап жіберетін. Бірақ бала кезгі адам жады мықты болады ғой. Кейін, есейе келе мұның мәнін де, көз жасына булыққан әнін де біліп, көкейге түйіп өстік. Тәуелсіздік таңы атқанда ойда жүрген осынау аса маңызды іс-әрекетті жүзеге асырудың жолын тапқандай болдық.

Осылайша, 1992 жылдың 27 тамызы күні шет елдерде тұрып жатқан қандас бауырларымызды Отанға оралту мақсатындағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің арнайы Қаулысын шығардық. Қарқынды, қызу жұмыстар басталды. Уақыт тым қауырт еді. Шұғыл кірісіп, тез шешім қабылдадық. Осынау тарихи басқосуды ел өміріндегі маңызды іс-шара ретінде атап өту туралы мәселе нақты қойылды. Сол істің басы-қасында болып, оның жүру барысын күнбе-күн қадағалап отырдық. Тапсырылған жұмысқа кіріскен азаматтар да табандылық пен ыждағат-

тылықтың үлгісін көрсетті. Қайраткерліктің қуатын байқатты. Тынымсыз тірлік зая кеткен жоқ. Ойдағыны атқарып, ортамызды толтырдық.

Біздің тарихымыз үш мың жылдық кезеңнің арғы жағын да қамтиды. Оны қазақ жерінен, оның төрт құбыласынан табылып жатқан тарихи-мәдени ескерткіштер, кешенді кесенелер, көне қорғандар, алтынмен апталған адамдар, тіпті алтынмен көмкерілген жылқылар даусыз дәлелдеп жатыр. Жалпы, тарихымызда біз бес бұрышты жұлдыз бен крест таңбасын да өзге елдің мұрасы, жаттың дүниесі деп қабылдап келдік. Даламыздың әр жерінен табылып жатқан көне жәдігерлер мұның алды сегіз мың, берісі бес мың жыл бұрын осы далада болғандығын, болып қана қоймай, оны бағзы бабаларымыз алтынмен аптаудың, күміспен күптеудің, темірден түйін түйдің кәнігі шеберлері, ұлы ұсталары болғанын дәлелдеуде.

Азия тарихының атақты білгірі, ғалым Н.А. Аристовтың халық санағы туралы сипаттамалық-статистикалық еңбегінде 1897 жылы қазақтардың саны өз аумағында 4 миллион болғаны анық жазылған. Жай ғана арифметикалық есепке жүгінсек, бұл сан демографиялық даму үрдісі бойынша қазір кем дегенде 30 миллионның шамасында болар еді. Өкінішке қарай, зұлым саясат бізді бұған жеткізбеді.

Сол кездің өзінде ғалымның есебі бойынша шет елдерде 100 мың қазақ өмір сүріп жатыпты. Қазақ халқының даму үрдісінен, оның рухани өркендеу процесінен, халық санының жедел өсуінен секем алған сұрқия көсемдер жиырмасыншы ғасырдың ішінде небір зымиян айла-шарғыларды ойлап тауып, жұртымыздың көз жасын көл етті, қырғынға ұшыратты. Бұл – ұмытылмас тарих. Ұмытуға хақымыз жоқ тарих. Біздің тарихымыздың ең маңызды беттері де осында жатыр.

1991 жылғы 31 желтоқсанда Қазақ радиосынан шет ел қазақтарына арнап сөз сөйледім. Ол сөз жан жүрегімнен қайнап шыққан еді. Сол сөз әлемнің әр елінде ғұмыр кешіп жатқан бауырларымызды дүр сілкіндірді. Қазақстанға келемін деп ат басын бұрып, ұлы көштің теңін буып, тізгінін қаққан бауырлар сол кезден бастап Отанға оралудың қам-қарекетіне кірісті. 1992 жылғы Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын өткізуге дайындықтың рухани жоспарын осылайша тәуелсіздік жариялағаннан кейін он бес күн ішінде бастап кеткенбіз. Бұл күн желтоқсанның жазға айналғандай жайсаң күні еді. Елдегі бауырларымыз-



дың да елеңдеп күткен күні болатын. Алапат күндерде ажырап кеткен ағайын құшағы қайта қауышуға ұмтылып келе жатты.

Биыл ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толды. Халқымыз өзінің сан ғасырлық тарихында талай күрес пен шайқасты, нәубет пен зұлматты көрудей-ақ көрді, күресудей-ақ күресті. «Қаратаудың басынан құлаған» қаралы көштің өзі қаралы заман болып, тарихымызға кірді. Сол арқылы ұлттық танымымыздың өшпейтін беті болып, жүрекке сіңді. Одан кейінгі, кешегі кеңестік зорлық пен зобалаң кезінде «қазақтар шілдің қиындай шашырап», атамекеннен ауып, балапан басына, тұрымтай тұсына бас сауғалап кетті. Қолдан келер дәрмен жоқ, қынадай қырып бара жатқан қызыл империяның қанды тырнағынан ұрпағын аман алып қалудың бір қарекеті осы болатын. Түн жамылып, тау асты, тосқауылға ұшырап, тоз-тозы шықты. Әйтеуір өлдім-талдым дегенде жатқа қоныс аударып, жан сауғалады.

Әлемнің әр қиырында өмір сүріп жатқан бауырларымызды атажұртқа оралту бағытында көптен ойымда жүрген арманымды орындаған сәтімді менің өз өмірімдегі ең бақытты кезеңім деп есептеймін. Бұл бір жүрекжарды қуаныш, сезімге толы салтанат, азаматтық парыздың салмағын сезінудің шынайы көрінісі болды. Осындай ерекше сәттер оңаша қалған кезде кейде өлең болып оралып, қолыңа қалам алғызады.

*Тыңдай білу заманыңның тынысын,
Төрге оздыру қазағымды –
Ұлы сын.
Мойындатсаң мұратыңды жаһанға,
Сонда ғана...
Пенде емес,
Ұлысың!
Сонда ғана
Ұлықтайды ұлысың!*

Елімізде Дүниежүзі қазақтарының төрт құрылтайы өтті. Олардың кейінгілері жаңа елорда төрінде – Астанада өтті. Осы кезеңнің өзі жаңа елордаға қоныс аудару тұсындағы тарихи оқиғаларға куә болу, көзайым

болу тұрғысында ел тарихындағы елеулі күндер, ерекше сәттер болды. Дүниежүзі қазақтарының басын қосу науқандық іс-шара емес, мемлекеттік саясаттың мерейлі де мәртебелі көрінісі болып, халықаралық қауымдастықтан, әлемдік өркениеттен өз бағаларын алды. Әлемде өз қандастарын атажұртқа жинап, мемлекеттік тұрғыдан арнайы бағдарламалар қабылдаған, келгендердің жаңа ортада жатсынбай, бірден сіңіп, жайлы ғұмыр кешіп кетуіне барлық жағдайларын жасап жатқан дүниежүзіндегі үш елдің бірі – Қазақстан.

Бұл тұрғыдан келгенде, Германия мен Израиль мемлекеттерінің өзі бізге қызыға қарайды десек, артық айтқандық емес.

Әрине, жаңадан жерсіну, бейтаныс ортаға бірден бейімделу оңай болмас. Кейде қиырдан келген қандастарымызды жайлы орналастыруда жекелеген жауапты адамдардың тарапынан болып жататын бойкүйездік пен тоғышарлық, жаны ашымастық пен жағдайды бағалай алмаушылық кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Мұндағы түйткілдер – мемлекеттің қатесі емес, кейбір шенеуніктердің төрешілдігіне байланысты жағдайлар. Біз бұлардың бәріне сын көзімен қарап, түзетіп, көңілге түскен қаяуды жоюға күш салатын боламыз.

Ағайынға арнап көп нәрсені айтқым-ақ келеді. Алайда іштегінің бәрі сыртқа шыға бермейді ғой. Ел тірлігі, көпұлтты Қазақстанның бірлігі мен тыныштығы жатсам-тұрсам көкейімнен кетпейтін маған жалғасып жатқан қазақ көшінің тағдыры тіпті де оңай сезіліп тұрмағанын айтқым келеді. Жырақтағы жұртың туған жерге жаутаңдап қарап отырса, кісінің жаны қалай жай табады?!

Көші-қон мәселесі шынында да біздің ел үшін ең басты проблемалардың біріне айналғаны шындық. Жер-жердегі жеке-дара жағдайларды ескерсек, әр елдердегі диаспораға қамқорлық жасау – өркениет ісі екені айдан анық. Демек, біздің де көші-қон шараларын мемлекеттік деңгейге көтеруіміз әбден заңды. Сондықтан да қандастарымыздың туған жерге төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келгендеріне – кіршіксіз көңілдері үшін, ал әр түрлі жағдайларға байланысты жете алмай жүргендеріне – қай қиырда жүрсе де, Атамекенге деген сағыныш пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пәк пейілдерін сарқымай сақтағандары үшін ризашылық білдіреміз. Жер бетіндегі барша шаңырақтарымыздың бәрінің де бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз!



Біз – талай-талай оқиғалардың куәсі болған ұлан-ғайыр дала мен мұзарт шыңды асқар таулар түлегіміз. Бұл – біздің сан буын бабаларымыздың кір жуып, кіндік кескен жері. Атадан қалған байтақ мұрамыз, баға жетпес байлығымыз, алтын босағамыз. Қазақ – тамырын жеті қабат жер астына жіберген бәйтеректей, өзегін тарихтың тереңіне тартып, осынау қасіретті де қасиетті дархан даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан жаужүрек те жасампаз халық.

Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндіріп, текті төл тарихын тасқа жазған көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы. Олар – үлкен үйдің қара шаңырағын Атажұртта сақтап қалған өркенді өрендер.

Бүгінгі бостандық – тұғырлы тәуелсіздік те өзінен-өзі келіп, бекерден-бекер басымызға қона қалған жоқ. Аңсарлы арман – азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиылды, жазықсыз зардап көріп, жапа шекті. Қыруар құрбандыққа душар болдық. Бұл да – ешқашан ұмытылмауға тиісті, мәңгілік тағзым етер тарихымыз бен тағдыр-тәлейіміз. Демек, біз де ата-бабаларымыздың аруағы алдында, мәрт мінезі мен өр болмысының үлгі-өнегесімен бүгінгі ұрпақтың ұлт болып ұйысуы, жұрт болып жұмылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіспіз.

Атажұртқа оралудың да күрмеулі мәселесі көп. Оның заңдық-құқықтық, әлеуметтік-қоғамдық түйткілдері бар. Олардың бәрін заман талабына сай толық реттеп отыру үшін уақыт керек, жан-жақты жұмыс қажет. Сондай кезде өкпелеуге бейім тұратын, күтудің соңын күдер үзудің алды деп қабылдайтын азаматтар да табылып қалып жатады. Біз әрбір бауырымызды Атамекенін аңсап келген ағайын деп қана қарамай, бір туған бауыр, елге қосылған елеулі қазына деп қабылдаймыз. Осы халықтық іске қызмет етіп жүрген жауапты жандардың бәрі де биік межеден көрінсе, олардың азаматтықтарына берілген баға да оң болады.

Ұлы әл-Фарабидің: «Адам мақсатына өзін өзі жетілдіру арқылы жетеді» деген сөзі бар. Қоғам да сондай, өзін өзі дамытып, жетілдіріп отыратын мемлекет қана өз мақсатына қиналмай жетеді, батыл алға басады.

Біз елге ел, басқа бас қосып, Қазақстан халқының саны мен сапасын арттыру арқылы ұлттық-демографиялық саясаттың ең маңызды бағдар-

ламасын жүзеге асырып келеміз. Халық санын өсірудің тарихи жолын қалыптастыру тұрғысында біз жасаған қадамның жемісі де, жеңісі де көріне бастады. Бұл – жалғаса берер жарқын жол. Осынау жылдарда елімізге 1 миллионға жуық бауырымыз оралды. Қазақ елінің шаңырағы биіктеп, керегесі кеңейе түсті. Көш әлі де тоқтаған жоқ. Тоқтамайды да.

Шет елдердегі қандастарымыз туралы айтар болсақ, қазіргі кезде өзге елде өмір сүріп жатқан қазақтардың жалпы саны ұлтымыздың үштен бірін, яғни, 5 миллионнан астам адамды құрайды. Олар әлемнің 40-тан астам елінде өмір сүріп жатыр. Тәуелсіз мемлекеттің тізгінін қолымызға ұстаған алғашқы күннен бастап халқымыздың ежелгі асыл мұраларын, қадір-қасиетін қайта жаңғыртып, ұлт ретінде түлетіп, жаңа деңгейге көтеруге бар күшті салумен қатар, шет елдердегі бауырларымыздың өнерін, әдеби мұрасын, халықтық қолөнерін, ата кәсібін дамытуда арнайы жұмыстар жүргізіп келеміз. Бұл – адами капиталды Отанға оралтудың оң қадамдарының бірі. Бұл қадам жаңылмайды, шекара жабылмайды. Ұлы көш жалғаса береді. Өйткені әлемдегі бар қазақ – бір қазақ.

Біздің дәуірімізге дейінгі қадым заманда ғұмыр кешіп, өзінің даналық дара қасиетімен көне гректің құрметіне бөленген сақ ғұламасы, біздің бағзы бабамыз Анахарсис (б.д.д. 620-555 жылдар) кейінгі жұртына: «Менің сенгенім – садақ пен жебе» деген тұжырымды сөз қалдырған. Осы бір ауыз сөзден оның тарихи тегі мен генетикалық болмысы байқалады. Бұл өз алдына бір әңгіме. Сонымен қатар бұл сөздің мәні – елдікті сақтаудың жолы ерлік, бойындағы бес қару дегенге де келіп саяды. Батырлықтың баяны сезіледі. Бұл сөз біздің де жанымызды жігерге бөлеп, қанымызды қыздырады.

Бірақ «біз семсерден соқа соққан» саясатты ұстана отырып, бейбітшіліктің мызғымас тұғыры – ынтымақ пен бірлікті ту етіп, тағы да Күлтегіннің көк тасынан көкейдегі ойды тап басқан сөзді дауыстай оқимыз: «Жауыңды жеңу бір басқа, жауықпас ету бір басқа».

Қиырдан келген қандастар туралы қысқа қайырып, тұжырым жасағанда тілге тиек болған сөздерді Қазақстан халқы ой-санасында ұстап, ортақ пікір ретінде тұтынса, керегеміз кеңіп, кемеліміз тола береді.

«Ұлы Дала ұлағаттары» кітабынан



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

КІРІСПЕ

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни, одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім.

I. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек. XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы опоңай. Бірақ ұлттық кодыңды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын. Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.



1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни, барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

2. Прагматизм

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді. Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, аста-төк ысырапшылдыққа ұласты. Соның кесірінен Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң, майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ащы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз



керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы. Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады. Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс. Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін? Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі



қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды. Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді. Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек.

4. Білімнің салтанат құруы

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы

елдердің санатына қосылып отырмыз. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Биыл Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан айындағы оқиғаға 100 жыл толады. Күллі ХХ ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті. Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзіңнің көзқарасыңды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды. Әрине, тарих тек ақтаңдақтардан тұрмайды. ХХ ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді. Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады. Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ бұл – ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді. Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс. Бірақ қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес. Сол себепті тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күн-



де көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды. Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз. Сондықтан әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

6. Сананың ашықтығы

Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды. Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапа-тармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей. Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін еріккеннен үйреніп жатыр ма? Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің басты шарты. Бірақ мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі. Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлем-

де, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды. Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

II. ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер. VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды. Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбилердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлтаралық қатынас тілі болды. Мәселен, Алтын Орданың бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады. X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң



қабылданды. Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан – 2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім. Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек. Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады. Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз.

Оның мәні мынада:

1. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана



емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

2. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әр түрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз.

3. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн.

Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз?

Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады. Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің міндеті. Үкімет мұны аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек. Үшіншіден, қазақ «Туған жерге туыңды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни, туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады. Мәселен, «Ауылым – әнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер. Бағдарлама



неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңқәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі. Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті. Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде? Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елдімекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де, туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек. Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музей-

лер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі. Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі, тұтаса келгенде, халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де, бізді кез келген рухани жұтаңдықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы. Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз. Биыл Үкімет жұртшылықпен ақылдаса отырып, жобаны әзірлеуі керек. Онда үш мәселе қамтылғаны жөн. Нақтырақ айтқанда:



1. Аталған «Мәдени-географиялық белдеудің» рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайындығын жүргізу қажет.

2. БАҚ осыдан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде мықтап айналысуы керек.

3. Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар.

Бесіншіден, заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. АҚШ-тың «қырғиқабақ соғыс» кезіндегі табысының қомақты бөлігі – Голливудтың еншісінде. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Бұл жоба нені көздейді? Бірінші, отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт. Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс. Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек. Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әр түрлі мультимедиялық тәсілдермен де шыққаны абзал. Төртінші, бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек. Бесінші, бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым, оның ішінде Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы, университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек. Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткіземіз. 2017 жыл жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болмақ. Содан соң бірегей бағдарламаны 5-7 жылда тыңғылықты жүзеге асырамыз.

Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады. Алтыншыдан, ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады. Біз «Жаныңда жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар? Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш. Сондықтан оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс. Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн.

1. Ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту.

2. Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

3. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс.



ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

*Астана қаласы,
«Егемен Қазақстан» газеті,
2017 жылғы 12 сәуір*



Алыстағы ағайындар арасында.

Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр әкімшілік ауданына қарасты Іле-Қазақ автономиялық ауданында тұратын қандас бауырларымыздың өкілдерімен киіз үйдің ішінде өткен кездесу.

Құлжа қаласы, 1991 жылғы 15 шілде



Ұлыбританияда тұратын қазақ диаспорасы өкілдерімен жүздесу.

Лондон қаласы, 1991 жылғы 31 қазан




**Құшақ толы гүл, жадыраған көңіл.
Түркия Республикасының Президенті Тұрғыт Озалмен бірге еліміздің
Түркиядағы елшілігінің ашылу салтанаты рәсімінде.
Анкара қаласы, 1992 жылғы 29 қазан**



**Иран Ислам Республикасындағы қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесу.
Тегеран қаласы, 1996 жылғы 12 мамыр**



**Түркия Президенті Сүлеймен Демирелмен бірге.
Түркия Республикасының 75 жылдық мерейтойын мерекелеу кезінде
қазақ диаспорасы өкілдерінің арасында.
Анкара қаласы, 1998 жылғы 29 қазан**



**Түбі бір туыстардың жүздесуі қашанда жан жадыратады.
Анкара қаласы, 1998 жылғы 29 қазан**



Моңғолиядағы қазақ диаспорасының өкілдерімен жүздесу сәті.
Ұлан-Батыр қаласы, 1999 жылғы 23 қараша



Бұл сәт – енді тарих!
Түркі тілдес мемлекеттердің VII саммиті кезінде
Түркиядағы қазақ диаспорасының өкілдері ортасында.
Ыстамбұл қаласы, 2001 жылғы 25 сәуір



**Еліміздің Польша Республикасындағы елшілігінің ашылу салтанаты.
Қазақ диаспорасы өкілдерінің арасында.
Варшава қаласы, 2002 жылғы 24 сәуір**



**Бейжің университетінде оқитын қазақ жастарымен дидарласу.
Қытай Халық Республикасы, Бейжің қаласы, 2002 жылғы 24 желтоқсан**



Швеция Корольдігіндегі қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесу.
Стокгольм қаласы, 2004 жылғы 25 қазан



Ресей Федерациясындағы қазақ диаспорасының өкілдерімен жүздесу.
Мәскеу қаласы, 2005 жылғы 17 қаңтар



**Кездесудің соңы әдеттегідей осылайша
естелік суретке түсумен жалғасын тауып жатады.
Мәскеу қаласы, 2005 жылғы 17 қаңтар**



**Жүздесу кезінде айтылар әңгіме, еске алар жайттар аз емес...
Мәскеу қаласы, 2005 жылғы 17 қаңтар**



Қолтаңба жазып беретін кездер де болады.
Мәскеу қаласы, 2005 жылғы 17 қаңтар



**Сонау Австрияда тұрып жатқан осыншама қандастарыңды көргенде
өзіңді бір сәт өз еліңде жүргендей сезініп қалатының бар.**
Вена қаласы, 2012 жылғы 21 қазан



Екінші бөлім
СЫР-СҰХБАТТАР

ЕЛ КӨШІН БАСТАУ – МАҒАН СЫН, МЕНІ ҚОСТАУ – ЕЛГЕ СЫН

– Ассалаумағалейкүм, Нұраға! Бүгінгі күні халқымыздың ардақты перзенті, тұңғыш Президенті Өзіңізбен тілдесудің сәті түскені біз үшін үлкен мерей. Қазақ қазақ болғалы әлемдік кеңістікке дәл осындай қанатты серпінмен көтеріле алмаған шығар. Бұл – әрине, Сіздің есіміңізбен тығыз байланысты тарихи ірі жетістік. Дегенмен өткеннен бүгінге жалғасқан жолдардың шоқырақ сүрлеуі, тасты құз-қиясы да, «бас-басына би болған өңкей қиқымдық» әуре-сарсаңы да аз жолықпайтыны түсінікті... Жалпы, аршынды даму биігінен айтар сөзіңізді естісек деп ек...

– Біріншіден, жылы лебізіңізге рахмет. Әлгі қазақ қазақ болғалы дәл қазіргідей қанатын кеңге жаймаған шығар деген сөзге қосылуға болады. Себебі Қазақстан үшін мемлекеттік орнықтылық, тәуелсіздік мәселесі – айрықша маңызға ие мәселе. Тәуелсіздігімізді жариялаған күннен бері өткен уақыт еліміз үшін егемен мемлекет ретінде орнығу, әлемдегі өз орнымызды иелену, бүкіл халықаралық қоғамдастық таныған ел болу мақсатын жүзеге асыруға арналды. Бейнелеп айтсақ, «атымыз барда желіп жүріп жер танумен, асымыз барда беріп жүріп ел танумен» өтті. Мұның өзі сыртқы саясатымыздың айқындығын аңғартса керек. Біздің сыртқы саясатымыз нарықтық реформалардың негізінде елдің ырғақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан интеграция мәселесіне келетін болсақ, дүниежүзінде мемлекетаралық қарым-қатынастың әр түрлі бағыттарын көріп отырмыз. Мысалы, Батыс Еуропалық интеграция немесе Солтүстік Америка елдерінің интеграциясы, Араб мемлекеттерінің немесе Қиыр Шығыс, Тынық мұхит елдерінің интеграциясы. Мемлекетаралық осы ынтымақтастықтың мәнісі неде? Оның мәнісі – қандай да бір мемлекеттің халықаралық ауқымда танылмайынша,



әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, өз мемлекеттілігін қалыптастыру туралы әңгіме қозғауы құрғақ сөз болып қалатындығында. Қазіргі заманда кіші мемлекеттер интеграциясыз өмір сүре алмайды. Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, алыс-беріс, әсіресе сауда айналымы үшін керек. Мысалы, Америкада ең сапалы ұшақ – «Боинг» шығарылады. Ал Қазақстан бірден осы ұшақты жасап шығарамын деп талпынуына бола ма? Әрине, талпынған жақсы. Бірақ мүмкіндік жоқ. Ұшақ жасайтын ұлттық мамандар жағына да тапшымыз. Сол себепті бізде бар затты оларға сатып, оларда бар дүниені өз елімізде пайдаға жаратуға қадам жасау қажеттілігі туындайды. Бүгінге дейін республикамыз бен АҚШ-тың арасында сауда келісіміне қол қойылды. Бұрын Қазақстанның шетелге шығатын жолы тек Ресей арқылы өтетін, қазір Иранға дейін жол салдық. Енді Қазақстанның ғана тауары емес, Сібірдің де, Орталық Азияның да тауарлары Үнді мұхитына сол жол арқылы шығарылады. Қытай арқылы Тынық мұхитқа шығу мүмкіндігіне ие болдық. Міне, бұл дегеніміз интеграцияның өрісті қадамы. Интеграциясыз даму жоқ. Өркениетке жетем деген ел интеграцияның тізгінінен мықтап ұстанғаны жөн. Ал бұрынғыдай «мен үлкен аға, сен кіші інісің» дегенге ендігі жерде біздің қазақ халқы көнбейді. Бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі қазақ деген ұлт бар екенін, қазақтың жері, Отаны – Қазақстан екенін біледі. Десе де, Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Ұлтаралық қатынас мәдениетін азаматтық келісіммен ұштастыру негізінде алға басып, келелі даму биігінен көріне беруіміз керек.

– Ордабасыдағы, Ұлытаудағы, тарихи басқосулар әуелі қазақты қазақтың өзіне таныту, арғы-бергі тарихын екшеп-саралау болғаны, ал Абай мен Жамбылдай алыптарымыздың мерейтойларын атап өтудің де рухани жемісі мол, әсері ерекше екені де еске түседі. Осынау көңіл толқытарлық сәттердің бәрінен де Президент алақанының жылылығы сезіледі. Елім, халқым деген жүрегіңіздің үні жер шарына іркілмей жетіп тұрғанын ойлағанда, қазақ болып туылғанымызға мақтаныш етсек те жарасар. Сөйте тұра, азаттық ауасымен тыныс алған бес жылдың ішінде сол «қарға тамырлы» жұртыңыздың «төбедегі төртеуі» түгенделді деп айта аласыз ба?



– Адамзаттық өркениет жолына көшін жаңадан бұрған біздің жас мемлекетіміз үшін әлі қол жеткеннен гөрі қол жетпеген нәрсесі жеткілікті. Не нәрсенің болсын, әділ өлшемі – шындық. Ал біздің «төбедегі төртеу түгенделді» деп айтуға әлі ертерек. Қайта өтпелі кезеңнің қабырға қайыстырарлық қиындықтарын жариялылық тұрғысында ашық айтып көрсету орынды. Қазақ ауылдары душар болған «жоқшылық» сыры да бізге мәлім. «Совет өкіметі өлтірмейді» ұғымы сіңісті болып кеткен сананы ол ұғымнан арылту оңай емес. Мұндайда бір кезек:

*Ұшына орамалдың түйдiм сусар,
Көп жылқы көкалалы көлде жусар, –*

деп, баяғы ата-баба дәулетін көз алдымызға елестеткен жөн шығар.

Иә, тарих кітабына үңілген ой көзі қырағы адам қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалғанын аңғарар еді. Онша арыға бармай-ақ, XVIII ғасырдың басынан бері қарай қазақ жерінде дүркін-дүркін бұрқ еткен шиеленісті жағдайларды еске алсақ та жетеді. Қазақтарға батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуыл бастаса, жағалай тал Ақжайықтың алқабына башқұрттар ауыз салды... Осы «алтыбақан алауыз» қалмақтар да, башқұрттар да орыс патшалығының итаршы-откөсеушілеріне айналды. Мұның өзі, түптеп келгенде, орыс-қазақ қатынастарының шиеленісе түсуіне себепкер болды.

Алайда басты қауіп – шығыстан, ойраттардың бір орталықтан басқарылатын қуатты мемлекеті – Жоңғар хандығы тарапынан төніп еді.

Орталық Азия тарихындағы осы бір сүзектей созылмалы қиын-қыстау кезеңде қазақ халқы қасқырдай қанды ауыз басқыншыларға қарсы екі жүз жылдық күрестің бар ауыртпалығы мен қаһарлы қан кешулерін жеке өз мойнымен көтерді. Сол бір «Мына заман қай заман – қысқан заман, қаңтардағы қақаған қыстан жаман» дейтін жорықты күндері елім деп еңіреген ерлер мен ержүрек қолбасыларды өмір сахнасына шығарды. Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Тайлақ, Саңырақ, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты батырлар сондай ерен тұлғалар болды. Олардың қазақ жерін басқыншы жаудан қорғап қалудағы ерлігін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Өткен тарихымыздың ұмытылмас шежіреге толы беттерін қай-



талап оқып, еске түсіріп отырсақ, көптік етпейді. Еркіндік алған елдің бүгінгі ұрпақтары өздерінің батыр бабаларына тағзым етіп, әзіз аттарын қадір тұтуы парыз.

Бұл арада қазақ халқының өзгенің жеріне көз алартушы емес, өз жерін қорғаушы болғанын мойындасақ, XIX ғасырдың соңына қарай Ресей империясының отарлық езгінің қамытын мойнымызға зорлықпен күштеп кигізе бастауы тағы бір қаралы күн жеткенін әйгілеп тұрды.

Шынында да, патшалық Ресейдің қара шекпендерді көшіріп келтіру саясаты қазақ қоғамының шаруашылық өміріне аяусыз болып тиді. Бұл тұста, ең шұрайлы, шүйгін жайылымдар, егін алқаптары бастау-бұлақтарымен қоса тартып алынды. Қазақ елінің мұң-мұқтажын аяқасты етудің салдарынан жұрт атамекенінен айырылып, ежелгі көш жолдарынан көз жазып қалды. Қазақ ауылдары өсіп-өнген өңірінен аластатылып, үй-мүлкі қиратылды. Байырғы жұртты зорлап, жаппай көшіріп жіберіп, олардың жерін жаңа келгендерге еншілей салу әдеттегі іске айналды. Бірақ халықтың ішкі буырқаныс ызасын, кек жалынын ешкім де тоқтата алмады. 1916 жылы ақ патшаның июнь жарлығының қорлау сөздеріне шыдамаған қазақ халқы ұлы даласының тұс-тұсынан ереуілдің отын тұтатты. Талай-талай есіл боздақтар оққа ұшып, қандалып жатса да, азаттық идеясынан, ертеңгі күннен үміттерін үзбеді. Алайда патшалық Ресейдің тұзағынан Кеңестік Ресейдің тұзағы кем тимеді. Кең даласын еркін жайлап, көшіп-қонып жүрген қазақтарды бір қазанның басына үймелетіп, коллективтендіріп, колхоздастырудың соңы 1932 жылы жаппай қырылуға – ашаршылыққа ұрындырды. Ал 1937 жылы репрессия ой-көзі жарық, ақыл-есі бүтін, көш бастайтын көсем қазақтардың түгелге жуығын жалмап кетті... Жасыратын не бар, осындай зобалаңдардан соң бір ұлттың рухы, тұтас жаны жасығандай бағыныштылық психологиясы белең алып, тозуы басталды... Атамекен, кіндік кесіп, кір жуған жеріне қимай қарайлап көзіне жас, көкірегіне шер толып, шетке кеткен қазақтар көп болды... Демографтардың есептеуінше, алыс және жақын шетелдерде 4,5 миллионнан астам қандастарымыздың жүруі кейде бір түрлі мұңға батырады... Неге десеңіз, ұлттық сезім – ең шетін, нәзік сезім. Оған күш қолдану – көзсіз соқырлық.

«Шөп шыққан жеріне шығады» дейді аталарымыз. Біздің қазақ қаншалықты «мың өліп, мың тірілсе де», өзін-өзі сақтап қала алған халық,



өте талантты халық. Мен айтар едім: өліге де, тіріге де бар жанымен беріліп, қызмет көрсететін мұндай халық, ер мінезді, көңілді де, қолы да ашық халық дүниежүзінен табыла қояр ма екен?!

Мен туған халқымды сүйемін. Сондықтан ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын. Береке-бірлік, тұтастық – жұбымызды жазбаудың кепілі. Ал қазақстандық елжандылық пен бауырластық, ұлттар достығы бәрінен жоғары тұруға тиіс. Тек тыныштық болса ғана «төбедегі төртеу» түгенделеді деп ойлаймын.

– Сіздің осынау тебіреністі ойларыңыздан ел тарихының қилы-қилы кезеңдері, жылаулы жылдары еске түсетіні анық. Шіркін, бір кездерде көш – қазақ үшін көңіл-күй, өмір салты еді-ау.

Тұрмысы мал шаруашылығымен байланысты халық жылдың төрт мезгілін төрт түліктің қамы, тіршіліктің заңы бойынша қозғалыспен өткізетін. Көктемдегі қозы көштен көк жайлауға өрлейтін кеуде көш, күздеу көш, қыстау көші болып қайталанып жататын. Бірақ жаңа Өзіңіз айтқан отарлық езгінің тепкісіне шыдамаған халық сәнді көштерінен көз жазып, атамекенін жат қолына тастап, қабағына қан қатып, ауа көшу қасіретіне тап болды... Сөйтін, бір бүтін қазақ жер бетіндегі ең бытыраңқы халыққа айналды. Тіпті Кеңес өкіметі тұсында шеттегі қазақтардың бәрі «шпион», «сатқын» саналды... Сол сенімсіздік ызғарының күні бүгін де кей реттері көрініс беріп қалатыны өкінішті. Әйтсе де тәубе дейтін күнге жеттік қой. Сіздің тікелей қамқор пейіл білдіруіңіздің арқасында өткен Дүниежүзі қазақтарының алғашқы Құрылтайынан бергі уақыт – ұлттық санамызда жаңаша бір сілкіністің барын сездіреді. Сол Құрылтайда Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылып, құрметті Төрағасы Өзіңіз болып сайландыңыз. Қазір Дүниежүзі қазақтарының күзде ашылатын екінші Құрылтайына дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соған байланысты пікіріңіз?

– Сәл қатқылдау болса да айтайын, «Отансызда опа жоқ». Бұрынғылар мұны біліп айтқан. Кезінде Египеттің сұлтаны болған Бейбарыс бабамыз Сарыарқаның жусан иісін неге сағынады? Мейлі сен патша, не қойшы бол, бәрібір... Атамекеннен табаның тайса – жетімексің...



Рас, екі қолға бір жұмыс қайдан болсын табылады. Тамағыңды тауып жерлік кәсіп, одан да тәуір қызмет те жолығар. Бірақ қара орманың – өскен еліңнің ортасында жүріп ішкен бір жұтым қара суға қайдан татысын ол? Құрылтай мінбесінен Атажұртқа ораламын деген қандастарымызға құшағымыз ашық деп айтқанмын. Бұл – әрине, жай айтыла салған сөз емес, түбін ойлап, қамымызды қарайластырып айтылған сөз.

Мен шетелге барған әр деңгейдегі сапарымда қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесіп жүрмін. Мысалы, Түркия қазақтары ақсарбас айтып қарсы алса, Моңғолия қазақтары да сондай ізгі тілек білдірді. Шынжаң қазақтарының да құрмет сезіміне бөлендім. Иран қазақтарымен де әңгімелестім.

Қазақтар тұратын елдің басшыларымен әр кездескен сайын бұл тақырыпта әңгіме қозғалып жүр. Бірақ дүниежүзілік саясаттың бүгешігесін дұрыс танып, халықаралық келісімшарттар мен заңдарды құрмет тұтқанымыз абзал. Мен қазақ көшінің 42 жыл бұрын, 1955 жылы Қытай Халық Республикасынан басталғанын, одан кейін жуық жылдарда Моңғолиядан еңбек шартымен жалғасқанын білемін. Қытайдан алдыңғы көшпен (1955, 1962 жылдары) туған Отанына оралған қазақ ағайындардың жан басы өсіп-өніп, бұл күнде миллионға жуықтаса, мұның өзі бір кезде әр түрлі себептермен сиреп кеткен қатарымыздың қайта толығы бастауы емес пе?! Ал Моңғолиядан, Ираннан елім деп, жерім деп жеткен бауырларымызға да қолдан келгенше көмектесіп жатырмыз.

Иә, қиыншылық жоқ емес, жеткілікті. Бірақ заңды атқарушылардың жауапсыздығынан «қолдан жасалынған» кедергілердің барлығы байқалады. Алдымен заңды белден басатындардың өздерін «белден» басып, тәртіпке шақыру керек шығар.

Жыл сайын Президент тарапынан бөлінетін квота сырттан көшіп келетін қазақ ағайындарға арналғанын түсіну керек. Кейбір шенеуніктер оны басқаша түсінетін көрінеді. Республика Үкіметінің 1992 жылғы №791 Қаулысындағы және «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңындағы қазақ диаспорасының өкілдеріне жасалатын жеңілдіктерді сезінбей жүрген құқық қорғаушыларға не деуге болады? Дүниежүзі қазақтарының екінші құрылтайы, менің ойымша, жетістіктерімізді де, кемшіліктерімізді де таразылап, әділ бағасын беретін, дұрыс шешім қабылдап, болашақты айқын елестете аларлық іскерлік

Құрылтайы болғаны жақсы. Бұл үлкен мәжілістің ойдағыдай өтуіне мемлекет тарапынан көмек көрсетіледі деп сеніммен айта аламын.

– Нұраға! Аспан түстес туымыздың астында жиналатын мезгіл жеткенін бұл күнде іштегі және сырттағы қазақтар да түгел сезіне бастады. Шамасы, бұдан 20-30 жыл бұрын жарық көрген талантты жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» романының отаншыл кейіпкерлерінің ат басын Қазақстанға тіреуінде үлкен мән бар. Қазір Отанын аңсап редакциямызға хат жолдаушылар көбейді. Мысалы, Ресейдің Қалмақстан өңірінде тұратын Өтепқалиев Орынғали: «...Қалмақстан жері мен Ставрополь өлкесінде 11 мың қазақ тұрады. Олардың жағдайы дәл қазіргі қалпында қала берсе енді 10-15 жылда өзге ұлтқа айналып тынады. Сондықтан атажұртымыз Қазақстан бізге көмек жасайтын болса, нақ қазір жасасын» деп өтінсе, Тольятти қаласынан екі кішкентай баласы бар, мүгедек қазақ әйелі: «...Біздей ғаріптерді әрі қазақ болып қалғысы келетіндерді елге көшіріп әкететін біреу табылар ма екен?» деп зарыға хат жолдайды. Мұндай жан ауыртарлық фактілер көп-ақ, қайсыбірін айтарсың? Мәселе – қиырда жүрген қандастарымыздың егемен елімізді арқа сүйеу көруінде болып отыр. Сондықтан көші-қон мәселесі өміріміздің кезек күттірмес ең өзекті мәселесіне айналғанын Сізге айтып жеткізуді өзімізге парыз санаймыз.

– Түсінемін. Өзінің байырғы қара шаңырағына, ата қоныс Отанына көшіп келген және көшіп келетін қазақ ұлтының өкілдерін немесе репатрианттарды аялап қарсы алып, көмек қолын созуымызды ешқандай дабырасыз табиғи құбылыс деп білемін. Өйткені олар бір кезде тағдыр тәлкегіне ұшырап мекенінен еріксіз ауа көшуге мәжбүр болса, енді ерікті түрде еліне оралуға тиісті емес пе? Елге ел келіп қосылса құт, әрине. Бірақ нақтылы жағдайда, әсіресе экономикалық, қаржылық мүмкіндігімізді есепке алмасақ болмайды. Себебі ауыл арасы емес, бір елден екінші елге қоныс аудару алдын ала келісілген жүйелі, мемлекеттік шараларды қажет етеді. Көші-қонға байланысты халықаралық құжаттардың да керекті тұстарын қажетімізге жаратқанның зияны жоқ, бұған дейін бізде өтпелі кезеңге сәйкес бір «Көші-қон туралы» Заң қабылданғаны белгілі.



Сірә, ол шала туған баладай жетілмеген болуы керек, тез ұмытылып, жүзеге аспай да қалды-ау. Осы тұста ескертетін нәрсе, шикілі-пісілі дүмбілез заң жасағаннан гөрі, жасамағанның өзі артық. Заңның нақты өмір туындысы екенін сезетін кезіміз жетсе де, біздің заңшылардың текетірес сөзі көп. Талассыз нәрсеге де қызыл кеңірдек болып жатады. Естуімше, Үкімет «Көші-қон туралы» жаңа заң жобасын Парламентке ұсыныпты. Айналып келгенде, Көші-қон ісі де халықаралық құқықтарға сәйкес, өркениетті заңға негізделуге тиіс. Ықпалды, пәрменді заңның жоқтығынан, ағайынның шағым-арызынан аяқ алып жүре алмайсың. Сондықтан «Көші-қон туралы» жаңа заң жұрт көңілінен шығатындай болып жасалсын деп тілейік. Бірақ Президентіміз құр тілекші екен деп қалмасын ағайын. Біздің құқықтық мемлекет құрып жатқанымыз айқын. Шетелден көшіп келіп, елде тұрақты тұратын азаматтар Қазақстан Республикасының Жер Заңына сәйкес бау-бақша шаруашылығын жүргізуге және жеке тұрғын үй құрылысын салу үшін жер учаскесін алуға жағдайы бар.

Одан басқа, шаруа қожалығын жүргізу үшін жер пайдалану құқығымен жер учаскесін алу мүмкіндігі берілген.

Қала мен елдімекендердің тұрғындарын жермен қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың қарамағында арнаулы Жер қоры құрылған. Шеттен келген ағайындарға 99 жылға дейін өз балашағаларына аманаттап кететіндей етіп жерді арендаға беруге болады. Мұнымен қоса сырттан көшіп келген азаматтарға бюджеттен жыл сайын ақша бөліп беріп отырмыз. Ал Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Жарлықта: «Қазақстан аумағынан саяси себептермен кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтары, егер олар тарихи Отаны ретінде тұрақты тұру үшін Қазақстан Республикасына қайтып оралған болса, олардың бес жылды күтпей-ақ азаматтық алуына болады» деп жазылған. Мәселе заңды бұлжытпай орындауда жатыр.

Иә, қай кезде де ел үшін, жер үшін, ұлттық намыс үшін күрескен адам оңай байлық пен дүниеге, көкірегіне жел бітіретін жалған атақ-даңққа құмартпаған ғой. Егер де шын азамат болсаң, еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан-теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жер иесі, ел иесі өзің екеніңді ойла. Бейбіт күннің әр минутын бағала,

тәуелсіздігімізді беріктеп бекіте түсуге үлес қос. Сырттағы және іштегі қандастарым осы айтқандарымды көңілдеріне түйіп алса екен.

– *«Бойда қуат, ойда көз» барында сөзге қарымтасы кетпеген халқымыз қашанда сөз асылын тани да білген ғой. Көші-қонға, алыстан жан өксітіп жүрген бауырларымызға байланысты толғамыңыз көкейтесті көп күйдің тиегін ағытып жібергендей. Біздің ойымызша, «Көші-қон туралы» жаңа заң қабылданғанның өзінде, көші-қон ісін реттеп отыратын және Сіз бөлген квотаның дұрыс жүзеге асырылуын қадағалайтын арнайы департамент пе, қалайда бір құзырлы мекеме керек сияқты. Себебі қазақ көші ұлы көршіміз Қытай жақтан да, Ресей мен Моңғолия тарапынан да және іргеміздегі өз ағамыз – Өзбекстан жақтан да төбе көрсетіп тұрғандай... Атамекенге оралуға тілек білдірушілер саны күн санап артуда. Осыны ескере келе, жұртыңыз түпкілікті шешімді Сізден күтеді.*

– Іштегінің бәрі сыртқа шыға бермейді ғой. Жатсам-тұрсам ел тірлігі, көп ұлтты Қазақстанның тыныштығы көңілімнен де, көз алдымнан да кетпейтін маған енді басталып кеткен қазақ көшінің тағдыры тіпті де оңай сезіліп тұрмағанын айтқым келеді. «Ай тақырға қонар ауылыңды абайла» деген сөз бар. Жырақтағы жұртың жаутаңдап қарап отырса, кісінің жаны қайтіп жай табады? Көші-қон ісі шынында да біздің еліміз үшін ең басты проблеманың біріне айналғаны шындық. Мына ежелгі досымыз Ресейдің өзі шеттегі орыстар мен орыс тілділерді қанатының астына мықтап ала бастағанын ескерсек, диаспораға қамқорлық ісі – өркениет ісі екені айдан анық. Біз де көші-қон мәселесін мемлекеттік деңгейге көтеруіміз әбден заңды. Тек көші-қон ісімен айналысатын, Үкіметке не Президентке тікелей бағынатын құзырлы бір орталықтың құрылуын заңды деп санаймыз. Мүмкіндігіне қарай ондай орталық та шаңырақ көтеріп қалар деп үміттенемін.

– *Рахмет, Нұраға! Дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақ бір күнде көлігін сайлап, көшеді демесек те, оларға мекендеп тұрған жерінде де рухани көмек көрсетуіміз керек екені уақыт талабы. Әсіресе шеттегі қазақтардың балаларын оқыту ісіне айрықша көңіл бөлінсе орынды. Мәселен, Өзбекстандағы 800 қазақ мектебін оқулықтармен қамтама-*



сыз ету бұл күнде бұлттан сүт дәмемкендей әсер қалдырса, Қытайдағы қазақтардың балалары өз ана тілінде орта мектеп көлемінде оқуға ғана мүмкіндігі бар болып отыр. Күн өткен сайын тілдік орталары тарыла түсуде. Ресейдегі қазақ балаларының көпшілігі «орыс тілді» ұрпаққа айналса, әр елдегі жазу-сызудың өзгешелігі де диаспораның өркендеуіне керісінше әсер етуде. Туған Отанынан алыстап кеткендерді айтпаса да түсінікті. Осы мәселелердің еларалық келісімшарттар негізінде тезірек қолайлы шешімдер табуы қажет шығар?

– Ұлы тіл ғалымы Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының екі үлкен байлығы: байтақ жері және бай тілі бар деген еді. Осы екі байлықты жоғалтып, құртып алмай, бүгінгі күнге жеткен біздердің бақытымыз таудай екені талассыз. Мұхаммед пайғамбар: «Білімді Қытайдан болсын үйрен», – десе, сол білімнің аумақты бір саласы – тіл үйрену емес пе? Әр елдегі қазақ әр елдің тілін мықтап игерсе, ол – білім. Он шетел тілінде сөйлесе тіпті жақсы. Бірақ он шетел тіліне орап, ана тілін тұншықтырып көміп тастасаң – ол кешірілмес күнә. Сол себепті де мемлекеттік тіл – біздің мемлекетімізді құлатпай ұстап тұратын бір мықты діңгек екенін ұрпақтарымыз біліп өсуге тиіс. Осыған орай халқымыз пайдаланған үш әліпбиді игерсек, нұр үстіне нұр емес пе? Біздің халқымыз жайлы жазылған талай құнды тарихнамалар араб, парсы архивтерінде жатқаны ақиқат. Сондай-ақ әлемдік өркениет жазуы – латын әрпіне көшуді ойластырсақ та артық емес. Түркі халықтарына ортақ әліпби болса жақсы ғой. Әрине, біздер үшін қазіргі басты мәселе – жазуды тезірек өзгертуде емес, тезірек экономикамызды нығайтып алуда. Жоғарыда айтылған шетелде тұратын бауырларымызға рухани мәдени көмек те қаржысыз жүзеге аспайды. Оқулықтар, басқа әдебиеттер басып шығару үшін де қаржы керек. Ал еларалық келісімшарттардың өзі «қаржы тілімен» сөйлейді.

Түптеп келгенде, сырттағы және іштегі жас ұрпақтардың өмірлік мүдделерінен аяп қаларымыз болмауға тиіс. Қолдан келгеннің бәрін жасайтын боламыз.

– *Нұраға, «Қазақ Еліне» уақыт бөлгеніңізге зор рахмет!*

**«Қазақ Елі» газеті,
1997 жылғы 18 сәуір**

УАҚЫТ ЖҮКТЕГЕН АМАНАТ БАР...

– Қадірлі Президент, халқымыз қашанда қара қылды қақ жарар адал, әділетті, тура сөзге, ақиқат сөзіне жүгіне білген ғой. Оған өзіңіз басқару ісіне араласып, мемлекет тізгінін қолға ұстаған жолыңызда әлденеше рет көз жеткіздіңіз. Елдің демеуі мен көптің қолдауынан қасиетті де қуатты, аруақты күштің жоғын осы жылдар ішінде Сіз де, Сізбен бірге республика жұртшылығы да талай аңғарып, сезінді. Шүкір! Соның арқасында елде – тыныштық, тәрімізде – Ата Заң, көгімізде – Азаттықтың көк байрағы. Ордабасыда өткен ұлы жиын да сол елдігіміздің, тұтастығымыздың тайға таңба басқандай белгісі емес пе?!

Ендеше, сөз басын осы елдік, тұтастық, тәуелсіздік ұғымдарынан бастасақ па деймін. Қарсы болмасаңыз...

– Мен сөйлеген сөздерімнің қай-қайсысын, кешегі Ордабасыда, осыдан бір жыл бұрын Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында айтылған әңгімелерді еске түсірсек, тіпті халықпен жиі болатын кездесулер мен күнделікті ақпарат хабарлары арқылы берілетін интервью, сұхбаттардың барлығының өзегі осы тақырып екені жұртқа белгілі. Талай айттым. Тағы да қайталап айтамын, бұл – ең әуелі, бүкіл қазақ халқының алдында тұрған күрделі тарихи кезең. Бәріміз айтып жүрміз: ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық. Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау. Бұл мақсат жүзеге аспайынша, азаттығыңыз баянсыз. Бәрін толық қолға алдық, сонымен дербес болдық деп айтуға болмайды, аяғымыздан тік тұрып кеттік деп айтуға да ерте. Шындығында, тәуелсіздіктің сыртқы атрибутикасының барлығы жасалған сияқты. Мемлекеттік тәуелсіздікті заңды түрде сайланған Жоғарғы Кеңесімізде жарияладық. Заң қабылдадық. Содан бері де



бірталай жұмыс істелді. Мұның бәрі – бұрын тарихымызда атқарылмаған ұлы істер. Саясаттың тізгіні өз қолымызға көшті, Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап дүниежүзілік ұйымдардың барлығына дерлік мүше болдық. Қазір 120-дан астам мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас орната бастадық. Бұрын ешкім білмесе, енді Қазақстанның іргелі ел екенін дүниежүзінің көптеген елдері біле бастады, тани бастады. Елшілік қатынасқа шыққан мемлекеттерді аралап, қайыра шарт жасасып, бұрынғы Одақ кезінде қол қойылған құжаттардың бәрін дербес, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің талаптарына сай жүйелеуге, ыңғайлауға тура келуде. Дербес мемлекет болған соң, сыртқы байланыстардың барлығы да осы өз еліміздің қажетіне орай экономикалық, саяси, дипломатиялық қарым-қатынастар дәрежесіне көтерілуі керек. Бұл – әлемдік тәртіп, азаттықтың айғағы. Дербестігімізді дәйектілей түсер рәміз-белгілеріміз – Елтаңбамыз, Әнұранымыз, Туымыз – тәуелсіздіктің атрибутикалары. Бұлар да тәуелсіздік мұратының жемістері... Бүгінгі таңда нағыз тәуелсіздікті танытар ендігі бір басты белгі – экономикалық дербестік.

– Нұраға, тәуелсіздік атты ұғымның басты шарттарының бірі – мемлекеттің саяси дербестігі болса, екінші ірі шарты – Сіз айтқалы отырған экономикалық дербестік. Осы екеуі жөніндегі ойларыңызды таратыңқырап айтсаңыз?

– Екеуін бір-бірінен ажыратуға болмайды. Бұл екі ұғымды бірінсіз бірін елестету қиын. Сондықтан екеуі бірдей болмаса, нағыз тәуелсіздік те болмайды. Алғашқы сұрақтың жауабын аяқтай келе айтарым, ең алдымен, бірлік керек. Ел тыныш болса, Елбасының да жаны тыныш болады, тыныштық Назарбаев үшін ғана керек деген шолақ ойдан аулақ болған жөн. Тыныштық әуелі елге керек. Бұл – мен болайын, басқа болсын, кез келген Президенттің мақсаты. Халық осыны ұғуы тиіс. Мемлекеттік идеологияның да, ұлттық идеологияның да басты мұраты – осы. Мұндай мұраттан қорқуға болмайды. Мұнсыз ел болу, жұрт болу, болашақта қай жолмен жүретінімізді анықтау қиын.

«Коммунизм құрамыз» деп айғайлап, біраз даурығып көрдік. Оның ақыры қайда әкелді – білесіздер. Елді болашаққа алып барар жаңа

сипатты жол таңдау оңай емес. Біз таңдаған жол – әлем елдері өткен жол. Ол – нарықтық қатынас жолы. Нарық экономикасы дегеніміз не? Демократия деген не? Демократиялық мемлекет дегеніміз не? Әр адамның құқын сақтау дегенді қалай ұғамыз? Міне, осының барлығын түсіндіретін, халыққа ұғындыратын идеология бізге ауадай қажет. Ордабасыда айтылған сөзіме оралғым келеді, бірлік пен ынтымақ, ең бірінші, өзімізге – қазақтарға керек. Бұл – ұлт болашағын айқындар ең негізгі, өзекті, тамырлы мәселе. Егер де қазақ халқы өзінің ауызбірлігі мықты болып, республикамызда тұратын басқа халықтарға қамқор бола алмаса, үлгі көрсете алмаса, мемлекетті қиын жағдайға ұрындыруымыз хақ. Қазақ халқының өз ынтымақ, бірлігі мықты болмайынша, мемлекетіміздің тұтастық келбетін сақтау мүмкін емес. Бұл – тек қазақтар ғана орындай алар ұлттың тарихи зор миссиясы. Бұл миссияның жүзеге асуына да, әсіресе қазақтар мүдделі болуы тиіс. Сондықтан ертеден сүйегімізге сіңген, патша өкіметінің тұсында, кейін кеңестер кезінде де жекегімізден кейін тартып, ұлтты іштен ірітіп келген сұрқия саясаттан арылуымыз керек. «Бөліп ал да – биле!» дегенге саяр бұл саясаттың астарында не жатқанын ұғар кезге жеттік емес пе?! Тұтастыққа сына болып қағылар осы саясат жасаған мінезден ұрпақты құтқару – сіз бен біздің міндетіміз. Байыптап қараңызшы, «ана жүз, мына жүз» деген шартты құрылым болғанымен, қазақтар ешқашан түбегейлі бөлінуге бармаған ғой. Ондай бөліну ешқашан болған емес. Біздің бабаларымыз жауына қарсы шыққанда да бірге болған. Тіпті таңғаласың, Оңтүстіктің батырлары қолын бастап, сонау Жайықтың жағалауын жаудан қорғауға барса, Батыстың марқасқалары Тарбағатай мен Жетісудың жерін ата-жауынан тазарту үшін алысқан. Солтүстікте жатқан ерлеріміз Қаратау мен Сыр үшін кеуде тосқан. Қазіргідей не теміржол, не ұшақ, не мәшине жоқ, қалай барған деп ойлайсың осы күнде?! Ешкімді ешкім не қорқытып, не үркітіп жинамаған, бәрі де өзінің еркіменен, жүрегінің қалауымен барған. Әділетті соғыс, әділетсіз соғыс деген ұғым тарихта бұрыннан бар. Ол туралы ұлы отандасымыз – Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармаларының ішінде кездеседі. Кейін бұл сөзді Лениннен де оқыдық. Көріп отырсыздар, мұны біздің бабаларымыз баяғыда-ақ айтып кеткен. Ер-азаматтар ерге қонып, жанын шүберекке түйіп жүріп, елі үшін, жері үшін айқасқан. Әділетті соғыс демей көріңіз. Бұл – біреудің



жерін жаулап аламын, байлығын тартып аламын дегеннен туған қиянат соғыс емес, әділетті соғыс. Әділетті соғыстың рухы әрқашан күшті болады. Өйткені оның төркінінде елді, жерді қорғау принциптері жатыр. Бірлік пен ынтымақтың осындай үлгілерін ел ұмытпауы керек.

– Тарих сабағы айтар тағылымдарды ұмыту ұлттың соры емес пе?!

– Менің ойымша, біз қазірде осындай бір тарихи кезеңде тұрмыз. Бұл кезеңнің жүгі де, салмағы да ауыр. Ыдыраған кеңес империясының орнында қалған елдермен бұрынғы туысқандық саясатымызды жалғап келеміз. Дегенмен жан-жағымыздың бәрі толқымалы. Ауған шекарасы анау. Кавказ жанартау секілді. Ресей тәрізді алып елдің көп жағдайы күмәнді. Іштен ыдырап, сөгіліп тұр. Мұның бәрі Ресейдің мемлекеттік тұтастығын шайқауда. Құрылымдық байланыстар конфедеративтік сипат алуда... Қалай дегенде де солтүстігімізді жайлаған ұлы елмен жақын болуымыз керек. Халықты өкімет билігі үшін жүріп жатқан жанжалдың құрбаны етуге болмайды. Бұл арада халықтың кінәсі жоқ. Халыққа керегі – орнықты, тыныш өмір. Орысқа да, қазаққа да, украинға да, грузинге де... Тыныштық, түсіністік керек. Мұны мен біреуге жағынайын деп айтып отырған жоқпын. Түптеп келгенде, халқымыздың мүддесін ойлап айтып отырмын. Кіммен дос болу, кіммен жақындасу, кімнен өзінді алысырақ ұстау – ұлтты сақтаудың кепілі. Осының бәрі, айналып келгенде, ат төбеліндей азғантай елдің тағдырын тәлкекке түсіріп алмай, бүгінгі ішкі, сыртқы тығырықтан аман алып өтудің қамы. Беті аулақ, Тәжікстан трагедиясы, байқамаса, Орталық Азияның басқа республикаларында болмайды деп айтуға кім кепілдік береді? Жан-жағымызда отырған көршілердің саясаты әр түрлі, әрқилы. Әр мемлекет өзінің мүддесін ойлауға тиіс. Әр мемлекет басшысы бірінші кезекте өз елінің мүддесін ойлаған тұста басшылар арасындағы қарым-қатынаста, елшіліктің ресми түрдегі қарым-қатынасы да бәрі, ең әуелі, мемлекет мүддесіне қызмет етуге тиіс. Бұл – баяғыдан, бағзы күндерден келе жатқан жазусыз қағида...

Иә, ел бірлігі – ең асыл қазына. Бұдан, әрине, тегіңнің кім екенін білу міндет емес деген ұшқары пікір тұмауға тиіс. «Жеті атасын білмейтін жетесіз» дегеннен сақтасын. Әр адам өзінің тегін, шыққан жерін білуі

керек. Бабаларының ішінде батырлар болған болса, ол еліне қызмет істеген болса, оны неге мақтан тұтпасқа?! Суворовтың тұқымымыз деп жүрген орыстар осы күні аз ба? Пушкиннен, Лермонтовтан, Толстойдан шыққанбыз деп жүргендері де аз емес. Бірақ та олар біз секілді аталарын бөліп, бөлшектеніп жүрген жоқ. Осының өзі біздің мәдени өреміздің әлі де толмай, толыспай жатқандығынан хабар айтады. Бұл – екінші нәрсе. Амал жоқ, ащы да болса шындық...

– Елдік тұтастығымызды қойып, ұлт, халық ретінде ойлаудан айырылып қала жаздағанымыз да өтірік емес қой. Сіз айтып отырған кемшіліктердің бір ұшы сонда жатқан жоқ па?

– Несіне жасырамыз, «ақтандақ» кезеңдер тарихымызда аз болған жоқ... Мен он жетінші жылғы төңкерістен кейінгі 73 жыл қазақ халқына тек қана жаманшылық пен қиянат алып келді деуден аулақпын. Кеңес дәуірінің ел өмірінде, халық тіршілігінде қалдырған күнгеі де бар, көлеңкесі мен қасіреті де жеткілікті. Ол туралы тарих өз бағасын бере бастады. Әлі де бере жатар. Басқасын айтпағанда, 20-жылдар мен 32-34-жылдар аралығындағы қолдан жасалған аштықты қалай аттап өтуге болады? Бұл нағыз ойланып отырып жүзеге асырылған геноцид қой. Мен солай деп ойлаймын... Ал енді Қазақстанды мемлекет деп жариялай отырып, сол ел басшыларының көзін бақырайтып қойып, тізеге салып, Кеңес Одағының тұсында Қазақстан жерінің – ұлы Абай дүниеге келген қасиетті топырақтың атом қаруын сынайтын полигонға айналдырылуын не деуге болады? Мұның төркінінде не жатқанын дәлелдеудің қажеті шамалы. Бір сөзбен айтқанда, осының өзі империялық жүгенсіздік пен зорлықтың айғағы емес пе?!

Осындай бір «жүгенсіздік» менің де есімде. Үкімет басшысы болып тұрған кезім. Ракеталарды жою үшін Сарыөзектен жиырма мың гектар жер бөліп бер деп бір топ генерал сау ете қалды. Мен: облыста Шаухаманов деген атқару комитетінің басшысы бар, сол біледі, беремін десе аласыңдар, бермеймін десе, алмайсыңдар дедім. Генералдар реніш білдірді. Орталық қаулы қабылдағанын айтты. Ол кезде КСРО әлі бар еді. Мен білмеймін деп кесіп айттым. Содан әлгілер Сейілбек Шаухамановқа кетті. Мен Сейілбекке телефон соқтым да



айттым: «Жігіттеріңді жина, халықтың барлығын сол жерге алып кел-дағы, өздеріңнің талаптарыңды қой» дедім. Сөйтсек, әлгі шірікіндерге 20 мың гектар емес, бір мыңдай гектар жер керек екен. Ал олар Семейдегі ежелгі әдіске басып, малшы-шопандардың барлығын көшіріп, ол үшін көк тиын төлемей-ақ ен жатқан жерді қоршап алып, еркін жайламақ болған. Ауызбірліктің арқасында бұл ойлары жүзеге аспай қалды.

– Ол тәуелді кездегі психология. Ендігі қарым-қатынас бөлек қой. Бұл туралы не айтуға болады? Сыртқы саясатқа қырағылық қажет-ақ.

– Әрине, сыртқы саясатты бақылайтын жігіттеріміз бар. Барлық жайдан хабар алып отырамыз. Жағдайды айттым, бірқалыпты емес, толқымалы. Ресей басшылығы төңірегінде де ескі көзқарасты ұстанушылар жоқ емес. Жүз жылдар бойы қалыптасқан «билеп-төстеу» ауруынан тез сауыға қою мүмкін бе? Мүмкін емес. Қайсыбір шовинистік дертке бой алдырған топ өкілдері әлі де баяғыдай болғанды көксейді. «Тарихтан қалған сабақ бар, қазақтарды тізгіндеудің жалғыз жолы – айдап салып, алыстыр да, билей бер, деген орыс патшасы заманынан қалған неше жүз жылдан бері келе жатқан ескі саясатты жүргізсек болды» деушілер де солар. Бірді бірге айдап салып, ұрит-соқпен ел ішін алауыздықта ұстау, топқа, жікке бөлу, билікке таластыру... Қарсы шық, ақшаны саған төгеміз, сені халыққа басшы ғып сайлатамыз деген тәрізді алдаусырату принципі әлі бар. Мұның аржағында Қазақстанды көктету емес, көктей солдыру әдісі жатыр. Аузымыз күйетіндей кез болды ғой. Бұл туралы, әсіресе қоғамдық пікір қалыптастырар саяси партиялардың құлағында жүрген азаматтар мықтап ойланулары керек-ақ.

Қан – көзсіз жау. Қаннан сақтасын. Басқа салмасын, анада Тәжікстанда қырғын соғыс болғанда тәжіктің бастығы маған: қанаттарыңа алсаңдаршы бізді, не Қазақстан, не Өзбекстан қолын созсын, тіпті Ресейді паналайық деді. Тәжік халқы қырылатын болды деген өтініш білдірді. Ондай жағдай біздің басымызға түспесіне кім кепіл?! Сондықтан да сыртқы, ішкі саясатта да сақ болуымыз керек. Айдап салудан абай болайық. Кейбір азаматтарымыз сонау алыс шетелдерде немесе Мәскеудегі құрылған әр түрлі қоғамдардың ішіне кіріп, неше түрлі қорлар-

ды ұйымдастырып жүреді. Жүрсін, ұйымдастырсын, бірақ солардың қай-қайсысы да Отан тағдырына қызмет етер ауызбірлікті ешқашан естен шығармаулары тиіс. Сонда ғана Қазақстан басқаларға сыйлы болады. Сонда ғана басқа ұлттар бізбен санасады. Тіліміз де дамиды. Дініміз де өрлейді. Саясатымызға да қанат бітеді.

– Тәуелсіздік жолы тар, тайғанақ екеніне көзіміз жетіп келеді. Сіздің Елбасы ретінде айтып отырған терең толғаныстарыңыз да соны дәлелдеп отыр. Бұрын бодандықта болған тәуелсіз жас мемлекеттің тез нығайып, өркендеуі, бүгінгідей өтпелі ауыр кезеңнен халықты қажытпай, жүдетіп алмай алып өту үшін Үкіметтен – атқарушы биліктен көп нәрсе талап етіледі. Соңғы айтулы жиындардың бірінде Сіз Дағдарыстан шығу бағдарламасының орындалуына орай, Үкімет пен Үкімет мүшелерінің біразын қатты сынға алдыңыз. Көп нәрсеге көңіліңіздің толмайтынын ашық айттыңыз. Осы әңгімені әлі де нақтылай түсуге болар ма еді?

– Бұл мәселенің бір ұшы жаңағы экономикалық тәуелсіздікте жатыр. Жалпы, қарапайым халық жағдайды толық біле бермейді. Түсіндіре білуіміз керек, елдің барлығы «анау айтты, мынау айттыға бой алдырмай, неге де сауатты, салауатты қарағаны жөн-ақ. Басшыларға берілер баға да нақ, дәл болса деймін.

Әуелі экономикалық дағдарыс туралы бір-екі ауыз. Кезінде Кеңес Одағында коммунистік партияның Орталық Комитеті Мәскеу арқылы өзінің саясатын жүргізді. Ол саясатты барлық мекемелер мүлтіксіз орындап отырды. Бәрі жоспарлы түрде «жоспарлау» принципімен жүзеге асып отырды. Осы саясат бойынша Кеңес Одағының жері біртұтас мемлекеттің жері болып есептелді, ал экономикасы біртұтас мемлекеттің экономикасы болды. Дербеспіз дегенімізбен, әлі де сол көріністен ұзаған жоқпыз. Қараңыздар, Қазақстанның экономикасы әлі сол баяғыдай Кеңес Одағы экономикасының бір тармағы сияқты. Неге? Бірінші мысал, теміржолдың бәрі Кеңес Одағының саясатына орайластырып салынған. Қазақстаннан сыртқа шығатын бірде-бір жол болмаған. Шүкіршілік айтайық, тек тоқсаныншы жылы ғана әзер дегенде Достық стансасы арқылы кішкентай теміржол өткіздік. Енді Орталық Азия



арқылы Иранға шығатын теміржолды келесі жылы іске қоссақ деген үміттеміз. Мінеки, Каспий арқылы да осыдан бес күн бұрын Ираннан Ақтауға ең бірінші кеме келді. Бұл дегеніміз не? Бұл ондаған миллион тонна жүкті теңіз қатынасы арқылы Оңтүстіктің жылы теңіздеріне алып шығуға мүмкіндік туады деген сөз. Еркін елдің қолы да байлаусыз, еркін болуға тиіс қой деп ойлаймын.

– Әлбетте. Осыған дейін әр қимылымыз түгілі, әр сөзіміз бен ісімізді де «тұйықтап» келген саясаттан құтыла қою оңайға соқпасы анық.

– Бұл әдейі жүргізілген саясат. Дұрыс айтасың, бұл «тұйыққа» байлау саясаты. Сондықтан Ресейсіз де, басқа ТМД елдерінсіз де өз жағдайымызды өзіміз түзеп әкете қоямыз, жеке өмір сүре аламыз, өз экономикамыз, құдайға шүкір, өзімізге жетеді деп айтсам, шындыққа жанаспаса еді. Ал солай делік. Сонда ертең заттарымызды қайда апарамыз? Қалай, немен апарамыз? Міне, мәселе қайда? Бұл бір деңіз. Екіншіден, құдайдың берген жерінің кеңдігінің арқасында, оның қойын-қонышындағы қазына-байлығының арқасында республикадан түсті металл өндіретін баяғы Балқаштан бастап жиырма шақты үлкен-үлкен өндіріс орындарын салдық. Өркениетті елдердің үлгісі бойынша мыс шыққан жерден мысты балқыту зауыты да салынуға тиіс емес пе? Бұл бір жағынан үнемді. Жеке мемлекет үшін де тиімді. Ал бізде қалай? Жаңағы қара мысты сонау Санкт-Петербургке дейін апарып жүрміз. Бәрі тиімді-тиімсізіне қарамай-ақ, әкімшілік жүйесінің ақша санай білмейтін иесіздігі мен қырсыздығынан болды. Өйткені ешкім де өзі шығарып, шығынданып жатқан жоқ. Бәрі өкіметтің мойнында... Егер сәл басқаша ойлап, нағыз қожайынның көзімен қарап, Балқаштың іргесінде мыстан прокат шығаратын немесе сым жасайтын, кабель жасайтын, тағы да басқа неше түрлі керекті бұйымдар жасайтын зауыттар ашса, зауыт өнімдерін сыртқа шығарып сатса, бағасы да жоғары болар еді ғой... Жоқ, баяғы «қол байлау, жол байлау» принципімен Балқаш мысы ышқынып, күшеніп, алысқа кетіп жатты. Республика тек шикізат шығаратын қоймаға айналып қала берді. Мысалы, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатын алайық, мұның да барлық өнімдері тікелей Оралдағы Магнитогорск комбинатына барады. Ал егеменбіз, шикізатымызды бермейміз дейікші, сонда қайда апара-

мыз? Магнитогорскіні тоқтатып қойсақ, ондағы 50 мың адам не істейді? Қым-қуыт, күдігі көп жүйе. Мысалы, өзіміздің Қарағанды металлургия комбинатына Лисаковскінің байытылмаған, ішіндегі металының құрамы да аз шикізатты алып келіп береді. Ал мына қымбатын сыртқа шығарады. Көрдіңіз бе? Екібастұзды алайық. 80 миллион тонна көмір шығарамыз. Соның 40 миллионы Ресейге кетеді. Әзірше сатсаң да сатасың, сатпасаң да сатасың. Өйткені бұл көмірді Ресейден басқа жаққа алып барар темір жол қатынасы жоқ. Не істейсің? Тоқтатасың ба?! Онда «Шөп қорыған иттің» кебін кимейміз бе?! Оның үстіне, бұл өзімізден артылғаны. Оны Украинаға да, Түркияға да, Қытайға да таси алмаймыз. Кеңес кезіндегі бір орталыққа бағынған жоспарлы құрылым бәрін бір-біріне байлап, матастырып, тәуелді етіп қойған.

Бұдан шығудың жолы бар ма? Бар. Біз оны қазір бағдарлап отырмыз. Мысалы, екі ферросплав зауытымыз бар. Хромды тек руда күйінде сыртқа шығармай, осы екі зауытқа әкеп қорытып, тым болмаса қоспа ферросплав түрінде шығаруымыз керек. Сонда бағасы да басқа болады. Екінші жол. Соколов-Сарыбай комбинатының рудасын Қарағанды металлургия комбинатына бұру керек. Сонда ондағы өнімнің де өзіндік құны кемиді. Металдың бағасы төмендеп, бәсеке майданына ене алады. Сөйтіп, өндірістің барлығын бері қарай бірте-бірте өзімізге бұрып алуға болады. Ол үшін уақыт керек, жаңа өндірістер салу керек. Бұл мәселе де ептеп дұрыс жолға түсіп келеді. Амандық болса, жақын арада Балқашта кабель шығарамыз.

Өндіріс технологиясын заманға бейімдеу керек. Айталық, Павлодардағы алюминий жасайтын зауыт тек қана шикізатты Новосибирскіге, Иркутскіге беріп отыратын. Ол жерден шикізат алюминийге айналады. Егер өзімізде зауыт сала қалсақ, қалай саламыз? Кеңес үкіметінен алған ескі бөлшектермен, жабдықтармен саламыз ба? Бұл тиімсіз. Олай болса, артта қалғанымыз, қалған. Жылжуымыз қиын. Жаңа заманға ілесу үшін шетелдік инвесторлардың көмегі керек-ақ. Солардың құрал-жабдықтарымен жасау керек. Солай жасап та жатырмыз. Сонда ғана біздің өндірген затымыз дүниежүзілік саудаға шыға алады.

– Әлемдік кеңістікке шығудың қиындықтары да көп болар? «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» демеуші ме еді халқымыз...



– Қиындық көп. Сол көп қиындықтың бірі – осы күні жалақы төлейтін ақшаның жетпеуі. Бәріміз білеміз, ақшаны шығарып отырған Ресей. Өз ақшамызды шығара қойсақ, бәрі орны-орнына келеді деушілер де бар. Ал шығара қойдық. Сонда әлгіндей алмағайып қарым-қатынастың арасында отырып, бір-бірімізбен қалай, немен есеп айырысамыз? Кіріс-шығысты қалай жасаймыз? АҚШ валютасымен бе? «Арқа еті – арша, борбай еті – борша» болып тұрған инфляцияның кезінде қате жүріс, асығыс қимыл жасау – елді орға құлатумен бірдей. Өз ақшамыздың айналымын қамтамасыз ететін тауар болмай, өйтіп тәуекелге баруға болмайды. Ақшаға жасалып отырған тосқауыл – қолдан жасалынып отырған дүние. Шынын айтсақ, Ресейдің басшылығының сөзі мен ісі кереғар бола бастады. Жоғарыдағылар төменгілерге сөзін өткізе алмайды. Тізгінді беріп қойып отыр. Кеше ғана біздің Премьер-министріміз Терещенко орынбасарларымен Мәскеуге барып, істің байыбына тағы да көз жеткізе алмай келді. Мәскеу біздің өндірістердің ақшаларын неге өткізбейді деген сауалға жөнді жауап ала алмаған. Бәрі уәдеге шебер. Ал жер-жерден, облыстардан жіберілген ақшалар банкіде қозғаусыз, Мәскеудің қақ төрінде зауыттарға жіберілмей жатыр. Бұл жараспайтын әрекет...

– Нұреке, осыдан туындайтын тағы бір сұрақ: Минскідегі кездесуде өзіңіз ұсынған «біртұтас сом аймағында» қалу жөніндегі концепцияңызға алып-қосарыңыз бар ма? ТМД елдерінің үкіметтері Қарағанды кездесуінде де, Ақмолада болған басқосуда да ұғынысқан тәрізді еді ғой. Ал енді іс жүзіне келгенде тағы да басқаша болғаны қалай? Әлде бұл әрекеттердің тасасында біз біле бермейтін басқа мақсаттар бар ма? Ресей тарапынан жасалынып жатқан «үнсіз блокаданы» қалай ұғынуға болады? Астарында не жатыр? Артында кімдер тұр деп ойлайсыз?..

– Дұрыс сұрақ. Бірақ бұған төте жауап табу қиын. Манадан бергі айтқан жалпы саясат туралы болжамдардың ішіндегі біраз нәрсені қамтыған сияқтымын. Шынында да, ТМД мемлекет басшыларының кездесіп шешетін мәселесі қақындағы сөздері бір болады да, ал жүзеге асуы әрқилы. Мысалы, қол қойған мәселелерімізді біз, Қазақстан, орындауға тырысамыз. Ешкімді ренжіткіміз келмейді. Өкінішке қарай,

Ресей, Украина, Беларусь басшылықтары тарапынан қол қойған қағаздардың көпшілігі қағаз күйінде қалады. Себебі – оларда келісім аз. Мысалы, менің байқауымша, Ресейдің басында бірнеше өкімет бар сияқты. Әрқайсысының өз саясаты бар, Ельцин, Черномырдин мырзалармен қарым-қатынасымыз жақсы, Қазақстан жағдайын дұрыс түсінеді. Ресей үшін Қазақстан ең жақын дос мемлекет, сіздерден біз ештеңе аямаймыз, кеденді жаппаймыз, қарым-қатынасымыз ашық болады деп сөз береді. Кеше ғана телефон арқылы Ельцинмен сөйлескендегі сөзім де осы болды. Ал енді төменірек Үкімет басшысының орынбасарларына, министрлерге барсаңыз, олар жүргізіп отырған саясатта ауытқу бар. Тоқтап тұрған Ресей зауыттары мен банкілерде қозғаусыз жатқан біздің ақшалардың айыбы дәл солардың мойнында. Әрине, қарыз туралы айтсақ, екі ел жағында да біраз қарыздың бары рас. Ресейдің зауыт-фабрикалары біздің зауыт-фабрикаларға 170 миллиард сомдай қарыз болса, біз де оларға 200 миллиардтай қарызбыз...

Менің ойымша, үкіметінен гөрі, Ресей аймақтарымен тікелей қарым-қатынас жасау тиімді секілді. Үкімет араласқан жерде саясат жүреді, ал саясат бар жерде, өзіңіз айтып отырғандай, «үнсіз блокада жасау» тәрізді бірдемелер болады.

Орыс ақшасының «тұтас сом аймағы да» осындай неғайбыл күй кешуде. Мұнда да басы түйіспей жатқан нәрселер бар. Әлі нақты нәтиже болмай тұр. Экономикалық одақ жөніндегі байсалды сөз, басалқы пікіріміздің алды тұманданып тұр. Жанға осы жағы батады. Мұның ақыры арандатуға апарып жүрмесе екен деп тілеймін. Ең ауыры сонда болады. Түптің түбі, ТМД-ның ыдырауы Ресейдің өзінің ішкі ыдырауына әкеп соғуы ықтимал. Бұл аса қауіпті нәрсе. Айналып келгенде, қай жерде де қиянаттың қамытын киер халық. Халықты ашындыра беруге болмайды. Бәрі өркениетті, екіжақты түсіністікте атқарылуға тиіс. Келісімшарт болған жерде бөтен сөз болмауға керек. Мысалы, көршілес жатқан өзбек ағайындармен келісімшарт бойынша, біз екі мемлекет бірігіп, кіріс-шығысымызды тең есептеп, сырттан алатын дүниелерімізді түгендеуге бет бұрдық. Аз да болса, жүгіміз жеңілдейтін түрі бар. Бірігіп отырып, көп қиындықтың алдын алуға болады.

Айта берсе, әңгімеге арқау болар сөз көп. Мысалы, біз Ресейден ұшақтар сатып аламыз. Амандық болса, Қазақ Эйр деген компания жа-



самақпыз. Егер Ресей бізге дүниежүзілік бағаменен өздерінің ескірген ұшақтарын беретін болса, онда оны алып қайтеміз? Одан да біз сол бағамен сол ұшақты басқа елдерден алмаймыз ба?! Комбайнды да халықаралық сондай бағамен Германиядан алуға болады. Астығымызды дүниежүзілік бағамен сатып, қажетті жабдық-техниканың қай-қай түрін де дүниежүзілік бағамен алуға болады ғой.

– *Өзі де соған келе жатқан жоқ па?..*

– Бүгін болмаса, ертең терезесі тең елдер қарым-қатынасы солай болуға тиіс. Тәуелсіздік алғанымызға бір жарым жыл ғана болды. Әрбір халықтың тарихын ойлап қараңыздаршы, аяғынан тік тұрғанша ондаған жылдар өткен. Әрине, халықтың ойын түсінем, тез болғанын қалайды. Не болса да тез бола қалса екен дейді...

– *Кешіріңіз, сөзіңізді бөліп кеттім... Біраз ағайындар, арасында экономист-ғалымдарымыз да бар, мана өзіңіз айтқандай, ұлттық валюта туралы жиі айтып жүр. Олардың пайымдауында ұлттық валюта құтқарудың жолы тәрізді. Әрине, қырғыздар мен ақшасын шығаруын шығарып алып, тұйыққа тіреліп отырған Украинаның жағдайын ескермей, таразыға салмай болмас. Дегенмен осы ұлттық валюта қай кезде іске қосылғаны республика үшін тиімді? Және ол қандай жағдайда өзін-өзі ақтауы мүмкін?*

– Бұл – ең бір өзекті мәселе. Ол жөнінде жоғарыда айтқан әңгімемде де тоқталдым. Ұлттық валюта тәуелсіздіктің бірден-бір жолы деген бір жағынан дұрыс, ал бір жағынан дұрыс емес. Украинадағы, Қырғызстандағы жағдайлар бізді де ойландыруға тиіс. Басқаларды да ойлантуға тиіс. Басқа республикалар да қам жасап жатуы мүмкін. Бізді де еш дайындықсыз, әшейін бос отыр деп халық ойламасын. Техникалық жағынан енгізу көп қиындық тудырмайды. Біз де дайынбыз. Мәселе онда емес. Өзіміздің ұлттық валютаны енгізгеннен кейін әлеуметтік-техникалық жағдайымыз көтеріле ме, жоқ па? Әлде Ресейдің рублі секілді инфляцияға ұшырап, біз де көш соңында қаламыз ба, мәселе сонда? Қараңыздар, қазір не болып жатыр? Қырғызстан сомын енгі-

зер-енгізбестен Ресей «беретін заттарымыздың барлығына АҚШ-тың долларымен төлейсіңдер» деген ультиматум қойған. Соның салдарынан дүниежүзілік халықаралық қоғамдастықтан көмек ретінде келіп тұрған болмашы қаржыны енді қырғыздар Ресейден алған заттарына төлеп жатыр. Ал ол ертеңгі күні бітеді; сонда не болмақ? Бүйте берсе, сом құлдырап-құлдырап жоқ болады. Біздің жағдайымыз Қырғызстаннан да гөрі күрделі.

Айталық, мемлекеттің ішіндегі жүретін ақшаның көлемі болашақ Қазақстан сомына шаққанда қажеті шамамен 500 миллиард болады делік. Мемлекеттің ішіндегі қозғалысқа түсетіні. Ол 500 миллиардтың 300-і кәсіпорындар мен мекемелер арасындағы банкілер арқылы жүргізілетін айналым есебіндегі ақша, ал қалғаны қолда жүргені, яғни, сауда-саттықта, дүкендерде, жалақы орнында болатын нақты ақша. Айталық, 250 миллиард деп. Осы 250 миллиардты өкімет тауарлар арқылы банкке қайтарып отырмаса, жағдай қиын. Тым құрыса, соның 150 миллиарды қайтпай болмайды. Қолда қалған ақша неғұрлым көп болса, соғұрлым инфляция буындыра түседі. Сондықтан сандықта жатқан ақшаның мөлшерін барынша азайту керек. Нөлге жетсе ғана инфляция тоқтайды. Өйтпейінше, инфляцияның спиралі өсе береді.

Инфляция спиралін тоқтатудың екінші жолы – алтын резерві. Жаңағы өз ақшамызды түгел қамтамасыз ететін не тауар, не соншалық көлемде алтын керек, не валюта керек. Бұл қаржы институтының бірінші курс студенті білетін жәйт, дүниежүзілік тәртіп. Мен өзім ойлап тауып отырғаным жоқ. Ақшаның айналымы дұрыс болу үшін еш дефицит болмауы керек. Бұл – бір. Екінші мәселе – Қазақстан сыртқа көмір, темір, мұнай жіберіп жатыр. Сол мұнай мен темірдің орнына құрал-жабдық, қосалқы бөлшектер, комбайндар, тағысын-тағы қажетті заттардың бәрін сырттан алуы керек. Ешкім «сөйлеспейтін» ұлттық валюта кімге керек? Заттарға қандай ақша төлейміз? Алушылардың немесе берушілердің ақшасы мен біздің ақшаның арасындағы ауыстыратын бағыт (курс) қалай болады? Біздің бір теңге мен орыс рублінің арақатынасы қандай болмақ? Бір рубль қанша сом болады? Ол курстың барлығын анықтау үшін клиринг банкісі керек. Ол клиринг банкісі арқылы Ресеймен, Өзбекстанмен, т.б. елдермен күнілгері шартқа отыру керек. Қырғыз ағайындар бұны істемеді. Ағайын ел ғой, көмектестік. Бірақ ол көмекпен



қаншаға барады? Міне, ұлттық валютаны енгізудің неше түрлі шарттары бар. Сондықтан өлшеп-пішіп, дер кезінде енгізу керек.

– Демек, бұл бағытта біраз жұмыс жүргізіліп жатқан болды ғой...

– Иә. Әзірге өзіміздің алтын қорымызды, валюталық қорымызды жасап жатырмыз. Шетелдік инвесторларға неге есікті айқара ашып отыр дейсіз. Оның үстіне, инвесторларымыз сенімді, күшті елдердің өкілдері. Үміт те, сенім де жоқ емес. Ерте ме, кеш пе «Шевронға» кеткен мұнайдың қайтарымы болады. Ендігәрі біздің мұнайға капиталын салған шетжұрттық ағайындар өзімен бірге біздің де жағдайды қоса ойлайтын болады. Бізге келіп жатқан компаниялардың ішінде «Шелл», «Эксон», «Тоталь», «Аджип», «Бритиш Петролеум» тәрізді атақты компаниялар бар. Бұлар әлемдік тізімнің алғашқы бестігінде тұрғандар, қисапсыз миллиардтармен айналым жасайды. «Симекс» секілді бай компанияны металдарға салып жатырмыз. Жуықта менің қабылдауымда болған 65 жапондық кәсіпкердің президенттерімен де біраз келісімдерге жеттік. Осының барлығын аспай-саспай жасалып жатқан дайындық екенін жұрт білу керек.

– Ащы да болса шындық, ел өз тұрмысының түзелер күнін зарыға күтуде. Осы орайда, қалың жұртты титықтатып бара жатқан көп себептің бірі – көкке шапшыған баға. Иә, инфляция... Талай мінберден айтып та жүрсіз. Оны қарапайым жұрттың бірі түсінсе, бірі түсінбейді. Бағаны ырыққа көндіруге, тоқтатуға бола ма?

– Қиын мәселе. Есінде болар, Қазақстан бұл процеске өз еркімен кірген жоқ. Амалсыз барды. Бұл жағдайға 1992 жылдың қаңтарында Ресейдің қысымымен барды. Әуелгіде біз өзара келісіп, іркіп келдік. Әңгіме 1991 жылдың қазанынан басталды. Мен ақылдасып жасайық, асықпаңдар деп, Ельцинді ұстап келдім. Ол кезде үкімет құлағында Гайдар бастаған жастар болды. Өмірдің ешқандай қиындығын көрмегендер... Гайдар кім? Ол еш уақытта аштықты көрмеген бала... Көзін ашқалы көргені: үлде мен бұлде – шетел, жақсы тамақ, жақсы киім. Ол біз секілді соғыстан кейінгі аштықтың дәмін білмей өскен адам. «Басы

ауырмағанның құдаймен ісі жоқ...». Жаңа, жас буын экономист-қайраткерлер, шетелде өскен ерке балалар бағаның жүгенін сыпырды да жіберді. Олар Америка, Франция моделін алға тартты. Кеңес Одағын жайлап отырған ұлттар мен ұлыстардың болмысын, түсінігін ескермеді. Ресей «шлюзді» ашып жіберген соң, біз де еріксіз бағаны жібердік. Әйтпесе, алаңашық жатқан шартты шекарадан Ресейдің іргелес облыстарына Қазақстанның арзан бағалы заттары жұтылып кету қаупі тұрды. Енді шекараның барлығын біз де жауып, кедендер қойып жатырмыз. Оңтүстіктен де, солтүстіктен де әр-әр жерден. Ең болмаса мәшине, пойыз жүретін үлкен жолдарды қадағаламай болатын емес.

Әрине, нарық экономикасына көшкеннен соң түбінде бағаны бір жіберуіміз күмәнсіз еді. Нарыққа көшудің әлемдегі классикалық үлгісі, әр елдердің тарихи тәжірибесі бойынша баға түгел қоя берілген, бағаны тежесең, бәсеке болмайды. Қазір біз нанның бағасын ұстап отырмыз, ай сайын 10-12 миллиард сомды бюджет есебінен толтырып отырмыз. Бұл – жұртшылықпен қатар, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін уақытша қолдау. Түбі баға нанға да жіберіледі. Екіншіден, бағаны жібермес бұрын меншіктің 20-30 процентін жекешелендіру керек еді. Бұл жағдай бәсеке майданын ұстады. Ал бәсеке-жарыс болмаған жерде нарықтық қатынас ойдағыдай болмайды. Өйткені ынта жоқ. Ынта жоқ жерде құлықсыздық болмай ма? Жабайы түрде түсіндірер болсақ, кәдімгі көк базардағы баға жүйесі нарық жүйесімен ұқсас. Монополия басым жерде өндіріс тұншығады. Көп түрлі меншіктен қорықпау керек. Мысалы, металды Қазақстанда жалғыз Қарағанды металлургия комбинаты шығарады немесе аяқ киімді жалғыз Жеңіл өнеркәсіп министрлігі шығарады. Мұндай жағдайда бұл екі салада қандай жарыс, бәсеке болуы мүмкін? Бірер аяқкиім фабрикасын өкімет меншігінен алып, жекешелендіруге күш салып едік. Ол да толық орындалмады. Сол себепті қоя берген баға шарықтап аспанға кетпей қайтсін? Бәсекеге түсіп, бірі іріксе, екінші меншік иесі де затын өтетін төмен бағаға сатар еді. Қазір ше? Монополист-өндіруші бағаны өзі қояды. Меншіктің түрі көбеймей, өнім молаймай, бағаны ірку қиын.

Енді сұрақтың тоқетер жауабына келейін. Иә, қазір Республикадағы жағдайды қиындатып тұрған баға факторымен санаспай болмайды. Бұл тығырықтан шығу үшін бағаны ғана емес, онда жалақыны да дәл



бүгінгідей қалдыруымыз керек. Сонда ғана тұрақтылық болуы мүмкін. Бәлкім, мен халыққа ашық шығып, осындай шараны қолдансам ба деп те ойлаймын. Бұл шараны әрі кетсе екі жылға жасау керек, әйтпесе бір жылға. Бір жылдың ішінде бағаны да, жалақыны да тежеуіміз мүмкін. Қазір біз дүкендердің 40 процентін жекешелендірдік. Олар енді мемлекеттің меншігі емес, жекенің меншігі. Жекешенің бағасын біз қалай тежейміз? Менің айтарым – халық жекешелендіру процесіне толық араласуы керек. Қалғып жүруге болмайды. Тежеу мәселесін өз валютамызды енгізген кезде жақсылап ойластыру керек.

– Осыдан шығатын ендігі бір айтпауға болмайтын тұжырым: ауыл мен қала арасалмағының бірдей еместігі. Оның үстіне, ауылда жатқан ағайындардың самарқаулық психологиясы тағы бар, қысқасы, бұл салада, әлі де жекешелендірудің сылбыр жүріп жатқаны жанға батады. Жалпы, ауылдың айлық табысы қаламен салыстырғанда төмен. Шаруашылықтардың көбі банкрот болудың аз-ақ алдында тұрған жайы бар. Ауылдарды аман сақтай отырып, ауыл тұрғындарының айлығын, табысын молайтудың жолдарын қалай қарастыруға болады?

– Біз сияқты 35-40 проценті ауылда тұратын, ауыл шаруашылығымен шұғылданатын дүниежүзінде ешқандай мемлекет жоқ. Көп елдерде бұл көлем әрі кеткенде 10 проценттен аспайды. Америкада 4-5 процент қана. Қысқасы, 10 процент халық 90 процентті асырайды. Біздің жағдай баяғы Кеңес Одағынан қалған психологияға бой алдырған жайбасарлық, жоспаршылдық, науқаншылдық ауылынан ұзай қойған жоқ. Ел мұндай шаруашылық жүргізу әдісінің тиімсіз екенін түсінер кез жетті. Заманның өзгергенін көру аз. Заманды меңгеру керек. Қарызға бата берсе де жылдың аяғында өкімет қарызын сызып тастайтын шаруашылықтардың күні өтті.

Қазіргі уақытта жалақы шығарған өнімге байланысты. Онсыз ешқандай экономика жұмыс істей алмайды. Мысалы, жаңағы айтқаныңнан шығады, егер де ауыл шаруашылығы шығаратын өнімдерінің бағасын олар өздері белгілемесе, онда табысының түзелмейтіні анық. Оның үстіне, жағармай мен жанармайдың, техниканың бағасы өсіп жатыр. Ауыл өнімдеріне де нарықтық сипат керек, бағаны тежеуге

болмайды, жіберу керек. Сонда өндірістегі ақша ауылға қарай жылжиды. Сонда қала мен ауылдың арасалмағы түзеледі. Соған байланысты жалақысы да болады. Бұл мен ұсынар рецепт емес, нарық ұсынар үлгі, ақыл-кеңес.

Бір жағынан, қойып отырғаның баяғы социализмнің сұрағы. Түсінем, халықтың көкейінде жүрген сөз. Өздерің білесіңдер, анада Жоғарғы Кеңесте бюджетті қарағанда ақшаны бір тиындап бөлдік. Сонда 54 миллиард сом көлеміндегі дотация ауыл шаруашылығына бөлінді. Нарық жағдайында бұл біздің ауылдағы ағайындарға жасап жатқан қамшы сүйеуіміз. Мұндай азды-көпті сүйеулермен ауыл алысқа бармайды. Ауылда, селолық жерлерде шұғыл түрде жекешелендіруді жүзеге асыру керек. Сен жалақыны айтасың, ал мен басқаны айтар ем: сиырдың 50 проценті, жылқының 40 проценті, қойдың 30 проценті, шошқаның 40 проценті осы күні жекеменшікте. Мұндай нәрсе өмірде болып көрген жоқ. Картоптың – 60, сүттің 40 процентін жекеменшік шығарады. Есептеп көріңіз, оның ақшасын қосқанда қанша болады? Кім санайды? Оны неге біз ауыл-селоның табысына қоспаймыз?

– Кейбір жүн өңдейтін акционерлік қоғамдардың үстінен шағым айтушылар бар. Шаруашылықтардан жүнді арзан бағаға сатып алып, оны сыртқа валютаға өткізеді. Сол келген валютадан өндірушілер түк алмайтын көрінеді. Мұны қалай ұғуға болады?

– Соны маған жазып беріңдерші.

– Шетелдік инвесторлар туралы сөз болды ғой. Оның керек екені даусыз. Бұл, түптің түбі, экономикалық дербестікке республиканы алып шығар жол. Республиканың әр-әр жерінде құрылған еркін экономикалық аймақтар бар. Осындай аймақтарды пайдаланып, елімізге еркін кіре бастаған шетелдік азаматтар жиілей түсуде. Солардың бірі – іргемізде жатқан ұлы елден жүздеп, мыңдап келушілер. «Көп қорқытады, терең батырады» демеуші ме еді халқымыз. Жұртта алаңдаушылық бар...

– Шетелдік инвесторлардың қажеті туралы өзің де орынды айттың. Инвесторларды ренжітіп алмау керек. Біз ашық саясат жүргізіп отыр-



ған елміз, экономикамыз да, саясатымыз да ашық. Қарым-қатынастың қай түрінен де қорықпауымыз керек. Әр елдің өзінің заңы бар. Шетелдіктер де сол заңға бағынуға тиіс, мүлтіксіз орындауы керек. Біз Қытай Халық Республикасымен соңғы кезде көп қарым-қатынас жасай бастадық. Ел ішінде «келіп жатыр екен, тұрақтанып жатыр екен» деген әңгіменің бары рас. Бұл мәселе өкімет назарында. Ал жұмыстың жауапкершілігі біздің шекара қызметкерлері мен кеден қызметінің мойнында. Әрбір адамның аты-жөні, келу мақсаты, алып өткізетін заттарының тізімі – бәрі солар арқылы жүреді. Осы жағынан аса ұқыпты болу керек. Бізге есеп-қисабына ие бола алмайтын өткелектің керегі не? Қысқасы, шекара қызметінің міндетін атқара алмаған өткелдерді жауапқа тарту керек. Талапты күшейту керек.

Қытай азаматтарының келгені туралы құжаттарды, олардың визаларын, мерзімін тексеріп, бәрін бақылауға алу керек. ТМД елдерімен шекараның жоқтығы бұл орайда көп іске кедергі тудырып тұр. Сыйластық артында – сенім, ал сенімнің қасында құрмет тұрмаған жерде саясат түзу болмайды. Сене тұрып, тексеру, қадағалау – міндет. Бұл саладағы жұмыс осылай өрбуі керек. Іргелес жатқан ұлы мемлекетпен жақсы қарым-қатынаста болу, дипломатиялық алыс-берісте, достық қатынаста болу қажет.

– Сырттан келіп жатқан ағайындар бар. Айталық, былтыр Моңғолиядан елу мың адам келді. Биыл да өтіп жатқандар бар. Солар өтетін кеден Ресейдің Ташанта деген жерінде орналасқан. Біраз қиындық бар көрінеді, соны екі елдің өзара келісімімен реттеуге болмас па еді? Ол жақтан келген ағайындар бір кезде ары алып кеткен малымызды қайтып бері алып өтуге мүмкіндік болмай ма дегенді айтады.

– Сыртта жүрген қазақтар өз Отанына оралса, ортамыз толса, басымыз көбейсе деген орынды сөз. Бұл тұтастыққа, елдікке апарары анық. Еліміздің тарихында былтыр бірінші рет қолымыз жетіп, тәуелсіз болғанымызды әлемге танытып, сыртта жүрген қандастарымызды кіндік жұртына жинадық. Бұл – қазақтар үшін ғасырда бір болар оқиға. Шүкір. Елу мың емес, жалпы сырттан келген қазақтардың саны былтыр жүз мыңнан асып құлады. Сіз айтып отырған елу мың тек қана Моңғо-



лиядан келгені, жиырма төрт мыңы Ресейден, жиырма жеті мыңы Орталық Азиядан келді. Он төрт мыңы Кавказдан, Беларусь, Украинадан келді. Соңғысының қатарын біраз қызмет бабымен кеткендер де толықтырады. Ресей жағынан орыстар сыртқа көп көшіп жатыр деушілер де бар. Мұның бәрі бекер сөз. Біз де есеп жүргіземіз.

Қазақстанның жерінде бұған дейін 350 мың әскер болған. Енді бізге 350 мың әскердің керегі жоқ. Бізге соның 70-80 мыңдайы да жетеді. Сондықтан әскерде жүрген орыс, украин, беларусь, т.б. ұлт өкілдерінің өз еліне барып, әскери қызметін сонда атқарамыз деп рай білдіргендерін жібердік. Оларды ешкім қуып шыққан жоқ, өз еріктерімен кетті.

Көші-қонға қатысты мәселелердің бәрі де «Көші-қон туралы» Заңмен реттелуге тиіс.

Моңғолиядан келген туыстар бізді дұрыс түсінсін. Басты байлық – атажұртта басымыздың қосылуы. Келгендерге мал беріледі, үй салып алуына ә дегенде бір жарым миллион сом несие ақша беріледі, жергілікті өкімет басшылары егер қолдарынан келсе, ұзақ мерзімдік қайтарым қаржысын да береді. Әрине, алғаш қиын болады. Бұл орайда, өзіміздің тұрғылықты халыққа сәл кеңдік мінез керек-ақ. Бауырына тартып, аяғынан тұрып кеткенше, алыстан келген ағайындарға жағдай жасауға болады ғой енді... Ал кейде керісінше, басқа емес, өзіміз бөлініп, бөлшектеніп, ренжіп, «қайдан келді?», «бәленнен келген, түгеннен келген» деген сөз айтып, алалайтынымыз бар. Бұл жарамайды. Мысалы, Шығыс Қазақстанда жүргенде: «Бұлар бізге бейімделмеген, мал баққаннан басқаны білмейді» деген сөзді естігенім бар. Моңғолияның тұрмысы мен біздің тұрмысты салыстыруға болмайды, тіпті Қытайда тұратын қазақтар мен Қазақстанның ауыл шаруашылығында жүрген қазақтардың жағдайын салыстыруға болмайды. Ұлттың жан жарасын жазу үшін уақыт, ынтымақ керек. Келген қазақтардың ұрпағы бізбен қоян-қолтық араласу үшін де осы екі фактор аса қажет. Бұл орайда, көмек көрсету, демеп жіберу – алдымен өз халқымыздың міндеті.

Ресей кеденінде бірен-саран жүгенсіздік кездескен де шығар. Ал жаппай келеңсіздіктің болуы мүмкін емес. Біздің Ресей үкіметімен де, Алтай өлкесімен де келісіміміз бар. Ал малдарын бірге алып өту туралы келісімге келе бастадық. Аманшылық болса, Моңғол өкіметінің шақыруы бар. Жақында Моңғол министрі мен елшісін қабылдадым.



Оларға да айттым. Малды тартып алуға болмайды деп. Қазір малымен жіберіп жатыр. Бірақ ол жақтың малын айдап әкеліп, Семейдің, Шығыс Қазақстанның ет комбинаттарына өткізіп, иелері бірден ақысын алып жатыр. Немесе өткізген малының орнына басын түгендеп, шаруашылықтардан мал алуына да болады. Шығысқазақстандықтар осылай істеп жатқан көрінеді. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», келіп жатқан ағайындарға әкімшіліктер де, шаруашылық басшылары да, жаңа-жаңа бой түзей бастаған жеке кәсіпкерлер де көңіл аударулары қажет. Міне, қазір баяғы ауған соғысынан қашып, Иранды паналаған қазақтарды Атажұртқа өткізудің мәселесін шешіп жатырмыз. Мен Ниязовқа хат жаздым. Әзірге жауабы кешеуілдеп тұр.

Әнеугүні әдейі Түрікменстанға барғанда Президентімен келіскенмін. Ираннан соларды бері өткізу – басты мақсат. Қарақалпақстаннан, Өзбекстаннан келіп отырған ағайындар қаншама? Тек бір айтарым, бұл ағайындардың бәрі оңтүстікке жабыса береді. Оңтүстіктің жері де тарлау, құнары да аздау. Неге екенін қайдам, Арқаның кең байтақ даласына қарай жылжығылары келмейді... Бұл мәселе бойынша қазір Еңбек министрлігі арнайы шұғылданып отыр.

– Осы көші-қоннан шығатын тағы бір сауал: сырттағы қазақтарға азаматтық беру туралы Заң қабылдадық қой. Мемлекеттер арасындағы келісім бойынша солардың азаматтығын бекіту жағы кешеуілдеп жатқандығы туралы көп хаттар аламыз. Сіз былтыр қазақтардың құрылтайында бірнеше азаматқа паспорт бердіңіз: сол көрініс көп отандастардың көкірегіне сәуле ұялатқан секілді еді...

– Әрине, шетелдік бауырларымыз екі жаққа бірдей азамат болуға заң жүзінде құқылы. Бірақ бұл мәселенің екінші жағы бар. Ішімізде басқа ұлт өкілдерінің де бар екенін неге естен шығарамыз? Бұл мәселеде абай болу керек. Олар да екінші жұрттың азаматы болғылары келеді. Жалпы, Біріккен Ұлттар Ұйымында да қос азаматтықты қолдай бермейді. Бұл мәселе елдің ішіне іріткі салады деп есептейді. Айталық, қылмыс жасаған адамды қай елдің заңымен соттау керек? Әскерге де кімнің заңымен шақыру керек. Сұрақ көп. Шешуі жоқ. Сондықтан, біріншіден, Қазақстанның азаматтығын аламын деген кісі бізге арыз жазуы



тиіс. Екіншіден, екі мемлекеттің арасында ол жөнінде келісімшарт болуы керек. Қазақстанның азаматтығын алайық деп отырған елдің саны жүз мың, екі жүз мың адамнан асып жатса, бір сәрі, он адамға бола мемлекетаралық шарт жасаймын деу күлкілі ғой. Ең бастысы, шетелде жүрген қазақтардың Отаныма көшемін деген өз ынтасы болуы керек. Әрине, оларды түсінуге болады: үй-жайы, бала-шағасы бар дегендей, сол жақта ел болып, жұрт болып, сіңісіп кетті... Келу-келмеу әркімнің өз билігінде. Дегенмен тарихи жағдай әзірге бізге қызмет етіп тұрғанда ойлану керек шығар...

– Әсіресе түркиялық қазақтар жиі сұрайды.

– Көп емес, бірен-саран. Оны жеке келісіп те шешуге болады. Енді менің білетінім, Қытай Халық Республикасы болмаса, басқа елдердің ешқайсысы да қазақтардың қайтуына қарсы емес. Өзбекстанның өзі кедергі жасап отырған жоқ.

– Бізде ел басқару үлгісі әлі толық қалыптасып, бір ізге түсіп біте қоймағаны белгілі. Бұл көрініс, әсіресе аудандар мен ауылдық жерлерден байқалады. Конституцияда көрсетілген өкіметтің үш тармағын аудан деңгейінде сақтау өзін-өзі ақтап келе ме? Қалай ойлайсыз?

– Иә, Ата Заң – Конституция қабылданды. Ел басшысы ретінде, Конституцияны дүниеге әкелген Комиссияның жетекшісі ретінде, әрі-беріден соң Конституцияның авторы ретінде елдің барлығын Ата Заң талаптарын орындауға шақыру – міндетім. Соны, ең алдымен өзім орындауым керек. Азат елдің алғашқы Ата Заңы! Кемшілік жоқ дей алмаймыз, бар, бірақ оның бәрін болашақ түзетеді. Сол кемшіліктердің ең үлкені де осы өкімет құрылымына байланысты. 85-ші жылдан басталған демократияның «буымен» біраз жерге бардық қой. Қазақстан үшін де дәл осы үлгі керек пе, жоқ па, ол жағын ешкім түбегейлі ойламады. Енді, міне, бір жарым жыл ішіндегі азды-көпті тәжірибені екшеп қарасақ, біз көп нәрсені дұрыс жасамаған сияқтымыз.

Мемлекет біреу, мақсат біреу. Ал басшылық неге үшеу болуға тиіс? Мемлекет біреу болған соң, оның басшысы да, өкіметі де біреу бо-



луы керек емес пе?! Үш билік – өкіметтің үш тармағы. Бұл, әсіресе Қазақстан тәрізді жас елге аяғынан тұрып кету үшін керек. Тәртіп бар жерде бәрі болады. Мемлекет те, демократия да. Жалпы, Қазақстанды мына тығырықтан күшті атқару өкіметі ғана алып шыға алады. Өкінішке қарай, біз осыған жете алмай келеміз. Атқару өкіметінің «әлсіздігінен» өндірістің тізгінін жіберіп алдық. Кім ойына не келсе, соны істеуге әуес. Зауыттардың директорлары «әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жоқ, зауытты өзінің жекеменшігіндей сезінеді. Республика байлығын талан-таражға салып, өнімін оңды-солды қуалайтынды шығарды. Ауыл шаруашылығында да кейбір азаматтар бүкіл халықтың малын алдына салып айдап, өз жекеменшігіндей көретінді шығарды. Анығын айтқанда, мұнын бәрі асыра сілтеу, астамшылық. Менің айтарым, атқару өкіметін нығайтпай, істің оңға басуы қиын. Атқару өкіметі мықты болған кезде мемлекет те мықты. Мен бұл арада ешқандай шексіз билік туралы айтып отырған жоқпын. Парламент атқарар қыруар міндетті де, сот өкіметі жүргізетін үшінші тармақтың билігін де атқару өкіметі орындай алмайды. Оны орындаудың керегі де жоқ. Онда демократия емес, диктатура болады ғой. Қиын-қыстау жағдайлар алдымызда көп. Өтпелі кезеңнің қылкөпірі де әлі алда.

Бүгін Қауіпсіздік кеңесінде қылмыскерлермен күресу мәселесін қарадық. Егер дәл осылай осы «бассыздықпен» кете беретін болсақ, көп ұзатпай үкімет қылмыскерлердің қолына өтіп кетуі мүмкін. Айталық, жергілікті жерде өкілетті билік жеке, атқару билігі жеке, сот билігі жеке болды делік. Сонда бүкіл халық сайлаған Президенттің өкімін кім орындайды? Бәсекеге түскен үш билік үш жаққа тартпасына кім кепіл? Өкімет билігінің үш тармағы деген дұрыс болар. Президент Конституцияға мүлтіксіз бағына отырып, биліктің үш тармағынан сәл де болса жоғары құқыққа ие болуы керек. Сонда ғана елде тәртіп болады. Сонда ғана Конституция да, қабылданған басқа заңдар да жұмыс істейді. Тарихтан асқан кемеңгер жоқ. Қиналғанда адамзат баласы қашан да өз тарихының сабақтарына жүгінеді. Ой жүгіртіп көріңіздерші, біздің ел өзінің басып өткен жолында билерінің тегеурінді үкіміне құлақ асар хандарға, сұлтандарға немесе Саяси Бюроны тыңдайтын бірінші хатшыларға бағынып келген ғой. Бірден сол қалыптасқан үлгіден бас тартып, халықтың үйрене



қоюы екіталай, демократияның американдық, француздық үлгілеріне көшеміз деу «асыра сілтеу» емес пе?! Біздің қазіргі жасап жатқан істеріміз Францияда 1798 жылғы революциядан басталған. Америкада басталғалы 280 жыл болды. Ал біз бас-аяғы бес жылдың ішінде «демократияшыл» бола қаламыз. Менде де қателік кетті, елде де қателік болды. Мойындау керек, біз осыған дейін көбінесе Ресейдің істегенін қайталап келдік. Шындап келгенде, Ресейдің, Украинаның, Польшаның жағдайын Қазақстанмен, қазақ халқының жағдайымен салыстыруға болмайды ғой. Бұл арада мен, әсіресе ұлттық психологияда жатқан айырмашылықтарды айыра бөліп айтар едім. Бұл – ойланатын мәселе.

Ойлаңыздаршы, ауылға депутаттардың керегі бар ма осы? Ауылдық кеңестің сессиясы түбегейлі бір нәрсе шешеді дегенге кім сенеді? Бұл құрылым ауылға алауыздық пен амбицияны өрістетуге ғана қызмет етуі мүмкін. Оның үстіне, сол депутаттарыңыздың ырың-жырыңсыз жинала қоюы да қиын. Менің пікірімше, ауылды басқаратын халықтық жиын не конференция болуға тиіс. Халықтық жиын өз әкімін сайлауы керек. Ол әкімді ауданның әкімі ұсынуы міндетті. Әкімшіліктің жанында қызмет істейтін екі-үш адам болса жеткілікті. Шенге, шекпенге таласушылар да аз болады. Ал қазіргі жағдайда ауылдық кеңестің төрағасы өз алдына бір би, колхоздың бастығы мен совхоздың директоры өз алдына бір би. Алғашқысы кейінгіні тыңдағысы келмейді, аудан әкімшілігіне бағынғысы келмейді. Ұзын сөздің қысқасы, бірін-бірі мойындағысы келмейтін, біріне-бірі құлақ асқысы келмейтін мұндай құрылым нарықтық байланыстардың кезінде ауылға, ауданға, ел-елге, жер-жерге қолбайлау болары анық. Облыстарда, аудандарда болған кездесулерде осы ойымның растығына талай көз жеткіздім. Соңғы бір кездесулерде Алматыдағы қалалық, аудандық кеңестің басшылары маған осы тұрғыдағы ойларын жасырмай, бүкпей ашық айтты. Олар өздерінің қол қусырып қарап отырғылары келмейтінін, шаршап-шалдығып жұмыс істегілері келетінін білдірді. Кейбіреулері өндіріске жіберіңіз десе, енді біреулері басқа жұмыс беріңіз дейді. Бәрі де білікті, белді мамандар. Шама-сы, өздерін ұятты, айыпты сезінетіндей. Бұл тұста да мән беретін, назар аударатын ел басқару үлгісінде ақаулық бар. Сол ақаулықтың орнын толтыру үшін басқа бір үлгі табу керек.



– Шымкентте Алғабас ауданында біз айтып отырған үлгі бар екен: ауданның әкімі де, төрағасы да бір адам көрінеді.

– Дұрыс. Аудандағы билік бір қолда болғаны қолайлы. Мен бұл арада Кеңестерге қарсы шығайын деп отырған жоқпын. Жалпы, Кеңес деген ұғым сүйегімізге сіңіп кеткен нәрсе ғой. Әйтпесе, түптің түбінде, нарықтық қатынастар ел басқарудың бұл үлгісін ығыстырып шығаруы мүмкін. Ондай жағдайда муниципалитет болуы керек шығар, мысалы, қалада, ауданда халық сайлаған депутаттар 25-30-дан аспауға тиіс. Ал облыстарда әрі кетсе 40-тың төңірегінде болғаны жөн. Олар негізінен ауданның, қаланың, облыстың бюджетін бекітеді. Ал әкім сол алқалы органның төрағасына емес, тікелей өзіне есеп беріп отыруы ләзім. Муниципалитет әкімге қатысты өз ойларын Президенттің алдына қойып отырады. Яғни, әкім жұмысының барысынан объективті хабар береді. Егер әкіміміздің жұмысы қанағаттанғысыз болса, онда муниципалитеттегі дауыстың үштен екі бөлігін жинай отырып, олар әкімді қызметтен кетіру жөнінде мәселе көтеруіне болады. Осының өзі әкімде шексіз биліктің жоқтығын байқатса керек. Сонда бұдан шығатын қорытынды – аудандағы басшылықтың пирамидасында әкім тұрады да, қалған тармақтары аудандық биліктің тұтастығына, бірізділігіне қызмет ететін болады.

Қазақстан үшін облыстағы, аудандағы ең жоғарғы басшы әкім болғаны ыңғайлы.

Біріншіден, әкім Кеңеске есеп беріп отырса, екіншіден, оны Президент тағайындаса тиімді. Жоғарғы Кеңес осы мәселені тез арада шешіп бергені жөн болар еді.

– Нарыққа бейімделіп жатқандар негізінен 20 мен 40-тың арасын аралаған жастарымыз. Бірақ осы бейімделіп жүрген жастардың қимыл-іс әрекетінде жабайылық, кейде тұрпайылық сипаттар басымырақ секілді. Бизнес пен іскерліктің нағыз мәдениетті үлгілерінен алыста тұрғандаймыз. Елдің біразы жаппай коммерцияға бет бұрып, өндіріс жағы тиықтап қалған сыңайлы. Осы тұрғыда жастарға не айтар едіңіз?

– Иә, жастар нағыз нарық экономикасын оқып-үйренуі міндет. Мен ресми сапарлармен шет елдерде жүргенде әр мемлекеттің басшы-

ларымен жастарымызды бизнеске, нарыққа оқытуға келісіп жүрмін. Қазірдің өзінде бес мыңға тарта жастарымыз шетелде оқып жатыр. Бір Түркияның өзінде мыңнан астам жастар тәлім алуда. Сондағы мақсатымыз не дейсіздер ғой? Әлгі өзің айтып отырған жабайы қимылдардан жастарды құтқару. Бұл – бір. Екіншіден, өтпелі кезеңдегі қашықтықты шұғыл қысқарту үшін бізге кадрлар керек. Соны тез шешу мақсатында жұмыс істеудеміз. Делдалдық деген ұғым қазақта бұрыннан бар. Оны кеңес дәуірінде «спекуляция» деп келдік, қылмысқа санадық. Өркениетті елдерде, мәдениетті бизнеске бой алдырған елдерде мұндай ұғым жоқ. Біздің жастарымыз осыны ұғуға тиіс. Сайып келгенде, бизнес тек жеке бастың ғана қызығын күйттемей, ұлттың, халықтың, тұтас мемлекеттің мақсат-міндетіне жұмыс істеуге тиіс.

Нарықтық қатынастардың елегі бүгін болмаса, ертең бар нәрсені өз орнына қояды. Көше-көшені бойлап алыпсатарлықпен, делдалдықпен ақша тапқан жігіттер ертең нағыз бизнесмен болса бір сәрі, бола алмаса су түбіне кеткені. Өйткені олардың азды-көпті тапқан ақшасы үлкен айналымға түсіп, өндіріс көзін көркейтуге жұмсалмаса, бір күні банкротқа ұшырауы хақ. Миллиондардың күлі бір-ақ күнде көкке ұшуы мүмкін. Ал көзін тауып жұмсалмаған ақша қолынан іс келетіндердің қолына барып түседі. Бұл – барлық мемлекеттер басынан өткерген нарықтық қатынастардың заңды үлгісі. Жастарға айтарым – білімді, білікті, сауатты, шынайы бизнеспен шұғылдану керек. Табысты өндіріске, шаруашылыққа бағыштаған дұрыс. Сол арқылы әрқайсымыз тәуелсіз республиканың түтіні түзу болуына, мәртебесінің жоғары болуына қызмет етеміз. Себебі әр адамның қандай болмасын қасиеті де, байлығы да түптің түбі мемлекеттің байлығы болып саналады.

– *Нұр-аға, рухани байлық та ұлттың ең үлкен байлығы емес пе?*

– Оған ешкімнің дауы жоқ.

– *Ендеше, тағы бір орайы келген сұрақты айтуға рұқсат етіңіз. Тәуелсіз елдің ақпараты да тәуелсіз болуға тиіс деп ойлаймын. Бізге, яғни, Қазақстанға келіп түсетін ресми хабарлардың дені әлі күнге Ресей ақпарат құралдары арқылы келеді. Былайша айтқанда, біздің газет-*



тер Мәскеу призмасы сындырып тарататын хабарларды ғана басады. Бұл – тәуелсіз ақпараттың дамуына үлкен кедергі. Осы кедергіден құтылудың жолын іздеу керек. Мысалы, елшіліктер құрамында бір-бір журналист ұстап отырып, тым құрыса, «Егемен Қазақстан» немесе «Казахстанская правда» секілді басылымдардың талабынан шығуға болар еді ғой.

– Бұл – дұрыс көтеріліп отырған мәселе. Шешімін де өзің айтып отырсың. Елшіліктердің ішінде ақпарат құралдары жөнінен бір-бір кеңесші ұстауға әбден болады. Ол кеңесшілер негізгі қызметімен қатар журналистік міндетін де атқарып отырар еді. Бұны тек газет, журналдармен ғана шектеп қоймай, басқа да ақпарат құралдарына, атап айтқанда, эфирге, теледидарға да пайдалануға болады. Әрине, бұның бәріне қаражат керек, уақыт керек. Оны да шешеміз, аманшылық болса. Өркениетті елдердің әдіс-айласын толық игеріп, аман болса, өз пайдамызға жұмсаймыз. Сонда нағыз тәуелсіз, демократиялық рухтағы ел боламыз.

– Ел аузында Президент Назарбаевтың өзі мықты, күндіз-түні жанын салып жұмыс істейді. Бірақ төңірегі, яғни, «командасында» жүрген адамдар нашар дегенді айтады. Осы жөнінде не дер едіңіз?

– Мұндай сөзді ауық-ауық мен де естимін. Басшылары мықты боп, қосшылары нашар болған көш мықты көш емес. Басшысымен бірге қосшылары да мықты болған жерде ел ісі оңға басады. Рас, кейде тиісті жұмыстарға байланысты қатты ренжитінім де, көңілімнің көп іске толмай жүретінін ашық айтатыным да бар.

Өткен жолы мен Үкімет мүшелерінің біразын дәл осындай тұрғыдан қатты сынға алдым. Бұдан олар түк жұмыс істемей отыр екен деген қорытынды шықпауы керек.

Реті келгенде айта кетейік, сіздер, ақпарат құралдары, Үкімет адамдарының жұмысын жан-жақты таратып айта алмай жататындарыңыз да бар. Халық көргенін, естігенін айтады. Мысалы, Үкімет құрамындағы кейінгі өзгерістерге толық баға берілмеуі – соның айғағы. Келгендердің ішінде сергек, білімді, білікті, болып жатқан құбылыстарға жаңаша қа-



рай білетін мамандар бар. Солар жөнінде неге келелі сөз қозғауға болмайды? Мен мұны «кемедегінің жаны бір» деген ескі қағида тұрғысынан айтып тұрған жоқпын. Өз пікірім, өз көзқарасым – осы.

Әрине, қатар жүрген қызметтес серіктерім туралы жылы ықылас, лебіздерді көлемдірек етіп айтуға да болар еді. Бірақ ол әңгіме кеңірек тоқталуды керек ететін болғандықтан, сөзімді осы арада тоқтатқанды дұрыс көріп отырмын...

Әңгіме төркінін тағы да ақпарат құралдарына бұрғым келеді. Біздің журналистеріміз де кейде Ресейдің журналистеріне еліктеңкіреп кете ме деймін? Түзу жерде шоқырақ жасап, ашық күнде ақ дауыл орнатып жатады. Соның бір мысалы – Президент пен Жоғарғы Кеңес арасынан, қиыннан қиялап жүріп, «проблема» тапқысы келетіндіктері. Мәскеудің сайысын Алматыға әкеліп қондыруға ұмтылатын ыңғай танытады. Бұл дұрыс емес. Біз бөлісе алмайтын ештеңе жоқ. Әркім өз орнында отырып, өз міндетін атқарғанда ғана республикада тыныштық та, саяси тұрақтылық та болады. Кемшілік кімде жоқ дейсің? Бірақ тырнақ астынан кір іздеп, болмашы жерде бордай тозып, үгіліп, өзіңді де, елді де қажағаннан сақтасын. Өзіміз өзара тіл табыса алмай, өзеуресе жанжалдасып жатсақ, кім болғанымыз, не болғанымыз? Қандай болмасын, даудың түбі жақсылыққа апармайтынын көріп-біліп келеміз. Дауы таусылмайтын елдің жауы да таусылмайды. Ал жаудың ең үлкені, ең қиыны – ынтымақ үшін ымыраға бара алмау. Соны естен шығармау керек. Бұл үлкеніміздің де, кішіміздің де, қолында билігі бардың да, билігі жоқтың да, елім деп еңіреген кез келген ердің ұраны болуға тиіс.

Нұрлан, мен мұны неге айтып отыр дейсің? Президент болғасын айтуға тиіс деген ойдан кім-кім де аулақ болғанын қалаймын. Баяғыда Абылайды хан етіп көтеретін бір ұлы жиынның тұсында ел Қабанбай батырдан хандықтың тағына кімді көтереміз, кімді қолдаймыз деп сұрағанда Қабанбай тұрып: «Басшы біреу болуы керек, басқасы басшыға тіреу болуы керек» деп жауап берген деседі. Неткен кемеңгерлік десеңізші! Мұны бабаларымыз бекер айтпаған ғой. Міне, тарих доңғалағы бізді тағы да қиын-қыстаудың кезекті сынына әкеліп салып отыр. Ынтымақ пен бірлік елдің ұранына айналып отыр. Сол дана қарттарымыздың сөзіне жүгінбеске болмайды. Дамудың жаңа сатысына



көтерілген жиырмасыншы ғасырдың соңындағы Қазақстанға ел билеудің осындай бір үлгісі керек. Халқым маған сенсін. Мен ешқашан Президенттік билеуді өз ұпайымды түгендеуге, өзгенің рухын жаншуға, өз мәртебемді асырып, өзгенің намысын басуға жұмсамаймын. Оның үстіне, әлемдік өркениеттің кеңістігіне бет түзеген демократиялық елдің өмірін жеке басқа табынудың қара түнек орманына айналдыруға қарсымын. Оған менің жаным да, рухым да, мінезім де, болмысым да қарсы. Өтпелі кезең бізден осындай ордалы мақсатқа жүгінуді, соған жетер жолда бірігуді керек етеді. Төңірегіне қаһары мен зәрін орынды-орынсыз шашып, кішігірім диктатура орнатқысы келетін әкім-қаралармен, басшысымақтармен біздің жолымыз қосылмақ емес. Осының бәрі өтпелі кезең ауыртпалығын басынан кешіп отырған егемен елдің, тәуелсіз жұрттың ел тізгінін ұстағандарға қояр талабы. Басты мұрат та, мақсат та – сол игілікті жолдағы талап биігінен шыға білу.

– «Өнерсіз халық – тұл» деген халқымыз. Өнер мен әдебиет ұлттың айбары, жалы, өресін танытар мінезі мен ертеңін аңғартар қазынасы секілді. Әрі-беріден соң, бұл ұғымдар ұлттың өзін-өзі сақтауының кепілі емес пе?! Нарыққа көшкен Қазақстанның жағдайында өнеріміз қағажу көріп қала ма деген қобалжу бар. Әсіресе ұлттық мәдениеттің ертеңгі жүгін көтерер жастарымыз бір әбдіреу үстінде жүргендей.

– Түсінем. Бұл маған бірінші рет қойылып отырған сұрақ емес. Бұл сұрағыңның жауабын талай үлкен мінбелер мен жиындарда айтып келемін. Өнерсіз елдің өрісі тар екені рас. Әсіресе бұл оңы-солын енді-енді ажыратып, әлемдік алып кеңістікке жаңадан шыға бастаған қазақ жұрты үшін, қазақ этносы үшін мәдениет пен әдебиет өзін сақтаудың, өткенін қызғыштай қорудың, әдет пен салт-дәстүрлерін өлтіріп алмаудың, ұлтты, халықты ертеңге аманаттаудың бірден-бір жолы. Дегенмен ұлтты сақтаудың факторы тек қана рухани дүниелеріміз емес екені де көпшілікке мәлім. Саяси біліктілігіміз, экономикалық дербестігіміз халқымыздың ой-санасын, болмысын танытар ірі факторлар екенін де ұмытпауымыз керек. Осы үш ұғым терең тамырлы байланыста болуы керек. Өмір тек ақша санаудан немесе елшіліктерде болатын саяси ойындардан тұрмайды. Өмірдің қарапайым халыққа ең



өтімді бір қыры – ән мен күй, сурет пен би, театр, эстрада, кино тәрізді рухани дүниелеріміздің дәреже-деңгейі. Мен ұлтты танытар үш бірлікті, этностың мүмкіндігін байқатар үш түрлі кредоны тек осы тұрғыдан айтып отырмын.

Шынын айту керек, Жазушылар одағының мүшесі болып келе жатқан 600 жазушының бәрі бірдей дарынды, керемет деп айтуға болмайды ғой. Олардың ішінде асқан дарындылары да, орташалары да, әйтеуір қалам ұстап жүргендеріне мәз болып қара көбейтіп жүргендері де бар. Бізге керегі – шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын, мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, нағыз әдебиет пен өнерді жасайтын тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті. Айталық, Америка секілді ұлы мемлекетте әдебиеттің ары мен абыройын ту етіп көтеріп келе жатқан нағыз жазушылардың саны бес-алтыдан аспайды. Бірақ жазушымын деп басқа әр түрлі кәсіптердің қорығында жүрген әуесқойлар онда да көп. Мұндай мысалды өркениетті елдердің кез келгенінен табуға болады. Менің бұл арада айтып отырғандарым өзінің қаламының қуатымен атағын әлемге жая білгендер ғана. Осыны айтсам, кейбір ағаларымыз ренжиді. Ерте ме, кеш пе, бізге кеңес кезінің кержалқау психологиясынан арылуға тура келеді. Әрине, әлемнің барлық елдеріндегідей, мәдениетті мемлекет есебінен қаржыландыру бізде де болады. Бұл арада қаржыландыру объектісіне музей, театр, концерттік мекемелер мен кино өнеріне байланысты мемлекеттік мекемелер кіреді. Бұдан өнер адамдары баяғыдай қарап жүріп, қаражатқа кенеледі деген алдамшы пікір тумауға керек.

Конституция талаптары азаматтарымыздың бәріне ортақ. Шығармашылық салада еңбек етіп жүрген, елінің, халқының мерейін көтере білген біртуарлар қашан да қолдау табары ақиқат. Сәті келгенде айта кетейін, бізге жалпы мәдениетті қорғаудың бір үлкен қоры керек. Маған келіп жүретін шығармашылық одақтардың басшылары да ауық-ауық осындай ой айтып кетеді. Сол ойды ой жүзінде, сөзді сөз жүзінде қалдырмай, іске асыру үшін қимылдау керек болар. Осы орайда мен мынаны атқарамын деуші, ойы анық, көкірегі ашық, өнерлі, өрелі, ұйымдастыру қабілеті сергек жігіттер болса, қолдауға біз дайынбыз. Бұл да өзің айтқан өнер мен мәдениеттің, әдебиеттің қабағына кірбің түсірмейтін, нақты қимыл-әрекеттердің бірі. Қашанғы мемлекеттік



бюджеттің қалтасына көз сатып отыра береміз. Өсіп келе жатқан жас бизнесмен, жаңа кәсіпкерлер баяғының демеушілері секілді есепсіз көмек көрсетуге ұмтылғандары ләзім. Бұл да ұлтжандылықтың айғақты сипаттарының бірі.

– Сіздің ұлы Абай атындағы халықаралық қордың құрылуы рәсіміндегі сөйлеген сөзіңіз ел есінде. Осының өзі бизнесмендер мен кәсіпкерлерімізге айтулы үлгі-өнеге емес пе? Әйтпесе, шетелдік басылымдардан жеке өзіңізге келген гонорар есебінен қорға құйылған жүз мың доллар мына аласапыран заманда, түптің түбі, өзіңізге, отбасыңызға, балаларыңызға неге қажет болмасын?

– Менің балаларым мен ертеңгі ұрпағыма Абайдан артық, Абайдан ұлы, Абайдан киелі ұғым болмауға тиіс.

– Нұраға, әңгімені Ордабасыда елімізді, халқымызды араға үш жүз жыл салып барып, қайта бір сүттей ұйытқан елдік жайлы толғанысқа толы әңгімемен бастап едік. Сөзімізді сонымен аяқтайық.

– Әуелі нарық экономикасын ұғындыру үшін ұлттық бағдарлама мен дағдарыстан шығу бағдарламалары жөнінде бір-екі ауыз сөз айта кетейін. Маған келіп түсіп жататын қарақұрым хаттар мен сұрақтардың ішінде жекешелендіруге қатысты алаңдайтындары аз емес. Әсіресе ауылды жердегі ағайындар болып жатқан мемлекет мүлкі бөлісінен сырт қалып қалмаймыз ба дейді. Олардың ойынша, бар байлық қалада жатқан секілді. Жоқ, олай емес. Ұлттық бағдарламада мәреден шығу теңдігі қатты ескерілген.

Жылдың екінші жартысынан бастап, жаппай жекешелендіру жүргізіледі. Алдымен құрамында 200 адамға дейін жұмыс істейтін мекемелердің барлығы аукциондық саудаға түседі. Ақшасы бар жекелер мен жеке ұжымдар қатысуға хақылы. Сатуға түсетін объектілердің ішінде дүкен, асхана, ресторандар, тағы да басқа шағын мемлекеттік меншіктегі мекемелер мен кәсіпорындар бар. Себебі бұл мекемелерді халық қалтасынан қаржыландырып отыру, яғни, бюджет есебінен сақтау күн өткен сайын қиындап барады.

Одан соң 5000 адамға дейін жұмыс істейтін барлық зауыт, фабрикалардың бәрін жекешелендіру басталады. Бұлар акционерлік компания болады. Акционерлік компания дегеніміз ұжымдасып еңбек ету деген сөз. Бұл үшін әрбір зауыт пен фабриканың бағасын дәл анықтап, яғни, салынған кездегі бағасын, бүгінгі бағасын, он жылдан кейінгі болатын бағасын есептей отырып, орташа құнын анықтайды. Айталық, акционерлік компанияға айналатын зауыттың құны бес миллиард болды дейік. Үкімет сол бес миллиардқа сай акция шығарады да, оның 15 процентін республика байлығы ретінде бүкіл халыққа үлестіріп береді. Бұл акциядан жаңа туған баладан тоқсандағы қарияға дейін алуға хақылы. Осындағы проценттік арасалмақ – ауылда тұрған ағайындардың олжалы бөлігі екені анық. Егер қала тұрғындарына, айтайық, 100 купон берілетін болса, ал ауыл тұрғындарына 120 купон берілетін болады. Мұндағы басты анықтаушы шарт – отбасының саны мен құрамы. Жекешелендірудің табиғатын, мақсатын толық түсінбеу сауатсыздық қана емес, ертеңгі ұрпағы алдындағы жауапсыздық, күнә деп айтуға болады. Сондықтан қалғып-мүлгімей, елдің бәрі жекешелендіруге толық араласуы керек.

Әрбір азаматтың қолына чек беріледі. Ол чектің сыртында не істеу керек екені жазылады. Жақында бұл жұмыс басталғалы жатыр. Енді зауыт, фабрикалар акционерлік қоғам болды делік, сол кезде оның жарты ақшасы өкіметтің қолына тиеді. Өкімет акционерлерге өзінің ықпалын осы өз есебінде қалған елу проценттік бақылау пакеті арқылы жүргізеді – президенттерін тағайындап, орнынан босатып отыратын болады. Сөйтіп, үкімет жалпы құрылымды қадағалау жүйесін өз тізгінінде ұстайды. Ендеше, қазақ балалары нарыққа икемсіз, далада қаламыз деген қайсыбір ағайлар мен апайлар өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін. Олар қол қусырып отырмай, заңды, өзіне тиесілі үлесінен қалмай, заманға сергек араласқаны жөн болар еді. Мен мұны, әсіресе томаға-тұйықтыққа бейім өз ағайындарымызға айтар едім.

– Осы арада тіл ұшына тағы бір сұрақ оралып отыр. Ол – соңғы кезде жиі айтылып жүрген мемлекеттік идеология деген ұғым. Елдікке, тұтастыққа шақырар, мына қиын-қыстау кезеңнен халқымыздың ойын, санасын болашаққа аман алып өтер қуатты күш бар деп ойлайсыз ба?



«Егемен Қазақстанның» ондаған мың қалың оқырманына айтар аманат сөзіңіз бар ма?

– Мемлекеттік идеология деген сөздің ауқымы әлдеқайда кең, мазмұны терең. Бұл идеологияның басты мұраты – тәуелсіздігімізді баянды ету, мына шырғалаңы мол дағдарыс кезеңінен елді аман-есен алып өту, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру. Біз бүгінгі жастарымызды дәл осы рухта тәрбиелеуге тиіспіз. Кез келген ұлт өзінің ұлттық тар шеңберлі аясында қалатын болса, оның ертеңі тұманды болмақ. Бұл принцип, әсіресе бүгін елдер мен елдер, халықтар мен халықтар, мемлекеттер мен мемлекеттер интеграцияға түсе бастаған тұста аса қажет. Алысқа бармай-ақ, мысалға қалың жұрт жақсы білетін, сонау кішкентай аралда жатқан жапон елін алайық. Байқайсыздар ма, бұл елде осыдан ондаған мың жыл бұрынғы тарихи ұлттық дәстүрлер мен жиырмасыншы ғасырдың өркениеті, жалпы адамзатқа ортақ жаңа құбылыстар қалай әдемі қабысқан. Кішкентай аралдағы жоян Жапонияға жапондықтармен бірге әлемнің, адамзаттың барлық мінез-болмысы еркін сыйып тұрған жоқ па?! Ендеше, осыншама ұлан-ғайыр ұлы даланы, асқар тауларды алып жатқан Қазақстан жеріне, қазақ еліне өзін-өзі сақтаудың, өзін-өзі қорғаудың, өзін-өзі тәрбиелеудің, өзін-өзі жетілдірудің осындай озық үлгілерін неге еркін ендіруге болмайды? Әрине, болады. Біздің таңдап алған жолымыз, қазіргі бағыт-бағдарымыз сондай игілікті жол. Бірақ азабы, ауырлығы, мехнаты көп жол, ұзаққа созылуы да мүмкін.

Жол бейнетін қысқарту өзімізге байланысты. Осыдан бірер жыл бұрын, есімде жоқ, бұрынғы орталық басылымдардың бірінде мені «Назарбаев – романтик» деген еді. Несі бар, мынандай аумалы-төкпелі, қиямет-қайымы көп, ауыр заманда еліңнің, халқыңның жүгін мойныңмен көтеріп және сол салмақты зейнет деп ұғар болсам, алпауыт ауыртпалықтардың арасынан халқымның, туған Қазақстанымның, қазақ жерінің, қазақ елінің өлмейтін рухын, романтикасын бойыма сіңіре алсам, мен өзімді, шынында да, бақытты санаймын. Романтика қашан да, қай кезде де халықтың арманды мұратынан бастау алады. Менің мұратым – елімнің тыныштығы, ертеңі, болашағы. Шіркін, өмір болса ол

күнді көрерміз-көрмеспіз, бірақ бізден кейінгілердің көретініне сенгім келеді. Осы айтқан ойларымыз бен бағдарламаларымыз толық жүзеге асу үшін кемінде бір он-он бес жыл аспанымызда бейбітшілік болса, тыныштық болса деп армандаймын.

Жә, сәл қиялға ерік беріп, еркінірек сілтеп кеттім білем. Сұрағыңа қайтып оралайық. Біздің халыққа, айналып келгенде, демократия деген киелі ұғымды жан-жақты толық түсіндіру керек. Сен айтып отырған мемлекеттік идеологияның ендігі бір ең салалы бөлігі де осы. Демократия, айттым ғой, киелі ұғым. Тарих тәжірибесіне көз жүгіртсек, қандай болмасын демократияңыз елдік мінезге, халықтық қалыпқа, мемлекеттік тәртіпке бойсұнып отырған. Осы үш нәрсе бойынан табылмаған жерде демократияңыздың күлі көкке ұшып, демагогияның құбыжығына айналуы күмәнсіз. Қайталап айтамын, біздің ел – азаттықтың алғашқы таза ауасына тұншығып барып есін жиған, тәуелсіздіктің талап-тілектерін әлі толық зерделеп үлгере қоймаған, үлкен жолға жаңа бет алған жас ел.

Жас елдің аумалы-төкпелі мінезі болуы заңды. Бірақ қате жүріс жасауға, артық әрекетке баруға, келеңсіздікке бой алдыруға ешбір елдің хақысы жоқ. Біздер, ел құлағында отырған өкімет басшылары, соны естен шығармауымыз керек. Өйткені біздің қолымызда мемлекет тағдыры, ел тағдыры тұр. Ал елдің, мемлекеттің тағдырымен ойнауға болмайтынын көріп жүрміз. Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет ендігі бір ірі бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық рухқа, елді, жерді сүйеге, қорғауға жұмылдыру.

Мен таңғаламын, ата-бабаларымыздың осынау ұлан-байтақ жерді аттың жалында, түйенің қомында, найзаның ұшында, қылыштың жүзінде жүріп қорғағаны ақиқат. Сол бабалардың бүгінгі ұрпақтары «қазақпыз» деп кеуде қаққанда сондай, ал сол атажұртымызды, жаңа ғана азаттық алған аспанымызды әскер қатарында жүріп қорғауға келгенде бөтен мінез байқататыны қалай? Бұрын жарайды, туған жерден алыста, басқа көл, басқа қала, басқа өзендерді қорғамаймыз деп әскер қатарынан қашты делік. Ал енді жастарымыздың Қазақстанда жүріп әскерден қашатынын қалай ойлауға болады? Мұның артында тәрбиесіздік, жүгенсіздік, жігерсіздік жатқан жоқ па? Сонда біздің елімізді, жерімізді кім келіп қорғайды? Әлде баяғыдай тағы біреудің табанына түсіп, тепкісін көреміз бе?



Жоқ, ағайын, отаншылдық рухы бізге ауадай қажет. Менің «Егемен Қазақстанның» қалың оқырманына айтар көп тілегімнің бірі осы деп ұғыңыздар.

Өз жерімізге өзіміз ие, өз елімізге өзіміз қожайын болуға міндеттіміз!

Бұл – біздің ертеңгі ұрпақ алдындағы, тарих алдындағы жауапкершілігіміз. Тағдыр Қазақстанға да, қазақ еліне де әләзір жылы шырайын танытып, дұрыс қабағын байқатып тұр. Сол шырайды, сол қабақты дұрыс пайдаланып, республика қажетіне жарата білуден үлкен мұрат та, мақсат та жоқ.

– Тәуелсіздіктің жолы тар жол ғой, Нұраға. Сол «Тар жол, тайғақ кешуден» еліңізді, жұртыңызды, Қазақстаныңызды аман бастап өтуіңізге тілектеспіз.

Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен

«Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Нұрлан Оразалин.

Алматы қаласы,

1993 жылғы 23 маусым

ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ СҰХБАТ

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, бүгін Жезқазған өңіріне келіп, тек аймақ үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін стратегиялық тұрғыдан аса маңызды «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» теміржол магистральдарының тұсауын кестіңіз. Бұл – біздің ел үшін шын мәніндегі тарихи оқиға.

Енді осы сапар ауқымында Қазақ елінің рухани орталықтарының бірі – қасиетті Ұлытау жеріне арнайы ат басын бұрып отырсыз. Кезінде ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай, біздің елдің «тарихы қалың». Ендеше, сол тарихымыздан, әсіресе қазір біз әңгімелесіп отырған Ұлытауға байланысты тарихымыздан халқымыз қандай тағылым алуы керек?

– Біріншіден, Жезқазған жерінде үлкен тарихи оқиға болды деп санаймын. Бұл – Жезқазған өңірінен ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың мыс кенін табуымен және Жезқазған қаласының орнығуымен сабақтас нәрсе. Қазір арада 50-60 жыл өтті, қаншама кен шығарылды, мыс алынды.

Жер қойнауындағы байлықтың таусылатын кезі болады. Жезқазғанның төңірегіндегі мыс кені де таусылып, қаланың жағдайы нашарлай бастады. Бұл – табиғи жайт. Кеңес Одағы тұсында әрбір кен орны, әрбір электр стансасы төңірегіне ауыл салынатын еді ғой. Ал енді мына жердегі жұмыс ауқымы біткеннен кейін халық не істерін білмей қалды. Жезқазғанның теміржол тұйығында тұрғаны бәрімізді әр уақытта қинайтын еді.

Екіншіден, Кеңес Одағы кезінде барлық теміржол Ресейге қарай салынды. Ал көлденең жүретін, елді бір-бірімен қатыстыратын жол салынған жоқ. Ол Кеңес Одағының да, Ресейдің де ешқандай жоспарына кірмеді. Қазақстанды ешкім ойламады. Енді, міне, еліміздің экономика-



сы ілгерілеп, 500 миллиард теңге ақша бөлінетін жағдайға жеткеннен кейін осындай 1200 шақырымдық теміржол салынып отыр. Бұл – айта салғанға өте оңай.

Ал маңызына келсек, алдағы 50-100 жылда пайдаланатын игілігіміз. Жаңа тікұшақпен ұшып келе жатқанда өзің көрдің, тақыр даланың торғай қонатын бұтасы жоқ. Сол тақыр далада ел тұрмайды. Себебі оған жұмыс та жоқ, шаруашылық та жоқ. Ал теміржол төрт облыстың бірнеше ауданына тіршілік нәрін береді. Теміржолдың бойынан жұмыс табылады. Жұмыс болғаннан кейін кенттер бой көтереді. Халық қонданады, даламызды ел жайлайды. Экономикалық жағы өз алдына бір мәселе.

Комбинаттың жұмысын ұзарту үшін былай істейді. Жердің астында қалған «целиктер» болады. Шахтаның төбесін ұстап тұру үшін жер қойнауына үлкен-үлкен кенді қалдырып қояды. Сол кеннің ішінде мыстың бай қоры жатыр. Оны алайын десең, үстінде тұрған ауылдар бар. Ол ауылдарды көшірмесе, «целикті» алған кезде ойдым-ойдым жермен бірге төмен түсіп кету қаупі төнеді.

Сол үшін мемлекет 250 миллион қаржы шығарып, жұпыны үйлерде тұратын 6 мың халықты жақсы үйлерге көшіріп, астындағы кенді алады. Кеннің өзінің 200 миллион тонна рудасы болса, содан 2 миллион тонна мыс шақса, комбинат үшін 20-30 жылға жұмыс табылады деген сөз. Одан кейін барлау жұмыстары жүрер болса, жұмыс орны көбейе береді. Сондықтан мұның маңызы өте үлкен.

Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ен даласының қай шетіне барсаң да, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп.

Дегенмен Ұлытаудың орны бір басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді. Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз. Тарих жылы деген жылды жарияладық. Дүниежүзінен – Қытайдан, Ираннан қазақ тарихының жазба жәдігерлерін жинадық. Қазақтың көп дүниелері атадан балаға ауызекі түрде беріліп келген.

Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек.

Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз. Бұл – жаңағы айтқан ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер. Өзінің тұрған жері – Қазақстанның кіндік ортасы. Мұнда тұрған тау – аумағы 200 шақырым қырат-қырат таулар. Ең биігі – Әулиеата деп аталады. 1100 метр. Одан ағып жатқан, мына біз маңында отырған бұлақ Әулиебұлақ деп аталады. Осының бәрін ата-бабамыз бекер атамаған ғой.

Жаздың күні осы жерді жайлаған қазақ малын Ұлытаудың етегіне айдап келеді. Батыстан да, Оңтүстіктен де, Солтүстіктен де, Шығыстан да ағылады. Мына таудан бұлақ ағады, төңірегі жайылымға қолайлы. Мыңдаған, миллиондаған мал жатса да көрінбейтін шүйгін дала болған. Бар қазақ жан-жақтан келген соң киіз үй тігеді, ат шаптырып, той жасайды. Осы жерде қыз ұзатады, баласын үйлендіреді. Бір-бірімен құда болып тарасады. Мына елдің қызы былай кетеді, ана елдің жігіті мына жақтан қыз алады. Еліміз осылай араласады.

Қазақтың кең даласында диалект сөздің жоқтығы содан деп ойлаймын. Батыс Қазақстанды, Атырау облысы мен Шығыс Қазақстанды, Оңтүстікті алып қарасақ, барлық әдет-ғұрпымыз, баланың тууы, қыз ұзату, үйлену тойы, сүндет тойы, өлгендерді жерлеу салты бір-бірімен үндес. Мысалы, Қытайдың солтүстігі мен оңтүстігінің, батысы мен шығысының арасы біздегі сияқты үш мың шақырым болса да, Пекиннің адамы оңтүстіктің тілін түсінбейді. Бізде олай емес.

Ұлытаудың қасиеті осындай. Кең байтақ жерде қазіргідей ұшақ, теміржол, автокөлік жоқ. Бір-біріне барып көмектескенше не заман? Әрқайсысы өзін-өзі сақтап қалу керек болды. Сондай замандар өткен. Мысалы, Отан деген үлкен ұғым. Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкеңді, шешеңді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың.

Сондықтан тарихыңды білген жөн болады. Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр болуы мүмкін. Мысалы, керемет үлкен еменнің



тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды таныту үшін қазір көп нәрсе жасап жатырмыз. Сондай тарихтың куәгері – Ұлытау. Оны білуіміз керек.

Кезінде мен астана болатын жер іздегенде Ұлытауды көрейін деп әдейі келдім. Қазақ жерінің нағыз орта тұсы екені рас. Бірақ қазіргі заман талабымен қарасақ, бұл жерде не жол, не су, не әуежай жоқ – еш нәрсе де жоқ. Бұл жерге қыруар қаражат керек болар еді. Бәрібір елдің ордасына лайықты жер емес-ті. Бірақ қасиетті мекен ретінде бағалана береді. Міне, теміржол, басқа да жолдар салынып жатыр.

Келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді. Мұнда Жошы ханның ордасы болған деп те айтады. Жошының қазасын естірткен кезде «Ақсақ құлан» деген күй шыққан. Бұл мекеннің осындай кереметтерін тани білуіміз керек.

– Сіз айтып өткендей, қасиетті Ұлытау жеріндегі ерекше аура, ерекше жағдай, шынын айтқанда, маған да сезіліп тұр. Тәуелсіздік жылдарында біз рухани құндылықтарымызбен қайта қауыштық. Өзіңіздің руханият, мәдениетке деген ерекше қамқорлығыңыздың арқасында халқымыз туған тілімен, дінімен, дәстүрімен қайта табысты. Алайда жастар арасында ата дінді дұрыс түсінбей, бұрмалап, оны әр түрлі мағынада ұғатындар жеткілікті. Осы ретте еліміздің болашақ дамуында діннің алар маңызы қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Біз, жалпы, діннен де, тілден де айырыла жаздаған елміз. Кеңес Одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілді. Қазақтың тілі бір шоғыр қазақтардың тілі болып қалды. Ол қайда шығады? Кімге керек болады? Қазақтың шекарасынан асып шықсаң, бұл тілдің керегі бар ма, жоқ па? Бір жағынан алып қарағанда, оның жөні бар. Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз.

Қазақтың кейбір сөз оралымдарын, Абайдың сөз өрнегін басқа тілге, мәселен, орысшаға, ағылшыншаға аударып көрші. Ол мүмкін емес. Себебі тілдің өз қасиеті бар. Сондықтан тіл жоғалатын болса, сол қасиет те жоғалады. Сол сияқты біз тәуелсіздік жылдарында дінімізге қайта

оралып жатырмыз. Қарап отырсаң, қазақ ешқашан дінінен айрылып көрген емес.

Ешқандай уақыт үзілісі болмағандай, дінімен қайта қауышты да, әрі қарай жалғастырып жүре берді. Бұрынғыдай қорықпай, жасқанбай, дінге бас иіп, Құдайға құлшылық етіп, мешіттер салып жатырмыз. Қаншама азаматтарды – білімді, дінді насихаттайтын молдаларды дайындап келеміз. Осының барлығы дұрыс қой, дініміз де, дәстүріміз де қазаққа керек, әрине.

Дегенмен тек біздің дініміз ғана дұрыс екен деп жүрген басқа елдердің жағдайы мүшкіл болды. Мысалы, бір мұсылманның ішінен сүннит пен шейт болып бөлініп, қан төгіп жатқан халықтар қаншама? Бір діннің ішінде өзара ұғыспай, ағымдармен келіспей, соғысып жатқан католиктер қаншама? Сондықтан біз абайлауымыз керек. Біздің дініміз керемет, басқа діндердің керегі жоқ деген жөн. Біздің дініміз – өзіміздің дініміз.

Бірақ басқаны да үйренуіміз, білуіміз, сыйлауымыз, құрметтеуіміз қажет. Сонда мұсылманның діні де құрметтелетін болады. Дінге бас ұрып жүріп, біз оның теріс жағына түсіп кетпеуіміз керек. Бізге зиян келтіретін дін ағымдары бар. Қан төгіп, соғыспен, дінмен мемлекет орнатып, мемлекеттік дін жасаймыз деп жүргендер бар. Баяғы Мұхаммед пайғамбардың сахабалары тұсындағы, Әбубәкір, Омар, Осман, Әлидің кезіндегі халифатты қайтадан орнатамыз деген ұмтылыс жаулап алу ниетінен туған болатын.

Біз бұдан ажырап, дінді шынайы имандылыққа жақындатып, оның жақсы жағын алуымыз керек. Құранның қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу, үлкенді сыйлау, баланы тәрбиелеп өсіру, Отанды, елді қорғау, бірлікке шақыру арқылы дінді өркендеткен жөн. Сонда діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болады. Ол елдің басын біріктіреді. Міне, осындай исламды құрметтеуіміз керек.

Екінші жағынан, елдің барлығы мешітке барады екен деп, оларға топырлап көп адам ілеседі. Менің мәліметім бойынша, Қазақстан халқының 60 пайызға жуығы ислам дінін қолдайды. Соның ішінде нағыз дін ұстанып жүрген халықтың мөлшері 20-25 пайыздан аспайды. Тобырмен жүргендер де бар ішінде. Бұл да жақсы, барып үйрене берсін. Де-



генмен мешітке барған, қажылық жасаған дұрыс екен деп құр әншейін сән көріп жүрмесе болды. Осы күні қалтасында ақшасы болса, ұшаққа отырып, қажылық жасап қайтатындар көбейді. Заманның ағымына байланысты ол да дұрыс шығар. Бірақ қажылықтың қасиеті басқада.

Оған жолдың азабын көріп, бірнеше ай жүріп баратын болған. «Абай жолы» романынан Құнанбайдың жасаған қажылығы жөнінде оқыдыңдар ғой. Ойлап қараңдар, ол кезде ат арбамен қаншама ай жүріп, жол қиындығын тартып, әзер жететін. Сондықтан дінге бас иетіндер шын жүрекпен, әділеттілік үшін, имандылық үшін барса деп ойлаймын. Құдайға шүкір, дініміз өзіміздікі, қолымызға тиді. Қазір бізге ешкім одан алшақта деп айтпайды. Әркімнің өз еркі бар. Бірақ осыны дұрыс жолмен жүргізуіміз керек.

– Біздің халқымыздың руханиятында діннің орны қандай маңызды болса, тіл де сондай маңызға ие. Сіздің қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге байланысты ойларыңызды біле отырсақ.

– Мемлекеттік тілдің қолданылуы, оның өркендеуі үшін барлық жағдай жасалды. Конституцияға «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай етіп жазылды. Солай ғой? Ешкімге қазақ тілінде сөйлеме деп, кедергі жасап отырған бір адам жоқ. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Қандай мінбеден қазақша сөйлесең де, ешкім «тәйт, былай тұр» деп айтпайды. Қанша адам отырса да, соларға арналған аудармасын беріп, қазақ тілінде сөйлеуге болады. Біз тілімізді құрметтей білуіміз керек. Ешкімге анау сөйтпеді деп уәж айтудың жөні жоқ.

Мен бәрін білемін, біздің жазушыларымыз, мәдениет өкілдері «Біздің тіліміз жетімдік көріп келеді, тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде байғұс тіліміз жетімдіктен шықпай жүр» деп айта береді. «Бақытсызбын» деген адам бақытсыз болады. «Бақыттымын» деп жүрсе, бақытты болады.

«Тіліміз бар» деп жүрсе, тіліміз бар болады, «тіліміз жоқ» деп жүрсе, тіліміз жоқ болады. Қай-қайдағыны, ақырзаманды басқа орнатпай, Тіл туралы заңды қолданып, өзімізбен өзіміз қазақша сөйлесуіміз керек. Тілді қолданып, батыл сөйлеуіміз керек. Тілдің майын тамызып сөйлеп, басқа жұртқа үлгі көрсетуіміз керек. Әйтпесе, жыл сайын 100 мыңнан астам бала мектеп бітіреді, соның 80 пайызға жуығы қазақ тілінде оқыған.

Қазір орыстікі болсын, басқанікі болсын, барлық мектептерде қазақ тілін оқыту міндетті болып саналады. Қай мектепке барсаңыз да, 6-7 сыныптағы қай баланы кездестірсеңіз де, ол қазақша, орысша, ағылшынша сөйлеп тұрады. Міне, біздің тілге деген қамқорлығымыз осы. Мүмкін, жұрт «біздің Президентіміз неге қазақша сайрамайды, ылғи да біраз сөйлеп келіп, орысшаға ауысып кетеді» деп ойлайтын шығар. Мен мұның бәрін білемін.

Біз тәуелсіздік жариялағанда Қазақстандағы қазақтың саны 40 пайыз болатын. 40 пайыз! Басқалар «Сендер азсыңдар мына мемлекетте, қайдағы тәуелсіздік сендерге?» деп айтпайтын ба еді? Дегенмен елге соның бәрін түсіндіріп, күресе жүріп, біз тәуелсіздік жарияладық. Қазір, міне, қазақтың саны 65 пайызға жетті.

Қазақстан халқының саны сол кездегіден азайып, біразы көшіп кетті ғой. Ресейге көшті, еврейлер көшті, немістер көшті, анау көшті, мынау көшті... Осы тұста халық 13-14 миллионға жуық болған еді. Қазір 4 миллиондай халық қосылып, 17 миллионнан астық. Тіпті Кеңес Одағы кезіндегіден де көбейіп барамыз. Құдайға шүкір, жыл сайын халқымыздың саны артуда. Оның ішінде қазақтың саны көбеюде.

Ал жарайды, бәрін тыйып, қазақ тілінен басқа тілді заңмен жауып тастап, ауыздарыңды ашпаңдар, сөйлемеңдер десек, онда Украина сияқты боламыз. Қазір қазақтың бәрі мұны түсінген шығар. Солай етіп, жұрттың басынан соғып отырып, қазақ тіліне әкеліп, қантөгіс қылып, тәуелсіздіктен айырылу керек пе, әлде ептеп-ептеп амал қолданып, мәселемізді шешу керек пе? Әңгіме сонда. Ал таңдайық, қайсысын аламыз?

Сондықтан мен бұл жерде де сабырлылық керек деп ойлаймын. Болашақ біздің қолымызда. Болашақ бізге бетін бұрып тұр. Қазақтың саны көбейіп, тілдің ауқымы кеңейіп келеді. Көп облыстарда барлық іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіледі. Оған ешкім кедергі жасамайды. Қазағы көп аудандар қазақша жүргізеді. Оның ішінде қазір қазақша сөйлейтін басқа ұлттың азаматтары қаншама? Көріп отырсыздар, барлық жерде бар.

Оларды теледидардан көріп жүрсіздер. Журналистер арасында да, қарапайым адамдар арасында да бар. Қазір өз тағдырын Қазақстанмен байланыстыратын адамның бәрі баласына қазақ тілін үйретіп жатыр. Ал енді тарихын, болашағын қазақпен бірге деп санамайтындар бәрібір кетеді. Оған біз тыйым сала алмаймыз, салып та отырған



жоқпыз. Сондықтан өз халқымыздың сана-сезімін үйретіп, өз тілімізді өзіміз бағалауымыз керек.

Мен қазақтың тілін ғана білемін, басқасы құрысын деп жүргендердің кім екенін алып қарайықшы. Ол – не орыс тілін жөнді білмейтін адам, не ағылшын тілін мүлде білмейтін адам. Оқуға мойынсұнбайды, сөйлегісі келмейді. Солар: «Қазақтың тілі ғана жақсы, қазақтың тілінен басқа сөз жоқ» дейді. Сонда біз мына өркениетпен қалай жалғасамыз, айтыңдаршы? Орыс тілін алайық. Ол да белгілі. Бізге орыс елінің тізесін батырып жіберген кезі болды.

Сол орыстың тілін үйренеміз деп қазақ тілінің қолданысы азайды деген мәселеге тіреледі ғой. Кейбір ұғымдарды орыс тілінен енген деген желеумен біржақты аударуда. Дүниежүзіне ортақ сөздердің қазақша баламасын тауып жатыр. Мен талай жазушылармен, композиторлармен сөйлесіп жүрмін. «Пианино», «пиано» деген халықаралық термин. Оны біз «күйсандық» дедік. Ешқандай жанаспайды.

Сандық пен күйдің арасына пианиноны қосуға бола ма? Мысалы, композиторды дүниежүзінде композитор дейді. Біз «сазгер» деп жүрміз. «Саз» деген басқа мағынаны береді. Мұның бәрі неден шығып жатыр? Өйткені орыстың тілінен арылу керек деп ойлаймыз. Біресе түріктен, біресе арабтан, біресе парсыдан аламыз. Сөйтіп, бұзып жүрміз.

Тілді байыту керек! Оған халықаралық ұғымдарды енгізсек, тіліміз дамиды. Онда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан қорқып, шошудың қажеті жоқ. Тіліміз өркендеп, өсіп келе жатыр дей аламын. Қазір ешқандай қауіп жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор. Дүниеде 6 мың тіл бар. Жыл сайын оның 10 пайызы жойылып отырады. Қажет еместері...

Оны қолданатын адамдар аз, ауқымы тар. Солай болып жатыр. Ал мына ағылшын тілін дүниежүзі халқының 70 пайызы қолданады. Неге оны қолданады? Ол – ғылым мен білімнің, ақпарат құралдарының, интернеттің, медицина мен мәдениеттің тілі. Ағылшын тілін білмей-ақ өмір сүреміз деуге болады. Әрине, болады! Бірақ онда ағылшын тілі арқылы тарап жатқан ілімді білмейсің. Оны білмесең, өркендеп өсуіңе жол ашпайсың, болашағыңа балта шабасың.

Сондықтан біз мемлекетімізді алға сүйреп, экономикасын көтеріп, өркендеп-өсіп, озық отыз елдің қатарына қосыламыз деп отырғанда, халқымыз, жастарымыз ағылшын тілін білмесе, қалай болады? Мысалы,

бір жарым миллиард халқы бар Қытай елі қытай тілін құрметтеп отыр ғой. Бірақ барлық элитасы, бизнесі ағылшын тілінде де сөйлейді.

Жапондардың бизнес элитасы, ғылым-білімі ағылшын тілінде. Бір миллиард халқы бар Үндістан тәуелсіздігін алған кезде ағылшын тілін доғарып тастады да, 5-6 жылдан кейін қайта оралды. Сингапурда да, Малайзияда да солай болды. Мына бізді отарлаған елдің тілі құрысын деп қолданыстан алып тастап, керек болған соң қайтып келді.

Сондықтан үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін игергеніміз өте дұрыс. Соның ішінде біздің мемлекеттік тіл қатар келе жатыр. Біз соны неге ойламаймыз? Біз осылай үштұғырлы тілді қолдансақ, түбінде біздің жолымыз ашық болады. Осыны түсіну керек. Бұл жерде асығыстық жасамау керек. Сабырлы болған жөн. Біздің көпұлтты болып отырғанымызға ешкім кінәлі емес. Тағдыр солай болды.

Өзге халықтардың да ешқандай жазығы жоқ. Орыстардың, украиндардың, беларусьтардың, ұйғыр, шешен секілді халықтардың не кінәсі бар? Осылай болды, тарих бізді көпұлтты етті. Бәрінің басын қосып, Қазақстанның бірлігін сақтап, төзімділік танытып, экономикамызды өркендетіп, өсе беретін болсақ, келешек қазақтың қолында болады.

– Құрметті Президент мырза, Сіздің бастамаңызбен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ келесі жылдың басынан толыққанды жұмысына кіріседі. Бірақ әлі де болса, оған үрке қарайтындардың бар екенін байқап жүрміз. Осы ретте не айтасыз?

– Мен мұны үнемі айтып келе жатырмын. Түсінгісі келмейтін адам бәрібір ұқпайды. Картаға қарайық, Қазақстан құрлықтың дәл ортасында орналасқан. Теңізге шығатын жолымыз жоқ. Қазақстанда екі қабатты бір үй салу бағасы Малайзияда сондай 10 үй салу құнымен бірдей. Неге? Біздің елдегі суық 40 градусқа дейін жетеді. Ыстығымыз да солай.

Ал Малайзияда да, Сингапурда да ауа райы біркелкі. Бізде зауыт, фабрика салу Малайзиядан 5-6 есе қымбат. Ал енді олар теңіздің, мұхиттың жағасында отырған соң тауарын кемеге тиейді де, арзан жолмен жібере салады. Біз мына Қара теңізден, Жезқазғаннан мысты пойызға тиеп, анау Қара теңіздің жағасына жеткізгенше әр шақырымына ақша төлейміз.



Қытайға, Ресейге жеткенше ақы береміз. Анау Еуропаға барғанша қыруар ақша жұмсаймыз. Сонда біздің «теңізіміз» не болды? Біздің «теңізіміз» – Ресей территориясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекетті теңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз. Енді біз осылармен сауда-саттық жасамасақ, онда экономикамыз қалай өседі? 17 миллион ғана халқымыз бар. 250 миллиардқа жақын өндіріс өніміміз бар.

17 миллион халықты қамтамасыз етіп болғаннан кейін ары қарай қалай өсеміз? Егер біздің шығарған тауарларымызды біреу сатып алмаса, ол қоймада тұрып қалады. Ол сатылмағаннан кейін зауыт тоқтайды. Зауытта істейтін жұмысшының бәрі жұмыстан босайды. Жалақысынан айырылады. Бала-шағасын асырай алмай, босып кетеді. Сондықтан жақын көршілермен экономикалық қарым-қатынас жасау маңдайымызға жазылған нәрсе.

Мұны ешкім шекесі қызғаннан жасамайды. Мүмкіндігіміз осындай, басқа амалымыз жоқ. Сондықтан экономикалық одақ құрдық. Саяси емес, экономикалық одақ. Бұл – дұрыс. Мен бұған зерттеп-біліп, шын көңілмен барып отырмын. Бізде басқа жол жоқ. Ресеймен, Қытаймен сауда-саттық жасамасақ болмайды. Беларусьпен, Украинамен қатынас жасағанымыз жөн. Мына оңтүстіктегі ағайындармен де сауда-саттығымыз болғаны дұрыс. Бірақ олардың кейбірінің бізбен сауда-саттық жасауға еш жағдайы жоқ екенін де біліп отырсыздар. Тауарды сатып алуға шамасы келмейді. Кейбірі жабық экономиканы қолданып отыр. Олармен де сауда-саттық жасай алмаймыз. Сондықтан біз осыған баруымыз керек. Біреулер «Ресей бізді қайтадан басып алатын болды» деп қорқақтайды. Олай емес. Қазақстан, Ресей және Беларусь елдері жиналып, үш Президент мәселе қараған кезде, біреуі қарсы болса, ешқандай шешім қабылданбайды. Консенсус деген сол. Егер екеуінің шешімі жақпайтын болса, мен қарсы болам, мәселе шешілмейді.

Сондықтан бәрінің құқығы бірдей. Әдейі сөйттік. Оның бер жағында экономикалық комиссия бар. Комиссияның ішінде әр елден үш-үштен – тоғыз адамнан тұратын алқа құрылған. Ол жерде де консенсус бар. Оның үстіне Премьер-министрлердің үш орынбасары жұмыс істейді. Оларда да солай шешеді.

Үкімет басшылары кездескенде де сөйтеді. Ал айтындаршы, қай жерде бізді кемсіте алады? Егер де бұл жағдаймен келіспейтін болса, Қазақстанның ол экономикалық одақтан шығып кетуге құқы бар. Мен бір рет айттым, тағы қайталап айтам, тәуелсіздікке нұқсан келтіретін болса, ондай ұйымдарда Қазақстан еш уақытта болмайды. Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік. Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз.

Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Сондықтан бұл жөнінен ешқандай күдік болмасын. Үйде отырып алып, дастарқан үстінде «ойбай, сөйтіп кетті, бүйтіп кетті, анау сөйтті» дейтін түк білмейтін дилетант адамдардың сөздеріне құлақ қоюдың жөні жоқ. Қандай аргумент бар, мысалға келтіріңдерші маған? Қай жерде не болып жатыр екен? Қазақ болсын, орыс болсын, барлық іскер адамдармен сөйлессең, бәрі мұның пайдалы екенін айтады.

Кеден одағына кірдік. Ресей шекарасында біздің пойыз келе жатыр делік. Бұрын бір тоннаға жүз теңге төлейтін болсақ, Ресей шекарасына кіргеннен кейін үш жүз теңге төлейтінбіз. Қазір ондай жоқ. Мен жай ғана мысалмен айтып отырмын. Шындығында мыңдаған, миллиондаған теңге төлейтін едік. Сонда біздің тауардың бағасы жаңағы ақшадан бірден өсіп кететін. Ондай бағамен шетелге барған кезде бәсекеге түсе аламыз ба? Түсе алмаймыз.

Біз мұнайды, темірді, көмірді тасымалдап жатқан елміз. Біздің мемлекетіміз бұдан қаншама пайда тауып жатыр. Бұл – бір. Екіншіден, қоян-қолтық сауда жасайтын екі ел бір-бірінің тыныштығын қолдайды. Бір-бірінің бейбітшілігіне мүдделі болады. Бір-біріне қол сұқпайды, саясатына араласпайды. Бір-бірімен жанжалдаспайды. Ол жағы да белгілі. Сондықтан бұл жерде ешқандай қорқатын, жасқанатын нәрсе жоқ. Оның бәрін мен қадағалап отырмын.

Егер Қазақстанның тәуелсіздігін өз қолымен жасап, қызғыштай қорғап келе жатқан қазақ болса, соның бірі менмін. Мен істеп отырған ісіме, алды-артыма, елдің болашағына қарап отырған адаммын. Экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді. Тіл де, дін де жайына қалады. Қазақтың да жағдайы жақсармайды. Сондықтан бұған түсіністікпен қарау керек. Құр сөзді қою керек. Егер күмән болса, мемлекеттен «неге бұлай?» деп жауап алған жөн. Соны түсінгеннен кейін,



біліп сөйлеген адам жақсы ғой. Беталды сөйлеп, қойдың құмалағымен бал ашып отырған адамның сөзін айтпау керек.

– Соңғы уақытта Украина төңірегінде қалыптасып отырған ахуал, көршіміз Ресейге салынып жатқан санкциялар біздің экономикамызға қаншалықты кері әсерін тигізуі мүмкін? Жалпы, біздің елдің экономикасы ықтимал қауіп-қатерлерге дайын ба?

– Шынын айтқанда, бұл енді ойламаған жерден шыққан қиыншылық болды. Ресей мен Украинаның арасында осындай ахуал орнығады деп кім ойлаған? Ойлап қарасаң, екеуі бір дінді, бір тілді, бір жерде бірге өсіп-өнген ел. Мұның экономикалық одаққа қолайсыз салдары тиеді, әрине. Оны айтпауға болмайды. Неге? Себебі Батыстың бәрі Ресейге санкция салып жатыр.

Санкциясын жеке адамдарға жасаса бір жөн, қаржы жүйесіне де, экономиканың кейбір секторларына да салынуда. Бұл Ресейдің экономикасын төмендетеді. Зауыттары нашар жұмыс істей бастайды. Сосын біздің тауарларды алатын жағдайы болмайды. Біздің шикізатты қабылдау мүмкіндігі азаяды. Міне, осы тұрғыдан қиыншылық көруіміз мүмкін. Екіншіден, Ресейдің де қарсы санкциялары бар.

Тұтынатын тағам өнімдерін алмаймыз деп жатыр. Біз осыны пайдаланып, Ресейге азық-түлік өнімдерін көбірек шығаруымыз керек. Фермерлеріміз көкөністі, ет-сүтті, басқа да тамақ түрлерін көбірек әзірлеп, көптеп сатып, пайда таба алады. Мұның да қауіпті жағдайлары бар. Бірақ пайдалы жағын қолдануға болады.

Ал олардың жасап жатқан кедергілерінің Қазақстанға тікелей қатысы жоқ. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына биыл кіреміз деп отырмыз. Бұл мәселені шешеміз. Еуроодақпен бұрынғы келіссөздерімізді жалғастырып, жаңа келісімге қол қоймақпыз. Оны да шешеміз. Демек, о жақтан да, бұ жақтан да тосқауыл жоқ. Қазір Ресейдің өзін түріктер қолдаймыз деп жатыр. Иран да қолдаймыз дейді. Тауарларын жібергісі келеді.

Біз де сөйтеміз. Бұл бір жағынан пайдалы. Бірақ мұндай санкциялар өмір бақи болады екен деп алданып та қалмау керек. Қазір егіннің бәрін егіп, Ресейге апарамыз делік. Ертең Ресей санкцияны алып тастап, бұрынғы үрдіске қайта келетін болса ше?.. Сондықтан қиын жағдайға

қалмау үшін алды-артымызды ойлап қадам жасау керек. Мұның ақырын күтуіміз керек. Дүниеде қандай соғыс болса да, ылғи келіссөзбен бітеді. Ылғи бейбітшілікпен бітеді. Мынау да бітеді. Уақыт деген керемет күш. Уақыт өзі бәрін орнына келтіреді.

Сондықтан Қазақстанның болашағы жарқын деп санаймын. Себебі біз ешбір елге тиісіп көрген халық емеспіз. Ешбір елге жау емеспіз. Төңірегіміздің ешқайсысы да бізге жау емес. Бізге сырттан келіп тиісейін деп тұрған ешкім жоқ. Дегенмен қандай жағдайда да өз қауіпсіздігімізді ойлап, Қарулы Күштерімізді сайлап, іші-сыртымызды, етек-жеңімізді жиып, сақ отыруымыз керек. Осылай төңірегіміз бейбіт, өзіміз бейбіт, ішіміз бүтін, бірлігіміз берік болса, ұтылмаймыз. Қазақтың бірлігі – мына көпұлтты халықтың бірлігі. Біз бірте-бірте жарқын болашаққа жетеміз деп санаймын.

Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан Мәңгілік Ел деген идеяны ұсындым. Мәңгілік ел болу үшін бәрін жасап жатырмыз. Әнеугүні Үкіметте біраз өзгерістер жасаған себебіміз мынау: Үкімет билігінде отырған шенеуніктер саны шағын болуы керек. Ал олардың істеген жұмысы ауқымды болуы қажет.

Жаңа министрліктердің басына келген басшылардың жасы 40 пен 50-дің аралығында. Көпшілігі ағылшын тілін меңгерген, өз саласының маманы. Олар Ресеймен де, басқа шетелдермен де еркін сөйлесіп, келіссөз жүргізе алады. «Болашақ» арқылы оқыған, өз елімізде тәрбиеленген сондай жастарымыз қаулап өсіп келе жатыр. Бәрі де мемлекет жұмысымен айналысуда.

Қазақстанның ең үлкен патриоты да, елді алға сүйрейтін де солар болады деп сенемін. Менің арманым, ойым – осы. Лайым, солай болсын! Қазақстанның болашағы өте жарқын! Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бұдан да керемет елде өмір сүреді деп ойлаймын.

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Еліміздің осындай киелі де ең сұлу жерлерінің бірі – қасиетті Ұлытау баурайында ерекше сұхбат бергеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– Жаңа өзің айтып кеткендей, мына жердің аурасы жақсы. Қазір далада күннің ыстығы қырық градусқа жуық болып тұрса да, осы Әулие-



бұлақтың жағасы қандай көркем. Мына тұрған қайыңдар, мынау жер сонау Жошы ханның да, Алаша ханның да, Тоқтамыстың да, Едіге батырдың да – бәрінің көзін көрген шығар.

Мінекей, дүние деген осылай ылғи тұра береді. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Елдің жолы!

Сұхбаттасқан

«Хабар» телеарнасының тілшісі Ринат Думанұлы.

2015 жыл



МЕН НЕ ІСТЕСЕМ ДЕ, ҚАБЫРҒАЛЫ ХАЛҚЫМА АРҚА СҮЙЕДІМ¹

– Нұрсұлтан Әбішұлы, туған жеріңізде, өскен еліңізде бар қазаққа белгілі тұлғалар баршылық. Солардың ішіндегі халыққа ең танымалы Қарасай Алтынайұлы болса керек. Қарасай батыр туралы, оның ұрпақтарына өнегесі туралы не айтар едіңіз?

– Аты бүкіл бір тайпаның ұранына айналған мұндай адамдар қазақ тарихында баршылық. Қазақтың «Ақжол!», «Бекет!» деп атқа шабатыны сияқты, мұндағы ел «Қарасай!» деп ұрандайтын болған. Атамыздың атының ұранға айналуы бір ұрыста жау шебін бұзып өтіп, Суықтөбеге туын тіккеннен кейін басталған көрінеді. Жамбылдың: «Арғы атам ар-уақты ер Қарасай, теңселген дүбірінен тау менен сай!» дейтіні бар. Қарасай – ертеректегі батыр. Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан көп бұрын, он жетінші ғасырдың басында, орта шенінде қазақ әскерлері басшыларының бірі болған. Қарасай батырдың есімін қазақ тарихы үшін қастерлі ете түсетін жай – еліміздің әр қиырындағы шайқастарға қатысқаны. Оның арғын Ағынтай батырмен жан аямас достығы, ақыры екі батырдың бір шайқаста көз жұмып, Арқада, бір бейітте қатар жерленгені белгілі. Кейіннен, осы тәуелсіздік жылдарында қос батырдың басына кесене орнатылды. Қарасай батырдың тікелей өз ұрпақтарына ғана емес, бүкіл қазаққа қалдырған басты өнегесі бірлікті ту етіп өткені деген дұрыс болады. Біз бабаларымыздың аруағына сиынып өскен қазақ емеспіз бе? Маған әкем әр уақытта Қарасай бабаға сиынып жүр дейтін. Ел ішінде ол туралы көп әңгіме айтылатын.

¹Бұл тақырып – құрастырушылар тарапынан қойылды.



– Сіздің өскен ортаңыздың бір қыры батырлық болса, бір қыры – ақындық. Қаскелең, Ұзынағаш жағын «Батырлар мен ақындар елі» деп ардақтап жатады ғой. Ел аузындағы «Екейде елу бақсы, сексен ақын, сарнайды жын қаққандай кешке жақын» деген сөз де тегін айтылмаған шығар. Сіздің де бойыңызда ақындық қуат барын білеміз. Бұл жағынан алғанда бабалар әсерін Сіз қалай сезінесіз?

– Әуезов «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» деп атаған Сүйінбай мен Горький «XX ғасырдың Гомері» деп атаған Жамбыл бар қазақтың мақтанышы екенін айтудың өзі артық шығар. Бірақ ақындық ақындардың ұрпағына қона берсе, екейде сексен ақын тұрмақ, сегіз жүз ақын болып кетуі мүмкін еді. Олай болмайды ғой. Жалпы, мен өзімді ақындық қонған адамдар қатарына қоса қоймаймын. Жүрегімді тербеген жайларды хал-қадерімше өлеңге түсіріп қоятыным бар. Оның бірнешеуіне әндер де жазылды. Ондай қасиет көп қазаққа тән емес пе? Ойды өлеңмен жеткізуге шебер кісілер менің әкем Әбіш пен анам Әлжан еді. Қарапайым адамдар болса да, той-томалақтарда, тіпті үйде отырғанда да ұйқастырып отыратын.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңіздің шығарған әндеріңіз де бар ғой? Оны білетінім, 1973 жылы Сіз өзіңіз бастамашы болып, біздің «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының аппаратынан бірнеше адамды, бүкіл облыстардағы меншікті тілшілерді Теміртауға шақырған екенсіздер. Сонда журналистерге жайылған дастарқанды Сіз жүргізіңіз. Өзіңіз шығарған «Шұбарат» деген әнді домбырамен айтып беріңіз.

«Алатау – туған жерім, менің елім.
Сағындым арасынан ескен желін.
Арқада ардақталып жүрсем-дағы,
Ер жігіт ұмытар ма туған жерін?!» –

деген сөздерін де жазып алған журналист ағаларымыз ортамызда бар...

– Мен ән шығарайын деп өлең жазған жоқпын. Кейде жүректі толқытатын бір оқиғалар болады, сол кезде бір нәрселерді жазасың.

Алдымен сөзін қағазға түсіресің, ырғағы кейін келе жатады. Жаңағы ән мына Теміртауда, Қарағандыда ұзақ жылдар жүргенімде ауылды сағынып шығарғаным ғой. Шұбарат – ата-бабамыздың жайлауы.

*«Шұбарат – Алатаудың етегінде,
Шамалған тұрады екен жетегінде.
Арқадан асыл жарды тапсам-дағы,
Туған жер, сенен алыс кетемін бе?» –*

деп те жазғанмын. Жаңағы сен айтып, мен толықтырып жатқан ән осыдан қырық жылдай бұрынғы сарғайған сәттердің сағыныш сазы ғой. Сондықтан, қазір мен ол өлеңді сол кезгі көңіл-күйдің көрінісі деп қана қарай аламын. Тегінде, ол кезде астананы Алатау бойынан Арқаға ауыстыруды әлі ойластыра қоймаған болсам керек... Теміртау, Қарағанды демекші, мына бір жайды айта кетейін. Осыдан он-он бес жылдай бұрын бір авторға бала күнімде ұшқыш болуды армандағанымды, Үшқоңырдың бір биігіне шығып алып, алысқа ұзақ қарайтынымды айтқаным бар. «Тегі, Теміртауды көргім келген болар» деп әзілдегенмін. Соны пайдаланып, біреулер мені мақтағанның жөні осы екен деп, сол кезде болашақ астана жаққа қаратып, қиялдатып қоюдан да тайынбайды. Әр нәрсенің қисыны болуы керек қой.

Ақындардың жыр жинақтарын мүмкіндік тапқанымша оқып тұрамын. Ал енді бабалар әсері дегенге келсек, біздің ауылдағы жиын-той бала күнімізде айтыссыз өтпейтін. Айқыш-ұйқыш айтысатын да жата-тын. Арасында ән де, күй де орындалып тұрады. Би биленетіні есімде жоқ. Тегінде, би отырықшы халықтарға көбірек тән өнер. Би өнері арғыдан тамыр тартуы үшін үлкен сарайлар қажет.

– Үлкен атаңыз Назарбай би де ақындықтан құралақан болмаған сияқты. Тортай Сәдуақасовтың кітабында ол кісінің Алпысбай деген төреге айтқан шумақтары келтіріледі.

– Нақты менің өзіме мұндай қабілет тікелей әке-шешемнен жұғысқан сияқты. Әсіресе шешем ақжарқын, көңілді, айтқыш адам болған. Қандай жағдайда да тауып айтатын, өткір тілді кісі еді. Ер



көңілді кісі болатын. Анау жоқ, мынау жоқ деп әйелдікпен әңгіме айтпай, барға қанағат етіп жарқылдап, жайрандап жүретін. Әншілігі өз алдына бір бөлек. Ауылдағы той атаулы менің анам бармай басталмайтын, бәрі «Әлжан келсін» деп күтетін. Әкем Әбіштің де суырыпсалмалығы барын тұтастары айтып отыратын.

– *Кластас досыңыз Сәдуақас Есімбай: «Әбіш әкеміз, әсіресе айтысуға өте шебер болатын. Талай айтыстарды өз құлағыммен естігем. Той-томалақтарда «тойбастарды» жұбайы Әлжан анамызбен қосыла той иесіне ризашылықтарын айтумен бірге, кейбір қонақтардың тойдағы ерсі қылықтарын әзілге айналдырып, елді күлдіріп отырушы еді», – деп еске алады.*

– Әке-шешемнің құрдас, құрбылары да қалжыңқой, өлең құрастырғыш кісілер еді. Жалпы, қазақтың қай-қайсысы да екі ауыз сөздің басын құрастырып, бірер шумақты шығара беретін еді ғой кезінде.

– *Сіздің өміріңізден түсірілген көркем фильмде мектепте тақпақ оқығаныңыз келтіріледі ғой... «Шамалғанның басында...» деп келетін...*

– Оны фильмді түсірушілер менің кезінде берген бір сұхбатымнан алыпты. Былай болған. Әкемнің өз құрдастарымен қалжыңы таусылмайтын. Солар туралы өзі құрастырған неше түрлі тақпақты үйретіп қоятын. Бірінші сыныпқа барған күнімде мұғалім апайымыз «Ал кім қандай тақпақ біледі?» десе, жаңағыдай шумақтарды тақылдап айтып шығыппын ғой. Оның не өлең екенін мен қайдан білейін? Балалық шақта бәрі болады.

– *Жамбыл бабамыз Сіздің есіңізде қалай қалды?*

– Әкем Жамбылмен де, Кененмен де таныс болғанын айтып отыратын. Біздің ауыл Шамалған – Алматы мен Ұзынағаштың ортасында орналасқан. Әрқайсысынан қашықтығы шамалас болар. Жамбыл ауылының төңірегінде тұратын туыстарға атпен де, ат арбамен де бара беретінбіз. Үлкендердің айтуынша, Жамбыл атамыз да атқа мініп, тау



бөктерін аралап жүреді екен. Менің әжем Мырзабаламен жақсы таныс болса керек. Мен ол кездерде 4-5 жастамын. Есімде бірі қалса, бірі қалмайтын кез ғой. Жамбылдың Алғадай деген ұлы қайтыс болғанда анам (әжемді «апа» дейтінмін де, анамды «жеңеше» дейтінмін) мені Ұзынағашқа алып барған екен. Сонда атаға көңіл айту үшін Алматыдан, маңайдан көп адам келгені көз алдымда. Үйдің алдындағы мен бұрын көрмеген ұзын қара машина есімде қалып қойыпты. Анам айтып отырушы еді, атаның жанында үнемі бір жалтырбас кісі, бір толық денелі сары кісі жүрген еді деп. Кейін естідім – ол кісілер республиканың басшысы Жұмабай Шаяхметов пен жазушы Сәбит Мұқанов екен. Кезінде Сәбең біздің үйде де болыпты. Оны мен мектептің жоғарғы кластарында жүргенде ғана білдім. Біздің кезімізде мектептегі оқулықтарға еніп жүретін «Колхозды ауыл осындай» деген өлең болатын. Сәбит Мұқановтың өлеңі. Сол өлеңнің соңғы шумағын Сәбең біздің үйде жазыпты. Малшылар өмірімен танысуға бір топ жазушы келген екен. Араларында әншілер де бар. Әншілерінің ішінен жұрттың есінде Жамал Омарова ерекше қалыпты. Қонақтарға Үшқоңырдың жақсы деген киіз үйлері тігіліпті. Сонда біздің киіз үйге Сәбең түсіпті. Әкемнің: «Мұндай үлкен кісі де осыншама қарапайым болады екен» деп айтып отыратыны есімде. Әкем інім Сатыбалды екеумізді шақырып, Сәбеңе сәлем бергізіпті.

– *Өлеңнің бір шумағын үйде жазғаны қалай?*

– Сәбең жайлау туралы бір өлең жазып, соның аяқталуына өзінің көңілі толмай жүрген болса керек. Әкем мен анам кезектесіп ән айтқанда, ол кісі бір кезде қалам-қағазын шығарып, малдас құрып отырған жерінде тізесіне жаза бастапты. Сөйтіп, сәлден кейін ұзақ өлеңді оқып: «Мына соңғы шумағын жаңа ғана жаздым, түйіні келіспей жүр еді, жақсы болды», – депті.

– *Ол шумақ есіңізде ме?*

– Есімде, әрине.

Түнгі дауыс тым алысқа кетеді.

Жаңғырықтырып, тауды дірілдетеді.



*Жайлауында жаздай думан қайнаған
Қандай ғажап малшылардың мекені!*

Тағы бір қызық жағдай бар. Сонда Сәбеңнің шабытын шақырған ән орыстың «Вечерний звон, вечерний звон, как много дум наводит он» деп келетін әні екен. Әкемнің Шамалғандағы орыс достарынан үйренгені ғой.

– Сіз кезінде атаңыз туралы «Назарбай қолында мөрі бар адам болған екен...» деп қана айтумен шектелген едіңіз. Кейін қарасақ, ол кісі ауыл-аймақты басқарған, көп жыл би болған адам екен. Тортай Сәдуақасовтың «Назарбай би және туған өлке тарихы» деген кітабында бұл жайында нақты деректер келтірілген. Атаңыз жөнінде не айтар едіңіз?

– Жаңағы сен айтып отырған кітап сол кезде де құжаттардың ұқыптылықпен жүргізілгенін көрсетеді. Архив деректерінде Қаскелең болысының қанша ауылы болса, сол ауылдардың бәріндегі сайлау жасындағы адамдар, олардың жасы, малы (жылқы, қой деп нақты бөлінген, неге екенін, түйе, қара мал саны берілмепті) нақты тізімделген. Мысалы, Сүйінбай бабамызда 70 жылқы, 200 қой болған екен. Жанысбай, Жігітбай, Назарбай деген үш ағайындының малы қоса есептеліп, 3 жылқы, 50 қой деп көрсетіліпті. Бұл ол кез үшін аз мал. Әр үйге бір жылқы, он бес шақты қойдан ғана келіп тұр ғой. Соған қарағанда, жалпы біздің әулет о бастан бай болмаған. Малшылардың, қойшылардың ұрпағымын дейтінім сол.

Назарбай бидің мөрі менің әжем ешкімге бермей, өзінде ұстайды екен. Мұны менің анам айтып отыратын.

Ол мөр қазір Астанадағы музейге қойылған.

– Сәдуақас Есімбайдың «Үшқоңыр – алтын бесігім» деген кітабында Сіздің ататегіңізді былай тарқатыпты: «Қарасай – Көшек – Айдар – Мырзатай – Кенбаба – Еділ – Сапақбай – Назарбай. Әкемізден Үмбет, Шалабай, Арману мен Әбіш тудық, – деп отыратын Әбіш әкеміз». Әулеттік шежіреде Назарбайдан Шалабай, Үмбет, Әбіш тарайды делінеді. Арману деген кісі кім?

– Арману – Назарбайдың қызы. Аты сондай тосындау қойылған екен. Қазақ ата таратқанда әйел затын атамайды ғой. Әбіштен – Нұрсұлтан, Сатыбалды, Болат, Әнипа. Сәби кезінде шетінеп кеткен Айсұлтан, Нұрғазипа деген бауырларымыз болды. Назарбай би дүниеден өткеннен кейін шаңырақ иесі Үмбет атамыз болыпты. Құжаттарда Үмбетбай Назарбаев деп жазылады. Үмбетбай атаны мен көріп өстім. Ал Шалабай деген кісі ұрпақ көрмеген екен. Анамның аяғы ауыр кезінде бала туса, мен асырап аламын деп келіскен екен. Ол кезде әкем ағасына қарсы болмаған. Бірақ мен туар жылы ол кісі қайтыс болып кетіпті. Ал Арману апамыз ертеректе өмірден өткен.

Назарбай атамыз би сайлауына үш рет түскен көрінеді. Ана жылы маған Джонатан Айткен келген. Мына отырған сен сияқты оған да әбден әңгіме айтқанмын. Сол кісі архив құжаттарынан Назарбайдың ауқатты әрі елге сыйлы адам болғанын, 1900 жылы жергілікті төбелікке сайланғанын анықтапты. Ол деректер бұрын да келтірілген еді. Жабық дауыс беру кезінде 58 рубасының 30-ы Назарбайды қолдап шыққанын жазған.

– *Джонатан Айткен осы мысалға: «2007 жылы өз атасының өмірбаяны туралы әңгіме арасында оның сайлануы туралы осы тарихты айта отырып, Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Бұл біздің осыдан 100 жыл бұрын-ақ қаншалықты демократияшыл болғанымызды білдіреді! Қазақстандағы біздерді демократия туралы білмейді деп кім айта алады?» – деп әзілдеді» деген түсініктеме берген. Негізінде, Сіз бұл сөзді кем қойғанда әзіл-шыны аралас айтқан сияқтысыз.*

– Әрине, әр әзілдің астарында шындық жатады. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалы бар халықта демократия атымен жоқ деп ешкім де айта алмайды. Қазақ ханның алдына барғанда да «Дат, тақсыр!» дейді. Сонда «Датың болса, айт» деп, сөзін тыңдайтын болған. Біз еліміз демократиялық қоғам құру жолында дейміз. Ал олар болса біздің демократияның еуропалық стандарттарына тез түсуімізді қалайды. Мұның біздің қоғамға қандай залалы боларында олардың шаруасы жоқ.

Жалпы, өзгеге жалтақтаудың түбі жақсылыққа апармайды. Жақында бір батыстың сарапшысы жазған М. Горбачев жайындағы пікірді



оқыдым. Сонда Горбачев жас кезінен карьерист адам болған деп жазады. Мансапқор өсу үшін, өзінен жоғары тұрған бастықтың алдында ұпай алу үшін ұмтылып, жалпақтап, соның ойынан шығуды ойлайды дейді. Ал өзі бір күні үлкен басшы болғанда кімге жағынарын білмейді, жағынатын адам іздейді дейді. Әдеті ғой. Сонда Горбачев өз елінде жағынатын адам қалмағанда Америка, Еуропа басшыларының мақтауына ілінгісі келген болып шығады. Иә, ол шынында да солардың айтқанын тыңдады, айтқанын істеді. Мұны айтып отырғаным – ел басындағы адам тек қана өз халқының, өз елінің қамын ойлап, соған ғана қарекет жасауы керек.

Маған да батыстың жолына түсіңіз, осыдан артық жол жоқ дегендер аз болмады. Түспедің деп сынады. Олардың ақылымен жүрсек, онда өз дәстүр, өз тамырымыздан айрылып, ел ішінде дау-дамай көбейер еді. Нешеме түрлі-түсті революциялардың ішінде жүрген халықтың өмірі мүшкіл болар еді. Оның бәрін көріп отырған жоқпыз ба?

– Назарбай бидің өзі өскен өлкеде белгілі бір із қалдырған тұлға екендігі Сіздің кішілікпен айтқан әңгімеңізден-ақ аңғарылып тұр. Әйтсе де, Сіздің ертеректе шыққан «Әділеттің ақ жолы» деген кітабыңызда: «Кейінгі кезде өзінің «пролетарлық» тегімен көкірек қағу басқа бір нәрсенің салқынымен алмасты: қайткенде де өз тегінен «ақсүйектік» қасиет іздеп табу етек алды. Ондай біздің тұқымда болған емес. Мен – қойшылардың ұлымын, немересімін және шөбересімін. Демек, ешқандай ақсүйектер әулетінен емеспін» деп жазғаныңыз бар. Рас, бұл кітап кеңестік кезеңде, тәуелсіздікке дейін жарық көрген. Сіз ол кезде атаңыздың би болғанын айтып жатқыңыз келмеген сияқты, әлде олай емес пе?

– Бұған не деуге болады? Жалпы, адамның өткенімен мақтана беруі оның бүгін мақтанатыны аз екендігінің белгісі де болуы мүмкін... Солай емес пе? Ата-бабаларың мақтануға тұрарлық тұлғалар болғанда да сенің өзіңнің оған нақты қатысың қандай? Сіңірген еңбегің қандай? Сенің ата-бабаларыңа еңбек сіңіруің мүмкін емес. Сенің еңбегің сіңсе, балаларыңа, немерелеріңе сіңеді. Осындай балалар тәрбиеледім, осындай немерелер өсірдім деп мақтаныш етсең, бір жөн. Әрине, халық үшін еңбек еткен адамдарды мақтаныш тұту керек.

Егер олар сенің әулетіңнен шықса, тіпті жақсы. Бірақ бұл арада мақтаныштан гөрі жауапкершілік сезімі алға шыққаны дұрыс. Мен сондай адамның ұрпағымын, қазір бәленшенің ұрпағы деген атты абыроймен алып жүрмін бе деген тұрғыда ойланған, қиналған жөн.

Ал енді «ақсүйектер әулетінен емеспін» дегенімнің мәнісі былай. Қазақта бабадан атаға, атадан балаға, баладан немереге ауысып жататын ақсүйектік, яғни, аристократтық титулдар жоқ. Мысалы, грузиндерде князьдің баласы князь болып шыға келеді. Ағылшындарда лордтың баласы да лорд. Орыстарда да бұрын солай болған. Дворян әулетінің балалары дворянин, графтың баласы граф деген сияқты. Мұның жақсы жағы да бар, жаман жағы да бар. Жақсы жағы – әулет дәстүрін жалғастыру жауапкершілігінің өзі адамды ширатып тұратынында. Жаман жағы – жаңағы атаққа адамның ерекше еңбек етпей-ақ дайын күйінде ие болатынында.

– Осы арада бір пікір қосайыншы. 2005 жылы Мәскеуде Андрей Кончаловскийден сұхбат алған едім. Сонда Андрей Сергеевич: «Өзім дворяндар әулетінен шыға тұра, Ресейдегі пролетарлық революцияның жалғыз жағымды жемісі бар болса, ол аристократияны жойғаны шығар дер едім. Революцияның арқасында қоғам гомогенді болып шықты» деген еді. Осы ой көкейге қонады. Расында да, әр адамның өмірге қадам басардағы старттық жағдайы тең шамалас тұрғанының өзіндік артықшылығы бары талассыз.

– Жаңағы ойды аяқтайын. Әркім өз бақытын өзі жасауы керек. Әркім өз несібесін өзі теруі керек. Кімнің нешінші ұрпағы болғанымда да мына жайдың басы ашық. Менің әкем Әбіш – қарапайым өмір сүрген, ғұмыр бойы жұмыс істеген адам. Мал да баққан, егін де еккен, бау да өсірген, бақша да салған. Отбасын өзінің ақ-адал еңбегімен асыраған. Мен туғаннан кейінгі жылы біздің таудағы қыстауымызда біреудің абайсыздығынан өрт шығыпты. Әкем сол өртті сөндіріп жүріп, бір қолын иығына дейін қатты күйдіріп алыпты. Соғыс басталғанда әскери комиссариатқа шақырып, дәрігерлік комиссия қолының қатып-семіп қалғанына байланысты майданға жарамсыздық билетін берген. Оны «ақ билет» дейтіні есімде. Көп жыл таудағы жайлауда мал бағып, көшіп-қонып жүргендік-



тен, біздің бала күнімізде өзіміздің үйіміз де болмаған еді. Ол үйді біз кейін өзіміз салып алғанбыз.

– Сіздің кітаптарыңызда, сұхбаттарыңызда әкеңіз Әбіштің алдымен аталатын қасиеті – еңбекқорлығы. Өзіңізді де өмірдің небір сынақтарынан осы еңбекқорлық алып өткен. Әкеңіздің бұл қасиеті бала Нұрсұлтанның бойына қалай жұғысты болды деп ойлайсыз?

– Иә, мен нағыз еңбекқор кісі деп әкемді айтар едім. Әкенің балаға айтқан ақылынан гөрі көрсеткен өнегесі көбірек жұғады. Әкем маған ең қарапайым, бірақ ең қасиетті қағиданы ұғындырып кетті. Ол қағида – ерінбей, қажымай-талмай еңбек ету. Солай еңбек етсең ғана бағыңның жанатыны. Осы өнегесі үшін мен әкеме өмір бақи қарыздармын. Менің әкем мен шешем де еңбек арқылы табысқан. Үшқоңырда танысқан. Сол жерде жұрт әлі күнге «Арестанттар жолы» дейтін жол бар. Тауға шығатын айналма жол. Айтқандай, ол «арестанттардың» (қазақтар оны Рыстандар салған жол дейді) кім екенін білесің бе? Әуре болмай-ақ қой. Ешуақытта ойлап таба алмайсың. Үшқоңырдағы жолды салғандар бай-қулактар мен... жер аударылған молдалар екен!.. Олардың арасында Бұқарада медресе бітіргендер де бар көрінеді. Сонда әкем үш жүз арестантқа бригадир болыпты. Шешем Шу жақтан келіп, жаңағы жерде аспазшы болып жұмыс істеп жүреді. Анама бір жыл сөз салып жүріп үйленіпті.

– «Балалық шағымның аспаны» деген фильмде әкеңіз Әбіштің жаңа салық саясатына қарсылық ретінде өз қолымен еккен алма бағын бір түнде отап тастағаны көрсетіледі. Кейбіреулер осы оқиғаны фильм сценарийшілердің көркемдік тартыс үшін ойдан қиыстырғанындай көруі мүмкін. Мұның анық-қанығын өзіңіз айтып беріңізші?

– Мұның анық-қанығы «Әділеттің ақ жолы» деген кітабымда жазылған. Сценарийшілер де содан алып отыр.

Жалпы, әкем көзі ашық, көкірегі ояу кісі еді. Әкем жұрт айтса болдының, көп айтса көндінің адамы емес еді. Әр нәрсеге өзінше қарай алатын. Жиын-жиналыста айтпағанмен, дастарқан басында, үй ішінде өзінше пікірлерін де айтып қалатын.

– Ата-анаңыз біраз жыл перзент сүймей жүріп, Райымбек бабаның басына екі күн қатар түнеп, тәу етіп, содан кейін Сізді көргені белгілі. Сіз осындай әулиелі орындарға, олардың киесіне сенесіз бе?

– Менің әкем мен анам бабаның басына түнеп, тілек тілегендері рас. Менің бала кезімде ол мола Алматының шетінде үлкен төбе болып көрінетін. Құран Кәрімде тілеу, сұрауды тек Аллаға айту керек дейді. Бірақ біздің салтымызда аруаққа сену де бар ғой.

Райымбек бабаның басына түнеген түнде анам түс көріпті. Түсінде теңізге түсіп кеткен екенмін дейді. Судың түбінде демі тарылмай, кәдімгідей жүре беріпті. Теңіздің түбінен аппақ күмістен жасалған ұзын мылтық көріпті. Жаңағы мылтықты мойнына іліп алып, жүзгеннен жүзіп отырып жағаға шығыпты. Таңертең бейіттің шырақшысы түсін жорыпты. Ұл бала табасың, балаң мықты болады, жасы ұзақ болады, осы балаң сенің мақтанышың болады, ел қорғайтын адам болады депті. Мылтыққа байланысты жорығаны ғой.

– Нұрсұлтан деп атыңызды әжеңіз Мырзабала қойған екен. Сонда ол кісі Құрандағы Алланың 99 атының бірі – Нұр, бірі Сұлтан екенін білген бе, жоқ, әлде мағыналық жағына баса мән беріп қойылған есім бе?

– Мұндайда қазақ «аузына құдай салған» дейді. Солай болған шығар. Әжем Аллаға сенетін, бес уақыт намазын оқып, ораза тұтатын адам еді. Алланың 99 аты бар екенін білген болар. Мағыналық жағына да, әуезді естілуіне де көңіл бөлсе керек.

Әжем туралы айтайын. Мырзабала әжем мені бес жасқа дейін жұрттан жасырғандай етіп өсіріпті. Әрі тұңғыш, әрі әбден зарығып көрген немересімін ғой. Үйге біреу кірсе, мені етпетімнен теріс қаратып жатқыза салады екен. «Немереңіз жүрді ме, әже?» деп сұрағандарға: «Құдай бір немере беріп еді, оның өзін де қауқарсыз етіп берді» дейді екен. Анам ол кісіге ренжіп, қайдағыны айтасыз дейді екен. Мені қашан шауып жүріп кеткенше қып-қызыл матадан киіндіріп қойғаны да өзінше қызық. Көз тимесін дегені. Бір күні қып-қызыл ғып киіндіріп қойған маған аспаннан бүркіт шүйіліп түсе жаздапты. Сөздің реті келіп тұр, менің бала күндерімді, мектептегі шағымды көрсететін «Балалық



шағымның аспаны» деген фильмде Мырзабала әжемнің рөлін ойнаған Бибігүл Ахметқызы Төлегеноваға разылығымды бөле айтқым келеді. Әжемнің өзін көргендей болдым.

– «Үйдің жақсы болмағы – ағашынан, жігіттің жақсы болмағы – нағашыдан» дейді біздің қазақ. Қордай жақта «Ән тыңдасаң Қасыққа бар, қыз алсаң Қасықтан ал» деген сөз айтылады екен. Әлжан анамыздың әншілігі, әзілге ұсталығы, айтқыштығы жайында біраз жазылған. Анаңыз жайында да өз аузыңыздан естігім келеді.

– Не айтайын? Кім айтса да анасының қадір-қасиетін жеткізіп айта алар ма? Меккеге үш рет арқалап апарып келсең де, ана парызы өтелмейді дейді ғой. Мен көп қазақтың балалары сияқты әкенің ісінен үлгі алып, оның қаталдығына шыдап, ананың тәрбиесімен өскен баламын. Әкем күндіз-түні жұмыста, мен анамның жанындамын. Анамның мені жанындай жақсы көретінін білетінмін. Сол шексіз ана махаббатына оранып өстім. Баланы анасы шын сүйіп өсірсе, ол бала бақытты бола-рына мен сенемін. Баланы жалдаған әйел емес, анасының өзі тәрбиелегенін ұнатамын. Сондай бала дұрыс жолдан таймасына сенемін. Өзі қарапайым, сауаты жоқ адам болса да, өмірден үйренгені, көрген-білгені көп анам әр уақытта көз алдымда, жүрегімді елжіретіп тұрады. Қиын шешімдер қабылдар кезде түсіме кіріп, ақыл беріп кетеді.

Менің анам Әлжан Жатқанбайқызы 1910 жылы туған. Құжаттағы 1905 жыл қате жазылған деп өзі айтып отыратын. Мен негізі анама тартқанмын. Нағашыларым да осындай дөңгелек жүзді болған екен. Теміртауда жұмыс істеп жүргенімде анам қонаққа келіп: «Сені көрсем Бөлеген ағам көз алдымда тұра қалады. Өң-түсің де, қимылдарың да аумай қалған» деп көз жасын бір сығып алған еді. Бөлеген нағашым колхоз басқарған, аупарткомда істеген кісі екен. 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып кетіпті.

Анамды еске алғанда кейде қиялдап отырып, ойлаймын ғой: ол кісінің жасы жүзге жетсе, осы кезге дейінгіні көруі мүмкін еді-ау, тоқсанға жетсе, елдің есейгенін, баласының Арқада жаңа астана салдырып жатқанын көрер еді-ау, тіпті сексеннен сәл асса да, тәуелсіздік таңы атқанына куә болар еді-ау деп. Анам 1977 жылы дүниеден өтті. Менің

ат жалын тартып, азамат болғанымды ғана көрді. Аз күн ғана ауырып, ағайын-туғанына аманатын айтып, жүріп кете берген. Мен шетелден әкеліп берген жеп-жеңіл қоңыр тоны бар еді. Соны Гүлжан келініне беріп: «Енемнен қалған көз еді деп киіп жүрерсің», – депті. Келіні: «Қойыңыз, әлі-ақ осы тонмен талай қонаққа барасыз», – десе, айтыпты: «Тілімнің сайрап тұрғанына алданып қалмаңдар, дайындықсыз болмаңдар. Дүниеде болжаусыз нәрсе үшеу: толғақ болжаусыз, қонақ болжаусыз, өлім болжаусыз. Ажал айтып келмейді, айла таптырмайды. Алды сайран, арты ойран дүние – осы», – деп. Осылай кесек-кесек кесіп сөйлейтін, тіліп айтатын адам еді.

– Анаңыздың еті тірілігі, өткірлігі Қаскелеңнің аудандық аурухана-сында болған тосын жағдайдан да көрінеді.

– Ол жағдай ана жылы өзіңнің газетіңде жазылды ғой. Адам бойындағы жақсылықтың бәрі – алдымен ананың ақ сүтінен. Қазақтың «Ана сүтін ақтамағанды адам жақтамайды» дейтіні бар. Әйелді өмірдің тірегі дейміз. Әйел өмірдің тірегі ғана емес, әйел – өмірдің өзі. Бұрын бір сұхбатымда айтқанмын, әйелдің жағдайы қандай болса, қоғамның жағдайы да сондай болады деп. Біз жас ұрпаққа, балаларымызға, немерелерімізге ата-ананың қадір-қасиетін білуді ұдайы айта жүруге тиіспіз. Анасына рақым етпеген адам, баласынан рақым күтпесе де болатынын ұмытпайтындай етуіміз керек.

– Бауырларыңыз туралы айтыңызшы?

– Бір құрсақтан үш ұл, бір қыз едік. Едік дейтінім, артымнан ерген Сатыбалды деген інім көлік апатынан ерте, 34 жасында қайтыс болып кетті. Көп күттіріп, менен кейін жеті жылдан кейін туған бала еді. Өте сымбатты, зор тұлғалы, алапат қарулы жігіт болатын. Сол інімді жұрттың бәрі Қарасай атасындай деп сөйлейтін. Көз тиді ме, қайдам? Қазір соңында қалған екі баласы Қайрат пен Самат менің көз қырымда болып, ержетіп, ел ісіне араласып жүр. Үйленді, балалары бар. Әскери мамандар. Одан кейінгі – Әнипа деген қарындасым. Сатыбалды екеуі мен Қарағандыда жүргенде қолымызға келіп, біраз болды, оқыды.



Әнипа тұрмысқа шықты, қызы, немерелері бар. Кенжеміз – Болат. Училище бітіріп, механизатор, жүргізуші болып, кейін жоғары білім алды. Өзінің шаруасы бар. Сонымен айналысып, жүріп жатыр. Болат кенже болған соң, еркелеу өсті. Сол Шамалғандағы ата қоныс үйде отыр. Жас кезінде шетінеген менен кейін туған Айсұлтан, Сатыбалдының алдында туған Нұрғазипа болды. Балалары тұрмаған соң, ел салты бойынша, жаңа туған баланы терезеден шығарып, бір туыстарға беріп, солардан қайтадан сатып алады екен. Ақысы бір қап ұн, бір бау отын ағашы, қой сияқты болады. Сатыбалдының аты солай қойылған.

Бауырларыммен бірге өткізген балалықтың бал күндерін ойласам, әлі де ет жүрегім елжіреп кетеді. Ағаға қарап іні өсетінін ұдайы есімде ұстаушы едім. Оқысам да, жұмыс істесем де, бауырларыма үлгі болуды алдымен ойладым.

– Балалық шақтан қандай қызық жайлар еске түседі?

– Шамалған ауылы дәл Алатаудың етегінде, ал біздің көше тауға ең жақын еді. Сондықтан ғой «Подгорная» аталатыны. Балалық шақты еске алсам, сол таулар есіме түседі. Таулар біз үшін үйіміз сияқты болатын. Шаруашылық, өмір – барлығы таумен байланысты. Сағат таңғы бесте оятып, әкем тауға бар да Жұмақан ағаға мынаны беріп қайт дейді. 4-5 сағат жүріп, таудағы малшыларға жетем. Тапсырмасын орындап, кешкі 10-да үйге келемін. Шаршау деген жоқ. Бұл өзі жиі болып тұратын жай. Жазда жайлауда әкеммен бірге шөп шабамыз, көкпар тартамыз. Қатар-қатар тұрған киіз үйлерде тойлар болады, ақындар келеді, айтысады. Заңғар таулар. Баурайы жайлау, басы қар. Шөбінің қалыңдығынан кей жерлерде атпен келе жатқанда ат көрінбейді. Әр сайда бұлақ, өзен. Қандай сұлулық, қандай керемет!

Небір қызықтар өтті ғой бастан. Біреуін айтайын. Сатыбалды еркелеу өсті. Сабағын бірде оқып, бірде оқымай қалады. Ойнап кете береді. Сондайда бір жолы анам Сатыбалдыны ұрсып-ұрсып, қолына оқулық ұстатып, моншаға кіргізіп, сыртынан құлып салып кетіпті. Сабақтан келсем, қарындасым Әнипа дегбірі қашып: «Аға, жеңешем (балалардың бәрі мен сияқты анамды «жеңеше» дейтін, Мырзабала әжемнің бәрімізге үйреткені сондай) Сатыбалдыны моншаға қамап

қойды», – деп сыбырлайды. Қайтсін, қарындас қой. Барып, терезенің әйнек ағашын абайлап алдым да, Сатыбалдыны сыртқа шығарып жібердім. Кеш болды. Астың уақыты келді. Қамап кеткен баласын анасы тамаққа шақырайын деп құлыпты ашып, моншаға кірсе... оқулығы жатыр, Сатыбалды жоқ... Анам еңтігіп үйге кіріп келді. «Ойбай, моншаның есігі жабық тұр, ішінде Сатыбалды жоқ!» – дейді. Мен күліп: «Онда мұржадан шығып кеткен болды ғой», – дей салдым. Анам тағы салып ұрып сыртқа жүгірді. Қайтып келіп, мән-жайға қаныққан соң күледі: «Сасқанымнан жүгіріп барып, мұржаны қараппын ғой», – деп...

– Днепродзержинскіде бірге оқыған, Теміртауда жұмысты бірге бастаған достарыңызбен қарым-қатынасыңызды біршама білемін. Қабиболла Сәрекеновпен, Сатыбалды Ибрагимовпен, Мақсұт Нәрікбаевпен, Мақаш Тәтімовпен сол жылдар жөнінде бөлек-бөлек сөйлескенім де бар. Оларды сол кезеңді әңгіме еткенде кезегімен сұхбат арқауына айналдыра жатармыз. Ал мектептегі достарыңыз туралы не айтар едіңіз?

– Достарымнан бұрын ұстаздарымды неге сұрамайсың? Мектептегі алғашқы ұстазым – Тәкура Алғадайқызы Смайылова апайымыз. Қолымызға дәптер беріп, қалам ұстатып, алғашқы әріптерді қағазға түсірткен тұңғыш мұғаліміміз. Өзіміз Тәкку апай дейтінбіз. Бар білгенін балаға беруден аянабайтын. Тәкку апайдың аузынан естіген «Білім алмай болдым деме, еңбек етпей толдым деме», «Екілікке жылап, жасыңды төккенше, бестікке теріңді төк» деген сөздер мақал сияқты жадымызда жатталып қалыпты. Апайымыз 1990 жылы қайтыс болғанда көңіл айтып, жеделхат жібергенмін. Математика пәнінің мұғалімі Қарасаевты, тарих пәнінен сабақ берген ұстазым Сейітхан Исаевты біраз жұрт біледі. Газеттерде де, теледидарда да талай сөйлеген. Оқытушыларымыз У. Игелмановты, Ә. Сарыбаевты, Қ. Қошбаевты, Б. Кенжекеевті, басқа да ағайлар мен апайларымызды құрмет тұтамыз. Кейін белгілі жазушы, журналист болған, «Білім және еңбек» журналын алғаш басқарған Талап Сұлтанбеков орыс тілінің мұғалімі еді. Дене тәрбиесінен сабақ берген Николай Шлыков та есімде. Жөпелдемеде аузыма түсе қоймаған ағайлар мен апайларымның өмірде барларының өздерінен, өмірден өткендерінің ұрпақтарынан ғафу өтінемін.



Енді достарым жайында бір-екі ауыз айтайын. Біз бірінші класқа (қазір сынып дегенді шығардыңдар ғой, мен сол кездегідей айта берейін) 1947-48 оқу жылында бардық. Шамалғандағы Фурманов атындағы мектеп еді. Сол класқа бірге барған балалар әрқилы себеппен әр жаққа кете берді, араларында мектепті бітірмегендері де біршама. Бірінші кластан мектеп бітіргенге дейін біздің ауылда бірге оқыған үшеуміз ғана: Қадырғали Байбеков, Сәдуақас Есімбаев және мен. Әлі күнге араласып, сыйласып тұрамыз. Сол мектепте бірге оқыған Нұрлыбек Шаймерденов, Нүсіпхан Нұрмағанбетовтер бұл дүниеден өтті. Олардан басқа кластастарымызбен де жолыққанда бір жасап қаламыз. Менсіз де өздері араласып тұрады, менің жағдайымды түсінеді ғой. Кластастардың 40 жылдан кейінгі кездесуіне арнайы барғанмын.

Достарымның бір-біріне құрметі ерекше болды. Анам мен сабақтан келгенде тамағымды берген соң арнайы демалдырып қоятын, одан кейін үй тапсырмаларын орындауға тағы екі-үш сағатқа отырғызады. Мен сабақты әбден дайындап біткенше достарым үйге келмейді деп ойлайтынмын. Сөйтсем, сабағым біткенше анам ешкімді үйге кіргізбейді екен. Кейде тіпті «Сұлтан үйде жоқ» дей салады екен. Ойынға жібермеу үшін. Соны бала болса да достарымның ешқайсысы маған кінәлап айтқан емес, «Кеше саған барып едік, кіре алмай, қайтып кеттік» деп. Мұның өзіне ішкі мәдениет керек қой. Ауыл балаларының жаны нәзік, сезімі сергек болады.

– Елдігіміздің жарқын белгісі болған президенттік тұңғыш сайлау Сіздің халық алдындағы аса жоғары беделіңізді даусыз дәлелдеп берді. Сонымен қатар, ол сайлау еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауға жол ашқандығымен де ерекше қымбат деп айтуға болады ғой?

– Бүкіл халық белсене қатысқан сайлау біздің азаттықты, бостандықты қандай қадірлейтінімізді, тәуелсіздікті тосып жүрген көңілімізді көрсетті. Қай кезде де адамдардың бәрінен қатты қастерлейтіні – бостандық. Адамдардың ең ерекше талпынысы – бостандыққа деген талпыныс. Ол тіпті ондаған жылдар бойы ең қатал езгінің астында болып келсе де, ешқашан семіп қалмайды.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаудың қарсаңында, нақты айтқанда, елдің егемендігі туралы декларация жобасын талқылауда кейбір



«теоретиктердің» қазақтардың елдің халқы ішінде азшылық екенін алға тартып, республикада азаматтық қоғам құру міндетін көлбеңдете бергені бар. Сонда мен кез келген саяси іс-әрекет ізгі ниеттерге емес, нақты шындыққа негізделуі тиіс екенін айтқанмын. Декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттілік туралы мәселені ғана емес, тіпті қазақ халқы жайындағы сөздерді де алып тастау керек дейтіндермен келісуге болмайды дегенмін. Бұлай етсек, қазақ халқының КСРО-ның басқа ұлттарына қарағанда теңсіз жағдайда қалуы ықтимал еді. Мен мұны ел тәуелсіздігін жариялаудың үлкен дайындық жұмысын қажет еткенін аңғарту үшін айтып отырмын. Ал енді тұңғыш президенттік сайлаудың қалай дайындалғанын, қалай өткенін өзіңнің газетің жақында ғана жан-жақты жазып, жүйелі көрсетіп шыққандықтан, ол жағын бұл арада егжей-тегжейлі әңгімелеп жатпауға болады ғой деймін. Оның үстіне, сенің сол алғашқы сайлаудың да, сол тұңғыш инаугурацияның да тікелей басы-қасында жүргенің тағы бар. Бәрін өзің көрдің ғой.

– Иә, инаугурация сценарийін жасағаным, ондағы ұсыныстарымның толық қабылданғаны, тоқсаннан асқан Шәкір ақсақалды демеп сахнаға шыққаным, ақын атамыздың ағылтып бата бергені, салтанатты рәсім аяқталар тұста тым жеделдете жабылған ауыр шымылдықтың лебінен тутұғыр шайқатылып кеткенде қозғалған туды аспай-саспай ұстап қалғаныңызды көріп, «Тәубе, елдің туы берік қолда екен» деп ырымдағанымыз өмір бойы естен кетпейді. 16 желтоқсанда, аңсаған азаттық күніне жеткенде талайдың жанарына жас үйірілгеніне бәріміз куәміз. Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Заңға қол қоярда қандай көңіл-күйді бастан кешіп едіңіз?

– Менің көңіл-күйім де сол күндердегі әрбір қазақтың, әрбір қазақстандықтың көңіл-күйіндей болған шығар. Бойымды қуаныш кернеді. Ата-бабамыз сан ғасырлар бойы аңсап өткен азаттыққа қол жеткізгенімізге қуандым. Кеудемде шүкіршілік тұрды. Заман ауысқанда, қоғам ауысқанда алдымыздан ашылған тарихи мүмкіндікті қалт жібермегенімізге, ақырын жүріп, анық басқанымызға, арандап қалмай, арманымызға жеткенімізге шүкіршілік еттім. Ең бастысы – жүрегімде сенім



болды. Тағдырдың қандай теперішіне де төзген, бар сынақтан дарқан көңілін, жарқын сезімін сақтап өткен өр де ер халқыма сендім, тарих табыстырған, тағдыр тоғыстырған қазақстандықтардың береке-бірлікті бағалаған күйде, бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату өмір сүретініне сендім. Құдайға шүкір деп айтайын, сол қуаныш, сол шүкіршілік, сол сенім біздің бәрімізді бүгінгі биікке жеткізді. Көңілімде алаң да бар-ды. Өтпелі кезеңде бағаның қымбаттайтынын, инфляцияның өсетінін, содан барып халықтың әл-ауқат деңгейі төмендейтінін біліп, күннен-күнге күрделеніп бара жатқан мына дәуір алдан жаңа сынақтар шығаратынын ойлап алаңдадым. Сол алаң көңілім де бірте-бірте басылуда. Халқымыз болмай қоймайтын қиындықтардың бәріне шыдады, бәрін елдікпен еңсерді, заман бірінен кейін бірін алдан тастырған сынақтарға да сыр бермей келеді. Енді алдымызға әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосылу деген мерейлі міндет қойып отырмыз. Ол үшін «Қазақстан – 2050» Стратегиясын қабылдап отырмыз.

– Сонымен, тарихтың ұлы сағаты соқты. Сіз сол тұңғыш сөзіңізде: «Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез келген ұрпақтың үлесіне тие бермейді. Қазір біздің көз алдымызда әлемнің картасында жаңа мемлекеттер пайда болып, қоғамдық-саяси және экономикалық формациялар, мемлекеттік басқарудың пішіндері ауысуда. Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ», – деген едіңіз. Қазақстан тәуелсіз ел атанды. Бүкіл халқымыз ел тарихындағы сол өзгерістердің куәсі, қатысушысы болса, Сіз тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті ретінде сол ұлы істі бастаушы болдыңыз. Ең алдымен, қандай мәселелерді қолға алуды қажет деп таптыңыз сонда?

– Тәуелсіздік біздің бәрімізге зор жауапкершілік жүктейтінін әр қазақстандықтың жүрегіне жеткізу басты міндет болды ол кезде. Үш жүз жылдай уақыт бойы өзіміздің қалай өмір сүретінімізді өзіміз айқындай алмай келген едік. Енді империясыз, тоталитаризмсіз соны өзіміз шешуіміз керек болды. Бостандық қолға тиді екен деп бостан-босқа масайрай берудің еш жөні жоқ еді. Бостандық өздігінен елді тойындырмайды да, киіндірмейді де, қалтаға ақша да салып бер-

мейді. Тек өз күшімізге сенбесек болмайды. Әрине, бұл бізге өзімізден басқа ешкім қарайласпады, атымен көмектеспеді деген сөз емес. Ядролық қаруды жоюда да, жекешелендіруді жүргізуде де ақыл-кеңесіне құлақ асқан адамдарымыз болды. Кейіннен менің өтінішім бойынша Астана салуға қаржылай қарасқандарға да, Конституцияны әзірлеуде жәрдемдескендерге де разылығымызды айта жүреміз. Бірақ, дегенмен, негізгі ауыртпалықты өзіміз көтергеніміз, ең қиын түйіндерді өзіміз тарқатқанымыз анық. Оның үстіне біз бұрын дотациямен өмір сүріп келген республикамыз. Мұның өзінің себептері бар. Бізде шығарылатын өнімнің 97 пайызының иесі Орталық болғаны рас, бірақ Орталық жойылғаннан кейін ол өнімдер өтуін өздігінен жалғастыра бермейді ғой. Бұрынғы шығындарымызға армияны ұстау деген сияқты жаңа шығындар да қосылып жатты. Тәуелсіздіктің басты тірегі – экономика. Бәрінен бұрын осы жағын қамдауды ұйғардық. «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» деген тұжырымдаманы ұстанатынымызды жария еттік. Ал енді нақты ұйымдастыру шаруаларына келсек, алдымен билікті нақпа-нақ бөлісудің басын ашып алу керек еді. Сонда ғана атқарушы органдардың үйлесімді басқару жүйесін құруға мүмкіндік туатын. Жоғарғы Кеңесті кәсіби Парламентке ауыстыру қажеттігі де айқын болатын. Депутаттардың саны орынсыз көп еді. Олар жылына екі рет қана келіп, дауыс беріп кетіп отыратын. Жергілікті кеңестердегі жағдай да сондай-ды. Аппараттары әбден далиып кеткен. Істерінен нақты нәтиже жоқтың қасы. Қайта құрудың қызды-қыздысымен көтерілген «Барлық билік Кеңестерге берілсін!» деген ұран сол ұран күйінде қалған. Кеңестер іс жүзінде сол билікті қолға алуға да, жүзеге асыруға да қабілетсіз болып шықты. Одан кейінгі шаруа ұлттық алауыздықты, елдің тұтастығына қарсы қадамдарды уағыздайтын партияларға, қозғалыстарға тыйым салу қажеттігі еді. Қазір жұрттаңданатын шығар, сондай да болып па еді деп. Иә, бәрі де болған. Тәртіпті, заңдылықты сақтауды да қатты құнттау қажет еді. Қазақстандықтардың құқықтық теңдігін қамтамасыз ете отырып, ұлтаралық келісімді сақтау, саяси тұрақтылыққа мемлекеттік саясаттың басты қағидаты ретінде басымдық беру өте маңызды еді. Басқа да аса мәнді міндеттер көп болатын. Дегенмен бірден қолға алатын, бірден қолға алмаса болмайтын міндеттер осылар деп шештім. Осыларды жасамайынша, Қазақстанды бүгінгі өркениет арнасына



түсіру де мүмкін емес еді, бағаны ырықтандыру да, қаржы саласын сауықтыру да, жекешелендіруді жүргізу де, нарықтық инфрақұрылым қалыптастыру да мүмкін емес еді, қысқасы, экономикалық жаңғырту-дың басты мәселелерін шешу бұларсыз жүзеге аспайтын.

– Егемендіктің елең-алаң шағында атқарылған тағы қандай істерді бөле айтуға болар еді?

– Көп қой. Бәрі де маңызды, бәрі де қажетті істер. Өзіміздің армиямызды құру, төл Қарулы Күштерімізді қалыптастыру да оңайға түскен жоқ. Әскери техниканы, қару-жарақты, тағы басқаны тізімдеудің өзі біраз шаруа болды. Қазақстандық әскерилерді КСРО-ның түкпір-түкпірінен іздеу, оларды елге шақыру, алдырту, орналастыру да қиындыққа түсті. Тұңғыш Конституцияны жасау да өте күрделі жұмыс болды. Бұрын аты бар да, заты жоқ Сыртқы істер министрлігін шын мәніндегі сыртқы саясат ведомствосына айналдыру да өте іргелі іс еді. Тәуелсіздік қолға тиісімен бастаған шаруамыздың бірі бүкіл әлемдегі қандастарымыздың өкілдерін атамекенге шақырып, егемен елін көрсету, қуанышымызды бөлісу еді. Бұл үшін 1992 жылдың өзінде Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайын өткіздік. Бауырларымызға құшағымыз айқара ашық екенін айттық. Соның нәтижесінде осы уақыттың ішінде мыңмындаған қазақ тарихи отанына жетіп, қатарымызды қалыңдата түсті. Құрылтайдың Республика сарайында өткен салтанатты мәжілісінде сөйлеген сөзімде қонақтарымызға Қазақстанымыздың өркендегеніне таяу жылдарда-ақ куә боласыздар деген едім. Айтқаным келді.

– «Егер келіссөзге екі жақ қатысса және аяқталмай қойса, онда ол келіссөздің шекара мәселесі туралы болғаны» – белгісіз бір автордың юмормен айтылған осы сөзі шекара жайындағы әңгіменің қашанда шетін шығатынын көрсетеді. Тағы бір автордың «Саяси карталар қанмен боялады» деген сөзін де кездестіргенім бар. Құдайға шүкір деп айтайық, тәуелсіз Қазақстанның тарихы осы екі сөзді де теріске шығара алды. Егемендіктің елең-алаң шағынан бастап жүргізілген көп векторлы сыртқы саясаттың арқасында алыспен де, жақынмен де бірдей орнықты қарым-қатынас қалыптастырудың сәті түсті. Әсіресе

айналамыздағы елдермен мемлекеттік шекараларымызды заңды түрде, біржолата бекітіп алғанымыз – ерекше жетістігіміз. Сізге сұхбат кітабының келесі тарауының тақырыбына қатысты алдын ала жазба түсіргенімде ол әңгімені шекара мәселесін шешудің жай-күйіне арнауды ұсынғаным да сондықтан еді. Сөз басында жалпы шекара ұғымы, оның мемлекет үшін мән-маңызы деген жайларға тоқталсаңыз деген тілегім бар. Былайша айтқанда, мұның өзі белгілі жайларды түсіндіру сияқты көрінуі де мүмкін, айтсе де әңгіменің өзінше бір глоссарийі ретінде артықтығы да болмас еді деп ойлаймын.

– Мемлекеттік шекара деп біз белгілі бір елдің құрлықтағы немесе судағы аумағының шегін көрсететін межені айтамыз. Сол меженің ішіне енетін әуе кеңістігі мен жер қойнауы және су түбі сол мемлекеттің аумағы болып табылады. Көршілес мемлекеттердің шекара межелері өзара келісімдер мен шарттарда белгіленетіні өзінен-өзі түсінікті.

Шекаралар орографиялық, географиялық, геометриялық шекаралар деп бөлінеді. Орографиялық шекара деп жер бедерімен, негізінен тау жоталары мен өзен арналарын есепке ала отырып жүргізілген шекара сызығын айтамыз. Мысалы, Еуропадағы біраз елдердің шекаралары Одер, Эльба, Прут сияқты өзендер арқылы өтеді. Германия Федеративтік Республикасы мен Германия Демократиялық Республикасы қайта қосылмай тұрғанда, саяси әдебиетте «Одерден әрі қарай», «Одерден бері қарай» деген ұғымдар қолданылып келгені есінде бар шығар? Геометриялық шекара – елдер аумағын оның жер бедерін ескермей, елдімекендерді айналып өтіп тартылған шекара. Географиялық шекара дегеніміз – жер бетіндегі екі нүктенің арасынан географиялық координаттар арқылы тікелей тартылған шекара сызығы. Африканың картасына қарап отырсаң, жер меридиандары мен параллельдері бойынша тартылған мемлекеттік шекара сызықтары жиі кездеседі. Олардың шекараларын кезінде отарлаушы мемлекеттер мына меридианның бер жағы менікі, ар жағы сенікі дегендей ой қисынымен белгілей салған. Неге десең, сахараның мидай елсіз шөлінде шекараны бұлталақтатып жатудың жөні шамалы.

Жалпы, тәуелсіз елдің басты белгісі – заңды түрде белгіленген өз территориясы болуы. Бәрі де осыдан басталады. Демократиялық қағи-



даттар халықаралық қарым-қатынастарда орныға қоймаған өткен замандарда бір елдің бір елге басып кіруі, сол жерді өз иелігіне айналдыра салуы қалыпты жайға айналып кеткен. Есте жоқ ескі кезеңдерді қозғамай-ақ қояйық, бергі уақыттың өзінде шекаралас елдердің арасында жер үшін қаншама қанды қырқыс болғанын білеміз. Сондықтан да мен 1992 жылдың өзінде-ақ, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болғаннан кейінгі Бас Ассамблеяның алғашқы сессиясында қалыптасқан шекараларды қайта қарауға шақырудың қандайлық зардаптары болуы мүмкін екенін айтқан едім.

Қалыптасқан шекараларды қайта қарауға шақырудың қандайы да тек шатаққа бастайды. Мен Германияның Сыртқы істер министрі Ганс Дитрих Геншермен тәуелсіздікке дейін-ақ кездескен едім. 1991 жылғы қарашада. Сонда Геншер менің шекара мызғымастығы қағидаты туралы айтқанымды толық қолдады. Ол Еуропадағы соғыс атаулының бәрі шекараның қырсығынан шыққанын, сондай даудың бәрі насырға шапқанын айтты. Арғы замандарда талай жерлер талай мемлекеттердің қарауында болды, көбі қазір жоқ мемлекеттер. Сондықтан, бәрін тарихқа тірей беретін болсақ, шекара туралы даудың қандайының да мәні қалмайды. Адамзат шекара дауын тыюы керек. Бұл әбден-ақ есте ұстайтын сөздер.

Егер белгілі бір рудың, тайпаның өрісі мен қонысын сол рудың, тайпаның шартты түрде болса да шекарасы деп қарасақ, өзіміздің қазақта да жайылымдық, шабындық жер үшін ағайын арасында айтысып-тартысып, кейде қамшы сілтесіп, тіпті бас жарып, көз шығарып қалатын жағдайлар кездеспей тұрмаған. «Жер дауы, жесір дауы» деп келетін сөз тіркестерінің туындайтын себебі содан. Айтқандай, кезінде мен бұл сөзді зиялы қауыммен бір әңгімеде айтқанмын.

Қаншама тәуелсіз ел болсаң да шекараң ашық-шашық жатса, ол іргедегі көршілердің тарапынан түгел мойындалмаса, ондай тәуелсіздіктен береке болмайтыны белгілі. Ендеше, әуелі Қытай Халық Республикасымен, сосын көршілес мемлекеттер – Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстанмен шекара мәселесін реттесек, енді Ресеймен де сондай уағдаластыққа қол жеткіздік. Сіздер сияқты қаламгерлер қауымына қазақ үшін қашанда «жер дауы мен жесір дауының» қаншалықты қиын болғандығын түсіндіріп жатудың өзі артық болар. «Сыбырлаған-

ды құдай естімей ме?» дегендей, арыдағы ежелгі Русь мемлекеті мен Қыпшақ даласы арасындағы шайқастар, шығыстағы жоңғар мен қазақ соғыстары, Кенесары хан кезіндегі қазақ-қырғыз шекісулері, бертіндегі болған қақтығыстардың бәрі жер дауынан туындамап па еді? Жалпы, жер дауы, шекара мәселесі түпкілікті шешілмесе, ел ішінде тыныштық, тұрақтылық болмайды, тұрақтылық жоқ жерде экономика алға баспайды, ал бұл екеуі жоқ болса, мәдениет пен ғылымның алға жылжуы мүмкін емес дегенім есімде. Алысқа бармай-ақ қояйық. Қазіргі қырғыз-өзбек, өзбек-тәжік арасындағы келіспеушіліктің бәрі шекарасының бекітілмегенінен болып жатыр. Ресей-Украина арасындағы жанжалдың да негізі – шекара мәселесінің түгелдей шешілмеуі.

– Астананы ауыстыру идеясы ә дегеннен бүкіл халықтың қолдауын иеленіп кете қойған жоқ. Біраз жұрттың ел болып есімізді жия алмай жатқан шақта осындай ғаламат ірі шаруаға кірісу қажет пе өзі дегені рас. Мұндай соншалықты жаңашыл, соншалықты тосын, соншалықты батыл идеяны баршаның бірдей түсініп, жақтап кетуі де оңай емес еді. Мысалы, Алматыда жүргізілген қоғамдық пікір сауалнамасы бойынша, ондағылардың дені Ақмолаға көшу дегенді тіпті естігілері де келмегенін өзіңіз «Қазақстан жолы» кітабыңызда жазғансыз. Астананың 10 жылдығы қарсаңында бізге берген сұхбатында Иманғали Тасмағамбетов әуелде осы шешімге күмәнмен қарағанын, Сіздің өзіне батыра айтқан бір сөзіңізден кейін бұл идеяның қызу қолдаушысына айналғанын әңгімелеген болатын.

– Мен 1994 жылғы 6 шілдеде депутаттар алдында сөйлеген сөзімде астананы көшіруге кететін қаражаттың ішінде орны толмайтыны тек көші-қонның нақты шығындары ғана болатынын, қалған қаржының бәрі келешекке салынған инвестиция екенін айттым. Бүгінгі күннің деңгейінен жоғарырақ қарай алсақ, мемлекеттің келешектегі мүдделері тұрғысынан ойлай алсақ, астананың Арқаға ауыстырылуы қай жағынан қарағанда да өзін өзі ақтайтын шешім дедім. Пікірталас барысында депутаттардың біразы менің ұсынысымды қолдауға бейім емес екені көріне бастады. Олардың кейбіреулері экономиканың мынандай дағдарысты кезеңінде, жұртқа жалақысын уақытылы төлей алмай жатқан-



да астана ауыстыруға ешқандай мүмкіндік жоқ дегенді көлденең тартса, енді біреулері идея негізінен дұрыс, бірақ оның орындалуын кейінге қалдыру керек дегенді айтысты. Ашықтан-ашық қарсылық білдіргендер де болды. Талқылау шегіне жақындаған тұста Әбіш (Жоғарғы Кеңес Төрағасы Ә. Кекілбаев – С.А.) сөз тауып кетті. Аяқ астынан: «Президент астананы Ақмолаға көшіру жөніндегі ұсынысын шілде айында енгізіп отыр. Келіңіздер, Нұрсұлтан Әбішұлының айтқанын қолдайық, ұсынысын қабыл алайық. Мұның өзі Елбасымыздың туған күніне жасаған тартуымыз болсын» деп жібергені... Сол-ақ екен, ұсыныс дауысқа салынып, өтті де кетті. Рас, аз ғана дауыс басымдығымен қабылданды ұсынысым. Тегі, жақтап дауыс берген депутаттардың біразы «Туған күнінде Президенттің бетін қайтармай-ақ қояйықшы. Мұның болатын-болмайтыны белгісіз ғой әлі» деп те қараған сияқты.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Астана сіздің төл перзентіңіз іспетті. Елбасы мен елорда егіз ұғымға айналған. Қалада тұрғызылған әр ғимарат түгілі, онда отырғызылған әр түп ағашта Сіздің қаныңыз бар, жаныңыз бар, күлкісіз күндеріңіз бар, ұйқысыз түндеріңіз бар. Арман-тілегіңізге айналған Астанаға:

*Күн тұрғанша тұратын,
Жұрты сайран құратын,
Қала болсын Астана
– Осы – менің Мұратым!*

*О, Ақорда – Ақ шатыр,
Ұлысыма бақ шақыр.
Баянды болсын Азаттық
– Осы – менің Мақсатым! –*

деп жыр арнағаныңыз да бар. Жыр деген жүректен шығады ғой.

Әдетте соңында нөл деген цифры жоқ даталар мерейтойға саналмайды. Сонда да біз қаланың он бес жылдығын да өзінше бір тарихи белес деп білеміз. Осы тарихи белес тұсында Астана туралы ойларыңызды қалай түйіндеп айтар едіңіз?



– Астана осы заманғы үлгі-қалыптарға сай келетін қала ретінде салынды. Сонан да Еуразиядағы халықаралық ықпалдастықтың ірі орталықтарының біріне айнала алды. Елорданың даму қарқыны қай жағынан қарағанда да көз қуантып, көңіл тоғайтады. Астана ауысқалы бері мұндағы жалпы өнім 90 есе өскен. Инвестициялар көлемі 32 есе артқан. Осы 15 жылда қалада 11,5 миллион шаршы метр үй салынды. Бұл қаншама мыңдаған отбасы жаңа пәтерлі болды деген сөз. Пәтер болғанда қандай! Астанаға Алматыдан көшіп келгендердің бәрі де ол жақта мұндай пәтерлерге ешқашан қолы жетпегендерін айтады. Астананың қызығын ең алдымен өзіміздің халқымыз көріп жатыр. Елдің қиыр-қиырынан құйылған көш елорданы жылдан-жылға қазақыландырып барады. Азаматтарымыздың патриоттық рухын көтеруде де елорданың орны бөлек. Астана бүкіл елдің дамуына локомотив болып отыр. Облыс орталықтары елордаға қарап бой түзеп жатыр. Астана арқылы ел түлеп сала берді. Бұл қала адам ресурстарын дамытуға қатты ықпал жасады. Талайлар осы қалаға келіп, қызықты жұмыс тапты, білім алды, жаңа мамандықтар игерді, өзінің шаруасын дөңгелентіп алып кетті. Астана қазақты ширатты. Астана бүкіл халқымызды түлетті. Елді сілкіндірді. Астананың өзі, онда тұрғызылған әр ғимарат ел байлығы болып табылады.

Арқа төсінен жаңа елорда салуымыз бізге түбірлі міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Астана арқылы біздің халқымыздың ғасырларға созылған көші межелі жерге жетті. Сарыарқаның саумал самалды даласына қазық қағу қазақтың кем қойғанда соңғы бір жарым ғасырға созылған отырықшылдану үдерісін біржолата түйіндеді.

Астана арқылы қазақ өзінің жеріне толық ие бола алды. Ел иесі кім екенін, жер киесі қайда екенін бүкіл әлемге көрсеттік.

Ең бастысы, мен осы жобаны салған беттен қолдағаны, бұл жылдардың ішінде ауызбіршілігімен, ұлттық тұтастығымен, мемлекет үшін жауаптылығымен маған күш-жігер қосып отырғаны үшін халыққа қатты разылығымды білдіремін. Мені тек қолдап қана қоймай, жанымнан табылып, шын ниетімен араласып, Астананы бірге салысқан барша азамат-әріптестеріме мың да бір ризамын. Бәрінің атын атап өту оңай емес. Бірақ кейінірек оның да реті келер.



Бұл мәселенің ел тағдырындағы қандай қиын кезеңде көтерілгенін ойлағанда разылық сезімім тіпті еселене түседі. Халқымыз «Күнімізді зорға көріп жүргенде қайдағы жаңа астананы шығарып отыр? Басқа айналысатын шаруасы қалмаған ба?» деген жоқ. Маған сенді. Екі тізгін, бір шылбырды беріп, еркін қимылдатты. «Жігітке елдік те оңай, ерлік те оңай, әгерки қабырғалы болса халқы» деген сөзді өзіңмен бұрынғы бір әңгімеде айтқан сияқтымын. Айтсам да, тағы қайталаймын.

Мен не істесем де, қабырғалы халқыма арқа сүйеп істедім. Халқымыз бұл бастаманың елдің болашақтағы тағдыры үшін қандайлық мәні барын бірден ұқты. Жасы да, жасамысы да ұлы көшке көлікті болсын айтты, тілек қосып қана қойған жоқ, жан-тәнімен қолдады. Ұлы көшке қосылды. Арқаның желіне қағылып, күніне тотығып, жаңбырына малшынып, аязына тоңып жүріп, елдік ғимаратының қадасын қағысты, балшығын илесті, кірпішін құйысты, қабырғасын өрісті, шатырын жабысты. Осының арқасында біз бүгінде алыс та, жақын да бірдей білетін, Батыс та, Шығыс та қатар сүйінетін, Отанымыздың жүрегіне, Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Астана атты ғажап қалаға ие болып, шын мәніндегі өркениетті әлемнің ортасынан ойып орын алып отырмыз. Мына дүниедегі ең дамыған отыз елдің қатарына қосыламыз деген өршіл мақсатты алға қойып отырмыз. Ол күнге де межелеген уақытта жетерімізге сенемін. Аз жылдың аясында Астанадай ғажайып қала сала алған, сөйтіп, елдіктің ерлігін танытқан қазақстандықтардың қолынан бәрі де келеді. Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін сақтай білсек, әлі алдымыздағы талай биіктерге көтеріле аламыз.

Мен осы істі бастадым, елім сеніп, соңымнан ерді. Мемлекет құруда да, Астана салуда да солай болды.

Осыдан артық бақыт бар ма?

– Сіздің бақытыңыз – біздің бақытымыз. Бақытымыз баянды болсын!

Әңгімелескен

Сауытбек Абдрахманов.

«Өмір өткелдері» кітабынан

МАЗМҰНЫ

Ұлт тұтастығының шежіресі. Құрастырушылардан..... 3

Бірінші бөлім

Баяндамалар мен мақалалар

Алыста жүрген ағайындарға ақ тілек.....	15
Бауырларымызға құшағымыз айқара ашық.....	17
Бірлік – біздің қасиетті туымыз.....	31
Береке басы – бірлік.....	51
Алашқа айбын болған арыстар.....	62
Абай туралы сөз.....	76
Адалдық пен адамгершіліктің, әділеттілік пен ізгіліктің алып жыршысы.....	94
Әлем таныған Әуезов.....	106
Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы.....	118
Қазақ даласы – ұлы түркі жұртының қара шаңырағы.....	142
Мәдениет келешегі.....	172
Алаш мұрасы және осы заман.....	189
Отанды сүю – өркениеттіліктің басты белгісі.....	205
Ең басты жол – Отанға бастайтын жол.....	219
Қазақстан – дүниедегі әр қазақтың қастерлі құбыласы.....	233
Қиырдан келсе қандастар.....	244
Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.....	250

Екінші бөлім

Сыр-сұхбаттар

Ел көшін бастау – маған сын, мені қостау – елге сын.....	275
Уақыт жүктеген аманат бар... ..	285
Ұлытау төріндегі сұхбат.....	319
Мен не істесем де, қабырғалы халқыма арқа сүйедім.....	333

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

КӨШІ-ҚОН және ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ

*Баяндамалар, мақалалар
және сыр-сұхбаттар*

Құрастырғандар:
*Махмұт Қасымбеков
Дүкен Мәсімханұлы*

Редакторы А. Сыдықбай
Көркемдеуші редакторы Ж. Қазанқапов
Техникалық редакторы Э. Заманбек
Корректоры Г. Ақжолова
Компьютерде беттеген А. Кадикенова

Басуға 16.06.17 қол қойылды.
Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$. Қағазы борлы. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 29,25
Тапсырыс №0073. Таралымы 5000 дана.

ISBN 978-601-302-686-2



«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13